

ӨЗБЕКӘЛІ
ЖӘНІБЕКОВ

Тасдор
тавғалымы



Өзбекәлі Жәнібеков, 1981

ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ

Тағдыр тағымалы

Есте қалғандар.
Азаматтық парыз.
Жаңа заман айшықтары.



Алматы „Рауан“ 1996

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф, өнер зерттеуші ғалым Өзбекәлі Жәнібековті елімізде білмейтіндер кемде-кем. Ол — ұрпақ тәрбиесін жақсартуға, ұлттық мәдениетті дамыту ісіне, халқымыздың дәстүрлі өнерін дүн-дүниеге танытуға өзіндік үлесін қосқан адам. Республика жастарын игі істерге бастаған ұзақ жылдар, партия, кеңес қызметінде жүріп бастан кешкендер, тарихи және мәдени ескерткіштерді мемлекеттік есепке алу, қорғау, қайта ұқсату және пайдаланудағы бесенелі бейнет, сол сияқты әділет пен келешек қамы үшін күрескен кешегі дүрбелең дәуір автор қаламынан шыққан ізгі шежіредей, бір сөзін аттап кете алмайсыз.

Кітаптың бағамды бай тілі, тартымды өткір желісі, алуан өткелдер, тағдыр тағылымы сізді алысқа жетелей береді, жетелей береді. Жоғары мақсат-мүдделердің даңғылымен құшақ жайып қауышасыз.

Жәнібеков Ө. Тағдыр тағылымы (естеліктер). Алматы: „Рауан“, 1996 — 192 бет.

ISBN 5-625-03134-7

Ж $\frac{4700000000 - 028}{404/05/ - 96}$ қос. шеш.

ISBN 5-625-03134-7

© Жәнібеков Ө., 1996

БІРІНШІ ТАРАУ

Жастықтың
мін
тұлпарын...

ӨЗІМ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ



пәни дүние-ай! Адамның уақыты тар болатындығынан, асқақтаған өмірі сабалап жауған ақ жаңбырдай өте шығады екен. Әне-міне дегенше алпыстан да асып барамыз. Қолыма қалам алып, бастан кешкенді, көріп-білгенді қағазға түсірсем деймін. Әділ қазым өзің боларсың, оқушым.

... Бірде менің мәскеулік досым Владимир Колмогоровқа бір жолдасы әзіл-қалжыңын араластырып: „Сен, осы, Жәнібековпен қалай достасып кеттің. Өзі бір, қабағы салыңқы, тұнжыраған адам ғой. Кездескенде біріңнің бетіңе бірің қарап отыра бересіңдер ме, қалай? Арақ ішкенде де үндемей ішесіңдер ғой, ә” — деген екен.

Аппаратта істейтін бір жас қыздың (оны сөз саптауынан аңғардым) Кеңес Армиясы күнімен құттықтаған ашық хатынан: „Сізге күлімсіреген көбірек жарасады. Жұртқа жылы шырай көрсете берсеңіз, мерейіңіз үстем бола бермек. Аты-жөнімді көрсетпей-ақ қояйын, бұл жолы инкогнито қалғаным дұрыс болар” деген сөздерді де оқығаным бар-тын.

Несін жасырайын, бәлкім, ата-анадан ерте айырылып, бала жас-тан тұрмыстың тауқыметін таргып, адамдардың зұлымдығын, арақатынасындағы екіжүзділікті көргендіктен бе, әйтеуір, езу тар-тып, жымия бермейтінім рас. Бірақ, ашу-ыза керней қалған сәтте райдан тез қайтатыным бар. Кек сақтамаймын. Кейде түнеріп, төмен қарап келе жатып, кездесе кеткен таныстарды байқамай өтіп кете беретін сәттерім де болады. Тіпті өзімді етене түсінетіндер болмаса, қызметтестерімнің көпшілігіне табиғатынан қатал, анау-мынауға иіле қоймайтын, қарауындағылардан ұқыптылықты, жауапкершілікті талап еткеннен басқаны білмейтін қақайған, қатыгез басшы болып көрінетінімді де сезінетінмін.

Өмір болған соң кейде солай етуге итермелейтін жәйттер де

кездесе береді екен. Мәселен, 1972 жаңа жылға арнап, Арқалықта балалар үшін „мұз қалашығын“ орнаттық. Желтоқсанның 30-жұлдызында, келесі күні жұрт жаңа жылды қарсы алатын болғандықтан, жұмыс аяғына қарай көргелі барсам, ондағы „Ертегілер бұрышы“, сырғанақ, хоккей алаңы, т. б. объектілер жабдықталғанымен, қалашықтың айналасын қоршауды ұмытып кетіпті. Қорғанға әдейі арнап кесілген мұз блоктары шашылып әр жерде жатыр. Мұны көріп, қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы И. Стрикті, қалатком төрағасы Ф. Жоламановты шақырып алып, үн-түнсіз блоктарды құрастыруға кірістік. Бізді көріп, жұмыстан қайтып келе жатқандар да екеу ара бір-бір блоктан алып келіп, қорғанның қанасына қойып жатты. Сөйтіп, не керек, бас-аяғы 30—40 минуттың ішінде Мәскеу Кремлін еске салатын, бұрышында мұнарасы бар „қамал-қалашық“ дайын болды. Рахметімді айтып, жұртты тараттым. Стрик болса, Жоламановқа қарап: „Солай, Фабдессалам, өзгелерді ұйымдастыра алмаған соң, осылайша өзімізге жұмыс істеуге тура келеді“ — деп күлді.

1973 жылы жазға қарай Торғай облысына Ленин орденін тапсыру үшін Д. А. Қонаев Арқалыққа келетін болды. Аса құрметті қонақтың келуіне облыстық музейді ашуды орайластырған едік. Экспозициясын дайындап, орын-орнына қойғызып болғаннан кейін, еденін сырлауды қадағалауды облатком төрағасының орынбасары мен қаланың басшыларына тапсырып, Есіл ауданына жүріп кеттім. Жұма күні кешкі сағат 6-ға қарай Арқалыққа қайтып келсем, ештеме істелмепті. Музейде бір жан жоқ, жұрт тарқап кеткен. Музейдің үйін жөндеуден өткізіп жатқан Торғай боксит кеніштерінің басқармасына телефон соғып, үйіне кетіп қалған қоймашыны шақыртып алып, бірнеше бөшке еден сырын, берішімен қоса, білік, бояу жаққыштар әкелгенше сағат 8-ге жақындап қалды. Дереу телефон соғып облатком төрағасының орынбасарын, қалалық партия комитетінің бірінші хатшысын, орынбасарымен қоса қалатком төрағасын, мәдениет басқармасының бастығын шақырып алып, еден сырлауға кірістік. Үш қабат ғимараттың еденін, дәліздерімен, баспадақтарымен қоса сырлап шығу оңай ма? Таңғы 3-ке қарай әріптестеріме қарасам, адам танығысыз, беттері былаудай боп ісіп, көздері жасаурап кетіпті. Музейді сенбі, жексенбі күндері желдетіп алмақ боп, ішкі есік, терезелерін айқара ашып, таң ата тарқастық. Сейсенбі күні Арқалыққа келген Қонаев, көрші облыстардан келген делегациялар, жаңа музейдің экспозициясымен танысып, ризашылығын білдірді.

Осы бір оқиға жұртқа белгілі боп қалып, „Жәнібеков бастықтарға да қара жұмыс істетеді екен“ деген лақап бүкіл облысқа тарап кетіпті.

Тағы бірде Аманкелді ауданының өзімен аттас орталығында болғанда, ескі мазардың үстінде мал жайылып жүргенін, жеңіл

және жүк машиналарының, жаяу-жалпы адамдардың өлікті басып, ары-бері ағылып жатқанын көріп, аупартком хатшысы Сартай Омаровқа: „Мыналарың ұят екен, ең болмаса мазараттың айналасын қоршатып, тәртіпке келтіруге болатын еді ғой“ дегенім бар-тын. Мұнда істелген жұмысты да жұрт маған теліп, „Жәнібеков осы жерде өзі тұрып, мазардың айналасын қоршатыпты“ деп елге тара-тып әкетіпті.

Жүзім соншалықты суық болмағанымен кейбіреулердің кездескенде дегбіреп, сасып қалатынын білем. Әлі есімде, бір жолы Шымкенттен келген Георгий Рудов деген жас жігіт (соңғы кезде Лаоста Ресей елшісі болып істеді) іштегілер шыға қоймаған соң, менің қабылдау бөлмеде көбірек отырып қалыпты. Кабинетке кезегімен кіріп келе жатқанда, оның үстіндегі сол кездің сәніне сай, көкшіл бостон костюміне, қара галстук таққан нейлон көйлегіне, аяғындағы су жаңа жылтыратылған қара туфлиіне көңіл аударып үлгірмей жатып, мастикамен ысқыланған еденде тайып жығылғанын көрдім. Қасына жетіп барып, орнынан тұрғызып, алдымдағы орындыққа отырғызғанда байқағаным, әлде менің сұстым басты ма, әлде көп күттірген кездесудің немен тынатынын ойлап қаймықты ма, әйтеуір тізе буынының қалтырап әбіржігені. Көңілін орнына түсіру үшін жанама сұрақтар беріп әңгімелесуге тура келді. Тіл табысып, кейіннен достасып та кеттік.

Мансапқорлық, тәкаппарлық, менмендік, өзін басқалардан жоғары ұстау менде болған емес. „Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл“ дегендей, мәңгі бақи алды-артыма қарайлап өмір кештім. Оны менімен қызметтес болғандар жақсы біледі.

Әрине, азынаулақ биліктің дәмін татса-ақ, оған елітіп мас боп, өзгелерге паңдана қарайтын мықтылар бізде аз емес қой. Мен ондайдан аулақпын. Барды қанағат тұтып, елге қызмет етуден басқаны ойламай, „өзім деген кісіге“ үлкен-кішісіне, лауазымына, әлеуметтік қал-жағдайына қарамастан, „өзегімді суырып беруге“ даяр тұратыным хақ. Жиған-тергенім, арттырғаным да шамалы. Қызмет басты болып, үй ішіне де жөңді көңіл бөле алмаппын. Тағдырдың маған мәңгілік адал жар, балаларыма асыл ана болсын деп қазақтың мұнтаздай таза, қарапайым қызы Халиханды кездестіргеніне дән ризамын. Оның аналық қамқорлығымен үлкен ұлым Ниетжан, қызым Жұлдыз, кіші ұлым Бауыржан оң-солын дұрыс танитын азаматтар болып өсті. Келіндерім, күйеу балам, немерелерім де жаман емес.

Даңққойлыққа, бақталастыққа жиіркенішпен қараймын. Қолынан түк келмейтініне қарамастан, ұқсап бағатын, басшыға жағынып, алдында құрдай жорғалайтын мансапқор, ертең оның бағы тайса, дереу сырт беріп шыға келетін жексұрындар бізде жеткілікті. „Шырқ айналар шіркін тауық, жемі болса қолыңда“ деп, тегі, Сәкен босқа айтпаған. Әттең мезеттің осындай

қоқсықтарын ысырып тастап отыратын күн туса, қарыптап алға басуымызға жол ашылар еді-ау. Тек мұндай өлекселерді көретін көз болса, өмірдің өзі дайындаған жадығаттар жеткілікті-ақ.

О бастан ұяң, ұялшақтау болып өссе де, есейе келе, өз ойымды бұқпантайламай, тіке айтуға дағдыландым. Алпысыншы жылдардың басында Ақмолада (Целиноград) өткізілген тың игерушілердің слетіне келген БКЖО Орталық Комитетінің бірінші хатшысы С. П. Павловты Тың өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Т. И. Соколов өзінің қала сыртындағы қонақ жайына шақырған еді. Оған Павлов екеуміз бірге бардық. Камин алдында қызу әңгімеге кірісіп кеткен Соколов, шамасы, менің отырғаным есінен шығып кеткен болса керек, Н. С. Хрущевқа айтып барсын дегендей, өзіне Қонаев секілді ұлтшылдармен бірге қызмет істесудің „қиыншылықтары“ жайында сөз қозғай бастады. Мұны естіген мен, қалай қарап отыра берейін: „Ау, сонда, Дімәш Ахметұлы ұлтшыл болса, ұлтшыл емесіміз кім, мына сіз бе?“ деп орнымнан тұрып, теріс айналып кеттім. Соколовтың жүгенсіздігіне қымсынғандай, Павлов та үндемей отырып қалды. Мен болсам, Қазақстанның көпұлтты халқы арасында орасан зор беделге ие болған, аса көрнекті партия және мемлекет қайраткері Д. А. Қонаев жөнінде көлденең келген әпербақан осылай ойына келгенін соға беретін болса, қалай күн көруге болады деп арлансам да, әдеп сақтап, орныма келіп отырдым.

Т. И. Соколов сөзін жалғастырған болып:

— Сергей Павлович, мен мұнда отырған екеуміздің біріміз партияның (ол Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне де хатшы болатын), біріміз Қазақстан комсомолының хатшысы ретінде бастан кешіп жатқан қиыншылықтарға көңіл аударайын дегенім еді. Сіз оны қаперіңізге алмай-ақ қойыңыз, — деп жуып-шайып жатты.

Алматыға қайтып оралған соң, Д. А. Қонаевқа болған әңгімені айтып бердім. Ол кісі: „Ой, оңбаған-ай, солай деді, ә? Мұндайларға дауа жоқ. „Ақымақтарға заң жазылмаған“ деген осы. Сен де бұған көп мән бере берме“ деп менің көңілімді жұбатқандай болды.

Мен өзімді шешенмін деп есептемеймін, білгірсігім де келмейді. Әйтсе де жұрт алдына шығатындардың өздері сияқты күнделікті газет оқып, радио тыңдап, теледидар көретін қазіргі көпшіліктің білім-таным деңгейін ескере бермейтініне қайран қалам. Ал кейбір ақын-жазушылардың мінберде, артистердің сахнада, журналистер мен хабар жүргізушілердің көгілдір экранда өз ойларын күшене немесе „әндете“ өрбітетінен жанға жайлы әсер алу қиын.

Ілгеріде біздің ұжымшарда өткен бір жиында өмір бойы жұрт алдына шығып ләм деп аузын ашпаған бір пақырға сөз беріпті. Ол әдеттегідей, „Жолдастар!“ деп сөзін бастайын десе, „Ей, осы не айта қояр дейсің“ дегендей, жұрт гуілдеп, көңіл аудара қоймапты. Дауысын дұрыстаңқырап, тағы да „Жолдастар!“ депті. Оған да

ешкім бет бұра қоймаса керек. Ақырында бар даусымен, ышқына „Жо-ол-дас-та-ар!“ деп айқай салса, жұрт тыныштала қалыпты. Ол болса „мен осымен біттім“ деп мінберден түсіп кете берген екен. Лекторлық дағдыдан менің көңіліме түйгенім — егер шешен алғашқы үш-бес минутта аудиторияны баурап алмаса, сөзінің онша мәнді болып шыға қоймайтыны.

1966 жыл. Мәскеуде Одақтық комсомолдың ХҮ съезі өтіп жатқан. Волжский химкомбинатының бригадирі Г. Кривошиннің зор шабытпен сөйлеген сөзін съезд қызу қолдап, қабыл алды. Әдетте комсомол қызметкерлері де партия қайраткерлеріне еліктеп, сөзін партия съезі алға қойған міндеттерден бастайтын. Мен де солай сөйлемек едім. Тікелей өндірістен келген, съезд бірнеше рет қол шапалақтап, ықыласын білдірген осы бір жігіттен кейін сөйлеуге тура келгендіктен, маған алты мың адам отырған Кремльдің Съездер сарайын бірден өзіме қалай қаратып алуға болатынын ойланyp, мінберге бара жатқанда, не де болса сөзімді делегаттарға үйреншікті болып алған партия съезінен емес, артынан айтармын деген ойдан бастауға ұйғардым. Ол Алматыда болып қайтқан бір американдықпен байланысты еді. Делегаттарға арналатын дәстүрлі „Жолдастарды!“ да айтпастан:

— Осыдан біраз бұрын Қазақстанда болған бір американдық, — дей бергенімде, ол не істеп қойды екен дегендей, зал тына қалды, — Алматыда көргеніне қайран қалыпты. Ол Қазақстан астанасынан киіз үйлерді, жайылып жүрген түйелерді көрермін деп ойлаған екен. Әрине мұхиттың ар жағынан келген мырзалар басқаша ойлауы мүмкін емес — дедім. Залмен түсініс бірден осылай басталды. Әрмен қарай съезд оқтын-оқтын қол соғып, ризашылығын білдіріп жатты. Әсіресе мектептегі тәлім-тәрбиенің кемшіліктеріне тоқталған сәтте ложаларда орналасқан ардагерлер орындарынан тұрып қол соқты. Ұзаққа созылған ду қол шапалақтаумен съезд президиумында отырған орныма дейін шығарып салды...

Әуел бастан аппараттағыларға алдын ала анықтама-жадығаттар жинатып алатыным болмаса, сөйлейтін сөздерімді, жарияланатын мақалаларымды өзім жазуға дағдыландым. Өзім дайындамасам, өтірік айтып тұрғандай сезінетінім тағы бар. Тегі шешеннің сөзін өзі дайындап алып, қағазсыз сөйлегені жөн. Сонда ғана айтылған ой көз қаперінде қалып қояды да, әсіресе лауазымы бар, дуалы ауызды азаматтар екі „сөйлемейтін“, бүгінгі жариялағанына ертең қарама-қарсы пікір айта қоймайтын болады.

Зейнеткер адамның жыл өткен сайын жан дүниесі сарапқа түсіп, ұштығына жеткізгенінен көрі үлгірмегені көбірек бола береді екен. Мен үшін өкініштісі — Қазақстан Компартиясы таратылған кезде науқастанып ауруханада жатқандықтан, Орталық комитеттің пленумында да, партияның съезінде де бола алмағаным. Алдын ала дайындаған сөзім де сөйленбей қалды.

Партия таратылғаннан кейін мені іздеген жан болған жоқ. Тұрлаусыз ағайынға қызмет сұрап мен де бармадым. Пендеге тән әлсіздікке бой ұсына бермейтінім бар еді. Бұл жолы да солай болды.

Айналадағы әлеуметтік әділетсіздік пен теңсіздікті көріп бойынан түңілгендердің жаңа партия құрайық дегенін де қабыл алғаным жоқ. Саясат кәсіпкерлік емес. Оның не екенін түсіне қоймайтындардың саясаткер бола қалатынына қайран қалам. Қазіргі үкіметтің басы-қасында жүргендердің де бәрі бірдей саясаткер емес. Ендеше саясатпен неге айналыспайды? Бізде көбіне заң бар да, саясат жоқ болып шыға келетіні де міне осыдан.

Менің бір жас досым (қазір банкир) депутаттыққа кандидат ретінде теледидар арқылы сөйлегенде, азабы мол өмірмен арпалысып, әбден шаршап, қалжыраған адамның кейпіне кіріп, егер депутат бола қалсам өйтер едім, бүйтер едім дей берді. Мен оның жолдастарына: „Анау Маратқа айтсаңдаршы, ол сонша не істеп қалжырапты, өмір бойы-ақ жөргекке оранып, ақ көйлек киіп келе жатқан жоқ па? Сайлаушылардың алдында солай сөйлеуге ұялса қайтеді” деуім мұң-ақ екен, менің жүзімді көрмейтін болып алды.

Өз басым тағдырыма ризамын. Әуелде мұғалім болып, кейіннен партия, кеңес, комсомол қызметтерінде жүріп шығармашыл мүмкіндіктерімді түгелдей іске қоса алмағаным ғана өкінем. Өзіне мұғалімнің, саяси қызметкердің тағдырын қалап алған мен үшін, біресе ата-баба мұрасының қалдықтарын, халық сәулеткерлігін, ою-өрнекті, ұлттық киім-кешекті зерттеп-білумен, біресе құрып-бітуге айналған ескі кілем нұсқаларын, көне әуез аспаптарын қайта ұқсатумен, халық билерін қалпына келтірумен айналысам деп жанығуға тура келгені де осымен байланысты. Бұл жетіскендіктен емес, осындай „ұсақ-түйекпен” (кейбіреулер осылай ойлайды) тікелей айналыса қоятындардың тапшылығынан туған жәйт еді.

Сол ізденістерімнің нәтижесінде „Қазақтың қолтума мәдениеті” (1982), „Жаңғырық ... Алтын домбыра жайлы аңыздың ізімен” (1990), „Уақыт керуені” (1992), „Жолайырықта” (1995) деген кітаптарым жарық көрді. „Қазақ киімі” атты альбом-кітабым „Өнер” баспасында жатқанына алты жылдан астам уақыт өтті, әйтеуір бір жарық көретін шығар деген үміттемін.

Белгілі тарихшылардың бірінің маған: „Сіздің осы, еңбектеріңізге ғылыми тақырыпқа лайықтап ат қоя бермейтініңізді қалай түсінуге болады?” дегені бар-тын. Бәлкім, бұл дұрыс та шығар, бірақ мен кітаптарымды ғылыми диссертация үшін емес, қалың көпшілікке арнап жазып келдім. Шығармашылығыммен ғылыми жұртшылыққа танымал бола тұра, өзімді ғалыммын деп те есептегім келмейді. Өйткені ғылымға тікелей қатысы жоқ қызметте жүріп, диссертация қорғағандардың бәрі бірдей ғалым бола бермейді. Бәлкім, мен құнтты зерттеуші ғана болармын. Мен

үшін ең бастысы — еңбектерімнің оқырман қауымға түсінікті болуы. Сондықтан да оларды астарлы қисындар тауып, қарапайым тілмен жазуға тырысып келдім.

„Сындарлы ойды жеткізудің екі тәсілі бар, — деген екен Лев Николаевич Гумилев, — оның біреуі “академиялық” деп есептеледі. Бұл мәтін кез келген маман түсіне қоймайтындай етіп, арнайы терминдермен және сілтемелермен толықтыра түсу. Өзіме „ғылымдан” гөрі „ғылыми іспетті” болып көрінсе де, бұл тәсілді қаралағым келмейді. Тіпті диссертация жазатындарға да өте ыңғайлы, өйткені диссертацияны үш оппонент пен екі рецензент қана оқиды.

Екінші тәсіл — „қызғылықты сөз саптау”, яғни қарапайым сөйлесу тілі. Орта білімді адамға айқын һәм қысқа қайыра ұғындыруға болмайтын ғылыми идея жоқ. Әрине мұндай жағдайда түспалдап, әсерлеп, бейнелеп жеткізетін, тіптен пікір алмасуға итермелейтін әдеби әдістерді пайдалануға тура келеді. Геродот та осы соңғы тәсілге сүйенген екен. Жұрт сүйіп оқып, көшіріп ала бергендіктен де болар, оның „Тарихы” бізге жетті, ал ғылымды жабыраңқы еткендердің еңбектері ұмыт қалды” (География этноса в исторический период. Ленинград, 1990, 6-7 беттер).

Кітаптарымның кейбіреулерінде қайсыбір фотосурет, түсініктеме қайталанатын болса, мұны аталмыш ескерткішті жұртқа ұғындыра түсу қамынан туған жәйт деп қараған жөн. Ал бұрынғы айтылған оймен ұштаса бермейтін соны пікір кездесе, өзгеше фраза, атау көріне қалса, оларды шығарма жарық көргеннен бергі білім-танымдағы, терминологиядағы, лексикографиядағы, текстологиядағы, ономастикадағы өзгерістермен байланыстыра қараған дұрыс.

Несін жасырайын, Торғайда, кейіннен Мәдениет министрлігінде, тіптен Орталық комитетте қызмет істеп жүргенде ойластырылған шаруаның біразы іске асып үлгірмеді. „Шеңберде ойнаған тиіндей”, халықтың дәстүрлі өнерін сақтап қалуға, мүмкіндігінше бұрынғы табиғи ортасына қайта оралта түсуге қатысты мәселелерге араласа беретінім қара бастың қамы емес, олардың шешімін табудың жыл өткен сайын қиындай түсетінімен, „біз кеткен соң кім айтады” дегендей, өткінші өмірдің қатаң заңдылығынан туыңдалған еді. Ол үшін мені күндей қоятындар табыла қоймас деп ойлаймын, оқушым.

Алматыда өткен ғылыми-дағдылық конференциялардың біріндегі пікірсайысынан кейін, бір әзірбайжандық ғалым менің мамандығым бойынша кім екенімді сұраған еді. Мен болсам, орыс мәтеліндегідей, „Өртенген театрдың артисі” едім деп күлдім. Оның көзі шарасынан шығып: „Мен сізді артист деп ойламаған едім, сәулеткер шығар деп едім” деген соң, белгілі қазақ анекдотындағы егде тартқан әйелдің жас жігітке айтқан әңгімесін айтып бердім:

— Е, қайным, — депті әлгі әйел, — мен кімге қатын болмады десеңші: бригадирге де, опрaвляйшке де, басқармаға да, парткомге де, райспoлкомға да қатын болдым. Қазір әлгі ауылшаруа басқармасы дейді ме, соған қатынмын.

— Ойбой, жеңгей-ау, сіз сонша күйеуге шыға бердіңіз бе? — депті жігіт.

— Ой, тәйір-ай, мен сен ақпақұлаққа күйеуімнің атқарған қызметін айтып отырған жоқпын ба? — деп әңгімесін бітірген екен. Сол айтқандай, біздің халықтың тарихтан арттырғанынан көрі жоғалтқаны көбірек болғандықтан, өзіміз сияқтыларға бірде режиссер, бірде сәулеткер болуға, қисынына қарай, суретші-модельердің де, тоқымашыға кеңесшінің де, әуезші-аспапшы немесе би қоюшының да міндетін атқаруға тура келетіні рас, — дедім.

Бір жолы Арқалыққа келген мәскеулік театр сыншысының: „Сізге обком хатшысына ғана емес, режисерлыққа да талаптану керек болған екен. Тағы бір режиссердың өзін көрсете алмай, болмысыңыз бен жандүниеңізде қалып қойғаны өкінішті-ақ“ деп ресми жиында айтқаны да бар еді.

Шынында да біз сияқтылардың қайсысын алсақ та, режиссер іспетті болды ғой. Өзім рухани жағынан „суретші“ болармын деп те ойлаймын. Бәлкім, бұл жоғалтқаны көбірек халыққа құштар көңілден туған пендешілік шығар. Мұның саясатпен айналысқаннан да азабы мол болатыны хақ.

Мен ешкімнің шотын шапқан емеспін. Өмір бойы қайда қызмет істесем де, партияның, комсомолдың, кеңес үкіметінің табиғатындағы демократизмнің, конституциялық құқықтар мен бостандықтардың негізгі принциптерін халқымыздың ұлттық мүдделерімен ұштастыра пайдалануға тырмысып келдім. Маған 1988 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне хатшы болып сайланғаннан кейін, ел басынан кешкен тарихи оқиғаларға, әдебиет пен өнерге, жекелеген қайраткерлерге қатысты мәселелерді пайымдауда өрескел қателіктер жіберген қаулы-қарарларды қайта қарау жөнінде ұсыныс жасауға тура келді. Бұл әрине, тек менің ғана бастамам емес, партияның сол тұста ұстана бастаған бағытынан туыңдалған шаруа еді.

Десек те, Орталық комитет арнаулы комиссия құрып, өзі шығарған немесе бұрынғы Өлкелік партия комитеті қабылдаған әдебиет пен өнер дамуына, кейбір мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығына теріс баға берген құжаттардың күшін жойғанымен, тарихи оқиғаларға, әсіресе Әлихан Бөкейханов, Мұстафа Шоқай, Сұлтанбек Қожанов, Жанайдар Сәдуақасов сияқты бірқатар аса көрнекті мемлекет, қоғам және ғылым қайраткерлеріне қатысты қаулы-қарарларын қайта қарап үлгірмеді. Солардың арасында „И. В. Сталин жолдастың “Ақжол”

газетінің редакциясына жолдаған хаты" деген де құжат бар-тын. „Ақжол“ 1920—1925 жылдары Ташкентте қазақ тілінде шығып тұрған газет. Онда Сұлтанбек Қожанов кеңес үкіметі қуғын-сүргінге түсіре бастаған кейбір аса дарынды қазақ зиялыларының жеке басына, шығармашылығына қатысты мақалалар, олардың өлеңдерін, кемшіліктерді мінеп-сынаған өз туындыларын жариялаған. Сталин, әрине қазақша газет оқып, оған шолу жасаған жоқ. Оны да „дайындап“ беріп жүрген өзіміздің ағайындар болса керек. Сол „хатқа“ байланысты қаулының күшін жою — сот арқылы ақталғаннан кейін де 30 жылдан астам жабулы қалған Сұлтанбек Қожановтың „ісін“ қайта қарауға, оның „сыбайластары“ ретінде нақақтан-нақақ жапа шеккендерге тағылған айыпты алып тастауға жол ашатын еді. Мағжанның „ісін“ де, сот арқылы ақталғаннан кейін 28 жылды артқа салып, қайта қарадық емес пе? Ал, Шәкәрімді, Ахмет Байтұрсыновты, Жүсіпбек Аймауытовты, әсіресе Міржақып (Мір-Якуб) Дулатовты саяси жағынан түгіл, сот арқылы ақтау да ешкімнің ойына келмепті.

Не пайда, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Саяси бюросы 1990—1991 жылдары бірнеше ай бойы уақтылы мәжіліс құра алмағандықтан, ондай шешім қабылданып үлгірмеді. Кеңес үкіметі мен партияның тізгінін бірдей ұстаған басшымыздың өзі де ол кезде соңғысына қырын қарай бастаған еді. Тіпті оның: „Сізге осындай мәселені қопсытудың қажеті бар ма?“ деп өзіме ренжіген сәттері де болған. Партия таратылғаннан кейін бұрын жинақталған жадығаттар архивке түсіп кетті де, азғантай бөлігі „Ақиқат“ журналында жарияланды.

Орталық комитетте хатшы болып істеген үш жылда менің байқағаным — жоғары лауазымы барлардың қайсы біреулерінің өздерімен тұстас қоғамның байыбына қарап, оның заңдылықтарын, мұң-мұқтажын жете ұғына бермейтіні. Оны 30—40-жылдардағы миллиондардың өмірін ала кеткен аштық-жалаңаштықтан, қуғын-сүргіннен, маңдай алды қазақ зиялыларының түтелдей қудаланып, көпшілігінің мезгілсіз опат болғанынан, тіптен 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы кезінде үкімет пен партия басшыларының тоқырау мезетінің озбырлығына қарсы шыққан жастармен тіл табыса алмағанынан да аңғаруға болады.

Ал Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі ел басына төнген жүдеушілік пен жоқшылық та күні кеше ғана „қайта құрылам“ деп өзін өзі шексіз қамшылаған елдің қал-ахуалын егжей-тегжейіне дейін айқындап алмай-ақ, шұғыл түрде, ат төбеліндей ғана іскер топтың, нәрестедей мәпелеп, қолдан жасалған „жиендер экономикасының“ (фраза үкіметке тәуелсіз баспасөзден алынды) мүдделеріне сай жүргізіліп келген экономикалық реформа мен жаппай жекешелендіру саясатының нәтижесі еді.

Тарихтан біз қандай болмасын жаңа қоғамның ескі құрылымды қирату арқылы орнығатынын білеміз. Тарихи тәжірибе сонымен бірге жаңа құрылымның ауқымын, ұстанатын бағытын, түр-түсін, шама-шарқын айқындап алмай тұрып іске кірісіп кеткен жағдайда, қоғамның орны толмас әлеуметтік сілкіністерге тап болатынын да талай рет көрсеткен.

Өкінішке қарай, бізде өзіміз құрып жатқан қоғамның болашағына нақтылы болжам жасалмады, мәселенің пайдалы-зиянды жақтары уақтылы ескерілмеді, нарыққа ауысу кезінде ел басына түсетін ауыртпалықтарды азайтудың жолдары қарастырылмады.

Мен әрине, мемлекет басшылығына елде болып жатқан әр қилы үрдістерді қалай реттеуді үйрететін адам емеспін. Тек өзім бірге жасасып келе жатқан қоғамның белсеңді мүшелерінің бірі ретінде бастан кешкен, көріп білген жәйттермен қоса, қазіргі заманғы кейбір көкейкесті мәселелерге де тоқтала кеткенді жөн көрдім. Мұның кейде тарихқа, елтануға, мұратануға, қаласаңыз, қазақтануға қатысты мәселелермен ұштасып жататын сәттері болады. Өйткені менің өмірімнің өзі осындай азабы мол ізденістерден тұрады. Өкініштісі — біз сияқты қызметтестердің (функционалдердің) тікелей араласқан, тіпті өзі ұқсатқан шаруасына қолтаңбасын қалдыра бермейтінін пайдаланып, біткен істің нәтижесін әлде кімдердің өзіне теліп алатыны. Мәселен, Қазақстанның халық әуез аспаптары музейін ұйымдастыруға, оның оңайға түсе қоймаған экспозициясын құрастыруға менің бақандай екі жыл уақытым кетті. Енді келіп, музейдің есігін ашпаған біреудің, оны обкомда істеп жүріп, өзім ұйымдастырдым деп көсігеніне қайран қалдым. Тегі бұдан артық озбырлық бола қоймас.

„Елу жылда ел жаңа, жүз жыл[да] қазан” деген екен бұрынғылар. Жыл өткен сайын жүзі таныстардың қатары сиреп барады. Өзім ес білгелі көз алдымнан талай-талай тағдырлар өтті. „Алдыңғы буын — ағалар, кейінгі буын — інілер” болып бірін-бірі алмастыра береді екен. Ел тағдырымен, мезеттің маңызды оқиғаларымен байланыстыра отыра, өзіммен тұстас замандастарым жайлы, шамам келгенше толығырақ жазып қалдырсам деген үміттемін.

Ел басынан кешкен қайта „бетбұрыс”, қоғамдық құрылыстағы өзгерістер, нарықтық қатынасқа көшу — жұрттың өмірге көзқарасын, наным-танымын, түйсік-түсінігін әр қилы өзгерістерге түсірді. Қазақстанның болашағын құрайтын жас ұрпақ өсіп келеді. Оған да жетісе бермейтіні — аға буынның өмірлік тәжірибесі болар деген оймен іске кірісіп те кеттім.

Әңгімеміз құрғақ ғибраттылықтан аулақ болмақ.

ТАҢҒЫ ШЫҚТАЙ КІРШІГІ ЖОҚ КӘУСАР ШАҚ



ыр бойын, Арыс, Бөген атырабын мекендеген елдің көпшілігінің отырықшы, малы барларының жартылай отырықшы болғаны мәлім. Диханшылықпен айналысатындары ертеден келе жатқан суландыру жүйелерін, Сырдың жағалауындағы көлдерден су тартатын арықтарды пайдаланған. Кішігірім егістіктер тіптен тасыған су жайылатын өзен аңғарына, жазда құрғап қалатын көлдердің ылғал жинаған ұлтанына да орналастырылатын. Бірлі жарым байлар болмаса, көпшілік жұрт азынаулақ малын падаға қосып, кезектесе бағып күнелткен.

Мақта өсіруді кеңейту мақсатымен Сырдың бас жағында алып су бөгемдері жасалған үстіміздегі ғасырдың 50-жылдарына дейін өзен жылына бірнеше рет тасып, 10—15, кей жерлерде 20—30 шақырымға дейін жайылып кететін. Таудағы қар, мұз еритін, жауын-шашын молаятын мезгілдегі су тасқындарының сыйпатына қарай жергілікті халық Сырдың арнасына сыймай бұрқанатын сәтін — *тайлақ тасу*, арнасынан шубалаңдап, бірте-бірте көтерілетін кезін — *шұлғау тасу*, иіріліп, қайнарға ұқсап таситын шағын — *кул тасу* деп атаған. Бұлардан басқа арагідік су тасқындары да болған.

Тасқын су қайтқан кезде өзен арнасына кері құйылып кетпес үшін қамыстан, жыңғыл, тал шыбықтарынан, шөп-шалаңнан байластырып, шыммен, топырақпен, қиыршық тастармен бастырылатын қарабуралармен бөгеп, жағалаудағы көлдерді суға толтырып алатын. Жиналған суды көл жағалай, жер ылдиына орай қазылған арықтармен егістіктерге таратып әкететін. Шағын атыздардан тұратын егістіктерге бидай, тары, жүгері, сұлы, қонақ, арпа еккен. Қауын-қарбыз, басқа да бақшалық дақылдар өсірген.

Дихан қауым әдетте не бәрі он шақты үйден құралатын тұрақтарын егістікке жақын, қыста малын жусатуға жететін шөбі, ықтасын болатын тоғай, қопа қамысы бар көл қойнауларына таман ойлы-қыратты жерлерге орналастырады екен. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданына қарайтын, Арыс өзенінің Сырға құяр тұсында бой көтерген осындай ескі қоныстардың бірі Сарықамыста мен 1931 жылдың 28-тамызында дүниеге келіпін. Ескі дәстүрмен ата-анам көршілерін шақырып, шідехана жасап, ауылдағы ең қадірмен көнекөз қарт Өзбек ақсақалдың құрметіне Өзбекәлі деп ат қойыпты.

Әкем Жәнібек Құдиярұлы, анам Қаныша Томашқызы қазақ ауылдары ұжымдасқанға дейін мал дегеннен жеті-сегіз қой ешкісі, сауын сиыры, жүріп-тұрысқа мінетін жалғыз аты болғандықтан ешқайда көшіп-қонбаған, оның есесіне „жер шұқып“, диқаншылықпен айналысқан. Мен туғаннан кейін көп ұзамай әкем қайтыс болып, шешемді әмеңгерлік жолымен ерінің жақын ту-

ысқандарының бірі Серім Сейітбекұлына қосыпты. Ол бізді Сарықамыстағы 13 үймен бірге Сырдың арғы бетіндегі ежелгі Оқсыз қаласының құландысына жақын жерде әуелде 22 санды ауыл, кейіннен „Овцевод“ деп аталған өзі ұйымдастырған ауылшаруашылық серіктестігіне көшіріп әкеткен екен.

Анамның менен басқа Спандияр деген ұлы болған. Ол Финляндиямен болған соғысқа қатысып, асқан ерлік көрсеткен адам. Ұлы Отан соғысы басталысымен хабарсыз кетті. Қараспанда тұратын бір қазаққа күйеуге берген тұңғышы Күлараш 1978 жылы дүние салды. Онан басқа Мәдине деген тағы бір қызы болған.

1938 жылғы 1 қыркүйекте мен мектепке оқуға барыппын. Ол кезде балаларды дайындығына қарай алғашқы жылы екіге бөліп оқытатын болған. От басында дұрыс тәрбие алған деп есептелетіндер (олар әдетте ауқатты адамдардың балалары болатын) әуелден бірінші класқа оқуға қабылданатын. Ал жөнді тамақтанбаған, киім-басы нашар, жарлы-жақыбайлардың балалары жартыншы класқа алынатын да оқу жылы аяқталғанда үлгірендері бірінші класқа өткізілетін. Сол оқу жылы мұндай тәртіп педагогикаға сай келмейді деп танылып, біз де бірден екінші класқа өттік.

Менен үш-төрт жас үлкендігі бар Мәдине бала жастан зерек болса керек. Бірде жартыншы класта оқып жүрген менің қолыма „Өрт“ деп аталған суретті кітапша түсіп, өзім жөндеп оқи алмағаныммен суретін көріп мәз боп отырсам, ол келіп оқып берейін десе мен бере қоймадым. Мәдине болса мені иландырып, мына жазылған дәптерлерімді ал да басыңа жастанып жат, таң атқанша олар да осындай кітап болып қалады — деген соң қолымдағымды бере салыппын. Төсекке жатқан соң бір қарап қойдым, дәптерлер өзгере қоймапты. Түн ортасында көзімді сығырайтып ашып қарап едім, олар сол баяғы күйінде. Таң ата да солай, ұйқыдан тұрғанда да өзгермегенін көріп, бақырып жылап қоя бердім. Мәдине болса мені жұбатып, „мә, кітабыңды ала ғой“ деп өзіме қайтарып берді. Ол оны түнде отырып, білте шамның жарығымен оқып шыққан екен.

Бір күні мен жөнінде мектептегі қабырға газетіне „өте ұқыпты, сабақты жақсы оқып, кластастарының алдына шықты“ деп мақтап жазыпты. Мен оны қайдан білейін, үйге келсем Мәдине мұны апам жеткізіп үлгіріпті. Апам менің бетімнен сүйіп, ризашылығын білдіріп жатты.

Мәдине менің оқуымды да қадағалайтын. Оқыған кітаптарының мазмұнын, неше түрлі ертегі-әңгімелер айтып беріп отыратын. Дәптерлерімді қарап, дұрыс оқуыма көмектесетін.

Қалыптасқан дәстүр бойынша біздің ел жазға қарай ұжымшардың басқармасы ғана қалатын қыстақтан бес-алты шақырымдай жердегі көгеріске көшіп шығып, қара күзге дейін киіз үйлерде тұратын. Сол жылы жұртпен бірге біздің үй де қыстақтан көшіп

шыққан еді. Киіз үйіміз болмағандықтан апам екі керегені жайып, бірін-біріне қабыстыра байластырып, туырлықпен жауып баспана етіп алды да, дастарханның қамына кірісіп кетті. Бұрын ескі қазақ ауылында еркек тұрып, әйелге мал бауыздатпайтын. Осы бір көне дәстүр бойынша, жақын үйлерде өзге еркек көріне қоймаған соң, апам маған тауық бауыздатпақ болып қолыма пышақ ұстатты. Мен көп ойланып жатпай, пышақты алдым да жатқыза салып тауықтың басын шорт кесіп алыппын. Ол тыпырлап ұшпақ болып, үш-төрт қадам жерге барып құлады. Қорыққанымнан жылап жіберіппін.

Мұнан былай тауық союдан құтылатын болдым дедім бе, әйтеуір, бізге көрші болып әкемнің бір жам ағайыны Құрман атамның қара құрым киіз үйі тігілгенін көргенде қуанышымның шегі болмады.

Мен өмірі жарып тамақ ішпеген, сіңірі шыққан кедей болғанымен мейлінше инабатты, бүкіл болмысынан қайырымдылықтың, адалдықтың нышаны байқалатын, табиғатынан сыпайы осы бір ауыл ақсақалының өнегесін көп көрдім. Арада қанша жыл өтсе де аласа бойлы, ат жақты, бадырақ көз, шоқша сақалды атамның жарқын бейнесі көз алдымнан кеткен емес.

Жаз айы. Жұрт шөп шабуға кететін. Атам екеуіміз ауылда қалып қойып жүрдік. Мен бала кезден тентек болыппын. Атам үйінің түндігін жауып, ішке кіре берсе-ақ, оны айқара ашып, сықылықтап күліп, зыта жөнелем. Ол болса, „Ей, мен сені құртайын“ деп қуған болып, түндігін жауып, үйіне кіре берсе болды, мен оны қайтадан ашып, кейде түндігінің бауын жұлып алып, тағы да қашып кетем. Осылайша күн өтетін.

Кейін оң-солымды танып, Алматыға оқуға аттанғанымда, Құрман атам есегіне мініп, Сырдың қайығының аузына дейін шығарып салып:

— Қайтейін, қарағым, саған беретін қаражат болмады. Сүтіне шәй ақтап отырған жалғыз ешкіні сатайын десем жақын жерде базар да жоқ, — деп егіле сөйлеп, „атаңның саған батасынан басқа берері болмады“ деп қолын жайды.

Мен де қолымды жайып, батасын алдым. Ата-анамнан ерте айырылып, кісі есігінде көрген зұлымдық пен қорлыққа бой ұсынбай ер жеткеніме сүйсінді ме, әлде қол ұшын берер қауқары болмағанына күйінді ме, әйтеуір көнекөз атамның жаны тебіреніп, көзінен аққан жасы сақалын жуа бастағанда шыдай алмай, мойнынан құшақтап, бетінен сүйіп, кете бердім...

Арада көп жыл өтті. Бірде іс сапарымен жолым түсіп, үйіне барып сәлемдескенімде атам мүлдем қартайып, көзі көрмей қалған екен. Ұлтай шешемнен қайта-қайта сұрап, „бұл қай бала?“ дей берді. Өзіңнің „Өзбегің“ ғой дегенде, жарықтық басын көтеріп, менің бетімнен иіскеп, айналып-толғанып, мырс етіп күліп жіберді.

— Балам, менің түңдігімнің бауы қайда? — деп жастық шағымды есіме түсірді. Сөйткен қайран атам, ол да өтті дүниеден!

Әжем Арзыхан 99 жасында дүние салды. Қазіргі ой тоқтатқан „алпыстың“ деңгейінен алып қарасам, үлкен бір әулеттің басы болған осы бір кейуананың ұзақ өмір сүргені тек оның еңбекқорлығында (ешкімге салмағын түсірмей, өзін-өзі күтіп өтті), дұрыс тамақтана білгенінде немесе даланың жұпар иісті таза ауасын жұтып өмір кешкенінде ғана емес, оны қоршаған қарапайым да мейірімді жандардың уақыт өткен сайын ұлғая түскен қамқорлығында, өзара тату-тәттілігінде, ауызбірлігінде екен. Ауызбірлік кеткеннен кейін сол әулеттің азып-тозғанын да көрдім. Енді мен елге барғанда ғана жиналып келіп, менімен сәлемдесіп, бір-бірімен жүздесетіндей не күн туды бұлардың басына? Тегі „ырыс алды — ынтымақ“, ауызбірлік кете бастады деген осы болар.

Енші бөліскенде кенже ұлының қолында қалған әжем немере, шөберелеріне шектен тыс мейірімді еді. Ол тұратын Үлкен үйге бара қалсақ, кеш боп қалды деп жатқызып та тастайтын. Әбден қартайған шағында бұлдыраған көзімен аспаңдағы күнге қарап, уақыттың түске дейін не түстен кейін екенін ажырата бермейтін. Біз де жатқызғанына қарсы болмайтын едік. Өйткені әжемнің үстіндегі жөнкөйлегінің, қамзолының қалталарында бізге деген неше түрлі тәтті, ежегей, құрт, ірімшіктер болатынын білетінбіз. Арқамыздан қағып, төсекке жатқыза бастағанда қалталарына қолды салып жіберіп, ілінгенін қойнымызға қотарып жіберсек, бір үлкен іс тындырғандай мәз-мейрам болып қалатын едік. Шіркін, таңғы шықтай кіршігі жоқ таза кәусар шақ-ай, осындайларыңмен есте қалады екенсің!

1939 жылы өгей деуге аузым бармайтын әкем Серім Сейітбекұлы бізді қасына көшіріп алды. Ол кезде ол ежелгі Отырар құландысының маңында ақүй, қараүйді қатар тіккен әлді қазақтың бірі болатын. Мәдине соның алдында ғана аз ауырып, қайтыс болған. Ағам Спандияр әскерде еді. Шешемізбен екеуміз баяғы екі керегеден құрастырылатын баспанада тұрып жаттық. Науқасы дендей бастаған анамның бар тауқыметі менің мойнымда болатын. Далаға сүйемелдеп шығарып, төсегін салып қайта жатқызам, жуындырып тамағын берем. Сөйтіп жүріп аналардың үйіне де қолқабысымды тигізем. Отынын әкеп, суын тасып берем. Тіпті келі түйіп, қол диірмен тартқан сәттерім де болды. Әкемнің менімен тетелес өз баласы Абан болса ата-анасының еркесі, құнанына мініп, шапқылағаннан басқа ештеме бітірмейді. Мен байғұс аттың үзеңгісіне де аяғымды салмаппын.

Жаңа оқу жылы басталатын 1-қыркүйек те жақындап қалған. Осындағы ұжымшардың орталығы Қоғамдағы мектепке екінші класқа оқуға баруға тура келді. Киетін киім болмай, Абанның ескіре бастаған костюмін маған берді. Ол болса „мені өлді дедіңдер ме, оған менің костюімді кигізіп“ деп жер тепкілеп, жылап отырып алды. Қорлыққа шыдай алмай, намыс-ыза кернеп, үйге жүгіріп

келсем, апам басын жуып, шашын тарап отыр екен. Оның бұрынғы сұлулықтан қалған жалғыз белгісі — тізесіне түсетін шашы еді. Ол да сиреп, көк шұлаң тарта бастағанын енді аңғарыппын. Көргенімді айтып едім, апам шешіліп сөйлей кетті.

— Мен осылардың „отымен кіріп, күлімен шығып жүріп“ таптым осы сырқатты. Қарғамаймын ешқайсысын да. Тағдыр өзі-ақ туралайды бәрін. Өмірде бәрі қайталанады. Кім білсін, ертең күнің туса, сенің ескіңді ол киер. Жігіт болып қалдың, не болса соған қорғалақтай берме, — дегенді айтты.

Апамның сөзі бойыма жігер беріп, көңілім орнына түсті. Ол Түркістан маңындағы Құш Ата деген қыстақтың тұрғыны Томаш деген кісінің қызы болатын. Отырықшы елдің дәстүрінде тәрбие алған, ойындағысын бұлтақтатпай, тіке айтуға тырысатын еді. Жасында ән салып, би билеген ашық жарқын қыз болған дегенді айтады білетіндер.

Ертеңіне Секең мені өзі жетелеген атқа отырғызып, мектепке алып барды. Өмірі атқа отырмаған сорлы басым, ердің басынан қос қолдап ұстап алыптын. Ол болса атты қамшымен салып-салып жібереді, мен сыпырылып қала жаздаймын. Жолда кездескен бір адам: „Секе, бұл кімнің баласы, қайда алып барасыз?“ деп сұрап еді, „осындағы бір жесір әйелдің баласы еді, оқуға алып барамын“ деген жауап алды. Осыдан-ақ бұл кісінің мені өзіне жақындатқысы келмейтінін ұқтым. Сол бір сәтте „өзімнің балам“ дегенді өмір бақи кешіре алмадым. Мен де оны „әке“ деп атаған емеспін.

Бірде күн батарда үйге келсем, апам қара терге түсіп жатыр екен. Сасқанымнан аяғын ұстай алыптын. Мәдине қайтыс болғанда, адамның өлерде аяғынан суынатынын көргенім бар-тын. Әл үстінде жатқан апамның аяғы тізесіне дейін тастай болып, суып қалған екен. Секеңнің бәйбішесі Рахия шешейге барып, апам қысылып жатыр деп жылап қоя беріппін. Ол кісі сен бара тұр, мен анау тігінші атаңды ертіп келейін деді.

Тігінші деп отырғаны осы өңірге белгілі еркек киімдерін тігетін Раманқұл деген кісі еді. Ол кісіні ел арасында „Раманқұл машинеші“ деп те атайтын. Ол келіп өлім үстінде жатқан анама дем салды, маған ризашылығын сұрады. Апам болса бұл балама ризамын, мені осындай қалде тастап кеткен Спандиярға риза емеспін дегенді айтты. Рахия шешей: „О, жазған, балаң өзі кеткен жоқ қой, әскерге алынды емес пе, оған несіне ренжисің?“ дегенде ғана апам Спандиярға да ризашылығын білдірді.

Осылайша ісін бітіріп, бұл екеуі үйлеріне қайтпақ болды. „Сен шешенің қасында боларсың“ дегенді естігенде, апамның сол түннен шықпайтынын сезгендіктен жалғыз қалуға қорқатынымды айттым. Рахия шешей „Ендеше ана үйдегі балалардың аяқ жағынан көрпесіне кіріп жат. Біз осында болармыз“ деген соң, басымды жастыққа қоя салысымен сілем қатып, ұйықтап кетіппін. Мені

шығарып салып, олар да үйлеріне қайтыпты. Сөйтіп байғұс анам сол түні екі керегенің астында, жалғыздан жалғыз жарық дүниемен қош айтысыпты. Мұны қалай кешіресің?

Ертеңіне сәскеге таман Рахия шешеміз біздің шайлаға барып келіп, мені оятып: „Балам, басыңды көтер, шешеннен айрылыпсың” дегенді айтты. Жылайын десем, көзімнен жас шықпайды, сіресіп қатып қалыппын. Сол күні кешке қарай апамды Арыстанбаб әулиенің маңындағы ескі мазаратқа жерледік. Мен болсам іштей тебіренгендіктен бе, әлде бойымды күйініш сезім биледі ме, әйтеуір апамның денесін жерге бергенде де көзімнен жас шықпай, іштей тынып тұра беріппін. Бәлкім, баланың қиял елесі болар, осы бір сәтте менің көзіме әулиенің үстінен көк түтін көрінгендей болды.

— Балам, шешеннің үстіне күрекпен топырақ сал, сауабына қаласың.

Дауыс шыққан жаққа қарасам, манадан бері үндемей жұмыс істеп жатқан Раманқұл тігінші күрегін менің алдыма тастапты. Мен оны алып, анамның мүрдесіне төрт-бес күрек топырақ салдым.

Құран оқылып, бата қылғаннан кейін жұрт ауылға қайтты. Келсек, мұндағылар апамның киім-кешегін, көрпе-төсегін өртеп, ыдыс-аяғын жерге көміп жатыр екен. Апам мен әкеп берген қауыннан үнемі қақ тіліп, керегенің көзіне іліп кептіретін. Сол бейшараның „Спаным келсе, тойға жаратамыз” деп өріп қойған қақатарын да лақтырып жіберіпті.

Ол сонша не алапеспен ауырыпты ма? Ең болмаса, осындай „құлақ естіп, көз көрмеген” сұмдықты маған көрсетпей-ақ істесе қайтер еді? Оның үстіне сарыппен (ревматизм) науқастанып, жүрек ауруына шалдыққан сорлы анамды, ауруханаға салып емдетпегені былай тұрсын, әскерге кеткен баласынан қалған бес-алты қойын, бұзаулы сиырын, баспағын жаратып, дәстүрлі „жетісін”, „қырқын”, „жылын” да өткізбеді. Анамнан айырылған сол бір қаралы күнгі ағайын-туғанның зұлымдығы мен екіжүзділігі естен кетпес қайғылы қасірет болып, жүрегімде мәңгілік қалып қойды.

Көп ұзамай игі жақсы жиналып, тоғызға енді ғана келген мен пақырдың тағдырын шешпек болды. Біреулер детдомға өткізейік дегенді айтты. Ол кездегі қазақтың түсінігінше „балалар үйіне” орналастыру жетімді қаңғыртып жібергенмен бара-бар болатын.

— Мұны детдомға жіберіп, ел бетіне қалай қараймыз?

— Шешесі болмаса, әкесі бар емес пе мұның?

— Мұндай сұмдықты көрмеп едік.

Осылайша ауыл ақсақалдары өздерінше дабырласып жатты. Аңтаң болған маған бұлар мені бір алыс жаққа апарып тастағалы жатқандай көрінді. Ақыры жұрт мені Секеңнің Маяқұм сельпосында бухгалтер болып істейтін үлкен ұлы Қожанның қолына беруге келісті. Бұған негізгі себеп болған — жетім қалған менің қамым емес, Қожанның әйелі Зәкияға, оның екі жасар ұлы Төреханды,

тәй-тәй тұра бастаған қызы Мырзақүлді тәрбиелеуге көмектессін деген мақсат еді.

Анамнан сурет қалмағандықтан, қазір жасым ұлғайған сайын түрін де еске түсіре алмайтын болып барам. Өмірімде екі-ақ рет, онда да тұрмыстың тауқыметін тартып, қиналып жүрген сәттерімде түсіме енді. Бірде Қожанның үйінде жүргенде басымнан сипап тұрған анамды түсімде көріп, солқылдап, жылап қоя бергенім бартын. Шошынып оянған жеңгем орнынан тұрып, шам жағып, жылап жатқанымның мәнісін сұрағанда „жо-жоқ, ештеме емес” деп қайта жатып қалдым. Екінші рет студент болып жүріп, пойызбен Алматыдан елге қайтып келе жатқанда, плацкартты вагонның жоғарғы жүк қоятын сөресінде ұйықтап жатып, тағы да басымнан сипап тұрған анамды түсімде көрдім. Өмірінде жақсылық көрмеген қайран анам, „жатқан жерің жайлы болсын!” дегеннен басқа не айтайын. Кейін басына белгі болатын құлыптас қойғыздым, Шәуілдірде болған сайын барып тұрам. Әйелім, балаларым да солай етеді.

Қожан ағам мейірімді, инабатты адам болып шықты. Әйелі де аздаған бейпілауыздылығы болмаса, түйсігі бар адам еді. Бұлардың үйінде де балаларын жұбатып, отынын жарып, суын тасып берумен айналыстым. Ағам мені кейде еркелетіп, 20-ға келгенше (ол кезде жиырма жас тым ересек болып көрінетін) оқытатынын айтып отыратын еді. Отан соғысы басталысымен Қожан да әскерге алынды. Мені Секең шаруашылығына пайдалану үшін өз отбасына қайтарып алды. Ол кісі дермене, итсигек жинап, Темір станциясындағы дайындау мекемесіне өткізумен айналысатындықтан соғыс кезінде Бөген атырабындағы Шілікте, Темірдің өзінде тұрдық. Бұл алқапта дәрі-дәрмекке қажетті мұндай жабайы шөптер көп өсетін. Кейіннен „Овцевод” ұжымшарына бір жолата көшіп келдік.

Соғыс жылдарында балалар оқуды тастап кеткенде де мен оқи бердім. Жеті жылдық мектепте М. Рахымбаев деген жалғыз мұғалім сабақ беретін. Күніге бір класты оқытатын. Біздің кластың кезегі келгенде мені тауып алып, „Қыздарды шақырып кел” дейтін. Өйткені бір класта Айша, Қалампыр, Жұпар, Ұлжалғас дейтін төрт қыз, „еркек кіндіктіден” жалғыз мен болатынмын. Қыздарды ауылдың иттерін „абалатып” жүріп, жинап келем. Дәптер жоқ, газетке жазып оқыдық. Оқулықтар тек мұғалімде ғана болатын.

Соғыс аяқтала бастағанда мүгедек болған басқа мұғалімдер де майданнан қайтып орала бастап, мектебіміздің көркі кіре бастады.

Сол жылдары менің балалық жүрегімді тебіrentкен бір жәйт болды. Ол немістер басып алған жерлерден уақытша қоныс аударып бізге келгендермен қарым-қатынасқа байланысты еді. Халықтар Достығының нышанын сонда бірінші рет көрдім. Ол кезде қазақ арасында „эвакуация” деген сөз пайдаланылмайтын. Оның орнына „туыстар” деген түсінік кеңінен тараған еді. Әне „туыстар

келе жатыр", „туыстарға берейік“, „туыстар жесін“ деп жұрт үнемі дабырласып жататын. Біздің ауылға келгендер Украинадан еді. Барымызбен бөлістік. Біздің үйде жаңадан көктелген жалғыз көрпеше бар еді, оны да соларға бердік. Қысқа деп сақтаған жалғыз пұт бидайдың да жарымын соларға жөнелттік. Сауын сиырдың сүтімен, құрт-ірімшікпен, қауын-қарбызбен де бөлістік. Олардың да ризашылығының шегі болған жоқ. Еліне қайтып бара жатқанда көздеріне жас алып, қазақтармен көрісіп-құшақтасып ажырасты. Достық, бауырмалдық деген осылай болады екен.

1945 жылдың күзінде жетіжылдықты бітіріп, аудан орталығы Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы орта мектептің сегізінші класына оқуға түстім. Интернатта жатамыз. Көрпе-төсек жоқ, үйден әкелген бір тілік киіздің үстіне аунай кетеміз. Таң ертең 200 грамм қара нан мен бір кәмпит береді. Түсте бір тостақ атала, 200 грамм нан, кешке тағы да 200 грамм нан, жалғыз кәмпит береді. Тек қайнаған су жеткілікті. Шәйды да, көжені де қалайы тостақпен ішеміз.

Балалар мұндай тамаққа қанағат қыла қоймайтын да, сенбі күні кешке қарай жақын арадағы ағайын-туысқандарына кетіп қалатын. Мен де көрші ұжымшарларда, Темірде тұратын ағайындарға барып бір тойып қайтатынмын. Оның үстіне өзіңмен бірге ала кет деп бір қалта жүгері немесе тары талқанын салып беретін. Оны аталаға араластырып жеп, едәуір диланып алуға болатын еді. Тек жоғары класта оқитын ересек балалар талқанымызды тартып алғанда не істерімізді білмей сасып қалатынбыз. Сөйтіп жүргенде менен екі-үш жас үлкендігі бар жерлесім Әтібай Құлымбетов кешігіңкіреп келіп, сегізінші класқа оқуға түсті. Ол келісімен, бір-екі төбелестен кейін үлкендердің зорлығы мүлдем тоқтады. Бұдан былай талқанымызға ешкім тимейтін болды.

Темірде біздің Әзімбек деген амамыз тұрды. Кедейшілік. Кемпірі күніне екі-үш таба нан жауып, темір жолға шығарып сатып, түсімін қалжа ғып отыратын. Атам мейлінше адал, қолынан өнер тамған ұста болатын. Соңғы кезге дейін ол кісі жасаған ағаш кебеже, жүкаяқ, қобдишалар қай үйден болса табылатын. Мен келгенде атам бой жасап, көңілі көтеріліп қалатын. „Бәрекезде, ал енді қаптың аузын ашып жібер“ деп маз-мейрам болатын. Олай дейтіні маған ән салғызатын. Мен болсам, көңілім соқпаса, „Ән жоқ, қаптың аузы буулы“ деп тастайтыным бар-тын. Атам „Қаптың аузын аша ғой“ деп жалбарынғандай болатын. Бір кезде атамның жер үйінің итарқасына шығып алып, іштен дем тартатын түтіктен „Алматыдан сөйлеп тұрмыз. Қазақ әндерінен концерт береміз“ дегенімде, атам басын көтеріп: „Бәрекезде-е, балам көп жаса!“ дей беретін. Сөйтіп, қарттың айызын қандырып, неше түрлі ән салып беріп, ризашылығын алатынмын.

Шәуілдірдің қасындағы Ногин атындағы ұжымшарда тағы да бір

туысымыз тұрады деп еститінмін. Барсам үйінде екен. Бұл ел арасында Сарымолда деген лақап атпен белгілі Мүсірәлі дейтін ақсақал еді. Сол мен келетін күні кемпірі онан-мұнан құрастырып екі таба нан жапқан екен. Біреуімен шәй іштік. Мүсекең „ана таба нанды мына балаға бер, алып кетсін“ дей беріп еді, кемпірі ренжіп, тырыса қалды. Қамшысын алып атам кемпіріне тап берді. Ол ойбайлап, үйді айналып қаша жөнелді, бақырған даусы да жаман екен өзінің. Атам болса, „Е, оңбаған, сонда осы балаға қимай отырғаның жалғыз таба нан ба?“ деп зекіп жатты. Бір сәтте кемпірін құған ақсақалдың қолына әлгі нан түсе қалды да, „Балам, ал мынаны, сенің тарығып жүргеніңді білем, келіп тұр біздікіне“ дегенді айтты. Мен болсам нанды қойныма ұрып жіберіп, кемпірі мен шалын төбелестіріп, Шәуілдір қайдасың деп зытып тұрдым.

Көп жылдардан кейін, жолым түсіп Шәуілдірге келсем, Мүсекең де, кемпірі де дүние салған екен. Үйіне барып, балаларына көңіл айттым. Осы бір мейлінше ақ көңіл, адал қартты, жоқшылықтың тауқыметін тартқан оның кемпірін еске алдық.

Менің балалық ой-елесімде мәңгілік қалған тағы бір алып тұлға болды. Ол әйгілі халық ақыны Айтбай Белгібайұлы еді.

Шәуілдір ауданым бар саялы бау
Қонысым Сырдың бойы, жайлауым тау.
Пайдасыз Арыс суын байлап алып,
Отырар даласына егілді нау.

Осы бір өлең шумағын туған жеріне арнап, оған деген шынайы сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімін білдірген Айтбай ақын маған тұла бойында өнеге тұнып тұратындай, қол жетпес құдірет іспетті боп көрінетін. Ақынның әсем үнін „құлақтан кіріп, бойды алатын“ құбылыс десе де болатын еді.

Кейін ес білгесін ойлап қарасам, елдің көркі де осындай ақылгөй, біртума, біріне бірі ұқсай бермейтін, даналығымен ерекше көнекөз қарттарында екен. Өзім ер жетіп, адам бола бастаған шағымда сол Құрман, Әзімбек, Сарымолда, Айтбай секілді қарапайым ауыл ақсақалдарының мектебінен өтіп, тағдырдың тауқыметіне қарсы тұра білгеніме тәубе еттім. Өкініштісі, арамыз алшақ, мен — Алматыда, олар — ауылда болып, көпті көрген кеменгер аталарыма қызмет ете алмағаным. Ағайын-туысқан арасында „ылғал тартпағандықтан жапырағына пана бола алмайтын кәрі ағашқа“ ұқсас талай-талай шалдарды да көрдік қой. Менің алғашқы ұстаздарым болған аталарымның орны мүлдем басқаша еді. Бір атадан „ала да, құла да туады“ деген осы екен.

— Балам, мерейің үстем болсын десен, құрбы-құрдастарыңмен, замандастарыңмен тату-тәтті бол, — дейтін еді Құрман атам. Адам

бойындағы достық, сүйіспеншілік сезім өте ерте оянады екен. Үшінші класта Дәкүл дейтін бір кішкентай қызбен бір партада отыратынбыз. Оның маған ұнайтыны сонша, үйден қалтама құрт, ірімшік, ежегей, кейде қауынқұрт салып алып, үлкен переменде соған жегізіп, бетіне қарап отыра бергім келетін. Сол Дәкүл бір күні маған ашуланып дәуітіндегі (сиясауыт) сиясын бетіме шашып жібергені. Бетімді, көйлегімнің омырауын шүп-шұбар қылып үйге қарай жылап ала жөнелдім. Ағам Қожан болса: „Ей, сені де күйеу дейді-ау, тапа-тал түсте келіннен таяқ жеп” деп күліп жатыр. „Күйеу” деп айтты деп онан сайын бақырып, үйді аспанға көтеріп жаттым. Бар ойым — қызды қалай жазалаудың есебін табу. Оны ойлап таптым да. Беті-қолымды жуып, көйлегімді алмастырып, тынышталдым да оқу кітабымды мұнан былай оған бермеске бел байладым. Кластағы жалғыз оқулық менде болатын.

Арада бір апта өтті. Дәкүлдің шешесі келіп менің жеңгеме:

— Анау қайыңа айтсаңшы, менің қызыма әлгі кітабын бермейтін болыпты, — деді. Жеңешем:

— Шырақ (ескі дәстүр бойынша ол менің атымды атамайтын), Дәкүлге бере ғой кітабыңды, ештеме етпес, — дегенді айтты. Сонымен екеуміз қайта татуласып кеттік.

Көп ұзамай ағам қызмет ететін Маякұм сельпосы орналасқан онымен аттас ұжымшарды үкімет Қазақстанның қиыр оңтүстігінде жаңадан қазылған Киров каналының алқабындағы тың жерге көшіріп әкетті. Сөйтіп, Дәкүлмен айырылысуға тура келді.

Арада көп жылдарды артқа салып, комсомол қызметінде жүрген кезде, бірде қасыма ерген екі жігітпен Киров ауданында болғанда Дәкүлмен кездесе кеттік. Әбден қартайған, тұрмыс қажытқаны көрініп тұр. Жолдастарым болса: „Сонда осы кемпір сізбен бірге оқыған ба?” деп қайран қалды. Мен оларға: „Тоғыз бала тапсаңдар, сендер де сондай болар едіңдер” деп күлдім.

Шынайы достық, сүйіспеншілік адамның жеке басының қалыптасуына, ой-өрісінің даму дәрежесіне, талғамына, көзқарастық қасиеттерінің орнығуына қарай өрбитін үрдіс екен. Өмір талқысынан өте қоймаған жастық, әсіресе балалық шақтағы достықтың қанша шынайы болғанымен есейген сәтте түкке тұрғысыз, бұрын сүйкімді досың кейіннен бастапқыдай бола бермейді екен. Соғыс кезінде ұжымшардың егістігінде тарысын — торғайдан, жүгерісін қарғадан қорып, тай-құнандай тебісіп бірге өскен достарым Төлбасы, Баймахан, Бердіқұл, Тоймахан, Нұртаза, Баян, Сінтірхан да есейгеннен кейін қарасам, мүлде басқа адамдар болып кетіпті.

Орта мектепте Шағырбай деген досым бар-тын. Екеуміздің достығымыздың шегі болмайтын. Кейде үйіне қонып қалсам, шешесі қатар төсек салатын. Ол кісі кетісімен бір төсекке ауысып алып, рахаттанып ұйқыға кететін едік. Сөйткен Шағырбайым білім алып,

оң-солын танығанда достық сезімі бұрынғыдай емес, бауырмалдығы да шамалы адам болып шықты.

Ілгеріде сол Шағырбай арқылы Айжан деген бір шәуілдірлік қызбен таныстым. Аққұба, бидай өңді дегендей. Хат жазысып тұрдық. Бір жолы жазғы каникул кезінде қызды күйеуге ұзатқалы жатыр деген хабар алдық. Мен қанша қиын болса да оны Алматыға алып кетпек болдым. Қыз оған көне қоймады. Жалғыз шешем бар, қалың мал беріп, ресми той жасап үйленбесек, риза болмайды дегенді ескертті. Мен оған студенттігімді, әке-шешемнің жоқтығын, оңған туысқандарым да шамалы екенін айтсам да, бой беретін түрі жоқ. Сонымен Алматыға кете бердік.

Темір станциясында Шағырбай екеуміз пойызға шығайық деп тұрсақ, бір бала қуып жетіп, қыздың келісетінін айтты. Мен ойла-нып қалдым. Шағырбай болса, „Ол шын сүйетін болса бұлай етпеген болар еді. Махаббат деген шынайы сезімді саудаға салуға болмайды. Оның қадірін білмейтін мұндай қызға бой ұсынудың қажеті жоқ. Жүр, кеттік” деп мені вагонға кіргізіп жіберді де, балаға екеуміздің шешімімізді айтты. Сонан қайтып Айжанды көрген емеспін. Тұтанып үлгіре қоймаған алғашқы махаббат оты осылай сөнді.

Естуімше, тұрмысы оңалмапты. Ішімдікке салынған, ұрып-соғып жәбірлейтін біреуге күйеуге шығыпты. Шешесінің емес, өзінің тұрмыс құратынын ұқпағанына бармағын тістеп, орнына келмеген махаббатына өкініш сезімін оята беретінге ұқсайды.

Бақсам, адамның азғантай өмірінің әр кезеңіне лайық өз дос-жарандары болады екен. Бала кездегі досыңның талғам, түйсік-түсінік өзгере келе, үйлесе бермейтіні де осымен байланысты болса керек. Әйтсе де, біздің қай-қайсымызды алсақ та, жаңадан қалыптаса бастаған жас адамның жан дүниесін байыта түсіп, қайырымды ететіні үшін де бала кездегі достық, сүйіспеншілік сезімге міндеттіміз ғой деп ойлаймын.

Енді міне, менің алдымда-қала көрмеген ауыл баласына уақыт оздыратын құпиясы мол, өзгеше бір дүние іспетті болып көрінетін студенттік шақ. Ілгері үмітке, мәртебелі игілікке ұмтылумен оның табалдырығын аттамақ болып, 1948 жылы Шәуілдірдегі Жамбыл орта мектебін бітіріп Алматыға келдім. Қазіргідей мамаңдық таңдау ол кезде болмайтын, пәлендей оқу орнына түс деп кеңес берген адам да болған жоқ. Өзімше таңдағаным Абай атындағы Қазақ педагогтік институтының (қазіргі Алматы университеті) тарих факультеті болды.

Тарихтан, қазақ тілі (ауызша) мен әдебиетінен (ауызша және шығарма жазу түрінде), орыс тілі (ауызша) мен әдебиеті (ауызша және диктант түрінде), жағрапиядан қабылдау емтихандарын тапсыруға тура келді. Тарихтан, жағрапиядан, қазақ әдебиетінен (ауызша, жазбаша) үздік баға алсам да, қазақ тілінің грамматикасы-

нан „құлап“ қала жаздадым. Ойымды білдіргенде қатесіз жазғаныммен, оның мәнін түсіне білмейтін мен үшін грамматика аса қиын пән болатын. Емтихан алып отырған Шамғали Сарыбаев болса, ауызша сұрақтарына аздап жауап берсем де: „ Анау тұрған ат па, оны атпа“ деген сөйлемді талдап беруді өтінді. „Анау тұрған ат па“ деп сұрақ белгісін (?) қойып, „оны атпа“ деген тіркестен кейін леп белгісін (!) беруге батылым бармай, отырып қалдым. Мұны көріп отырған емтихан алушы „бұл бала грамматикадан түк білмейді“ деп „2“ қойғысы келіп еді, ассистенті Б. Үкібаев араға түсіп: „Шәке-ау! Қараңызшы, бізге дейінгі төрт емтиханды „5“-ке тапсырып келіп отыр, шығарманы үздік жазыпты, обал болмай ма?“ деп отырып алды. Ақыры Шамғали аға „3“ қойып берді.

Ең қызығы орыс тілі мен әдебиетінен емтихан тапсырғанда болды. Екі аудиторияда бөлек-бөлек диктант жаздырған оқытушылар орыс тілінің грамматикасынан бірге отырып емтихан алатын болды. Мені алдарына отырғызып, Анастасия Сергеевна Жукова деген біреуі: „Ты у кого писал диктант?“ деді де, сұрағын тәптештей „У меня или у нее?“ дегенді айтты. Мен қалай жауап берерімді білмей „тебе написал“ деп өзін көрсеттім. Ол кісі „орыс тілін біледі-ақ екенсің“ дегендей басын, шайқап, менің диктантымды тауып алғанда көзі шарасынан шығып кете жаздады. Оның „Слушай, ты оказывається, на тройку писал, молодец, давай бери билет и отвечай“ — дегені әлі есімнен кетпейді. Өйткені бір аудиторияда диктант жазған 33 абитуриенттің біреуі „5“-ке, үшеуі „3“-ке, қалғандардың бәрі „2“-ге жазған екен. Сол үшеудің бірі мен болыппын. Не пайда, ауызша сұрақтарына жауап бере алмадым.

Орыс әдебиетінен емтихан алған Е. Лаңдау деген кісі А. П. Чеховтың „Человек в футляре“ деген әңгімесі жайында айтып беруді сұрады. Әрине қазақ тілінде болса тап-тұйнақтай жауап берер едім, орысшаға тілім жетпесе де „язык короткий“, „язык не хватает“ деген тіркестерді оңды-солды пайдалана отыра, әжептеуір жауап бердім. Емтихан алушының риза болғаны сонша „4“ қойып берді.

Сөйтіп қазақ тілі мен әдебиетінен жалпы баға „4“, орыс тілі мен әдебиетінен „3“ болып шыға келді.

Менімен бірге оқуға келген жеті баланың бәрі „емтиханнан құлап“ ауылға қайтатын болды. Емтиханды ойдағыдай тапсырғандықтан, институтқа қабылданатын болдым деп оқу басталғанға дейін елге барып келмек болып, мен де солармен бірге кете бердім. Қайтып келсем, мені кетіп қалды деп ойлап, қабылдамай тастапты. Институт директоры С. Толыбековтың қабылдауында болып, студенттікке кандидат (біреулер шығып қалса, орнына алынатын) ретінде лекция тыңдап, семинарларға

қатысуға рұқсат алдым. Жатақханадан орын тимей, бұрыш жалдап жекеше пәтерде тұруға тура келді.

Жоғарыда айтылғандай, қала көрмеген жігітке бәрі қызық. Алматымен танысып, музейлерге, театрлар мен киноға қайта-қайта барып-жүріп (бір тәуірі ресторандарда болған емеспін), лекциялардан, семинарлардан қала беріппін. Оның тақсыретін алғашқы емтихан, зачет тапсырған кезде көрдім. Орташа баға алғандарға стипендия бермейтіні тағы бар. Содан кейін барып, зейін қойып оқуға кірістім.

Бұрынғыдай лекцияларды жібермейтін болдым. Бос уақытымды оқу залында өткізуге тырыстым. Өзгелерден бұрын келіп, қалаған кітаптарымды алып қалатынымын. Өйткені ол кезде оқу құралдары жетісе бермейтін. Түнгі 11-ге қарай үнемі бір әдеміше келген тапалтақ сары жігітпен екеуміз кітап тапсыратындардың соңында қалып қойып жүрдік. Ол не оқиды екен деп қолына қарасам, ылғи тарихқа, жағрапияға, қоғамтану, әдебиет пен өнертануға қатысты кітаптарды көрем. Сөйтіп жүріп екеуміз таныс болдық. Бұл физика-математика факультетінің студенті, Пушкин атындағы стипендияның иегері Ауданбек Көбесов еді. Достасып алған соң, бос уақытымызды да бірге өткізетін болдық. Бірде мен оған қазақта Әбу Нәсір әл-Фараби деген энциклопедист-ғұлама болғаны жайында білгенімді айтып бердім. Ол кезде осыдан 1100 жыл бұрын өмір сүрген ұлы бабамызды Қазақстанда көпшілік жұрт біле бермейтін. Ауданбек болса сол кездің өзінде-ақ ғылымға бейім еді. Әл-Фарабиді қазақтан шыққан тұңғыш зерттеушілердің бірі болды. Кейіннен „Әл-Фараби“ деген кітабының кіріспесінде өзіне алғаш рет дерек беріп, ұлы ғалымды тереңірек зерттеуге себепші болған тарихшы ретінде маған, Фараби мұраларын зерттеуде күнделікті көмек көрсеткен ұстазы профессор Б. А. Розенфельдке алғыс айтыпты.

Соғыс кезінде және тікелей онан кейінгі қиын-қыстау кезеңде мектепте оқығандықтан, жыл сайын кластан класқа көшіп отырғанымыз болмаса, біздің алған біліміміз онша терең емес, мәдениетіміз де шамалы болатын. Бәлкім, сондықтанда болар, біз оқыған тұста Алматының жоғары оқу орындарында студенттер мен оқытушылар арасындағы ынтымақтастыққа көбірек көңіл бөлінетін. Бұл тек лекция арқылы ғана өрби бермейтін үрдіс болғандықтан шәкіртті семинарларға, дағдылық жұмыстарға қатыстыра, спортпен, көркемөнерпаздықпен, техникамен шұғылдандыра отырып, оның қабілетін арттыру, айналадағы ортаға көзқарасын дұрыс қалыптастыру, жеке басының мәдениетін көтеру жағы қарастырылатын. Мұны біз кітапханада да, жатақханада да, қоғамдық орындарда да сезінетін едік.

Өз басым арада қанша уақыт өтсе де ғылымның, білім-танымның әр түрлі салаларынан сусындатқан лекцияларын тыңдап, тәлім-

тәрбиесін алған ұстаздарым — тарихшылар Халел Әділгереевті, Мұсатай Ақынжановты, Владимир Иванович Тимосконы, Валентина Михайловна Коваленконы, әдебиетшілер Мәлік Ғабдуллинді, Нина Сергеевна Смирнованы, ғалым-экономист Серғали Толыбековты, педагог Раиса Григорьевна Лембергті, психолог Иосиф Лазаревич Стычинскийді, юрист Константин Флегонтович Котовты, Байтқовты, Муратовскийді, Жүкеновты асқан ілтипатпен еске алам.

Менің о бастан қоғамдық қызметке, мәдениет пен өнер жағына бейімделуіме осы кісілермен қатар тікелей әсер еткен, кейіннен халықтың дәстүрлі өнерін зерттеуіме себепкер болғандардың ішінде Қазақстанның халық артистері Қапан Бадыров, Борис Александрович Орлов, Асқар Тоқпанов, Қазақстанға еңбегі сіңген артистка Валентина Сергеевна Пирогова бар еді. Бар дүниесі жалғыз рояль мен кушетка ғана болатын көк базардың қасындағы жертөле үйдің бір бөлмесінде тұратын пианист Лев Семенович Бруктың менің дауысымды орнықтыра қоямын деп көп әлек болғанын қалай ұмытарсың. „Сіз менен опера әншісін жасамақсыз ба?“ дегенімде ол кісінің: „Қымбаттым менің, болашақ мұғалімнің дауысы болмаса, онан ұстаз шыға қоймайды“ дегені есімде қалды.

Біз оқыған тұста жоғары оқу орындарындағы көркемөнерпаздықтың әр жылғы қалалық байқаулары үлкен мереке — фестиваль іспетті болып өтетін. Біз де бір жолы Қапан Бадыровтың жетекшілігімен Ғабит Мүсіреповтың „Ақан сері — Ақтоқты“ пьесасын дайындадық. Ақан болып — болашақ ақын Ғафу Қайырбеков, Ақтоқты болып жезқазғандық Гүлсім Жаманова ойнады. Маған балуанның рөлі тиген еді. Пьесадағы айтыс-тартыстың әбден шиеленісетін сәтінде құлағы естімейтін, тілі жоқ балуанның рөлінде ойнағандықтан, сахна шетіне орнығып алып, жүген-шылбырды жөндеп, „жамап-жасқап“ отыра бердім. Жұрт болса, сахнадағы оқиғадан гөрі маған көбірек көңіл аударма, қайдам, мұны байқаған Қапан Бадыров: „Қарағым-ау, енді қойсаңшы“ деп сыбырлайды. Байқап қарасам, жұрттың назары шынымен-ақ маған ауған екен.

... Сахна төрінде Хазіреттің үкімімен жалғыз ағашқа таңылған Ақтоқты. Ақанның „Мақпал“ әнін салып зарлаған қыз дауысы түнгі даланы күңіреткендей. Қасында қарауыл қараған қарт балуан. Ақанның достары қызды босатып алып: „Өмір бақи перзентім жоқ деп арман етуші едің, ал мынаны өзіңе қыз ғып“ деп маған ұсына бергенде, мұны біліп қойған қарсы жақтың адамдары тап берді. Өзіне қыз ғып алған Ақтоқтыны қорғамақ боп, балуан оны байлаған жалғыз түп ағашты жерден суырып алып ұмытылатын сәтте, бұрын бір шегемен ғана қағып тастайтын ағашты сол күні құлап қалмасын деп үш шегемен бекітіп тастаған екен, әрі бері ышқынып зорға жұлып алып Хазіреттің тобына ұмтылдым. Олар

болса қорыққан боп жерге жабыса қалды. Мен ағашты көтерген күйімде тұрып қалдым. Шымылдық жабылды. Көрермендер ду қол шапалақтап қошемет көрсетіп жатты. Бәрі де нанымды болып шықты...

Сол жолғы байқауда біздің осы спектакліміз қала бойынша бірінші жүлдеге ие болды.

Қапан Бадыров бізді жұрт алдына шығып жаттыға берсін дегендей, театрға алып барып, көпшілік сахналарына да қатыстыратын. Ондағы қазақ сахнасының тарландарын көріп қана қоймай, олармен бір сахнада ойнау біз үшін үлкен мектеп еді. Болашақ мұғалімдерге тарихтан, этнографиядан, әсіресе халықтың әдет-ғұрпынан, киіну, сөйлеу мәдениетінен, тұрмыс-салтынан қосымша мәлімет алу үшін театрда болудан артық мүмкіндік бола бермейді.

Бірде театрдағы „Ақан сері — Ақтоқты“ спектаклі кезінде сахнадағы бір қала берісте Серке Қожамқұловтың (Қоңқай), Камал Қармысовтың (Серғазы), Әбікен Қасеновтың (Балуан): „Апырау, өзіміз ойнағандықтан аңғармайды екенбіз, мынау не деген сұмдық еді“ деп егілгенін көріп қайран қалғаным бар. Театрдың адам жанын тебірететін де, толғататын да, рухани байытатын да күш екенін сонда көрдім.

Студенттік төрт жыл зулап өте шықты. Онымен бірге кіршіксіз, таза балалық шақ, жастық шақ та аяқталып келе жатты. 1952 жылы институтты бітіріп, Оңтүстік Қазақстан облысының Келес ауданындағы „Ленин жолы“ орта мектебіне жолдама алдым. Осында жүріп Шымкенттің мұғалімдер институтын бітіріп, туған аулына қайтып оралған Халиханмен танысып, отбасын құрадық. Ұл-қыз сүйдік. Халихан осы өңірге белгілі үлкен әулеттен шыққан еді. Оның анасы Мария маған да туған анамдай болды. Осы бір мейлінше қарапайым, болмысынан тұнып тұратын үлгі, өнеге көрінетін мейірбан әйелдің аналық қамқорлығын көп көрдім. Оның аруағы алдында барлық уақытта басымды июге дайынмын. Халиханның ағалары Рысмахан, Әлмағамбет, әпкелері Райхан, Айхан, інілері мен сіңділері де мен үшін бірге туысқан адамдардай болып кетті. Бір-бірімізден көңіліміз қалған емес.

От басының берекесінен адам өмірі құралады екен. Қазақтың „Шаңырақ“, „Ошақ“, „Босаға“ секілді түсініктерге бостан босқа киелі мән бермегенін осы бір қасиетті „от басы-ошақ қасының“ ауыз бірлігінен көрдім. Үлкенді сыйлау, кішіге инабатты болу, күн өткен сайын ұлғая түсетін қарттарға деген қамқорлық бар жерде ғана жұрттың мерейі үстем бола беретінін байқап, көңіліме тоқығандай болдым.

„ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС“



онымен менің мұғалімдік қызметім Қазақстанның Өзбекстанмен шектесетін қиыр оңтүстіктігіндегі Келес ауданының „Ленин жолы“ орта мектебінде басталды. Мектеп директоры Омар Есімов жылы шыраймен қарсы алып, оқу орнының өзіне бекітілген пәтерлері мен жатақханасы болмағандықтан, ҚазМУ-ді бітіріп келген қазақ тілі мен әдебиетінің маманы Сейдахмет Батаевпен екеуімізді осында тұратын бір азаматтың үйіне орналастырды. Көпті көрген тәжірибелі педагог басқарған, 500-ге тарта бала оқитын осы бір үлкен мектептің ұжымымен алғашқы сәттен-ақ, өмір бойы бірге істескен адамдардай аралас-құралас болып кеткендіктен ұстаздық етуге құштарлығымыздың шегі жоқ еді.

Жүктелген міндетке жауапкершілікті тереңірек сезіне білгендіктен бе, әлде тәубеден жаңылтпайтын тәлім-тәрбиенің құдіретіне бой ұсынғандықтан ба, әйтеуір кемшілік атаулыға төзе білмейтін әдет өз бойымда сол кезде қалыптасқан сияқты. Егер шәкірт берілген сұраққа жөнді жауап қайыра алмаса, бұзақылық жасаса, тапсырманы ұқыпты орындамаса, оған ең алдымен өзімді кінәлауға дайын тұратынмын. Оның үстіне мен тарихтан сабақ беретін орыс кластарында көбіне жасы өсіп кеткен, мінез-құлқы, білім дәрежесі, өмірге көзқарасы әр қилы грузин, неміс, поляк, грек, әрмен, татар, шечен, қарашай, балқар ағайындардың балалары оқитын. Олардың басым көпшілігі соғыс кезінде оқудан қол үзіп қалғандықтан өз бетімен еркін қалыптаса бастаған және ата-анасымен мұнда арнайы жер аударылғанға дейін өз тілінде оқығандықтан орыс тіліне дағдылана қоймаған еді.

Бұрын жөнді мән берілмей келген ұлттық қасиеттердің тереңге меңзейтін және шәкірттің адам болып қалыптасуына тікелей ықпал ете алатын құбылыс екенін мен сол „Ленин жолында“ мұғалім болып жүргенде ұқтым десем қателесе қоймаспын. Мұның өзі кейінгі қызметімде ұлтаралық қатынастардың ерекшеліктерін жете түсіне білуіме көмегін тигізді.

Ұлттық құрамы әр түрлі, ой-өрісі әр қилы кластарда сабақ беру оңайға түсе қоймағанымен мен үшін үлкен өмір мектебі болды. Негізгі қиыншылық әрине бесінші, алтыншы кластарға дейін ана тілінде оқып келіп, Қазақстанға арнайы қоныс аударылғаннан кейін сол кластарға қайтадан отырып, бірден орыс тілінде тәлім-тәрбие ала бастағандардың кейбіреулерінің адам ұғына қоймайтындай шала-шарпы быдырлатып сөйлейтінде, екіншілерінің ыңқылдап, ойланып-толғанып босқа уақыт өткізіп алатынында, ал үшіншілерінің өз ойын жеткізе алмайтындықтан сөйлеп әуре болмайын дегендей, орнынан тұрғанымен ләм деп аузын ашпай қала беретінінде еді. Мектеп директоры О. Есімовпен, оқу ісінің

меңгерушісі В. Цоймен, орыс тілінің мұғалімдерімен, ата-аналар комитетімен ақылдаса отыра, арнайы қоныс аударғандардың балаларын қосымша сабақтарға, кластан тыс жұмыстарға, көркемөнерпаздар үйірмелеріне, спорт секцияларына кеңінен қатыстыруға, әр түрлі жиындарда сөз сөйлеуге дағдыландыруға көңіл бөле бастадық. Нәтижесінде тоғызыншы, оныншы кластарға қарай мұндай оқушылар өзгелермен теңеле бастады.

Осындайда шәкірттердің өзара достық, бауырмалдық қарым-қатынаста болуын қадағалаудың өзі ұйымшыл, ауыз бірлігі, ынтымағы күшті оқушылар ұжымын қалыптастыруға ықпал етеді екен. Мұны өзім жетекшілік еткен алтыншы кластың өмірінен де көргенім бар. Бірде сол менің класымда оқитын Ғалия Ақбаева дейтін 14 жасар қарашай қызын өзінен жасы екі-үш есе үлкен, қылмыс жасап, абақтыға отырып қайтқан біреу тапа тал түсте мектептен шығып келе жатқанда басын бүркеп, ат жеккен арбаға салып, әйелдікке алып қашады. Мұны байқаған оқушылардың біразы арбаның артынан қуып кетеді де, қалғандары болған оқиғаны маған хабарлады. Комендатураға барып, арнайы есепте тұратын жесір әйелдің қызын қайтарып беруді өтіндім.

Қарашай халқында қалыңдық жағы келіссе де, келіспесе де күйеу жігіт қызды көлік дайын тұрған жерге дейін иығына салып, жаяу алып қашатын да, қуғыншылар жете алмаған болып қала беретін салт бар дегенді бұрын да естігенім бар-тын. Милициямен келін түсірмек болған ауылға барсақ, Ғалияны күйеудің үйіне кіргізіп, үстіне дәстүрлі орамал жамылғы жауып, қалыңдықтың „құтты орнына“ отырғызып қойған екен. Ескі дәстүр бойынша табалдырықтан аттаған қыз өз үйіне қайтып оралмайтындықтан, есік-терезенің алдына еңгезердей жігіттерден қойылған күзет оқушыларды ішке кіргізбепті. Милицияға кім тосқауыл бола алсын, бір сағат өтпей жатып-ақ, Ғалияны үйіне қайтарып алдық.

Ертеңіне таң атпай біреу біздің үйдің есігін қақты. Ғалияның шешесі екен. Мезгілсіз келіп мазалағанына кешірім сұрап, былай деді:

— Мұғалім, қызымды қайтарып бергеніңе рахмет. Енді қайттік, күйеуден қайтып келген қызды кім алады? Жұрттың бетіне қарай алмайтын болдық қой, — деп көзіне жас алды.

— Ештеме етпес, апай, Ғалияның болашағы өзіне байланысты. Орта мектепті бітірсін, сонан кейін кімге күйеуге шығатынын сіз бен бізден сұрай қоймас. Өзінің теңін тауып кетер, қазір оны жасыта бермеңіз, — дедім.

— Айтқаның орынды, мұғалім, бірақ ол мектепке қалай барады? Оқушыларға мазақ бола ма деп қорқам.

— Ғалияға өсек-аяң ілесуі мүмкін емес. Бүгін мектепке жолдас қызымен бірге ертерек барсын. Оқушылар үшін қам жеменіз, олар

кеше Ғалия үшін өздері ара түсті емес пе? Бір-екі күннен кейін Ғалия да үйренісіп кетер.

Шынында да солай болды. Ғалия алтыншы класты үздік бітіріп, жетінші класқа өтті де, шешесімен бірге Қырғызстандағы туысқандарының қасына көшіп кетті. Тағдырының кейіннен қалай қалыптасқанын біле алмадым.

Мен үшін не бәрі үш-ақ жылға созылған мұғалімдік қызметтен байқағаным — ұстаздық етуге бел байлаған адамның шынында да үйретуден жалыға қоймайтыны. Жасыратыны жоқ, шәкірттерімді қатаңырақ ұстағаным рас. Кейде тым қатты кетіп қалдым ба деп ойланып қалған сәттерім де болған. Бірақ ешқашанда олардың арнамысын қорлаған емеспін. Өздері үшін күйіп-пісіп жүретінімді шәкірттерім де жақсы түсінетін.

Бір жолы тұмауратып жатып қалдым. Ол кезде әлі үйлене қойған жоқ едім. Олардың өздерін қоярға жер таппай әбігер болып, дәрігерге жүгіріп, дәріханаға барып, базардан дәм тасып әлекке түскенін көргенде еңбегімнің босқа кетпейтінін алғаш рет сезінгендей болдым. Арада қанша жыл өтсе де шәкірттерім көз алдымнан кеткен емес. Кім білсін, ер жетіп, есейіп кеткен менің шәкірттерімнің біразы қазір мемлекеттік шекараның ар жағында қалып, Германия мен Польшада, Грекия мен Балтық елдерінде, Украина мен Грузияда, Армения мен Әзірбайжанда, Шеченстан мен Кабардино-Балкарияда жүрген шығар, қайда жүрсе де есен-сау болсын. Әттең, тағы да бір кездесетін сәт туса, қуанышымыздың шегі болмас еді-ау деп ойлаймын.

Мектептен тыс қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын жас мұғалім тезірек көзге түседі екен. Бір жолы аудандық „Білім“ қоғамының тапсыруымен далада арық қазып жатқандарға халықаралық жағдай туралы лекция оқуға бардым. Түскі демалыс кезі болатын. Жиналғандардың негізінен қарттар мен әйелдер екенін көріп, түсіне қойса жақсы, түсінбесе ше, онда не істеймін деп жүрексіне отыра екі кетпенді тікесінен тұрғызып, ортасына Дүние жүзінің саяси картасын іліп қойып, сөйлей бастауым-ақ мұң екен бір ақсақал:

— Балам, әлгі Америка дегеннің жері қайсы, көрсетіп жіберші, Қытайдікі қайсы, — деп сұрап алды да, — Е, біздің жеріміз олардікінен екі есе үлкен екен ғой, — деп таңданғандығын білдірді.

Сол-ақ екен, тыңдаушылармен бірден тіл табыса кеттім. Жұрт жапырлатып сұрақтар беріп жатты. Бір жарым сағаттың қалай өткенін өзім де білмей қалыппын.

Артынша өткен аудандық комитеттің пленумында сөз сөйлеген Димитров атындағы ұжымшардың парторгі лекцияма ризашылығын білдіріп, әдетте лектордың тыңдаушылардың құрамына, түйсік-түсінігіне, рухани деңгейіне мән бермейтіні, дайындаған қағазынан

басын көтермей оқып беретіні және мұндайда лекциядан мардымды әсер қала бермейтіні жайында айтып беріпті. Сол кезден бастап, аудандық партия комитетіндегілер жас коммунист ретінде мені ел арасындағы үгіт-насихат, мәдени-көпшілік жұмыстарына тікелей қатыстыра бастады. Бірде аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Көшербай Ысқақов мені кабинетіне шақырып алып, бұған дейін аудан көркемөнерпаздарының облыстық байқауға қатыспай келгенін ескертіп, жедел түрде аудандық мәдени-ағарту бөлімінің меңгерушісі Бейсенәлі Қырғызәлиевпен бірге көркемөнерпаздар үйірмесін құрып, Шымкентке барып қайтуды тапсырды. Аудан орталығындағы дарынды жастарды таңдап алып, бағдарлама түзіп, облыстық байқауға қатыстық. Тіптен үш адам республикалық байқауға да қатысып, табыспен оралды.

1955 жылдың тамыз айы болатын. Мұғалімдердің аудандық мәслихаты жақындап қалған. Мектептегі тәлім-тәрбие жұмысы мен оны жақсарту жолдары деген тақырыпта екінші баяндама жасау маған жүктелгендіктен, оны алдын ала талқылауға қатысып, түскі демалыста үйге қарай беттеп келе жатсам, аудандық комитеттің алдында күтіп тұрған үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Қ. Орынбаев қол бұлғап шақырып алды да, бірінші қабаттағы мәжіліс залына кіргізіп жіберді. Бақсам, бюро мәжілісі жүріп жатыр. Бөлім бастығы бір ауыз сөз жазылмаған ақ қағазды алды да: „Өзбекәлі Жәнібеков... аудандық партия комитетінің штаттағы насихатшылығына (ол кезде нұсқаушы деңгейінде осындай лауазым болатын) ұсынылады“ деп баяндады. Мен аң-таң қалып, тұра бердім. Бюроны басқарып отырған К. Ысқақов менің пікірімді сұрады. Қолымнан әкімшілік қызмет келмейтінін айттым. Ол болса, „Сен не, бізді әкім деп ойлайсың ба?“ деп тастады. Мен де ыңғай бере қоймай: „Көшеке! Сіз кешіріңіз, мен дұрыс айтпаппын, „командовать“ ету қолымнан келмейді дегенім ғой“ дей беріп едім, қалған бюро мүшелері қосылып „Сен өзің не деп тұрсың, сонда осында отырғандардың бәрі командующийлер ме?“ деп қаумалап ала жөнелді. Сөзге ауаткомның төрағасы Ө. Тастайбеков (бұрынғы балық шаруашылығының министрі) кірісіп: „Есть предложение утвердить“ деп салды. Бекітіліп кететін сиқымды байқап, тағы да сөз сұрап алдым да: „Сіздер кешіріңіздер, менің түсінігім бойынша, әдетте кез келген кеңес мекемесіне қызметке аларда, алдымен ол адамның пікірін сұрайтын, арыз жазғызып, листок толтыртып алатын еді. Менің пікірімді де біреу-міреу білгісі келетін шығар деп ойлаған едім. Орынбаев жолдастың қолында бір парақ ақ қағаздан басқа түк жоқ. Әлде партия комитетіне қызметке алатын тәртіп өзгеше ме?“ — дедім. Ысқақов болса, жұрттың көзінше бөлім бастығына не дей қойсын, маған қарап: „Біз сені Орынбаевсыз да білеміз. Мүшелікке қабылданғанда, партия қайда жіберсе, сонда барам деген едің ғой. Бәлкім, ұсынылған қызметті айлығы аз деп

менсінбей тұрған шығарсың, ә" — дегенді айтты. Шынтуайтына барсақ, ол жағы да белгілі ғой. Жаңадан үйленген адамға мектепте жүргенде 150 сомнан айлық алып келіп, енді 74 соммен күн көру оңайға түсе қоймайтын еді. Әйтсе де жағдайды қиындатқым келмей: „Жо-жо-жоқ, олай деменіз" дедім. Ысқақов: „Ендеше дауысқа қоямын" деді. Бюро мүшелері барлығы бірдей басын изеді. Сөйтіп, табан астынан партия қызметкері болып шыға келдім.

Ертеңіне Орынбаевқа келсем, алдында ешкім жоқ, газет оқып отыр екен. Естімеген болып менің сәлемімді қабыл алмады. Мен тағы да „Саламатсыз ба?" дедім. Сонда ғана басын көтеріп:

— Ә, сен бе едің, кел, төрге шық. Кеше сен мені неге сонша ұятқа қалдырдың? Аудандық комитетте қызмет істеу мектептің завучтығынан кем болыпты ма? Мұнда мұрын қанайтын жұмыс жоқ. Хатшылар шақырып тапсырма бермесе, өстіп газет оқып отыра бересің" деді де, нұсқаушы болып істейтін Н. Әкішевты шақырып алып, анау он сегіз папканың тоғызын мынаған бер, қалғандары өзіңде болсын. „И все, можете идти" дегенді айтты. Апырау, осындай адамдар да идеология жұмысын басқарады екен-ау деп қайран қалдым.

Тоғыз папканы бөліп алып, отыратын орныма барып қарасам, әрқайсысында жеке салаларда істелген жұмыс жайлы жадығаттар жинақталатын бұл папкаларда мардымды ештеме болмай шықты. Әйтеуір түсінгенім, маған бұхаралық үгіт-насихат, оқу-ағарту, мәдени-көпшілік, физкультура мен спорт, тағысын тағыларға қатысты жұмыстарды қадағалау тапсырылғаны. Іске кірісе келе, байқап қарасам, бұл өзі бір ұшы-қиыры жоқ тіршілік екен. „Газет оқып, отырып қалмақ" түгіл, күндізгі уақыт жетіспей, түнде май шамның жарығымен отырып жұмыс істейтінді шығардым. Кешкі жиындарда болып қайтам. Телефон арқылы ұжымшарлармен байланысып, қай жерде не болып жатқанын біліп отырам, жұмыстың жай-жапсарын түсіндірем...

Көп ұзамай, Қ. Орынбаев орнынан босатылып, бөлім меңгерушілігіне партия мектебін бітіріп келген Мырзатай Үмбетов деген кісі бекітілді. Бұл өзі парасатты, білімді, партия қызметін жақсы білетін адам екен. Менің жұмысымды қадағалап, бағыт-бағдар беріп, құжаттармен жұмыс істеуге үйретті. Аудандық комитеттің хатшылары Ә. Жылқышиевтың, К. Ысқақовтың да маған көңіл бұра бастағанын сезсем де, себебін түсіне қоймадым. Бірге отыратын нұсқаушы, әрі парткабинеттің меңгерушісі Н. Әкішевпен ешкімнің жұмысы жоқ сияқты болып көрінетін. Басшыларымыз маған үйіп-төгіп тапсырма беретін де, орындалуын өздері қадағалайтын. Менің дайындаған жадығаттарым ұнамай ма қайдам, әйтеуір сызып-шімайлап, ой талқысына салып, қағазға түсірілгеннің жетіспейтін жақтарын өзіме мойындатып, қайтарып

беретін. Оны түзетіп, толықтырып, белгілі бір жүйеге келтіру үшін тағы да уақыт кететін.

Бірте-бірте сан түрлі тапсырмалармен бастауыш ұйымдарға жіберіп, қорытындысын тәптештеп тексеріп отыратынды шығарды. Тегі, бұлар мені ұнатпайтын шығар, олай болса неге қызметке алды? деген сұраққа жауап іздей бастадым. Өйткені, ауыл шаруашылығынан білетінім шамалы болса да, мені ұжымшарларға уәкіл етіп жіберіп, не істеп, не қойғанымды бақылап отыратын. Бір жолы Орджоникидзе атындағы ұжымшарға бірінші хатшының тапсырмасымен келсем, мақталықты өңдеуге трактор жетіспей жатқаны сөз болғанын есітіп, мен де білгірсіп, әңгімеге араласа кеттім. Ау, анау тұрған тракторды неге пайдаланбайсыздар десем, ұжымшардың төрағасы: „Ол жыланбауыр трактор жер жыртуға қолайлы, ал мақталықты өңдеуге дөңгелекті трактор қажет” деп жымып, менің бетіме қарады. Шамасы „Па, шіркін, уәкілдің түрін қарашы”, — дегені болар бұл оның.

„Көш жүре түзеледі” дегендей, басқа түскеннен кейін мақта шаруашылығына қатысты білімнің максимумын болмаса да, минимумын сол егіс алқаптарында үйрендік қой. Мақталықты өңдеу және суару жұмыстары жүргізіліп жатқан кез болатын. „Мақташы” ұжымшарына аудандық комитеттің уәкілі болып баруға тура келді. Мақталықты аралап көргенде байқағаным оның ойлы-қырлы жерге орналастырылғандығынан жүйектермен жіберілетін суды бас жағынан алдын ала дайындалған шыммен реттеп отырмағандықтан (ол атымен жоқ еді) бір жерде көлкіп жатса, екінші жерде бостан босқа сайға құлап аға беретіні. Су шықпаған жер ойдым-ойдым болып қалып қойғанымен күнделікті ақпарға суарылған жерлер болып көрсетіле береді екен. Кейіннен тексеріп қарағанда, мақталықтың 35—40 проценті бірде-бір рет суарылмаған болып шықты. Арық жағалап, сушылармен жұмыс істеп жүрген адамды да көре алмадық. Оның үстіне ең ыңғайлы деген жерлерге көрші Өзбекстаннан жалданғандар қауын, қарбыз, басқа да базарға арналған дақылдар екендіктен мақталыққа бөлінген мөлшерлі суды көбіне солар бұрып ала беретіні байқады. Акт жасап, шара қолдану үшін тиісті орындарға тапсырсақ, ұжымшар төрағасы М. Садықбеков қайтарып ала берді. Сөйтіп, не керек ісіміз оңға баспай қойды.

Бір күні бәрімізді аудандық комитеттің бюросына шақырып, жауап беруді талап еткенде Садықбеков беті бүлк етпестен уәкілдердің жұмыс істемейтінін айтып, пәленің бәрін бізге жауып шыға келді. Менің шыдамым бітіп, мақталықты суаруда қалыптасқан жағдайды бүге-шігесіне дейін түгін қалдырмай баяндап бердім. Тіптен ұжымшарға күнделікті бөлінетін судың мөлшері бойынша әр күні 8—10 гектарға дейін суаруға болатынын, бірақ жоғарыда айтылған себептермен 1,5—2 гектардан артық суарыл-

май келе жатқанын айта келіп, ұжымшар төрағасының жұмыс стилін сынға алдым. Ол шынында да шаруашылықта не болып жатқанын білмейтін, біз құсап арық жағалап, судың тиімді пайдалануын қадағаламайтын, күндіз тынығып, дем алып, кешке ауданға ақпар беретін уақытта ғана кеңсесіне келетін. Мен Жылқышиевтан өзінің келіп, шаруашылықпен танысуын сұрандым. Солай болды да. Атқа мініп, бүкіл мақталықты аралап шығып, барлық сорақылықтарына көзі жеткеннен кейін, ұжымшар мүшелерінің жалпы жиналысын шақырып жіберіп, Садықбековты орнынан босатуды ұсынды. Қарсы болатындар табыла қоймады.

Байқап қарасам, аудандық комитетте насихатшы болып істеген сол бір үш айдың ішінде тағы бір жоғары оқу орнын бітіргендей болыппын. Бұл үшін ең алдымен аупарткомның хатшылары Жылқышиев пен Ысқақовқа міндеттімін деп есептеймін. Ұстаздық еткендердің „үйретуден жалықпайтынын“ осы бір екі азаматтың іс тәжірибесінен, маған көрсеткен үлгі-өнегесінен тағы да ұқтым. Көп ұзамай аудандық комитет басшыларының неліктен менімен бөлежара айналысып, қызметімді қадағалап жүргенінің себебі белгілі бола бастады.

Жақындап қалған аудандық комсомол конференциясының қарсаңында К. Ысқақов өзіне шақырып алып (бірінші хатшы Ә. Жылқышиев науқастанып, Ташкентке кеткен еді) аудандық партия комитетінің атынан жастар арасындағы қызметке, нақтылап айтқанда, аудандық комсомол комитетіне бірінші хатшылыққа ұсынатынын білдірді. Мен болсам, өткен жолы сіздер менің пікіріммен санаспағандықтан, мұғалімдік қызметтен ауысып кеттім, ендігісін өздеріңіз білерсіздер — дедім. Сөйтіп, 1955 жылғы қараша айында өткен аудандық комсомол конференциясында аудандық комитеттің бірінші хатшысы болып сайландым.

Конференция өтісімен-ақ, жастарды нақтылы істерге жұмылдыру жағын қарастыра бастадық. Мысалға алсақ, жастарды елді мекендерді көгалдандыруға, олардың санитарлық тазалығын сақтауға, көркемөнерпаздыққа, спортпен шұғылдануға, тағысын тағыларға қатыстыра түсу үшін аудан бойынша мәдениет эстафетасын өткізу көзделді.

Бұған мынадай бір оқиға себеп болған-ды. Бірде аудандық комсомол комитетіне Социалистік Еңбек Ері, атақты „Қызыл әскер“ ұжымшарының бұрынғы төрағасы Байбек Ермеков келген болатын. Ол кісі денсаулығына байланысты ұжымшардан босанып, жаңа ғана аудан орталығындағы Ленин жолы ауыл кеңесінің төрағасы болып сайланған еді. Есен-саулықты сұрасып болғаннан кейін былай деді:

— Балам, біздің Абай-Базардың адам көргісіз ұсқыны мынау. Әр жерде бір тырбиған ағаш. Соғыстан бұрын бұл тұрақ ағаштан

көрінбейтін, санитарлық тазалығы да ойдағыдай еді. Аудан орталығын көгалдандыруды екеуміз бірігіп қолға алсақ қайтеді? Қондыратын ағаш көшеттерін мен дайындасам, оларды отырғызып, көктеретін жастарды сен ұйымдастырсаң дұрыс болар еді.

— Құп болады, ақсақал, сенбілік өткізейік. Орталық көшенің екі жағын түгелдей комсомол ұйымдарына бөліп берейік. Көшет отырғызып, ағаш өсіруді өз қолдарына алсын.

Келісіміміз осылай болды. Аудан орталығын өн бойына кесіп өтетін негізгі көшені әрбір комсомол ұйымына қадамдап бөліп бердік. Біздің аудандық комитеттің бастауыш ұйымына да 33 қадам жер тиді. Оған ағаш отырғызуға мен де қатыстым. Қосалқы көшелерді тазалауды, ағаш отырғызып көгалдандыруды қыстақтың тұрғындары міндетіне алды. Қазір Абай-Базар (кейіннен Абай деп атала бастады) ағаштан көрінбейді. Арада қырық жыл өтсе де, жолым түсіп Абайға бағанда ең алдымен көзіме түсетіні — сол аудандық комсомол комитетіндегілер ағаш отырғызған уацтоқ, үнемі көз алдымнан кетпейтіні — құдіреті күшті, қасиетті бағбан атам Байбек ақсақалдың жарқын бейнесі. Мұнда да ол кісінің ізі қалды. Адамның азаматтығы осындайдан көрінеді екен.

Мәдениет эстафетасына қатысушы әрбір комсомол ұйымының нәтижесін көрсете бастаған іс-шараларды жүзеге асырғаннан кейін ғана белгіленген бағытпен келе жатқан эстафетаны салтанатпен келесі ұйымға шығарып салатыны келісілген болатын. Абайда мәдениет үйі болмағандықтан эстафетаны қарсы алу үшін аудандық партия комитетінің мәжіліс залында „Ауылына қарай азаматты таны” деген шартты лебізбен киіндірілген жастар балы өткізбек болдық. Киім тіккізіп, қызғылықты бағдарлама жасаудың қамымен жүріп, залдың иесінен рұқсат сұрауды да ұмытып кетіппіз. Мұның өзі қазіргі өлшеммен қарағанда тым өрескелдік еді. Қолайсыз қалде қалғанымызды кішігірім залға жұртты сыйғыза алмай әлек болғанда байқадық. Сырттан болса да көргісі келгендердің кернеуінен есік-терезе қиратылды. У-шу болдық. Бір сүйсінгенім бұзақылық болмағаны. Тәртіп сақтап тарқастық.

Ертеңіне Жылқышиев шақырып жатыр деген соң кабинетімнен жүгіріп шықсам (Аудандық комсомол комитеті осы ғимараттың төменгі қабатына орналасқан еді), бірінші хатшы есігі қираған залдың аузында тұр екен. Сәлем берген болдым. Оның ашуға булыққаны сонша: „Бұдан былай бұл жерді сенің аяғың баспайтын болсын” деді. Ұрсуын ұрысса да, сөз саптасында жылылық сезілгендей. Мұны байқап, көңілім орнына түсе бастады. Бірақ үндемедім. Аудан орталығында жұрттың бас қосатын орны болмағаны ол кісіні де толғандырып тұрғаны көрінді. Көп ұзамай, сол кісінің талап етуімен тілінген тақтайдың кесінділерінен құрастырылған жазғы клуб тұрғызылды. Қысқа қарай төбесін жауып, суық та болса сонда жиналып, лекция — концерттер, жастар

кештерін өткізіп жүрдік. Кейіннен Абайда үлкен Мәдениет үйі салынды.

Жастар арасындағы жұмысты жүйелеу мақсатымен оларды техниканы игеруге, еңбек өнімділігін арттыруға, ырзыққа тырмысуға ынталандыру үшін нақтылы шаралар белгіледік. Комсомол-жастар бригадаларының, звеноларының, мақта теретін агрегаттарды жүргізушілердің беделі арта бастады. Еңбек тәртібін нығайтудың жолдарын қарастыра отырып, отызға дейінгілердің аудан мекемелері мен шаруашылықтарында тек комсомол ұйымдары арқылы жұмысқа қабылданатыны немесе жұмыстан шығарылатыны келісілді. Мұның өзі жастарды өндіріс орындарында тұрақтандыруға, комсомолдағы есеп-санақ жұмысын реттеуге әсерін тигізді. Комсомол жиналыстарының мазмұны жақсара түсті. Кемшіліктерді ортаға салу үшін „Крокодил ауданды аралауда“, „Айырды бүйірден“ сияқты әзіл-оспақ листоктары шығарылып тұрды, арнайы мәдени-үгіт бригадасы жасақталды.

Оңтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитетінде әуелде хатшы, кейіннен бірінші хатшы болып қызмет істеген кезім 50-жылдарда өрістей бастаған комсомол ұйымдарындағы ынталылық пен іскерлікті дамыту қозғалысымен тұстас келген еді. Негізгі гәп жастарды нақтылы істерде тәрбиелеуде, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыра түсуде болатын. Бұл әрбір комсомол ұйымында үлкенді-кішілі игілікті істер болуын қамтамасыз еткенде ғана нәтижелі болатын бағыт еді. Мұны әсіресе 1957 жылы Жастар мен студенттердің Мәскеуде өтетін дүниежүзілік фестиваліне дайындық үстінде жастар арасында кеңінен дамыған шығармашыл ой мен іскерліктен көруге болатын еді. Мейірбанды хабарлар облыстың түс-тұсынан келіп жатты. Олар көбіне мынадай мазмұнда болатын: Ауылда фестиваль өткізілді; жастар клубы ашылды; ардагерлермен кездестік; саябақ отырғыздық; Ташкент облысымен шекарада достық кездесу болды; спорт мектебі жұмыс істей бастады; кітап магазинін аштық; фестиваль қорына қаржы бөлдік; соғыстан қайтпағандарға ескерткіш орнаттық; балалар үйіне сыйлық тапсырдық; тағысын тағылар...

Бір айта кететін жәйт ол кезде Оңтүстік Қазақстан облысында Қазақстанның Оқу министрлігіне, Алматыдағы Темір жол басқармасына, республиканың Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігіне қарайтын негізінен ата-анасынан айрылып жетім қалған немесе тұқым қуған мүгедектікке тап болған жас өспірімдер тәрбиеленетін 14 балалар үйі мен оған теңгерілген қосалқы интернаттар болатын. Мұның өзі оларды қамқорлыққа алған комсомол комитеттеріне, тіптен облыстық комсомол комитетінің тікелей өзіне айрықша міндет артатын.

Бірде жабық түрдегі мекеме деген сылтаумен облыстық комсомол комитетінің нұсқаушысын Георгиевкадағы мүгедек балалар

үйіне кіргізбей, қайтарып жіберіпті. Артынша өзім барғанда көргенім дені сау адамды есінен тандыратындай еді. Ауладағы әжетханаға коляскасыз (ол атымен жоқ екен) барып, бір аяғына бәтіктің, екінші аяғына бәтеңкенің сыңарын киген жарымжан баланың жермен жылжып келе жатқанын көріп, үнсіз тұрып қалыппын. Әлден уақытта балалар үйінің директорынан сіздің қанша балаңыз бар? деп сұрап едім, төртеу — деп жауап берді. Егер сіздің өз балаларыңыз осындай қалге түссе, қайтер едіңіз? десем, үндемей қалды. Сөйтіп тұрғанда мүгедек балаларды мектепке апару үшін арбаға тией бастады. Автобусы да жоқ екен. Асханаға бардық. Неге екені белгісіз, балалар ішіп отырған сорпасына бұрышты үйіп-төгіп салып жатыр. Маған да дәмін тату үшін азғантай құйып беруін өтіндім. Сорпа деп отырғаны сасыған мал майымен тұздықталған сұйық атала болып шықты. Байғұс балалардың бұрышты уыстап сала беретіні аздап болса да мұңкіген иісін басудың қамы екен.

Балалар үйінің жатақханасы дәлізі жоқ, есіктері аулаға шығатын ескі тұрғын үйге орналасыпты. Жуық арада жөнделіп, ақталмаған. Жарымжан балалардың қабырғаға өрмелеп бара жатқан өздерін талаған қаңдалаларды басымен жаныштап өлтіретіні шұп-шұбар боп қанға боялған дуалдан да көрініп тұр. Әлем-тапырық иіс.

Әр балаға 1, 5 адамнан келетін үлкен тәрбиешілер ұжымы бар балалар үйінің қызметкерлерін жинап, жатақхананы, асхананы, әсіресе балаларды киіндіруді, тамақтандыруды тәртіпке келтіруді талап еттім де, балалар мекемесінің салықалы жәрдемге мұқтаж екенін сезінгендіктен, мәселені облыстық партия комитетінің бюросына қойдым. Мәжілісте сөз сөйлеген обкомның мектеп бөлімінің меңгерушісі Ш. Ақболатова: „Облыстық комсомол комитеті бөлімге тиісті мәселелерге араласа береді, әйтпесе балалар үйлерінде не жұмысы бар, тіпті облыста 14 балалар үйі бар дегенді қайдан алған? Бізде он-ақ балалар үйі бар ғой, олардағы жағдай жаман емес“, — дегенді айтты. Мен орнымнан тұрып:

— Сіз облыстық оқу бөліміне қарайтындарын ғана айтып тұрсыз. Бізде олардан басқа Темір жол басқармасына, Әлеуметтік қамсыздандыру министрлігіне қарайтын да балалар үйлері бар, — дедім. Манадан бері үнсіз отырған обком хатшысы М. К. Костиннің шыдамы таусылып:

— Сен, Ақболатова, тегі, өзің ештеме білесің бе? Ұялмастан комсомолды кінәлайсың. Тағдырыңа тәубе қыл, осындай тынымсыз комсомол болмаса, ұйықтап қалар ма едің, — деп салды.

Бюро мәжілісі тиісті қызметкерлерге сұрау салып, жауапкершілігін арттыру мақсатымен балалар үйінің директорын, аудан басшыларын қатаң жазалап, тез арада көрсетілген кемшіліктерді

жоюға міндеттеді. Балалар үйінде шұғыл түрде күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін облыстық бюджеттен қаражат бөлінетін болды. Балаларды оқытатын класты жатаққа орналастыру, спорт бөлмесін, ойын залын жабдықтау, жүріп-тұруға қажетті автобус бөлу мәселелері де шешімін тапты. Аудан басшылары балалар мекемесін сапалы етпен, сүтпен, маймен, жеміс-жидек, көкөніспен уақтылы қамтамасыз етіп отыруға міндеттелді. Біз өз тарапымыздан жабдықтаушы кәсіпорындарындағы комсомол ұйымдары арқылы мүгедек балаларды коляскалармен, шынықтыру саймандарымен, киім-кешекпен қамтамасыз ететін болдық. Пионер бөлмесін, ойын залын жабдықтауға көмектестік.

Ең негізгісі — бұл шешімін тапқан мәселелердің бәрі уақытша іс-шаралар деп танылып, жаңадан балалар үйін салу келісілді.

Ол кезде комсомолдың қаперіне ене бастаған тәрбиелік маңызы бар басқа мәселелерге де, мысалға алсақ, жас ұрпаққа үлгі-өнеге болып тарихқа енген комсомол кейіпкерлерін, халық қаһармандарын, тарихи оқиғаларға қатысты орындарды қастерлеуге көңіл аударыла бастаған еді. Жазушы Болат Жандарбеков „Өмірбастау“ деген әңгімесінде бүкіл жан дүниесін, бар болмысын күйзеліске түсірген Ғани Мұратбаевтың өлімі жайлы суық хабарды әкесінің Шымкентте мұғалім болып жүріп естігені жайында жазған еді.

— Қандай орны толмас қайғы! Бұған мен немен жауап беруім керек, — деп қаумалаған ойда қалған Құрманбек Жандарбеков Ғани ағасына ескерткіш тұрғызбақ болады. Азғантай мұғалімдік жалақысын бірнеше айға бұрын сұратып алып, туысқандары мен таныстарын түгелдей аралап шыққанда (қиын мезет, аштыққа тап болып, нан, отын, баспана жетіспей жатқан елде не болсын) жиған-тергені ескерткіштің тас тұғырына ғана жететін еді. Құрманбек енді:

— Ақша! Қарғыс атқыр ақшаны қайдан алуға болады? Менде даусым мен әндерімнен басқа ештеме қалмады, қазір ол кімге керек? Апырау, Ғани ағам менің мұнымды бәсі жоқ байлық деген еді-ау. Қалалық саябақта үлкен ән кешін ұйымдастырып, жүз бір ән салсам қалай болар екен? — деген тұжырымға келген еді.

— Ау, неге жүз бір ән айтасың? — деген өзінің жас досы, ақын Әлішер Бейсеновтың сұрағына, Құрманбек:

— Менің Ғани-ағама айтып бергендерімнен басқа тағы да жүз бір ән бар еді, — деп жауап қайтарған.

Осыншама ән салынады деп хабарландырылған концертке жұрт көп жиналады. Тіпті алғашқы жиырма ән айтылғаннан кейін, келесі ән хабарланғанда тыңдаушылар ду қол шапалақтап, құрмет көрсетіп отырып алатынды шығарады. Құрманбек ән сала береді, сала береді... Ақыры жетпісінші ән айтылғаннан кейін, даусының отыра бастағанын сезсе де, қызып кетіп тағы да үш ән салады. Сах-

наны арагідік өлеңдерін оқыған Әлішерге қалдырып, сыртқа шығады. Салқын суға салып қойған сыраны рахаттана ішіп, шөлін қандырған соң сахнаға қайта келеді де домбырасын қолына алып, дыбыс шақырмақ болып, „Ә-әу“ деп аузын ашқанда таза, сыңғырлаған әсем даусының орнына қырылдаған үн естіледі...

Осылайша кейіннен Қазақстанның халық артисі дәрежесіне дейін көтерілген, аса көрнекті өнер қайраткері, профессор Құрманбек Жандарбеков бұрынғы қайталанбас тамаша даусымен мәңгі қоштасқан екен. Оған ауыр тигені бұл да емес, бар ынта-жігерімен жүзеге асырмақ болған ісінің орындалмағаны еді.

Оралылақтар мен надандарға заң жазылған ба, Ғани Мұратбаев Қазалыда туғандықтан оған Шымкентте ескерткіш орнатуға рұқсат етпепті.

„Әділеттік, әрине, сол 101 ән орындалмақ болған кештен кейін, қырық жылды артқа салып салтанат құрды ғой“, — деп қорытады „Өмірбастау“ авторы. „Мұны естігендегі әкемнің қуанышының шегі жоқ еді. Көзіне жас алып, қайта-қайта: “Мен білген едім, осылай болатынын; мен білген едім, осылай болатынын” дей берді“.

Ғани Мұратбаевтың Шымкенттегі ескерткішін біздер, 50—60-жылдардың комсомолецтері тұрғызған едік. Бұл да өзінше бір хикая еді. Әуелде оның басы-қасында болып, мәскеулік мүсінші Давид Шмуйловичке іс тапсырған облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Әділ Байжанов еді. Партия қызметіне ауысып кеткеннен кейін, оны алмастырған маған бұл мәселемен тікелей айналысуға тура келді. Бірде Мәскеуге барғанымда, Ғани мен екеуміздің арамыздағы жас айырмашылығына қарамастан (ол 23-те, мен 28-де едім), онан отырып түскен фотосуреттен басқа ештеме қалмағанын айтып, қанша қарсыласам да бой бермей, мүсінші болашақ ескерткіштің сұлбасын менен түсіріп алды. Сыйлық ретінде маған да бюст жасап берді. Оны үйге алып келгенімде, енді ғана жүре бастаған қызым Жұлдыз шешесінен „мама, мұны папам өлгенде басына қоямыз ба?“ деп сұрапты. Сол бюст осы уақытқа дейін үйде сақтаулы. Көзім түссе болғаны, осы бір күлкілі оқиға есіме түсіп, жымыып қоям. Ол ондай дәстүрді қайдан көрді екен?

Ескерткіш металдан құйылып, дайын болғаннан кейін Шымкентке алып келсек, обкомның бірінші хатшысы В. И. Макаров облыс орталығында Ленинге ескерткіш ашылмай тұрып, Ғани Мұратбаевқа ескерткіш қоюдың жөні бола қоймас деген пікір айтқандықтан, дайын тұрған скульптура орап-қымталған, құрсауланған күйінде обкомның қорасында жатып қалды. Сол жатқаннан алты жыл жатты. Мен Алматыға қызметке ауысқаннан кейін де Макаровты алмастырған В. А. Ливенцовты көндіруге қанша тырмыссақ та, ештеме шығара алмадық. Бірде маған бұл мәселе бойынша Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумында обкомның атына

азғантай ғана, онда да сыпайылап, ескертпе сын айтуға тура келді. Ливенцов болса, қасына Шаймерденовин (облатком төрағасы) ертіп, үзілісте маған келіп, қатты-қатты сөздер айтты. Мен де тізгінімді тарта қоймадым:

— Сіз осы қалай ел басқарасыз, әлде сүттен аппақсыз ба? Бұл неткен сұмдық! Атыңызға айтылған азғантай ғана ескертпені тыңдап, қорытынды шығаруға шыдамыңыз жетпейді. Мені жерден алып, жерге салатындай не істеп қойыппын? Қаласаңыз қайтадан сөз сұрап, білетінімнің бәрін ортаға салам, — дедім. Ол сабасына түсе қалды да, ескерткішті пионерлер паркіне орнатайық дегенді айтты. Мен оған келіспейтінімді ескерттім. Әңгімеміз осымен бітті. Обкомның бірінші хатшысы Орталық комитеттің пленумынан Шымкентке орала салысымен, комсомолдың қаржысына жасалған ескерткішті оған ешқандай қатысы жоқ Келес ауданындағы Ғани Мұратбаев кеңшарына жібертіп, сонда орнатуды тапсырып, өзі демалысқа кетіпті. Мен облыс жастарының жетекшісі Қ. Әбіләзімовке айтып, бір тәуліктің ішінде ескерткішті қайтарып алдық та, хатшының демалыстан оралатын кезіне туралап, Шымкенттің орталық көшелерінің қиылысқан жерлерінің біріне орнатуға келістік. Бейне Кіндік Азия республикаларының жастар делегацияларының қатысуымен салтанатты түрде ашылды. Оған Ливенцов та қатысты.

Әрине Ғани Мұратбаевтың ескерткішін тұрғызуға қатысты бұл жәйтті Құрманбек Жандарбеков те, «Өмірбастаудың» авторы да білген жоқ. Мұның өзі 1925 жылғы қиыншылықтың жалғасы сияқты еді. Халқымыздың ең қалаулы ұлдарының бірі, көзі тірісінде бүкіл „Шығыс жастарының көсемі“ атанған Ғани Мұратбаевқа ескерткіш орнату 101 ән орындалмақ болған кештен кейін қырық жыл өткенде де оңайға түсе қоймаған оқиға болды.

Қазақтың белгілі балуаны, французша күрестен үздік шыққан Қажымұқанның (1871—1948) өмірінің әсіресе соңғы жылдары Оңтүстік Қазақстанмен байланысты болған. Бірде сөзден сөз шығып отырып, Арыс аудандық комсомол комитетінің хатшысы Д. Бопова үйреншікті әдіспен, металл сынықтарын жинап, мемлекетке өткізуден түскен қаржыға сол ауданның „Ленин туы“ ұжымшарында жерленген балуанның мүрдесінің үстіне кесене тұрғызуды ұсынды. Обком хатшысы Қайырғали Байғалиевке барып ақылдасқанымызда, комсомолға не пионер ұйымына тікелей қатысы жоқ балуанға ескерткіш қою үшін жастарға қаражат жинатқанымыз дұрыс болмас дегенді айтып, облаткомға өзінің ұсыныс жасайтынын білдірді. Сол кісінің тікелей араласуымен атақты балуанның мүрдесінің үстіне кесене тұрғызылды.

Комсомол және пионер ұйымдары облыстағы тарихи орындарға қамқорлығын күшейте түсті, жаңадан саябақтар, достық аллеяларын, гүлзарлар отырғызуға қатысты.

50-жылдарда Бетпақдаланы онан әрмен игере түсу, Шардара су бөгемін, Арыс—Түркістан каналын салу, Шымкент цемент зауытын тұрғызу қолға алынды. Екпінді комсомол құрылыстары болып жарияланған осындай ірі объектілердің бірде-біреуін жастардың қатысуынсыз іске қосу мүмкін емес екені комсомол комитеттеріне қосымша міндеттер жүктеген еді. Бетпақдаланың Иіржар алқабын мелиоративтік және сушаруашылық жағынан игеру Қазақстанның үлесіне тиген болатын. Осындағы құрылысты жүргізетін бас мекеме — „Казирголстепстрой“ тресімен (бастығы М. Ықсанов болатын) бірлесе отыра, кең ауқымды іс-шараларын түздік. Ресейде, Өзбекстанда, тағы басқа да республикаларда орналасқан жабдықтаушы кәсіпорындарымен, мекемелермен, әсіресе олардағы комсомол ұйымдарымен тығыз байланыс жасау үшін „комсомолдық айналма бақылау“ жүйесін ендіру келісілді. Бұл бюрократтық былыққа қарсы негізгі шара болуға тиіс еді. Бірде Иіржардан гидрошлангалар, т. б. қажетті жабдықтар (тізіммен) табылмай жатқаны жайында хабар алдық. Тіпті өзім де араласып көрсем, облыстық жабдықтау мекемесінің бастығы Г. И. Оноколо ондайлар бізде болған емес деп жуытатын түрі жоқ. Олай болса, „комсомол проекторы“ арқылы барлық қоймаларыңызды тексеріп көрейік деуім мұң-ақ екен, ол бірден сылқ етіп түсе қалды да, ойланатынын айтты. Келесі күні тізімде көрсетілген құрал-жабдықтар түгелдей „Казирголстепстройға“ жөнелтілді.

Комсомолдық айналма бақылаудың қызметі Одақтың түкпір-түкпірінен ағылып келіп жататын жас құрылысшылардың орналасуы мен өнімді еңбек етуіне жағдай туғызумен де тікелей байланысты болатын. Құрылыс алаңдарындағы жұмыс та күнделікті қадағалауды керек ететін. Сондықтан басшы комсомол қызметкерлері үшін жұмыс күнін құрылыс алаңынан бастау дағдыдағыдай болып кеткен еді. Екпінді құрылыстарда комсомол штабтары жемісті қызмет етті. Шымкент цемент зауыты құрылысында Григорий Калихманов басқарған комсомол штабының жабдықтаушы кәсіпорындарымен тығыз байланыс орнатып, жоспарланған техника мен жабдықтардың дер кезінде ғана емес, графикатегіден көп бұрын жеткізіліп тұруын қадағалағаны аса күрделі кәсіпорнын мерзімінен бір жыл сегіз ай бұрын іске қосуға мүмкіндік берді. Күндіз-түні бірдей кезектесе қимылдаған штаб мүшелері құрылыс алаңындағы еңбек ұйымдастыру мәселелеріне де тікелей араласып, тәртіп бұзушылыққа, маскүнемдікке, ысырапшылыққа, ұрлық-қарлыққа қарсы бітіспес күрес жүргізді. Түнде кезекшілік еткен Григорий Калихманов (біз оны қысқаша Гриша деп атайтын едік) бірде таңертең жігіттерімен бізге келіп, құрылыс алаңынан материал тасып әкетпек болған 18 автомашинаның ұсталғанын баяндады. Мен оларға алғыс айтып, ұрылардың сазайын тартатынын жария еттім. Солай болды да. Негізгісі — осы оқиғадан

кейін барлық құрылыс мекемелерінде материалдарды сақтау және тиімді пайдалану жағына көңіл аударыла бастады.

Үлкен істе әртүрлі жәйттер де бола береді ғой. Бір жолы Арыс — Түркістан каналын салып жатқандардың арасында болып, жатақхананы аралап жүріп, түнгі кезектен оралған жас жігіттің үстіндегі арнаулы киімімен, етігімен жаңадан ауыстырылған ақ төсектің үстінде ұйықтап жатқанын көріп, ұялпақ болдым. Ол тұра қоймады. Әлден уақытта көзін ашып үн қатты. Екеуміздің арамызда мынадай сөз болған еді:

— Сен кімсің, маған сонша дікектейтін? (Екеуміздің жас шамамыз бірдей болса керек).

— Облыстық комсомол комитетінің хатшысымын. Қалай орналасқандарыңды білгелі келіп едім. Әлде мұным әбестік болды ма, қалай?

— Жо-жоқ, олай емес. Неге бірден солай деп айтпадыңыз? (Орнынан тұрып, төсегіне отырды).

— Жігітім, мұнда жұмысқа келгеніңе риза емессің бе? Ең болмаса шешініп жатуға болады ғой. Сонша не күн туды?

— Әрине, риза емеспін. Киноға бірге баратын әйел жыныстының өзін табу қиын. Кәрі-құртаңын қосқанның өзінде он еркекке бір әйелден келеді. Осы да өмір болып па? Мұны тағы да екпінді құрылыс дейтінін қайтерсің, „екпіндеп“ те болдық қой.

Шара қолдануға оған уәде еттім. Шымкентке келе сала, белсенділерді жиып, болған әңгімені баяндадым. Мекемелер мен кәсіпорындарында комсомол жиналыстары өтті. Қойылған мәселе оңайға түсе қойған жоқ. Кім қаладағы жылы орнын тастап, канал құрылысына бара қойсын? Әйтсе де комсомол жиналыстарындағы әңгіме аяқсыз қалмады. Бас-аяғы бірнеше күннің ішінде канал құрылысына Шымкенттен — 200, Ленгерден — 50, Кентаудан — 50 қыздар мен жас келіншектер тұрақты жұмыс істеуге жіберілетін болды.

Шымкенттің қыздары барысымен канал құрылысының бастығы Иван Трофимович Пупашенко телефон соғып, рахметін айта салып, мынау комсомолкаларың келгелі бізден тыныштық кетті, есік-терезеден сау қалғаны жоқ. Анау Ленгер мен Кентаудан келетін қыздарыңды әзірше тоқтата тұрсаң қайтеді деген соң онымен келісуге тура келді. Шынында да екпінді құрылыс мәселесін шешеміз деп жүріп, оның үлкен әлеуметтік мәні бар екінші жағын ескере бермейді екенбіз. Соң құрылысшы жігіттің орнында өзіміз болсақ қайтер едік? Құлазыған кең далада көңілсіз, жападан-жалғыз өмір сүру оңай ма? Бұл ойланатын шаруа екен деген шешімге келдім.

Кейіннен „Комсомольская правда“ газетінде тың игерген „бойдақтар республикасы“ жайында арнайы мақала жарияланып, осы бір әлеуметтік мәселеге көңіл аударылғанда өз басым оған

таңданған жоқпын. Артынша комсомолдың шақыруымен тың игерген аймақтарға қыздар көптеп келе бастады. Олардың жеңіл-желпі өмір сүруге үйренген бірлі жарымы болмаса, басым көпшілігі біздің ұрпаққа тән отаншылдық рухта тәрбиеленген, жастықтың қиялшыл сезіміне бой ұсынған, парызға берік, байсалды жандар еді. Тың жерлерді игеруге қатысқан сол қыздардың арасынан көптеген өндіріс озаттары, алдыңғы қатарлы жеңілөнеркәсіп, тамақтандыру орындарының қызметкерлері, мұғалімдер мен дәрігерлер өсіп-жетілгені бұған дәлел бола алады.

Ол тұста жастардың жеке басын дұрыс қалыптастыруға аса зор мән берілетін. Бұл жөнінде 1961 жылдың жазында өткен облыстық партия комитетінің пленумында да айтылды. Партия ұйымдарындағы идеологиялық жұмыстарды жақсарту шаралары жөнінде баяндама жасаған обком хатшысы Қ. Жарқынбеков жастар арасындағы тәлім-тәрбие жұмысының кемшіліктеріне тоқтала келіп, облыстық комсомол комитетіне Арыс-Түркістан каналы аймағындағы N1 кеңшарды қамқорлыққа алу ұсынылғанымен одан ештеме шыға қоймағаны, жастар арасында бұзақылық пен маскүнемдіктің ұлғайып бара жатқаны жайлы айтты. Хатшының айықтырғыш орындарға түсетіндердің 80 проценті жастар — дегені тым өрескел кеткендік еді. Жұрттың бәрі бұған не айтар екен дегенді менің бетіме қарап қалыпты.

Мен болсам, обкомның бюро мүшелігіне кандидат ретінде екінші мәселе бойынша — Ильич аудандық партия комитетінің ауыл шаруашылығына басшылығы жөніндегі есебіне қосымша баяндама жасайтын болғандықтан, идеология мәселесі бойынша жарыссөзге қатысуды облыстық комсомол комитетінің хатшысы Д. Боповадан өтіндім. Сынға жауапты өзім айтармын, сен істеліп жатқан жұмыс жайында баяндап берерсің — дедім.

Дүйсенкүл Бопова аудандық комсомол комитетіндегі техсекретарлықтан облатком төрағасының орынбасарлығына дейін көтерілген, жұмысына ұқыпты, жауапкершілігін ерекше сезінетін комсомол қызметкері болатын. Шынында да, обкомның мінберіне алғаш рет көтерілгелі тұрған ол хатшыға қарсы не айта қойсын? Оның үстіне „сөз Бопова жолдасқа беріледі“ дегенді естіген жұрт Попова деген орыс қызы екен деп қалғандықтан, мінберге қазақтың қара қызы көтеріліп кел жатқанын көріп, бір қозғалып қойған болатын. Бірақ, ол өте жақсы сөйледі.

Екінші мәселе бойынша маған 17 минут қосымша баяндама жасап болған соң мінберден айтылған орынсыз сынға былай деп жауап беруге тура келді:

„Жолдастар! Осында біздің атымызға қисынсыз, тым қатал сын айтылды. Олай дейтінім Арыс-Түркістан каналы аймағындағы N1 кеңшар жастардың қамқорлығына берілді — дегенді естігендегі қуанышымыздың шегі жоқ еді. Тіпті облыстық комсомол коми-

тетіндегілер түгелдей сонда баруды да ойластырдық. Бірақ, обкомның бірінші хатшысы В. И. Макаров рұқсат етпеді.

Кеңшарда болып, жағдаймен танысқаннан кейін, оның басшылығына бұрын әртүрлі себептермен қызметтен қуылған, тіптен қылмыс жасап, айыпты болған адамдар тағайындалып жатқанын ескертіп, бұған үзілді-кесілді тыйым салуды өтініп, облыстық партия комитетіне хат жолдадық. Оған көңіл аударылмады.

Екінші рет жер ыңғайына орай кеңшар егістігіне мүлдем істен шығып қалу қаупі төнгенін айтып, дренаж жүйесін жасап, құрғату және сордан арылту жұмыстарын жеделдетуді сұрадық. Ол да жауапсыз қалды. Сонда біз не істемекпіз?

Ал енді айықтырғышқа түсетіндердің 80 проценті жастар деген пікірге келсек, обкомға жіберілетін ресми статистикамен біз де пайдаланамыз, олардың 14, 6 проценті ғана комсомолецтер мен жастар. Бұл мекемеде түнейтіндердің ішінде коммунистердің саны комсомол мүшелерінен екі есе көп. Ағынан жарылғаннан кейін мәселенің бұл жағына да көңіл аударған жөн еді ғой. Қалай еткенде де, обком хатшысына цифрларды шүйіре салу ыңғайлы бола қоймас".

Осыны айттым да, орныма барып отырдым. Зал тына қалды. Қойылған сұрақтарға жауап берген баяндамашы да, қорытынды сөз сөйлеген Макаров та бұл мәселеге қайтып оралмады.

Пленумнан кейін, көп ұзамай, тағы бір есте қаларлық оқиға болды. Макаров обком бюросының мәжілісін шақырып, ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Т. Назарбековты жұмысынан босатып, орнына облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы У. М. Горячковскийді бекітуді ұсынды. Назарбеков болса, бюроның ресми босатуынсыз-ақ Түркістан аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығына тағайындалып, жұмыс істеп жатқан.

Менің түсінігімше, Назарбеков алған бетінен қайта қоймайтын, көп мәселелерді (әсіресе олардың бөлімнің қызмет бабына жататындарын) хатшының көмегінсіз, өзі-ақ қолма-қол шеше беретін кісі еді. Шынымды айтсам, Назарбеков жөнінде қазір жұрт әр түрлі пікір айтып жүр, өз басым бюрократтық былықсыз, нақтылы жұмыс істейтін осындай адамдарды ұнататынмын. Ал оның орнына оған тікелей қарама-қарсы, өзіндік принципі жоқ, басшыларға жалтақтап күн көретін кісі ұсынылып отыр.

Мәжіліске бюро мүшелерінен жеті адам, кандидаттардан жалғыз мен, қатысып отырғанбыз. Жұрттың ыңғайына қарасам, ешқайсысының пікір айтайын деген ойы көріне қоймады. Сөз сұрасам, осы не айтады? — дегендей, бәрі бірдей маған оқсырая қарап қалыпты.

„Виктор Иванович, — деп бастадым сөзімді, — Сіз кадрларды жақсы біле бермейсіз (оның әбіржіп қалғаны байқалды). Өйткені

олардың қай-қайсысының болса да мансабы, қызметінің сәтті болуы, жеке басының есен-саулығы сізге байланысты. Кебісіңізді сүйіп, алдыңызда құрдай жорғалағанның бәрі сізге қабілетті, кішіпейіл, қызметіне жан-тәнімен берілген жандар болып көрінуі мүмкін. Ал менің алдымда олар құрдай жорғалай қоймайды. Мансабы да, қызметі де маған қатысты емес. Сайып келгенде, олардың атына сын айтатындай ғана қауқарым бар. Онда да сіз қолдасаңыз... Оның есесіне мен Горячковский сияқтыларды сізден көрі жақсы білем. Ұйымдастырушылық қабілеті шамалы, хатшыларға қағаз тасығаннан басқа қолынан ештеме келе қоймайтын адамның Назарбековті алмастыратындай, оның қай қылығымен сізге жағып жүргенін түсіне алмай отырмын. Бәлкім, сіз, ол кісінің облыстық ауыл шаруашылық басқармасына басшылық етіп келгенін ескерген шығарсыз. Оның ол мекемені қалай басқарып жүргенін де жақсы білеміз. Обком мен облатком басшылары ауыл шаруашылығы басқармасының қызмет бабына жататындардың басым көпшілігін тікелей өз міндетіне алып отырған жерде Горячковский сияқтылар неге "басқара" алмасын? Қаласаңыз, оның қызметіне байланысты нақтылы мысалдар да келтіріп беруіме болады. Ал егер мен Горячковскийді бостан босқа жазғырып отырған болсам, бюро мүшелері айтсын, — дедім.

Менен кейін сөз алған Облсовпрофтың төрағасы Ә. Байжанов, обком хатшысы Қ. Жарқынбеков мені қолдап, пікірлерін ортаға салды. Тағы да сәл кідірсе, басқалар да сөйлейтін ыңғай білдіргенін сезген Макаров Горячковскийге байланысты мәселені кейінге қалдыруды ұсынды.

Көп ұзамай, мен Алматыға комсомол басшылығына ауысып кеттім. Мәселені „қайта тексерген“ болып, Макаров Горячковскийдің кандидатурасын бөлім меңгерушілігіне қайта ұсынады. Бұл жолы қарсы пікір айтқандар бола қоймай, Горячковский бөлім меңгерушілігіне бекітіледі. Бірақ жарты жыл өтпей-ақ, обкомның өзі оны қызметінен босатуға мәжбүр болыпты.

Бір таң қалатыным — Қазақстан ЛКЖО Орталық комитетіне қызметке ауысарда маған Макаровтың қарама қайшы сыйпаттама бергені. Ау, мен сонша не істеп қойыппын, жазығым кемшілікті бұқпантайламай, тіке айтқаным ба? Бәлкім, сондықтан болар, Орталық комитет обкомның сыйпаттамасына мән бере қоймапты.

Ұстаздық еткен, үлкендердің ұстаздығынан нәр алып, үлгі-өнегесін көрген, есейе бастаған шақ осыменен тамамдалып келе жатты. Талай тарландармен тұздас-дәмдес болдық. Ұстамдылыққа үйреніп, алған беттен таймай, ілгері баса беруге бел байладым.

ЖАСТЫҚТЫҢ МІНІП ТҰЛПАРЫН...



фармашылық ізденісте „салыстыру атаулының бәрі шартты екені, бәрі бірдей сәтті шыға бермесі мәлім“ (М. Әуезов). Шынымды айтсам, жазушы емес адамға салыстырма түрде, әрлеп жазудың оңайға түсе қоймайтынына қарамастан, жастық шақ туралы шер тарқата бастасам-ақ, ширап сала беретінім, өзімді сергек сезініп, жастықтың қанатты тұлпарын ұстап мінгендей болатыным рас. Шамасы бұл, көп жылдар бойы ғұмырымның ең қызықты мезетінде Жастар одағында қызмет етіп, өміршең болуға, қоғамдағы қарым-қатынасты, сан қырлы әлеуметтік мәселелерді дұрыс түсіне білуге үйренгендіктен болса керек.

1962 жыл. Ақпанның 27—28 күндері Қазақстан комсомолының X съезі болды. Съезден кейін наурыздың 1-жұлдызында өткен Орталық комитеттің пленумында мені оның бірінші хатшысы етіп сайлады. Содан 1970 жылдың аяғына дейін мен осы қызметте болдым.

Тарихтан алған орны, негізгі шама-шарқы баспасөзден, ресми құжаттардан, әдебиет пен өнер туындыларынан белгілі бұл кезеңде жастарды бұрынғыша нақтылы істерде, өнімді еңбекте тәрбиелеуге, олардың жеке басын дұрыс қалыптастыруға, рухани дүниесін байыта түсуге көңіл бөлінді. Комсомолды идеялық-ұйымдық жағынан нығайтуға мән беріле бастады. Мұның өзі жастар арасында оңда-мұнда көріне бастаған немқұрайдылыққа, желбуаздықтан тікелей енжарлыққа дейінгі басқа да келеңсіз құбылыстарға қарсы бағытталған еді. Комсомол қызметінің қаншалықты жемісті болғаны, жетіспеген жақтары жөнінде кезінде аз айтылған жоқ. Оны цифрлармен, фактілермен толықтыра түсудің қажеті бола қоймас. Әйтсе де бір мәселеге көңіл аударуды жөн көрдім. Ол — жастарды халық шаурашылығына қатыстыруда белең ала бастаған біржақтылыққа байланысты еді. Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игерумен қатар, қой шаруашылығын дамыту ісі алғы шепке шыға бастаған тұста, ауыл жастарының ықыласын механизатор, сауыншы-оператор, бақташы-шопан сияқты мамандықтармен шектеу өріс алды. Жастардың өзіндік ерекшеліктері, жеке басының қалауы ескеріле бермейтін болып алды.

Бірде республикалық „Казсельхозтехника“ бірлестігі жас әйелдер мен қыздардан егістік-трактор бригадаларын ұйымдастыру жөнінде үкіметке ұсыныс жасапты. Мен оған қарсы болдым. Тәртіпке салу үшін Орталық комитеттің хатшысы Г. А. Мельникке шақыртыпты. Үстел үстінде „Казсельхозтехниканың“ төрағасы А. М. Батраков, Ауыл шаруашылығы министрі М. Г. Рогинец отыр екен. Мельник үстел басында отырмай, кабинетте ары-бері жүріп сөйлескенді ұнататын. Сол әдетімен орнынан тұрып, менің қасыма келіп: „Сен қаулының жобасына неге қол қоймадың?“ деп сұрады.

— Григорий Андреевич, жанармай мен жағармай сасыған қызға қаңдай жігіт жақындай қояды? Бізге оның да өзіндік мүдделерін ойлау керек емес пе? Жүздеген, тіптен мыңдаған еркек кеңсе қызметтерінде жүр, оларды неге тракторға отырғызбасқа. Әйелдер мен қыздар кеңсе қызметтеріне ауысса, тәртіп те жақсарар еді, — дей бергенімде Батраков орнынан ұшып тұрып:

— Көрдiңiз ғой, Григорий Андреевич, комсомолдың хатшысы мәселенi босқа қиындатып отыр, — деп қалғаны. Менiң шыдамым кетiп:

— Сiз менi әлi де түсiнгiңiз келмейдi. Егiстiк-трактор бригадаларына мен қарсы емеспiн, бiрақ оны қыздардан, жас келiншектерден құрастырайық дегенiңiзбен келiсе алмаймын. Мәселен, сiз әйелiңiз бен қызыңызды тракторшылар курсына жiберер ме едiңiз? Сiз жiберсеңiз, мен де әйелiмдi тракторшы етуге уәде берейiн. Бiрақ, сiз олай етпейсiз ғой. Әрине өзгенiң әйелi мен қызын үгiттеу оңай. Оның орнына өзiңiздi қойып көрсеңiзшi, — дедiм. Сөзге манадан берi үндемей отырған Рогинец араласып:

— Комсомолдың хатшысы дұрыс айтып отыр. Әйелдерден трактор бригадаларын құруға ең мүдделi адам бола тұра, мұндай идеяны мен де қолдай алмаймын. Соғыс кезiнде тракторға отырған әйелдер аз болған жоқ. Кейiннен солардың 30 проценттен астамы бала таппайтын болды. Мұны ескермеске бола қоймас, Григорий Андреевич, — дегендi айтты.

Мәселенi қорыта келе, Мельник арнайы қаулы қабылдаудың қажетi жоқ, әйелдер мен қыздардан егiстiк-трактор бригадаларын құрғысы келгендер алдымен оған жағдай жасайтын болсын, сонан соң көре жатармыз деп шештi.

Жетiспейтiңдерiн жастардың есебiнен шешiп алғысы келетiндер 60-жылдарда жеткiлiктi болатын. Павлодар қалайы зауытының салынуына байланысты оның шикiзат қоры — Торғай боксит кенiштерiн игерудi тездету үшiн үкiмет арнайы шешiм қабылдап, бiзбен келiспестен Қазақстан комсомолы Орталық комитетiнiң монтажшылар жiберетiнiн „қаперге алыпты“. Орындайтын бiз, ал келiсiмдi неге екенi белгiсiз Тың өлкелiк комсомол комитетiнен алыпты. Орталық комитетте, екiншi хатшы В. Н. Титовта болған әңгiмеде Торғайға монтажшылар жiбере алмайтынымызды тағы да айттым. Егер Тың өлкелiк комитетiнiң мүмкiндiгi болса өзi бiлер, бiзде ондай жағдай жоқ. Бiрде-бiр облыстық партия комитетi өз аймағынан монтажшы сияқты жетiспейтiн мамандығы барларды таңдап алуға рұқсат етпейдi. Ол үшiн тағы бiр құжат керек. Жас монтажшыларды қай облыстардан алуға болатынын бұрын неге ойластырмаған? Басында бiзбен ақылдасқанда мұндай жағдайға жiбермеуге болатын едi ғой деп едiм, Титов менi қостады. Қаулының авторларына кiнәлаған ащы сөз есiтуте тура келдi.

Бiр жолы Кентау қалалық комсомол ұйымына Еңбек Қызыл Ту орденiн тапсыру ресiмiне қатысу үшiн барғанда обком хатшысының

"жақында осындағы жұмысшылардан малға жібере бастаймыз" дегенін есітіп, бойымды кернеген ашу-ызаны әрең тоқтатып:

— Сізді обком хатшысы ретінде қалай түсінуге болады деп қайран қалып отырмын. Өнеркәсіпте істейтін қазақты көбейте алмай жүргенде, осындағы азынаулақ жұмысшыларды қой бағуға жібертем дегеніңізге жол болсын, — дедім.

— Жо-жоқ, сен мені дұрыс түсінген жоқсың, — деді ол, біз қазақты ғана емес, басқаларды да жібереміз ғой.

Мен оған тыныштана қойғаным жоқ. Әңгімемізді жалғастыра түсіп, былай дедім:

— Тегі осы айтып отырғаныңызға өзіңіз сенесіз бе? Қойшылыққа қазақтан өзге, ең болмағанда, бір орысты, немесе татарды, гректі жіберте алмайсыз ғой. Бәлкім, сіз, Степановты ұмытқан боларсыз?

Соның алдында ғана Шымкентте шұлық фабрикасында слесарь боп істеп келген Юрий Степанов деген жігітті Оңтүстік Қазақстан өлкесінің партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары көптеп-көмектеп жүріп, Созақ ауданындағы „Құмкент“ кеңшарына қой бағуға жіберген болатын. Оған қанша жағдай туғызғанымен, қой бағудың қиыншылығына шыдай алмай, аға шопан Алпысбай Жаманқұловқа көмекші болып бір ай істемей жатып, қашып кеткен еді.

Менің хатшының әңгімесіне тітіркене құлақ түргенімнің басқа да себептері бар-тын. Қой бағуды қазақтың ғана пешенесіне жазып қойғандай, он жылдықты бітіргендерді бүкіл класымен қой бағуға жібертетінді оңтүстікқазақстандық басшылар әдетке айналдырып алған еді. Шәуілдір аупарткомның хатшысы Тайбековтың онжылдықты бітіргендерді түгелдей қойшылыққа жіберткенін мақтанышпен айтқанын өз құлағыммен естіген болатынмын. „Апырау, ең болмаса қыздарға тиіспесеңдер қайтар еді. Шопанға шықса, онсыз да қойшы болады ғой. Бәрін бірдей малға жіберетіндей, бастарыңа не күн туды?“ дегенімде: „Тапсырма солай болды“ дегенді айтқан еді.

Иә, тапсырма солай болса керек. Оны жас шопандардың 1963 жылғы 26—27-ақпанда өткен республикалық слетінен кейінгі жылы-ақ, жоғары оқу орындарына түсетін қазақ жастарының жалпы саны екі есе кеміп кеткенінен де көрдік. Мұнан былайғы жерде, жастарды қой бағуға беталды жібере бермей, онда жұмыс істейтіндерді тұрақтандыру, тұрмысын жақсарту, оқып-білім алуына жағдай туғызу, мәдени-парасаттық деңгейін көтере түсу жұмыстарына болысуға ұйғардық. Қойшыларға арналған қолайлы киім-кешекке, портативті радиоқабылдағыштарға, киіз үйге, үй жиһаздарына, электростанцияға, мөншаға, тағысын тағыларға сұраныс жасалды. Мал жайылымдарында оқу пункттері ұйымдастырыла бастады. Газет-журналдармен, көркем әдебиетпен қамтамасыз ету жақсара түсті. Жас шопандардың республикалық екінші слеті жастардың мүлдем басқаша қойыла бастаған әл-ауқаттық және рухани

талаптарын басшылыққа алды. Шопандармен жұмыс жаңа мазмұнға ие бола бастады.

Қазақстан комсомолының X съезінде басқа мәселелермен қатар жастардың бос уақытын, демалысын ұйымдастырудағы олқылықтар мен кемшіліктер сөз болған-ды. Қостанайдан келген бір делегат Боровской ауданында мәдени-ағарту орындарының, әсіресе клубтардың жетіспейтінін айтқан еді.

Съезд бітісімен осы мәселемен Қазақ ССР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясына барған болатынмын. Комиссия төрағасының бірінші орынбасары болып істейтін Лияс Омаров мені жылы шыраймен қарсы алып, келген жұмысымның мән-жайын сұрады. Мәселе клубтардың жетіспейтіні жөнінде болғандықтан түсініс пиғылын танытып, тікелей шара қолданатынын айтты да: „Бірлесіп қимылдасақ, клуб салына жатар, десек те, менің саған айтатын басқа бір әңгімем бар. Қазір әдебиетке Олжас Сүлейменов, Тұманбай Молдағалиев, Сәкен Жүнісов деген үш жігіт келіпті. Егер мен бірдеңе түсінетін болсам, болашақта әдебиеттің құлағын осылар ұстайтын болады. Менің жағдайымда әдебиет мәселелеріне араласа бергенімді біреу түсінсе де, біреу түсіне бермейді. Сен осыларға қамқоршы болсаң қайтер еді” — дегенді айтты.

Абзал ағаның тапсырмасын алып, олармен тікелей айналыса бастадық. Ең алдымен Олжас Сүлейменовты Одақ көлеміндегі оқырманға таныстыру үшін оның „Адамға табын, жер, енді” деген дастаны жайында 1962 жылғы 16—20-сәуірде өткен БЛКЖО-ның ХІҮ съезінде айтылды. Кейіннен осы дастаны үшін Олжас Сүлейменовке Одақтық комсомолдың сыйлығы тапсырылды.

Олжаспен көбірек кездесетін болдық. Ол кезде оның бойында „есер шақтағы” ерке мінез молырақ болатын. Сондықтан оны қоғамдық жұмыстарға да араластыра бастадық. Көптеген одақтық және халықаралық кездесулерге, Жастар мен Студенттердің Бүкілдүниежүзілік ІХ фестиваліне (ол Софияда 1968 жылы өтті) қатысты. Оның шығармашылығы кеңінен таныла бастады. Партия қатарына өткенде де оған кепілдік берген Лияс Омаров, Камал Смайылов (ол кезде „Қазақфильм” киностудиясының директоры болатын) және мен болдым. Тегі, Олжастың азаматтық және ақындық жағынан қалыптасуы менің көз алдымда өтті десем қателесе қоймаспын деп ойлаймын.

Ал Тұманбай Молдағалиевтің шығармашылығы Қазақстан Комсомолы Орталық Комитетінің бюросында талқыланып, енді ғана бүршік атып, оқырман қауымға таныла бастаған жас ақынның азаматтық лирикасына толық талдау жасалды. Сол мәжілісте сөйлеген сөзінде ол „егер менен болашақта танымал ақын шығатын болса, мен осы Бюроға міндетті боламын” дегенді айтты. Бюро мәжілісіне қатысқан ақын Тайыр Жароков, баласындай болсам да, мені „Өзекке” деп, „сіздердің жастарға қамқор болғандарыңыз дүріс қой, бірақ біз сияқты кәрі комсомолдарды да ұмытпасаңыздар екен” де-

гені де есімнен кетпейді. Тұманбай Молдағалиев кейіннен Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты атанды.

Сол кезден бастап-ақ, дарынды прозаик болып таныла бастаған Сәкен Жүнісовтың шығармашылығы біршама басқаша қалыптасты. Әсіресе оның „Жапандағы жалғыз үй“ романы жазушының болашағынан зор үміт күттіретін туынды еді. Ол жайында Лияс Омаровтың баспасөзде жарияланған пікірі де өте орынды болды. Әйтсе де комиссия мүшелері жас жазушының тырнақалды туындысына комсомолдың сыйлығын бере салмай, оның шығармашылығына кейінірек қайта оралу қажет деп тапты.

1970 жылдың қараша айында комсомолдан партия қызметіне ауысарда маған Сәкен келіп: „Аға! Сізді Торғайға қызметке ауысады дейді. Менің романымның комсомол сыйлығына өтпей қалған себебін өз ауызыңыздан есітіп қалайын деп едім“ — дегені бартын. Мен оған романға қоятын кінәміз жоқ, керісінше — ондағы бастып кейіпкер Қарабет соңғы кездегі әдеби туындылардағы өте ұтымды, күшті бейнелердің қатарына жататынын айттым. Бірақ онда жастарға үлгі боларлық ештеңе жоқ. Аты Қарабет болса, бүкіл тәні де, жүрегі де сонша қара. Ал оған қарсы қойылатын кейіпкерлер, әсіресе жастар жағы сомдала қоймаған жандар болып шыққан. Оның үстіне комсомол сыйлығы жас замандастардың бейнесін жасауға үлес қосқан туындыларға берілетіні тағы бар. Оған ренжімесің дедім.

Сәкен менімен келісті. Менің риза болғаным — жас автордың басқа қызметке ауысқалы жатқан адамның өз аузынан лебізін біліп қалғысы келгені.

Ойлап қарасам, осы бір жәйттер Ілекендей асыл ағамыздың жастар әдебиетіне деген қамқорлығының өзінше айғағы екен. Қандай көрегендік десеңші! Қазір қазақ әдебиетін Олжас Сүлейменов, Тұманбай Молдағалиев, Сәкен Жүнісов шығармашылығынсыз қарауға бола қоймас.

Жоғарыда аталған Қазақстан комсомолының съезінен кейін „Қазақ әдебиеті“, „Лениншіл жас“ және „Ленинская смена“ газеттерінің редакция алқалары менің атыма ашық хат жолдап, Мұхтар Әуезовтың 1960 жылдың 25-желтоқсанында Қазақ университетінде соңғы рет сөйлегенін айта келіп, жыл сайын желтоқсанның аяғында университетте Мұхтар Әуезовке арналған кеш өткізілетін болса, онда соңғы жылдағы жас әдебиеттің туындыларына талдау жасап, болашаққа бағдарлап отыруға мүмкіндік туар еді — деген пікір айтыпты. Мұның өзі күнтізбеде жылдың аяғы болғандықтан қолайлы да еді.

Сөйтіп, сол 1962 жылғы 25-желтоқсанда Университеттің филология факультетінің үйінде Мұхтар Әуезовтің естелігіне арналған осындай кеш өткізу келісілді. Менің кеңесшілерім сол кеште маған баяндама жасауды ұсынды. Мен болсам „Әдебиет үшін мен кімін, онан да баяндаманы белгілі жазушылардың бірі жасаса орынды болар“ дегенді айттым.

Осындай тілегімізді айтып, Сәбит Мұқановқа ұсыныс жасағанымызда, ол кісі әртүрлі себептермен баяндама жасай алмайтынын айтты. Жазушылар Одағының сол кездегі бірінші хатшысы Ғабиден Мұстафин науқас болатын. Ғабит Мүсірепов болса шет елде жүр еді. Сөйтіп, баяндаманы Мұхаметжан Қаратаев жасайтын болды. Ал қорытынды сөз сөйлеуді Лияс Омаровтан өтіндік. Мұндай хабарды естігендегі ол кісінің қуанғанын айтсаңшы. Жыл сайын Мұхтар Әуезовке арнап кеш өткізіп, онда жаңа туындыларға баға беріп, жұртшылықты жас әдебиетшілермен таныстырып отырсақ, қандай тамаша деп қайта-қайта ризашылығын білдіріп жатты.

Сонымен, сол Мұхтар-аға соңғы сөйлеген аудиторияда оған арналған кеш болды. Орталық комитеттен насихат және үгіт бөлімі меңгерушісінің орынбасары Әнуарбек Шманов қатысты. Кешті қысқаша кіріспемен өзім ашып, баяндама үшін М. Қаратаевқа сөз бердім. Ол кісі бір сағат 20 минут баяндама жасады, басқа сөйлеушілер де болды. Соңында Лияс Омаровқа сөз берілді.

Лияс ағамыз қағазсыз, екі иығын қомдап, теңселіп тұрып сөйлейді екен. 43 минуттің қалай өткенінде байқамай қалыппын. Әңгіме тек жас әдебиеттің төңірегінде ғана емес, ел тағдырына, тарихқа, мәдениетке, әуезге, бейнелеуге, сәулеткерлікке байланысты болды. Ол кезде ойға келе бермейтін соны пікірлер айтылды!.. Мысалға алсақ, халық педагогикасы дегенді сол кеште мен бірінші рет осындай дуалы ауыздан есітіп, қайран қалғаным бар.

Рас, ертеңіне Орталық комитетке барып, „қайдағы бір плановикке" сөз бергенім үшін Н. Жанділдиннің алдында жауап беруге тура келді. Шіркін албырт жастықты қойсаңшы, партия хатшысының өзімен де келісе алмайтынымды білдіріп: „Сәбит Мұқанов әртүрлі себеп айтып келе алмады. Ғабиден Мұстафин науқас екен. Ғабит Мүсірепов шет елде жүр. Сонда мен қазақ әдебиеті мәселелеріне арналған кеште Николай Ановқа сөз беруім керек пе? Ал сіз өзіңіз неге келмедіңіз, әлде жастарға айтатын әңгімеңіз жоқ па?" — деппін. Айтатын ауыз болса, еститін құлақтың болғаны қандай жақсы. Хатшы ағамыз: „Мұнан былай бүйітпе" деп жіпсі салды.

Нұрымбек Жанділдинге тән тамаша қасиет — оның өзіне қарсы орынды уәж айтылса, өзге бастықтардай бастырмалата бермей, басыла қалатыны еді. Бірде Мәдениет министрлігімен келісіп алып, Алматы театрлары мен концерт залдарында жаңажылдық киіндірілген жастар балын өткіздік. „Қазақконцерттің" бастығы Н. Чернышов сынықты сылтау етіп, Орталық комитетке барып: „комсомол залдардың бәрін басып алды, кассалық жоспар орындалмайтын болды" депті. Маған біреу телефон соғып бастырмалатып алып бара жатты. Әлден уақытта Жанділдин екенін біліп: „Нүреке, сіз мені кешіріңіз. 364 күн бойы орындалмаған жоспар 365-күні орындала қоймас. Чернышов босқа әуре болыпты" дедім. Ол бұл жолы да менімен келісті.

Мәселе тіптен М. Әуезовке арналған кеш жайында Н Жанділдинмен арамызда болған әңгімеде ғана емес еді. Жазған басымы Лияс Омаровтың сол кеште ел тағдырына қатысты мәселелерді көтеретінін қайдан білейін. Ең болмаса стенограммаға түсіріп, немесе таспаға жаздырып алмағаным осы күнге дейін өкінем. Жыл сайын университетте М. Әуезовке арналған кеш өткізетін дәстүр біраз жыл сақталып келді де, кейіннен ұмытылып кетті.

Жастар мен Студенттердің Бүкілдүниежүзілік ІХ фестивалі 1968 жылы Софияда (Болгария) өтті. Өкініштісі, фестивальге жас өнерпаздарды таңдап алу үшін келген комиссияға сол кездегі Мәдениет министрлігі мен Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің насихат бөліміндегілер (мен ол кезде жастар делегациясымен Цейлонда жүрген едім) бірде бір дұрыс ансамбльді, не жеке орындаушыны көрсете алмағандықтан Қазақстаннан ешкім алынбапты. Мен келе сала, Мәскеуге телефон соғып, ренішімді білдіргенімде БЛКЖО Орталық комитетінің екінші хатшысы Борис Пастухов делегацияның құрамы бекітіліп кеткенін айтты да, неде болса бір адамды өзің ұсын, қосымша енгізейік деді.

Телефон арқылы айтылған осы бір сөзден кейін фестивальдің ұйымдастыру комитетінен біреу жалма-жан телефон соғып, „сіздерде әлгі екі ішек тағатын аспап бар ғой, ол еуропа үшін экзотика болар еді, сонда ойнайтын біреуді ұсынсаңыз“ — деп салғаны. Сол сәтте маған келімсектердің қазақты келемеждегенде айтатын „один палка два струны, я — хозяин страны“ дейтіні есіме сап ете қалып, „біздің кімді ұсынатынымызда сенің не жұмысың бар?“ — деп кейіп тастадым да, „бәлкім, біз, бишіні ұсынармыз“ — деп трубканы басып қойдым. Өйткені, сол кезге дейін қазақ бишілері дүниежүзілік конкурстерге қатысып, жүлде алып көрмеген болатын. Соңдықтан да болар, фестивальге қатысуға бүлдіршіндей жас биші Гүлжан Талпақованы ұсындық. Оған салтанаттық және сахналық етіп екі киім-кешек тіккіздік. Конкурске қатыстыру үшін халық биі „Айжанқызға“ қоса Тәттімбеттің „Былқылдағының“ желісіне тағы бір би қойғыздық. Бір қырсығы — ол кездегі біздің бишілеріміздің Шарадан басқасы тек фортепьяноның сүйемелдеуімен билейтін. Ал мұндай билер бүкілодақтық немесе дүниежүзілік байқауларға жіберіле қоймайтын.

Қалыптасқан тәртіп бойынша, фестивальге баратын өнерпаздар бір ай бұрын Мәскеуге жалпы репетицияға шақырылатын. Сол жолы да біздің жалғыз бишіміз Гүлжан Талпақова Мәскеуге алдын ала шақырылғанымен, фортепьяноға билейтін болғандықтан, конкурске жіберілмейтін болыпты. Оның өзінше себебі де бар-тын. Орыс эстрада ансамбліне, грузин оркестріне қосып та көрген екен, қазақ әуезінің нақышы шыға қоймапты.

Фестивальге аттанар алдында саяси делегация мүшелерімен, туристермен бірге Мәскеуге мен келген соң, Гүлжанмен ақылдаса

отыра, екі биден бір би шығарып, біз өзбек дойрашысын сұрап алып, соның сүйемелдеуімен билейтін болып келістік.

Бірақ Софияға барғанда фестивальдің ұйымдастыру комитетінде кеңес жағынан конкурске жауап беретін Т. Шатунова деген бикеш өзбек аспабы сүйемелдейтін болғандықтан, қазақ биінің конкурске жіберілмейтінін хабарлады. Тіптен менің дойра сияқты аспап бізде де бар дегенім қаперге алынбаған соң, тас-талқаным шығып: „Егер біздің биші конкурске жіберілмесе, мен осында пресс-конференция өткізіп, ұлттық мәдениеттерге кертартпа көзқарастарыңды бүкіл әлемге жария етіп, әшкерелеймін“ дедім.

Сонан кейін ғана Гүлжан Талпақова (қазір Қазақстанның халық әртісі) конкурсқа жіберілетін болды. Ол билейтін күні өзін „бейпіл мінберден“ сөйлейтін болғандықтан, барлық қазақстандықтарды (олардың ішінде Шерхан Мұртаза, Көрік Дүйсеев т. б. бар), Кіндік Азиядан, Солтүстік Кавказдан фестивальға келген делегаттардың біразына конкурс өтетін залда болып, қазақ бишісіне қызу қолдау көрсетіңдер деп өтіңдім. Конкурсқа қатысу табысты болды. Гүлжан Талпақова екінші орынға ие болып, фестивальдің күміс медалін көкірегіне тақты.

Фестиваль аяқталып, елге оралдық. Сол кезде Мәдениет министрі қызметіне ауысқан Ияс Омаровта болып, жалғыз бишіні конкурсқа қатыстырамын деп тартқан азабымды паш етіп, „біз қашанғы фортепьяноға билей береміз?“ деп қатты-қатты сөздер айтыптын. Лекең болса, өзін қоярға жер таппай „Ойпырмай, Өзбекқали (ол кісі мені осылай деп атайтын еді), сен өте қатты ренжіпсің ғой, мен бұл мәселені коллегияға қоям, шара қолданамын. Өзің білесің ғой, қазір „Гүлдер“ ансамблі құрылып жатыр, ондағылар тек оркестрдің сүйемелдеуімен ғана билейтін болады“ деп қалбалақтай берді...

Бұл біздің соңғы тілдесуіміз еді. Кейін „Гүлдер“ ансамблінің тұсаукесеріне ауруханадан алып келгенде, құр сүйегі қалған ағамыздың „тірі аруақтай“ болғанын көрдік. Лекеңдей азаматтың орны тола бермейді! Қайран ағаның әбден ауру дендеп, көз жұмар шағы жақын қалғанда, көңіліне келетін сөздер айтқанымды ешқашан да кешіре алмаймын. Көп ұзамай, Лекеңді ақтық сапарына шығарып салдық.

Мен Торғай облысына қызметке ауысып кеттім. Онда әуезді драма театры құрылып, оған директор және көркемдік жағын басқарушы болып Қазақстанның халық артисі Қанабек Байсейітов тағайындалатын болды. Бірақ жасы асып кеткен адамға жаңа театр құру оңайға соқпайтын болғандықтан, ол кісіні Алматыға қайтаруға тура келді. Бірде сол Қанабек Байсейітовтен Ияс Омаров жөнінде мынадай бір әңгіме естіген едім. Лекең министр болып тағайындалған соң, Қанабек Байсейітов бір мәселемен министрлікке барғанда, министрдің қабылдау бөлмесінде ілулі тұрған Темірбек Жүргеновтың суретіне көзі түсіп, „Леке, мынаны қалай

түсінуге болады?" деген екен. Сонда Илияс Омаров: „Е, Қанеке! Менің министр, сіздің халық артисі болып жүргеніміздің өзі осы кісінің арқасы. Темірбек Жүргеновтен кейін біздің қазақ өнеріне қосқанымыз шамалы" депті. Кейін Илияс дүние салып, оның орнына басқа адам тағайындалғаннан кейін тағы бір рет министрлікке барғанда, Темірбектің суретінің орнында натюрморт ілулі тұрғанын көріп, „төбемнен тоқпақпен ұрып, жерге кіргізіп жібергендей болдым" деп Қанекең көзіне жас алды.

Илияс Омаров уақыты тар (ол небәрі 57 жыл өмір сүрді) болғанымен, арманы алыс, мақсаты асқақ өмір сүрген, әсіресе жастарға ақылшы аға, қамқоршы ұстаз болған, аса дарынды мемлекет қайраткері, әдебиетші, тарихшы, өнер зерттеушісі еді! Мен ол кісімен қайсы бір тарихи оқиғаларға, әдебиет пен өнер туындыларына партиялық тұрғыдан баға беруде жіберілген „кемшіліктер" үшін қуғын-сүргінге түсіп, қызметсіз де қалып, өмірден әккі бола бастаған шағында кездестім. Бірақ ол ешқашан да қажыған, мойыған пиғыл көрсетпейтін, керісінше өмірсүйгіштігімен, еңбекқорлығымен, іскерлігімен жұртты өзіне тартатын. Қоянқолтық, бірге қызмет істеспесек те ағалы-інілі, қиыспас бауыр, сырлас достар сияқты қатар жүрдік. Әртүрлі мәселелер бойынша пікір алмасып, рахатқа батқан сәттеріміз де аз болған жоқ.

Илияс Омаровтың оқығандығы сонша, оның дүниежүзілік немесе орыс классикасының, бұрын-соңғы қазақ әдебиеті шығармаларының қай-қайсысынан болса да бетпе-бет үзінді келтіріп, пікір таластыра білетіндігінен, онымен тікелей қатынаста болу біз үшін үлкен мектеп болатын. Жалпы Ілекеңмен бір кездескен адам оның парасаттылығын, иманжүзділігін, өзгенің ойын іштей ұғынып, жүрекпен түсінетін азаматтығын мәңгі бақи есінде сақтайтын.

Оның өмір жолына, азаматтық тұлғасына, шығармашылығына үңіле отыра, біз табиғатынан сезімтал, адамның ішкі сырын „айтпай білетін" (Абай) ақыл-ой иесінің, әрбір сөзінде тоспалға толы толғам-тебіреністер тұнып тұратын қаламгердің тұрпатын көреміз. Ілекеңнің бойында көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлерінде кездесе бермейтін өзгенің тағдырына күйініс, табысына қуаныш сезімі, парасаттылықты іштей ұғынып, жүрекпен түсінетін халықтық қаситтер молынан табылатын еді. Тегі, „Саясы жоқ бәйтерек, саздауға біткен талмен тең. Жақсы ағаңыз бар болса, алдында сары белмен тең" деп Арқаның топжарғаны Шал ақын айтқандай, бізде саясы жоқ бәйтерек ағалар, қара жолдың дөңіңдей лауазымды жақсылар аз болды ма? Ал Ілекең болса, бойында өзгенің, әсіресе жастардың тағдырына күйініш, табысына сүйініш сезімі тұнып тұратын, қай-қайсымыздың болса алдымыздағы сағымды „сары беліміз", ақылшы аға, сырлас дос, қамқоршы ұстазымыз еді. Оның Қазақ Республикасына сіңірген еңбегі, шығармашылығы өз алдына зерттеп — білуді қажет ететін құбылыс. Оны есте қалдырудың шешімін таба алмай келе жатқанымыз

өкінішті-ақ. Артына қалдырған мұрасын жинақтап бастыру керек. Осындай күрделі тұлғаның ел алдындағы қызметіне лайықты баға беретін деректі фильм, радиотеледидар хабарларын ұйымдастыру қажет-ақ.

Мұның өзі тек бізге ғана керек емес, болашақ ұрпаққа, Қазақстанның тарихы мен мәдениетін зерттеп — білу ісімен тікелей айналысатындарға үлкен көмек болар еді.

1962 жылғы 5-сәуірде Қазақстан комсомолы X съезі алға қойған мәселелерді талқылаған шығармашыл жастардың республикалық кеңесі болып өтті. Онда жас шығармашылыққа талдау жасалды. Осы мәселеге қатысты комсомол ұйымдарының жұмысындағы кемшіліктердің беті ашылды. Нақтылы ұсыныстар енгізілді. Көп ұзамай, сол жылғы 29-мамырда шығармашыл жастармен жұмысты жақсарту жөнінде арнайы қаулы қабылданды. Жалпы алғанда осы кеңестен кейін біз жас әдебиетшілер мен өнер қайраткерлерінің шығармашылығымен тікелей айналыса бастадық. Қазақстан комсомолы сыйлығының тұңғыш лауреаты болып отызыншы жылдардағы комсомол жазушысы Саттар Ерубаев (1914—1937) атанды. Саттардың аяқталмай қалған „Менің құрдастарым“ романы, „Болашақ соғыс туралы“, „Қызыл гүл туралы“ новеллалары мен әңгімелері қазақ жастарының бірнеше ұрпағы тәлім-тәрбие алған аса үздік әдеби туындылар еді.

Өз басым „Менің құрдастарымды“ қанша рет қайталап, оқып шықсам да кейіпкерлерімен бірінші рет кездескендей сезімде қалып отыратын едім. Осылай сезіну Н. Островскийдің „Құрыш қалай шынықтысын“ орысша да, қазақ тілінде де талай рет оқығанда бойымды билеп алатын. Өкініштісі „Менің құрдастарымның“ орысша тәржімасының екі рет аударылса да ойдағыдай шыға қоймағаны. 1970 жылы оны қайта аудартпақ болып, „Молодая гвардия“ баспасының жоспарына енгізгенім бар-тын. Бірақ мен Торғай облысына қызметке ауысып кеттім де, жоқтаушысы болмай, ойластырылған шаруа аяқсыз қалды.

Қазақстан комсомолы сыйлығының алғашқы лауреаттары болған ақын-жазушылар Әнуар Әлімжановтың, Тұманбай Молдағалиевтың, Қадыр Мырзалиевтың, композиторлар Шәмші Қалдаяқовтың, Ғазиза Жұбанованың, дирижер-хормейстер Анатолий Молодовтың, суретші Петр Усачевтың, әншілер Ескендір Хасанғалиевтың, Нұрғали Нүсіпжановтың шығармашылығы әдебиет пен өнер қайраткерлерінің мақтаныш етерлік жас ұрпағының өсіп келе жатқанын көрсетті.

Солардың бірі Шәмші Қалдаяқовпен мен бірінші рет сол 1962 жылы кездестім. Шәмші ол кезде Қазақ радиокомитетінде музыкалық редактор болып істейді екен. Жұмыстан шығарылды дегенді естісімен комитет төрағасы К. Шалабаевқа телефон соққанымда, Шәмшінің үш айдан бері жұмысқа келмей қойғанын айтты. Шәмшіні шақырып сұрағанымда ол бұқпантайламай: „Менің өз ас-

пабым жоқ, әркімнің үйіне барып жазамын, арақты солар ішкізеді" — деді. Сонда мен: „Егер саған аспап алып берсек, ішкенінді қоясың ба?“ — дегенімде, ол уәде беретінін білдірді. Кейін менің өтінішім бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының Шәуілдір (қазіргі Отырар) ауданындағы „Темір“ кеңшары (бұл — оның туған жері) Шәмшіге пианино сыйлады. Бұл жайында О. Бодықовтың кітабында жақсы жазылған.

Сол жылы күзде комсомолдың Орталық комитеті жас композиторлармен жиналыс өткізді. Сонда бір белгілі композитор сөйлеген сөзінде: „Комсомол әуесқой композиторларды, мәселен, Шәмші Қалдаяқовты қолдайды. Әуесқойлық — шалағайлық“ — дегенді айтты. Залға қарасам Шәмші жоқ екен. Жиналысқа қатысып отырған композиторлар одағының сол кездегі бірінші хатшысы Ғ. Жұбановадан: „Шәмші қайда?“ — деп сұрағанымда, „Одаққа мүше болмағандықтан, шақырған жоқ едік“, дегенді айтты. Мен дереу бір нұсқаушыдан Шәмшіні үйінен алып келуді өтіңдім. Жарты сағатқа жетпей-ақ Шәмші де келді. Мен оған қарап: „Сені осында бір кісі шалағай (халтурщик) деді, бұған не айтасың?“ — деп сұрадым.

Шәмшінің жаны нәзік еді. Көзіне жас алып, „Мен Булгаровскийге ұқсап (ол кісі орыс театрында музыка жағын басқаратын), қазақ, орыс, шечен, грузин, әрмен, т. б. көрінген тақырыпқа әуез жазып жүргенім жоқ. Менің вальстерімді жастар ұнатады. Осы жұрт неге маған тыныштық бермейді“ — деп үндемей қалды. Сол сол екен, мен Шәмшінің әндерін халық сүйетінін, ал көкірегін соғып, өздерін кәсіби композиторларымыз деп жүргендердің біразын өз айналасы болмаса, өзге жұрттың біле бермейтінін ескертіп, комсомол әуесқой композиторларды да қолдап келді, бұдан былай да солай болып қала бермек деп ашық айттым. Кейін Шәмшіге комсомол сыйлығын берерде де оның шығармашылығы төңірегінде пікірталасы болды.

Тегі, Шәмшінің тұла бойы, бүкіл болмысы әнге тұнып тұрғандай болып көрінетін. Оның әндері вальс түрінде жазылғанымен, ұлттық нәрін сақтап, халық әуендерімен үндесіп жататындықтан, тыңдаушыны бірден баурап алып кете беретінімен ерекшеленетін. Бірде біз оны Қалаубек Тұрсынқұловпен, Валерий Антоновпен қоса Атырауға жібердік. Сол сапарда „Ақ ерке — Жайық“ деген әсем ән дүниеге келді.

Мен Торғай облысына қызметке ауысқаннан кейін, Арқалықта өтетін „Торғай әуендері“ өнер фестивалінің ашылуына Шәмші Мұхтар Шахановпен бірге келген еді. Мен онан Арқалыққа арнап ән шығаруды өтіңдім. Ол: „Қалаңыздың ұсқыны мынау, белуардан батпақ, бұған қайтіп ән шығарамын? Ешқандай әсер жоқ“ — дегенді айтты. Мен де бой бере қоймай: „Саған әсер болу үшін жартылық қояйын ба, қалай? — деп күлдім де: — “Өзің біл, ән шығармасаң осында қалдырамын“ — дедім қалжыңдап. Сонымен не керек, Шәмші түнімен отырып, бір ән жазып, ертеңіне сағат 8-де маған

әкеліп: „Мына ақының өлеңін жазса, ән дайын болды“ деп Мұхтарға қарады. „Арқалықтың ақ таңы“ деген ән осылай пайда болған еді.

Тағы бірде „Торғай әуендерінің екінші фестиваліне бір топ композиторлармен бірге Әсет Бейсеуов келетін болды. Оларды аэропорттан өзім қарсы алдым. Әсет болса, мені ұшақтың қасына оңаша шақырып, — “Сізге сыйлық ретінде „Арайлым, Арқалығым“ (Серік Тұрғынбековтың өлеңіне жазылған) деген ән әкелдім, қазір осы жерде айтып берейін” — деді. Шәмші қатаң тапсырып, егер ән жазып бармасаң, ол сені жібермей қояды деген екен. Мен күліп: „Сабыр ет, батырым, қалаға барғасын-ақ айтарсың“ дедім.

Бір жолы Шу станциясынан (О. Бодықовтың кітабында — Түлкібас делінген) бір милиционер телефон соғып: „Жаңа ғана Шәмші Қалдаяқов деген композитор үстіндегі пиджакін сыпырып тастап, қашып кетті. Қалтасында Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты деген куәлігі бар екен. Бұған не істейміз?“ дегенді айтты. Мен: „Пиджакты значогі, куәлігімен қоса бізге жіберіңіз, өзіміз айналысамыз“ — дедім. „Құп болады!“ дегенді естідім. Бірақ сол бойы пиджак бізге келмеді. Бақсақ, пиджактың мәселесін милициямен Шәмшінің өзі „шешкен“ екен.

Кейіннен Қазақстан Компартиясының Орталық комитетіне қызметке ауысқаннан кейін Шәмшімен жиі кездесіп тұратын мүмкіндік болған жоқ. Біздің уақытымыздың көбі көшеге шығатындармен, бейрәсім ұйымдардың өкілдерімен түсінісу қамымен өтетін. Теледидарда болған әңгімеде Роза Бағланова: „Мен Шәмшіге атақ сұрап, Өзбекәлі Жәнібековке талай рет барған едім“, — дегенді айтты. Мен Роза апайдың тікелей осы мәселемен маған келгенін көрген емеспін. Ол кісінің Әзидолла Есқалиев жөнінде ақылақшылыққа жүргенін білем. Шәмші жөнінде өтімді пікір айтқан Ермек Серкебаев болған еді.

Не пайда, ол кезде Жоғарғы Кеңес наградтау мәселелерін Орталық комитетсіз-ақ, өзі шеше беретін дәрежеге жетіп қалған болатын. Бірде наградтау бөлімінің бастығы Г. Бердюгиннің бұрынғыша әдеп сақтап, маған телефон соққанда: „Шәмші Қалдаяқовтың комсомол сыйлығының лауреаты деген куәлігінен басқа бір мекемеде бір күн жұмыс істегені жөнінде анықтамасы да жоқ екен, оны әзірше “Еңбегі сіңген мәдениет қызметкері” деген атаққа ұсынып, кейіннен „Халық артисі“ деген атақ беруге қайта оралатын болдық“, — дегенін естігенім бар-тын.

Шәмші Қалдаяқов асқан дарын иесі еді. Оның бауырмалдығы, шектен тыс қарапайымдылығы, биязылығы, барға қанағат ететін тоқмейілділігі онсыз да сом тұлғасын өзгелерден биік етіп көрсететін. „Дүниеде мен екі құдіреттен — милиция мен Жәнібековтен қорқамын“, — дейтін Шәмшіге бірде жерлестігімізді ескерте, әзіл-қалжыңын араластырып: „Осы сен, Шәмші, біздің елдің жалғыз топжарғаны екенсің, көк суға құштарлығыңды қашан қоясың?“ — дегенімде, „Е, мен неге жалғызбын, ал сіз ше?“ — деп қарсы сұрақ

қойғаны бар еді. „Сен болсаң, ел құрметіне бөленген атақты композиторсың, — дедім мен, — шығарған әндерің ғасырларға кететін болады. Ал біздердің бүгін шабытымыз өрге басып тұрғанымен, мыңнан біріміз болмаса, ертең бірте-бірте ел есінен шығып қалатынымыз хақ. Тарихтан кімдер өтпеді, олардың артына қалдырғаны шамалы. Сен ел сенімін ақтауға міндеттісің, бауырым!“

Шәмші елінің сенімін ақтады, оның есімі халқымен бірге жасайтын болады.

Анатолий Молодов — Қазақтың мемлекеттік хор капелласының көркемдік жағын басқаратын және бас дирижеры болатын. Сахнада Ш. Қалдаяқовтың „Ақ маңдайлым“ әні орындалып жатты. Концерт Қазақстан Компартиясының кезекті съезіне арналған еді. Қасымда отырған Шымкент қалатқомының төрағасы Ә. Жүсіпов: „Түу, мынандай тамаша әнді бөрінің к...дей шулатып жібергені несі?“ деп наразы пішін көрсетті.

Анатолий Васильевичпен хабарласып, кешегі концертте бір жоғары білімді, талайды көрген, парасатты адаммен бірге отырып, сенің ұжымың жөнінде наразылық білдірген осындай пікір естідім. Бәлкім, саған, Толя, жұрттың құлағын хор-а-капелла жанрына үйрету үшін әуелі танымал халық әндерінен бастап, ораторияға дейін бірте-бірте алмассаң дұрыс болар дегенді айттым. Алғашында негізінен халық әндерін орындап, кейіннен бірте-бірте симфониялық оркестрмен де қосылып айтуды талап ететін күрделі туындыларды игерген хор капелласы шығармашылық жағынан қарыштап өсе бастады.

Бастапқы жетістікті баянды ете түсу үшін хор капелласының концерттік бағдарламасын астана жастарының талқылауына салдық. Пікір сайысы қызу өтті. Қатал да ащы сынға шыдай алмай, бас дирижер біресе ананың пікіріне, біресе мынаның пікіріне жармаса берді. Мен оның еңтігін басып: „Анатолий Васильевич, бағдарламаның жетістіктері ешқайда қашпайды, біз оның жетпей жатқан жақтарын сөз қылып отырмыз. Ол үшін кешіресің, бізде достық тілек айтқаннан басқа пиғыл жоқ“ — дегенді айттым. Ол сабасына түсе бастады.

Осы бір талқылаудан кейін хор капелласының басшылығы оның концерттік бағдарламасын қайта қарап, оған ойнақы, сергек айтылатын „Он алты қыз“, „Сәулем-ай“, „Ақтамақ“ сияқты әндермен қатар, жоғары кәсіби орындаушылықты талап ететін Мұхиттың „Айнамақозін“, Әсеттің „Инжу-Маржанын“, ұлттық классика мен халық әндерінің басқа да үздік үлгілерін, Кеңес Одағы халықтарының әуендерін, Қазақстан композиторларының шығармаларын енгізді. Бірде мен Молодовқа қазақтың халық күйін де, мәті жоқ демесеңіз ол да әуен ғой, хор-а капеллаға түсіруге болмас па екен дегенді айттым. Халық шығармашылығын игерудегі мұндай ыңғайтабысты ол қызу қолдап, іске кірісіп те кетті. Сөйтіп, Құрманғазының „Ақпай“ күйін хор капелласы орындайтын болды.

Мені алдын ала тыңдауға шақырды. „Аа-м“, „Аа-м“, „Ым-м“ деп қайталана беретін дыбыс маған мүлдем ерсі, тіптен дөрекі болып естілді. Ауызды ашпай, „М-ым“, „М-ым“, „Ым-м“ деп көмеймен орындаған дұрыс болар деген едім, шынында да ұнамды болып шықты.

Құрманғазының „Ақпай“ күйі осылайша хор капелласының орындауында қайта дыбысталған еді.

Бұл жайлы Илияс Омаров „Советская культура“ газетіне мақала жазып, күйдің хор-а-капелла жанрына түсірілуін қазақ өнерінің жаңа табысы ретінде жария етті.

А. В. Свешниковтың дарынды шәкірттерінің бірі, кейіннен Кеңес Одағының халық артисі, профессор А. Молодовтың өнердің шыңына құлаш ұрған есею шағындағы шығармашыл ізденістері осылай басталған еді.

Шығармашыл жастармен қызу айналыса бастағандықтан ба қайдам, ол кезде ҚЛКЖО Орталық комитетіне аса көрнекті өнер қайраткерлері Ахмет Жұбанов, Евгений Брусиловский, Сыдық Мұқаметжанов, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов, Гүлжиһан Ғалиева, тағы басқалар жиі-жиі келіп, жас өнердің ала бастаған бағыты мен болашағына қатысты ой-пікірлерін ортаға салатын. Біз де мәдениет пен өнер саласындағы білімімізді толықтыра түскенімізге риза болып, олардың келіп-кетуін күтіп отыратын едік.

Студент шақта қазақ операсының жұлдызы, небәрі 44 жыл өмір кешсе де түгелдей бір дәуір, замана тұлғасына айналған, сахнада теңдесі жоқ, „ай туып келе жатқандай“ боп көрінетін күміскөмей әнші Күләш Байсейітова қатысатын спектакльдер мен концерттердің бірін қалдырмай көруге тырысатын едік. Енді оның көзін көрген, өнердің қызығы мен азабын, ыстығы мен суығын бірге бөліскен жолдастары бізге келгенде ол жөнінде шер тарқата бастаса-ақ, құлағымызды түре қалатынбыз. Мұны байқаған Құрманбек Жандарбеков бірде әңгімені өзі бастап әкетті.

... Күләшті көре алмай, соңына түсіп, сан түрлі саққа жүгіртіп сөз тарататындар аз болған жоқ. Оның арнаулы орта білімі бола тұра (қазақ операсының негізін қалағандардың бәрі де артист боп жүріп оқып, әуездік білім алған) оған, жоғары оқу орнын бітірмеген әншіге, даусына лайықтап арнайы партиялар жазылады деген жала жапқысы келгендер де болды. Газеттер де, „Социалистік Қазақстанды“ қоса, Күләштің атын атамаса да жанама сын айтып, мұқата беретін. Сонымен не керек, 40-қа жақындаған Күләш Мәскеу консерваториясына оқуға түсуге қам жасай бастады. Айтқанымызға көндіре алмай, әлек боп жүргенімізде Алматыға В. В. Барсова келді. Күләш қатысатын спектакльде болғысы келген соң (мен ол кезде театр директоры едім) екеуміз ложаға орналастық. Тамағы кебірситін болғандықтан құрғақ шараптан оқта-текте бір жұтып отыратын әдеті бар екен. Кішкене жозыға қойылған бір шөлмек „Есік“ шарабынан рюмкаға құйып қойдым. Сахнада „Евгений Онегин“ жүріп жатқан. Барсова болса, Күләштің әсем үніне

слітіп, орнынан тұрып кетіп отырды. Мен осы бір қолайлы сәтті пайдаланып қалғым келді.

— Валерия Владимировна, — дедім мен, — сіз қалай ойлайсыз, Күләшқа консерваторияға оқуға түсу қажет пе?

— Мұны қандай ақымақ айтып жүр. Әлде сен бе, Құрманбек, оған осындай кеңес беріп жүрген? — деп тамағын жібітіп отырған шарабын жиып тастап үндемей, тұнжырап отырып қалды.

Күләштың кабинеті театрдың директор ложасы орналасқан қанатында болатын. Ол үзілісте Валерия Владимировнаға өзі келіп сәлемдесті. Барсова Күләшті құшақтап, бетінен сүйді.

— Гулочка, сен шынында да консерваторияға оқуға түссем деген ойың бар ма?, — деп сұрады.

— Иә, — деп жауап берді Күләш, — мен жөнінде әркім әр қилы өсек-аяңын таратқанын қоятын түрі жоқ. Солардың аузын жабу үшін де маған консерватория дипломы қажет болып тұр. Оның үстіне кімге де болса жоғары білімнің зияны жоқ қой.

— Гулочка, сен консерватория бітірмегендіктен кемістік көріп жүрген жоқсың ғой. Сендей лирико-колоратуралық сопрано кездесе бермейді. Керек десең, мен сенімен қатар қоюға болатын бірде бір әншіні білмеймін. Жұрт өзін орыс опера сахнасының жұлдызы деп атайтын мен де саған, сенің даусыңа қызғанышпен қараймын. Сыңғырлаған үнің табиғаттың берген байлығы ғой. Жақсы, оқуға түсерсің, сені қайта түлетуте тырмысады, дауыссыз қалуың да мүмкін. Көре алмаған көп дұшпан не десе о десін, жұмысыңды біл де жүре бер, — деді.

Содан кейін Күләш марқұм, қайтып оқуға барам дегенді аузына алмайтын болды, — деп Қүрекең әңгімесін бітірді.

— Бүкіл дүние жүзінің сахналық өміріне, — деген еді. Қазақстанның халық артисі Қанабек Байсейітов, — П. И. Чайковскийдің „Евгений Онегин“ операсындағы „Татьянаның хаты“ атты көріністегі Татьяна өз партиясын теңселіп жүріп орындайтын кейіпте енген екен. Ал мен болсам, операны қойғанда, әншінің даусы жетпей қала ма деп іштей жүрексінем де Күләш — Татьянаны қайғыдан төсек тартып жатқан әйелдің кейпінде көрсетіп, оның симфониялық оркестрді басып, қоңыраудай сыңғырлап тұрған әсем үніне қайран қалдым.

— Соғыс аяқталып келе жатқан кез. Латиф Хамиди екеуміз „Абай“ операсын жазып, бітіру үшін Алматы маңындағы „Ақсай“ демалыс үйіне орналасқанбыз, — деді бірде бізге келген Ахмет Жұбанов, — оның әр актысы біткен сайын өгіз арбамен қалаға алып келіп, театр ұжымының талқылауына ұсынып жүрдік. Кез келген әуеннің жай-жапсарын дұрыс ұға қоятын Күләш, әсіресе Ажар арияларының кейбіреулерін жақсартатын, тіптен құлпыртып жіберетін ұсыныстар айтып, авторлардың ой-таразысына салатын. Сайып келгенде, оның айтқандары үйлесімдірек болып шыға келетініне қарап, бұрын неге олай құрастырмағанымызға қайран

қалатын едік. Күләш Байсейітованың шығармашылығынсыз қазақ операсының бұрынғысын, бүтінгісін, тіптен ұлттық өрнегін сақтап қалатындай болашағын көзге елестету мүмкін емес.

Грузиндер де Күләштың 1950 жылғы Тбилисиге сапарын жырдай ғып айтады екен. Бір жолы Алматыға гастрольге келген грузин артистері Петре Амиранашвили мен Давид Ангуладзе қазақ тілінде жүріп жатқан Палиашвилидің „Даиси“ операсына грузин тілінде қатысып, мұндай дағды өздеріне ұнағандықтан Күләш Байсейітованы Тбилисиге, грузин спектакльдеріне қатысуға шақырады. Үш спектакльде негізгі партияларды орындауға келісімін берген Күләш бір себептермен „Евгений Онегин“ жүрмей қалып, „Чио Чио Сан“, „Даиси“ операларына қатысады, жеке концерт береді. Қазақ әншісінің тыңдаушыларды баурап алғаны сонша, „Даисидегі“ екі батырдың Күләш — Мароға таласып, бірін бірі шаншып тастауға жақын қалған сәтте жұрттан „Ажыратыңдар!“ деп өтінетін ариясын орындағанда, партердегі грузиндер театрда отырғанын ұмытып, екі тентекті „тәртіпке“ шақыру үшін сахнаға шығып кете жаздапты.

Күләш Байсейітова тек қазақ халқының ғана мақтанышы емес еді. Оның өнерін құрметтеп, құдіретіне бас иетіндер көптеген елдерден табылады. Күләштың шығармашылығын зерттей түсу қажет. Алматыда оның атына мемориал тұрғызу да кезегін күтіп тұр.

1963 жылдың екінші жартысында ойламаған жерден „Лениншіл жастың“ редакторы С. Бөлдекбаев Қарағандыға, облыстық газетке ауысатын болды да, орнына Шерхан Мұртаза (Мұртазаев) ұсынылды.

Орталық комитетке (Ы. Юсуповтың атына ғой деймін) уақытылы дайындала қоймаған бір құжатты жедел жеткізе алмай, әлек болып жатқандықтан, екеуіміздің алғашқы кездесуіміз оғаштау жағдайда өтті. Өйткені, біздегі үгіт және насихат жұмыстарына жауап беретін хатшы Камал Смайылов онсыз да мұрнынан шаншылып жатқан менімен алдын ала келісіп алмай, Мұртазаны шақырып қойыпты. Онымен үлкен үйде келісілді, уақытыңыз болмаса құжатына қол қойып бере салыңыз, қолында билеті бар, Мәскеуден қайтып келген соң-ақ сөйлесерсіз дегенді айтты. Ау, сонда мен мұнда үстел үшін отырмын ба? „Үлкен үй“ деп отырғаны партияның Орталық комитеті, қалыптасқан тәртіп бойынша, оған апарардан бұрын номенклатурадағы қызметкерлермен осында кездесіп, ұсыныс әзірленетін. Камал болса, Орталық комитет айтты деп шапқылай бергенге ұқсайды. Ашу кернеп, жарылып кете жаздап отырсам да, оның іс-тәжірибесінің аздығын ескеріп, сыр білдірместен, „жұмыс жөнінде қайтып келген соң сөйлесерміз“ деп, оң сапар тілеп, пакетті Мұртазаның қолына ұстата салдым. Ол үдемесе де, ішінен „мынауың бір мінезіне адам түсініп болмайтын біреу ғой“ деп ойлаған болар. Камалдың ұшқалақтығынан жағдай солай болды, оған мені де, оны да кінәлауға болмайтын еді.

Мәскеуден алдын ала бекітіліп келгеннен кейін Шерхан Мұртазамен жиі жолығып тұратын болдық. Әңгімеміздің негізгі

тақырыбы газет төңірегінде болатын. „Лениншіл жас“ қанатын қомдап, жастардың танымал, сүйіп оқитын газетіне айнала бастады. Әсіресе ауыл жастарының өміріне арналған әдеби мақалалар, очерктер тартымды болатын. Тегі, қазіргі танымал ақын-жазушылардың бірқатарының қаламының „Лениншіл жас“ арқылы ұшталғаны да оның редакторының қызметімен байланысты еді.

Кезінде „Лениншіл жас“ газетінің редакторлығына „Социалистік Қазақстанның“ меншікті тілшілігінен ауыстырылған Шерхан Мұртаза, өзінің сан қырлы шығармашылығымен қаламы төселген публицист, белді жазушы-прозаик, драматург деңгейіне көтерілді. Оның „Қызыл жебе“ романы, „Сталинге хат“ драмалық пьесасы, басқа да көркем туындылары қазіргі қазақ әдебиетінің шоқтығынан көрінетін шығармалар.

Мұртазаның замандастары арасында беделінің жоғары екенін, алғаш танысқаннан кейін 25 жылды артқа салып, „митингтік демократияның“, бейпілауыз „жариялылықтың“, „пікір сайысының“ қайнап жатқан мезетінде, 1989 жылы сол баяғы „Егемен Қазақстан“ (бұрынғы „Социалистік Қазақстан“) газетіне бас редакторлыққа ұсынғалы алып барғанымда, оның кандидатурасының ұжым тарапынан қалтқысыз, толық қолдау тапқанынан да көрдім.

Қазақстан Республикасының депутаты ретіндегі қызметінің тиімді болғаны да республика жұртшылығына мәлім.

Бір азамат сондай-ақ болсын!

Комсомолда тек шығармашылығымен ғана емес, қажырлы еңбегімен, қоғамға пайдалы іс-қарекеттерімен де өзгелерге өнеге болатын жас озаттардың әрбір салада қалыптасуы құпталатын. Болашағынан үміт күттіретін дарынды жастарды дер кезінде байқап, тезірек өсіп-жетілуіне болысу, бізге, комсомол қызметкерлеріне қасиетті борышымыздай болып көрінетін. Сол жігіттер мен қыздардан кейіннен белгілі өндіріс ұйымдастырушылары, ғылым мен өнер, мемлекет қайраткерлерінің шыққанына мақтаныш сезімі бойымды билеп алатыны рас.

Жас шопандардың республикалық слетінде өздерінің адал еңбегімен жастарға үлгі болған атыраулық Сақан Дәулетқалиевпен, жетісулық Есболат Әбдіқайымовпен қатар оңтүстікқазақстандық Айтбек Мұсаевтың да аты аталған еді.

Айтбек Мұсаев Оңтүстік Қазақстан облысы Шәуілдір ауданындағы „Темір“ кеңшарында бірнеше жыл бойы қой бағып, әрбір жүз саулықтан 190 қозы алғаны үшін Ленин орденімен наградталды, кейіннен ірілендірілген шопандар бригадасына басшылық етті. Құрамында 12 адамы бар шопандар ұжымының қарауына 2635 қаракөл саулығы, 5, 5 мың гектар жер оның бес жүзі айдалатын еді, тіркелетін тырмаларымен қоса 2 „Беларусь“ тракторы, жемұнтақтағыш, электростанция, екі пәтерлі үш үй, монша, қызылбұрыш бөлініп берілген болатын. Малды бірігіп, алмасып бағу арқылы шопандардың жұмыстан бос, демалыс уақытын дұрыс пай-

далануына, жайылымдықты реттеп ұстауына, қойды суару, жүнін қырқу, тасымалдау сияқты бірлесіп қимылдауды талап ететін үрдістерді механикаландыруына мүмкіндік беретін еңбек ұйымдастырудың осы бір жетілдірілген түрін өндіріске өндірудің алғашқы сапында болған Айтбек, жолдастарымен бірге механизатор, сұрыптаушы, ұрықтандырушы, техник-электрик мамандықтарын қатар игерді. Мал өсіруді білімін көтерумен ұштастырып, әуелде Жамбылдың мал дәрігерлік техникумын, кейіннен Алматының мемлекеттік мал дәрігерлік институтын бітірді.

Ол басқарған бригада 1964 жылдың өзінде-ақ айтарлықтай табысқа жетті: әрбір жүз саулықтан 155 қозы алды, қаракөл қойдың әрқайсысынан 2, 4 килограмм жүн қырықты, елтірінің 89 процентін мемлекетке бірінші сортпен өткізді.

Жетіжылдық аяқталып келе жатқан. „Темір“ кеңшарында болғанымда Айтбектің бөлімше меңгерушісіне „жоғарылатылғанын“ есітіп, ұжым басшылығына ренішімді білдірдім.

— Сіздерді түсінсем бұйырмасын. Енді ғана шиыршық атып келе жатқан гүлді жұлға бола ма? Тым болмаса жетіжылдық аяқталғанша тұра тұруға болатын еді ғой. Бөлімше „басқаратындар“ онсызда баршылық. Ал ірілендірілген, механикаландырылған шопандар бригадасына білікті жетекшіні қайдан алмақсыздар? Айтбек болса, комсомолдың Орталық комитетінің мүшесі. Оны басқа қызметке ауыстырарда бізбен алдын ала келісіп алу керек емес пе еді?

Директор қысылыңқырап қалды да:

— Ойбой-ау, біз ол жағын ойламаппыз ғой. Айтбектің қызметін үлкейттік деп мәз болып жүре беріппіз, — деп лыпылдап жатты.

Мен енді Айтбектің өзіне тиісіп:

— Тіпті солай-ақ болсын. Ал сенің өзің-ақ бізге телефон соғып, ақылдасып алуыңа болатын еді ғой, — дедім. Ол:

— Мен қайдан білейін, сіздермен ақылдасқан шығар деп ойлаған едім, — дегенді айтты.

Әрине, Айтбек Мұсаевқа тағы да біраз істеп, іс тәжірибесін бекітіп алуы керек еді. Олай болмағаны өкінішті-ақ болды. Оның үстіне „үлкейгеннің“ арқасында жетіжылдықтың қорытындылары бойынша Айтбекке медальды ғана қанағат тұтуға тура келді де, кеңшар директоры Ш. Ерманов Социалистік Еңбек Ері болып шыға келді.

Қандай формализм десеңші. Арада азғана үзіліс болса да, жас шопанның бұрынғы жетістіктері қаперге алынбады. Ал ол басқара бастаған бөлімшенің көрсеткіштері Еңбек ері түгіл, басқа бір қатардағы орденге де тұрғысыз еді.

Айтбек Мұсаев көп жылдар бойы кеңшарда зоотехник болып істеді, қазір оның директоры және сондағы акционерлік қоғамның президенті. Ел құрметіне бөленген азамат.

Комсомолдық жолдамамен Теміртауға, „Қазақстан магниткасы“

деп аталып кеткен Қарағанды металлургия комбинатына тұрақты жұмысқа жіберілген қазақ жастарының алғашқы тобында Нұрсұлтан Назарбаев та болған. Металл қорытуды Днепропетровскіде кәсіптік-техникалық училищеде оқып жүріп, украин жұмысшыларынан үйренген жас жігіт Қарағанды металлургия комбинатында алғаш шойын қорытылғанда оның басы-қасында болды. Сегіз ай өтпей жатып, жоғары разрядқа ие болды. Горновой болып істеді. Комбинат жанындағы завод-ВТУЗ-ға оқуға түсті. БЛКЖО Орталық комитетіне мүшелікке кандидат болып сайланды.

Одақтық комсомолдың ХІҮ съезіне мен ҚЛКЖО Орталық комитетіне бірінші хатшылыққа сайланғандықтан, ол — БЛКЖО Орталық комитетінің құрамына ұсынылатындықтан делегат болмасақ та шақырылған едік. Съезге қатысатын Қазақстан делегациясын Мәскеуге пойызбен жіберіп, өзім ұшақпен барып, Қазан вокзалынан қарсы алдым. „Нұрсұлтан, қалің қалай?“ десем, Алматыда съезде көргенімен ұмытып қалған болар, „Сіз кім боласыз?“ деген қарсы сұрақ естідім. Қасындағы жолдасы жеңінен тартып, құлағына сыбырлап бірдеме айтып жатты.

Нұрсұлтан Назарбаевпен осылай танысқан едім. Бұл 1962 жылдың сәуір айы еді. Содан 1970 жылдың аяғына дейінгі оның азамат ретінде, комсомол қызметкері, партия қайраткері болып қалыптасуы менің көз алдымда өтті. Қалыптасқан тәртіп бойынша басшы комсомол қызметкерлерінен тиісті партия комитетімен келісілген және қажет жағдайда өз орнына қызметке ұсынуына болатындай резерв дайындау талап етілетін. Резерв әдетте қызметтестердің (функционерлердің) екі — үшеуінен құралатын да, олардың біреуі міндетті түрде жұмысшылардан белгіленетін. Нақтылы өмірде жүзеге асырыла бермейтінімен резервтегілерді комсомол қызметіне баулуға қатысты жұмыстың мәнін олар сезіне қоймайтындай етіп жүргізу міндеттелетін. Қазақстан комсомолы Орталық комитетінің бірінші хатшылығына белгіленген резервте Н. Назарбаевтың да кандидатурасы болатын. Тезірек ысыла түссін деген ниетпен қасымнан қалдырмай, әртүрлі одақтық, республикалық жиындарға қатыстырып, үлкен мінберлерден сөйлетіп, үнемі өзіммен бірге алып жүретін едім. Бір жолы Ленин мавзолейінің мінберінде де бірге тұрдық.

Ол былай болып еді. Бүкілодақтық пионерлер шеруі өткелі жатқан. КПСС Орталық комитеті Саяси бюросының мүшелері тұратын мавзолейдің мінберіне БЛКЖО Орталық комитетінің бюро мүшелері де шақырылған еді. Кремльден шығып келе жатсақ, Никольск қақпасының аузында Нұрсұлтан мен ақмолалық механизатор Виктор Дубинин екеуі кездесе кетті. Нұрсұлтан: „Аға! Бізді Қызыл алаңға жібермей тұр!“ дегенді айтты. Менің екеуіңе бірдей беретінім жоқ, қаласаң мынамен алаңға кіре ғой деп біліп қойса қиын болатынын ойламастан, пропускімді қолына ұстаттым. Тек мавзолейдің мінберіне көтеріліп жүрме, ұят болады — деп ескерттім.

Қызығы содан кейін басталыпты. Бұл барып Қызыл алаңның қонақтар тұратын мінберлеріне жақындаса, кезекші офицер (КГБ қызметкері) пропускін сұрап, көріп алып: „Жігітім, саған мұнда тұруға болмайды, аңда бар“ деп мавзолейді нұсқапты. Одан әрегірек, мавзолейге жақындап барып тұрса, әлгі кезекші тағы да келіп „Жігітім сен қандай дарақы едің. Адамға өмірінде бір рет Ленин мавзолейінің мінберінде тұруды тағдыр қоса ма, жоқ па, сен онда көтерілгің келмейді, мұның қалай?“ деген соң, Нұрсұлтан мавзолейдің төменгі сатысына көтеріле бергенде, БАКЖО Орталық комитетінің хатшысы Ю. Торсуев (ол жұмысшы жастармен айналысатындықтан, онымен таныс болатын) Нұрсұлтанға мінберге шақырып алып кетеді. Мен сыр білдірмей, қасына барып, қолын қысып едім, ол: „Шығуын шықсам да, мұнда кімдер тұрмады, Сталин де тұрды ғой деп толықсып тұрғаным“ дегенді айтты жай сыбырлап. Мен оған „Енді қымсына бермей, тұзу тұр“ дедім де орныма кеттім.

Ертеңіне сағат 8 болмай жатып, Нұрсұлтанның қолында „Пионерская правданың“ кезекті саны, қуанышының шегі жоқ, маған өзінің де суретке түсіп қалғанын көрсетіп, кешегі Қызыл алаңдағы өзімен болған оқиғаны басынан-аяқ айтып берді.

Комбинатта жұмыс істеп жүргенде Назарбаевты Теміртау қалалық партия комитетіне нұсқаушылыққа ұсынады. Бюро мәжілісінен шыға сала, маған Алматыға телефон соғып, нұсқаушы болып бекітілгенін айтты. Мен ренжігенімді жасыра алмай, „Ау, сонда сені нұсқаушылыққа дайындап жүр ме едік. Горновой болу да мақтанышты еді ғой!“ дедім. Ол болса, менің пікірімді біле сала, қалалық партия комитетіне қайта барып, нұсқаушылықтан бас тартатынын айтыпты.

Қалалық комитеттің хатшысы Л. М. Катков бюро мәжілісін шақырып жіберіп, қызметтен бас тартқаны үшін бұған есеп карточкасына жазылған қатаң сөгіс жариялайды. Нұрсұлтан маған қайтадан телефон соғып, болған істі баяндады. Шамасы, жұмыс басты болып ұмытып қалған шығар, ол өзінің „Оң бағытпен де, сол бағытпен де емес“ деген кітабында Мәскеуге, С. П. Павловқа телефон соғып едім дегенді айтады. Ал шынында олай емес еді. Оны бірінші хатшы В. К. Акулинцев орнында болмағандықтан, мен өзіне телефон соққан обкомның сол кездегі екінші хатшысы Сұлтан Досмағамбетов те жоққа шығара қоймас. Өйткені, „Егер жас коммунист көңілі соқпай, ұсынған қызметтен бас тартса, оны дереу партиядан қуып, немесе қатаң сөгіс жариялап, есеп карточкасына түсіріп қою керек пе? Катковтың мынасы сорақылық қой“ дегенімде дереу шұғыл шара қолданатынын айтқан еді.

Бәлкім, елбасы өзінің қазіргі тұғырының биігінен осындай ұсақ-түйекте біз сияқтыларға „қарыздар“ болып көрінуге қымсынатындықтан Павловқа сілтеп отырған шығар. Сұлтекең болса нақтылы істің адамы еді. Сол күні-ақ, төрт сағат өтпей жатып,

обкомның секретариатын шақырып, Теміртау қалалық партия комитетінің Н. Назарбаевқа есеп карточкасына жазылған қатаң сөгіс жариялаған қаулысын бұзып, Катковтың өзіне қатаң ескертіпті. Мұны да маған обкомнан бұрын телефон соғып, Назарбаевтың өзі хабарлаған болатын. Оның „Аға, мұнан былай газовщик болып істейтін болдым“ дегенін де сол жолы естіген едім.

Біраз уақытты артқа салып, Нұрсұлтан Назарбаевты Теміртау қалалық комсомол комитетінің хатшылығына өзім ұсындым. Акулинцев оны көндіре алмағанын хабарлады. Менімен оның өзін байланыстыруды өтіңдім. Телефонға шақырылған Нұрсұлтаннан: „Сенің мұның қалай, неге келісіміңді бермедің?“ деп сұрағанымда, „Ұсыныстың сізден шыққанын білгенім жоқ. Оның үстіне, өткенде өзіңіз ондай қызметке баруға болмайтындай ыңғай көрсеткен едіңіз ғой дегенді айтты. Мен оған: „Ол кезде сен әлі үйленген жоқ едің, институтты да бітірген жоқ болатынсың. Стажың да, жалпы дайындығың да төмендеу болатын“ дедім. Ол мені түсінгендей болды. Сөйтіп, қалалық комсомол комитетіне сайланды. Көп ұзамай-ақ, Теміртау қалалық партия комитетіне екінші хатшылыққа жоғарылатылды, Қарағанды металлургия комбинаты парткомына хатшы болып сайланды.

Дәл осы сәтте менің өзім де Торғай облысына партия қызметіне ауыстым. Арқалыққа кетіп бара жатып, Нұрсұлтанмен жолшыбай Қарағанды аэропортында біраз әңгімелестік. „Саған үлкен үміт артылып отыр, Қазақстан магниткасының парткомына анау-мынау адам хатшы болып сайлана бермейді. Мәскеудегі, Алматыдағы басшылардың қайсысының болса да есігін аяғыңмен теуіп ашып, кіре беретін болдың“ деп күлдім. Ол да тағдырына риза екенін аңғартқандай болды.

Бұрынғы моральдық өлшеммен қарасақ, комсомол арқылы тәрбие мектебінен өткен басқа да ондаған, тіптен жүздеген өнегелі азаматтардың қатарына манағы Бүкілодақтық пионерлер шеруі басталарда Кремльдің Никольскі қақпасының алдында Нұрсұлтанмен бірге бізге кездескен, қазір өкінішке орай арамызда жоқ (оны ұмыт қалдырып, өмірін сақтай алмапты) ақмолалық механизатор Виктор Дубининді де жатқызуға болар еді. „Болар істің басына, жақсы келер қасына“ дегендей, жастар арасында кеңінен қолдау тапқан „трактор+трактор“ (тракторға трактор қосайық) атты қозғалыстың бастаушысы болған Виктор үш жыл ішінде өзіне бекітілген трактормен күрделі жөндеусіз жұмыс істей отыра, 2581 сом үнемдеген болатын. Егер ДТ-54 тракторы сол кездегі бағамен 2250 сом тұратын болса, ол үнемдеген қаржыға тіркем құрал-саймандарымен қоса тағы да бір трактор сатып алуға болатын еді.

Виктордың жерлесі, ақмолалық Емберген Қасенов егістік жер мен техниканы тиімді пайдалануға бағытталған тыңдағы еңбек ұйымдастырудың отрядтық жүйесін енгізудің алғашқы бастаушылардың бірі болды.

В. Дубинин мен Е. Қасеновтың еңбек тәртібін нығайтуды моральдық қасиеттермен ұштастыратын бастамаларының қолдаушылары 60-жылдарда Қазақстанның қай облысынан болса да көптеп табылатын еді.

Қарағандылық құрылысшы Анатолий Ризванов, кенші Владимир Волков, павлодарлық слесарь Жеңістік Қожахметов, атыраулық мотористка Клара Бекешова, шығысқазақстандық фрезеровщик Владимир Шумский, талдықорғандық сауыншы Шайбала Тергеуова, алматылық ғалымдар Мұрат Хамраев пен Еділ Ерғожин, қойды шапшаңдықпен қырқудан екі дүркін Одақтың чемпионы атанған жамбылдық механизатор Шотай Тойбағаров жайлы да көптен көп жылы лебіз айтуыма болады.

Өткен ғұмырыма бүгінгі алпыстың шоқтығынан үңілсем, алдыңғы буын — ағалардың ықпалымен ағымға ілесіп, елпідеген лепірме қасиетті бойына сіңірген ұрпақтың өкілі болып та көрінуім мүмкін. Бірақ соның өзінде де „Партия айтты, комсомол “Құп!” дедіге сала бермей, айналадағы ортаға, өзіммен тұстас қоғамда қалыптаса бастаған қал-ахуалға сын көзімен қарап қызмет етуге тырысып келдім. Мұны комсомолдың съездерінде, Орталық комитеттің пленумдарында жасалған баяндамалардан, сөйленген сөздерден, жарияланған мақалалардан, шығарылған брошюралардан аңғаруға болады. Ал егер олардан жас ұрпақты баурап алатындай шабытқа, қарқынға шақырған үндестік кездессе, ол үшін кінәлаудың қисыны бола қоймас. Өйткені, мұның өзі замана талаптарынан туындалған еді.

Жасыратыны жоқ, жастарға шама-шарқы беймәлім, Торғай облысына менің қызметке ауысуым бірегей дұрыс қабалдана қойған жоқ. Бұл жөнінде Қостанай облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Петр Черныш былай деген еді:

— Біз бәріміз жиналып Қонаевқа да бармақ болдық. Бірақ пленумда сөйлеген сөзінде С. Н. Имашев „Сендер қам жемендер, әлі-ақ, жыл жарым өтпей жатып, Жәнібековтеріңді ақбоз атқа отырғызып қайтып әкелетін боламыз” деген соң тынышталдық.

Мұның жастардың көңілін аулау үшін айтылған көптірме сәуегейлік екенін олар қайдан білсін? Орталық партия комитетінің хатшысына бұлай сөйлеудің өзі де пендеге тән жұқалықтың айғағы болып шықпайды ма? Торғайдың өзге облыстардан кем емес екенін басқа да, жұртқа танымал эпитеттермен жеткізуге болатын еді ғой.

Әрине тоғыз жылға жуық ҚЛКЖО Орталық комитетінде бірінші хатшы болып істеп, өзінді мәпелеп өсірген жастар ұйымымен қош айтысу мен үшін жастықпен қоштасу еді. Бірде ҚЛКЖО Орталық комитетінің кезекті пленумы жүріп жатқан күні Алматыға іс-сапарымен келген мені, Құрмет грамотасын тапсыру үшін оның мәжілісіне қатысуға шақырды. Шынымды айтсам, өзіме көптен таныс залға бірінші рет жүрегім лүпілдеп, бойымды толқу билеп әрең кірдім де, ең соңғы қатарға, бұрынғы ақмолалық әріптесім С. Хабибулиннің қасына отыра кеттім. Менен кейін бірінші хатшылыққа

сайланған Зақаш Камалиденов, біраз бұрын БЛКЖО Орталық комитетінде менің атыма Е. М. Тяжельников айтқан жылы лебізге қосылатынын білдіре, комсомолдағы көп жылғы еңбегім үшін ҚЛКЖО Орталық комитетінің Құрмет грамотасымен нағрадалғанымды хабарлады. Бүкіл залдың ортасымен мінберге өтіп бара жатып көзіме түскені жұрттың түгел тұрып, ұзақ қол шапалақтағаны еді. Мұндайда не айта қоясың, аса үлкен толқу үстінде екенімді білдірмеуге тырысып, өзімді өзім ұстаған болып қысқаша ғана, Қазақстан комсомолына, залда отырған қызметестеріме рахметімді айтып сөз сөйледім.

Комсомол қызметінің ыстық-суығын бірге бөлісіп, „құлан иекте тепсе темір үзген“ достарыммен осылайша қоштасуға тура келді. Әңгімеіздің орайына қарай қиын да қызық, азабы мол бола тұра, құштар көңілге қонымды жастар арасындағы жұмыста көрсеткен көмегі мен сүйеуі үшін қызметтес достарым — БЛКЖО Орталық комитетінің бірінші хатшылары Сергей Павлович Павловқа, Евгений Михайлович Тяжельниковке, Борис Николаевич Пастуховқа осы бір жолдар арқылы шын жүректен шыққан ыстық сезімді білдіруді жөн көрдім.

Қазақстан ЛКЖО Орталық комитетінің хатшылары С. Кенжебаевпен, Қ. Егізбаевпен, М. Есенәлиевпен, Н. Петрушинмен, И. Зарубинмен, А. Ыбыраевамен, Қ. Құнантаевамен, К. Смайыловпен, К. Аухадиевпен, Қ. Тұрсынқұловпен, тағы басқа әріптестеріммен, облыстық ұйымдарды басқарған М. Жақсыкелдиновпен, П. Чернышпен, Т. Шәкәрімовпен, Д. Боповамен, Т. Байталиевпен, А. Айдосовпен, Ә. Сабиоровпен, М. Есмағамбетовамен, В. Лазукина — Сидоровамен, С. Хабибулинмен, Д. Әбдірахимовамен, Ж. Әмірхановамен, Алматы қалалық комсомол ұйымының мектебінен өткен Ғ. Бибатыровамен, Ғ. Мырзағалиевпен, Ә. Баталовпен, тағысын тағылармен жастықтың тұлпарын бірге мініп өткізген отты жылдар менің жадымда мәңгі сақталып қала бермек.

ЕСТЕ ҚАЛҒАНДАРДАН

Тегі менің жұлдызым оңынан туған болса керек. Қызмет бабымен бұрынғы Одақтың түкпір-түкпірлерінде, дүние жүзінің бір қатар елдерінде болып, дәм-тұзын таттым, заттық мәдениетімен, тұрмыс-салтымен, дәстүрлі өнерімен танысуға мүмкіндік алдым. Талай-талай ұлы адамдармен кездесіп, салихалы сөздерін есітіп, көңіліме тоқыған сәттерім есте қаларлықтай болды. Тек ақпарат құралдары арқылы жасалатын қайраткердің саяси портреті мен өзімен жүздесіп, тілдескенде байқағанның арасында алшақтық көрінсе-ақ, бойыңды билеп алатын реніш сезімі болмаса, лауазымдылармен кездескенге не жетсін.

Менің әсіресе Хо Ши Минмен кездесуім (1964 ж.) көңілімде өшпес із қалдырған оқиға болды.

Кеңес жастарының делегациясын аты аңызға айналған ұлы ақсақалдың өзі қабылдайды деген „үш ұйықтасақ, түсімізге де кірмеген“ еді. Елге қайтарға бір күн қалғанда, ертең сағат 10-да президенттің қабылдауында болатынымызды естігенде қуанышымыз қойнымызға сыймады. Тек бізді ойландырған жалғыз нәрсе әкелген базарлығымызды вьетнамдық достарымызға таратып үлгіргендіктен атамызға сыйлайтын аса бағалы заттың қалмағаны еді. Менде пүліштеп сырып тіге салынған қарапайым қазақ тақиясы ғана бар болатын. Неде болса ескі дәстүрмен атамыздың басына соны кигізуді жөн көрдік.

Уақтылы келіп, президенттің кішігірім қабылдау бөлмесіне енгенде көргенім қайран қалдырды. Қандай қарапайымдылық десеңші! Бөлменің ортасындағы бес адамға арнап дастархан жайылған жозыға неше түрлі шығыс тәттісі, жеміс-жидек қойылыпты. Қасында Вьетнам жастарының жетекшісі Ва Куанг бар, өзіміз көріп жүрген президенттерден көрі қазақ ауылының көреген шалына көбірек ұқсайтын мейлінше қарапайым киінген, аласа бойлы, шоқша сақалды қарт бізбен қол алысып амандасып, орысшалап қалай орналасқанымызды сұрады да, дастарханға отыруды өтіңді. Кофе құйыла бастады.

Менің қазақ екеніме көңіл аударып, Қазақстан астанасында екі рет болғанын — Коминтерн тарқатылғаннан кейін 1944 жылы Алматы арқылы шекарадан өтіп, монахтарша киініп алып Контонда біраз тұрғанын, онан Вьетнамға келіп, 1945 жылғы тамыздағы халықтық төңкеріске басшылық еткенін, ал 1961 жылы ВДР президенті ретінде ресми сапармен Алматыда тағы да болып қайтқанын, өзіне көрсетілген сый-құрметтің, әсіресе қаланы күнгей жағынан қоршаған таудың әсем табиғатының, Алматы апортының есте қалғанын айтып берді.

Бізбен әңгімесінде Хо Ши Мин экономикамен Фам Ван Донгтың айналысатынын айта келіп, бұл мәселе бойынша өзіне сұрақ қоя бермеуді өтіңді. Делегация басшысы Ю. Торсуевтың вьетнам жастарынан алған әсеріміз жөнінде айтқандарын тиянақтай келе, Хо Ши Мин өз отанын қайта біріктіруде жастарға үлкен міндет жүктелетініне тоқталды. Әлеуметтік мәселелер төңірегіндегі ойын өрбіте келе, қоғамның бала табуға саналы түрде шек қоюға мәжбүр болып отырғаны, мұның отыз жыл бойы жүріп жатқан соғыстың зардабынан елді азық-түлікпен қамтамасыз етудің қиыншылықтарынан туғаны жайында айтып берді. Шынында да біз барған кезде, Вьетнам комсомолының ұйғаруымен жастар арасында, әсіресе қыздарға қатысты „үш нәрсені (махабатты, күйеуге шығуды, бала табуды) кейінгі қалдыра тұрайық!“ атты қозғалыс өрістей бастаған болатын. Қозғалысқа қатысушы қыздар 26 жаста, еркектер 30 жаста ғана от басын құрай алатын болған. Бірақ мұның заң арқылы

қуштеу жолымен емес, адам құқығын қорламайтындай, әркімнің өз еркімен іске асырылатыны ескерілген екен.

Бар өмірін халық игілігіне арнап, оның мүддесін қорғағаны үшін, қуғын-сүргінге түсіп, талай рет қамауға алынып, абақтыға жабылған, бірде сырттай өлім жазасына да кесілген Вьетнам халқы көсемінің салқын қанды, парасатты да пайымды, ана тілінен басқа француз, орыс, қытай, лаос, кхмер тілдерін жете игерген және олардың мәдениетімен де таныс, заманының асқан ойшылы болғаны сөз саптасынан да байқалды. Сол кездегі кеңес ақшасына шаққанда 120 сом мөлшерінде айлық алатын Вьетнам президентінің үйі тап-тұйнақтай, ұқыпты және жұпыны тұрмыс құрудың бірден бір нұсқасындай еді.

Рас, ел арасында көсемнің жеке басына табынушылық бар. Бірақ ол дүниежүзінің бірқатар елдеріндегідей, белгілі бір топтардың мүдделеріне сай қолдан жасалған құбылыс емес, халықтың адал ұлына өзі туғызған сүйіспеншілігінің белгісі іспетті. Өз басым бұрын-соңды, халқымен осыншама біте қайнасқан, қарапайым да кішіпейіл ел басшысын көрген емеспін. Ол солай болып тарихқа енді, уақыт оны өзгерте алған жоқ.

Кездесуіміздің соңында мен өз атымнан да біздің делегацияға көңіл бөлгені үшін Хо Ши Мин атамызға шын жүректен шыққан ықыласымды білдіріп: „Қазақта ел қадір тұтқан кісіге ат мінгізіп, шапан жабатын дәстүр бар. Өкінішке орай, ондай жора-жолғыны ұшаққа сыйғызып, алып-келе алмадық. Әйтседе, сол дәстүрмен Сізге, қазақ ақсақалының тақиясын сыйлағым келіп тұр. Көп жасап, алға қойған мақсатыңызға жетіңіз!“ деп тақияны президентке кигіздім.

Хо Ши Мин рахметін айтып, „Давай, бірге суретке түсейік“ деді. Сол сурет менде сақтаулы еді. 1969 жылы 3-қыркүйекте ол кісі дүние салғаннан кейін, тарихтың үлесіне тиген осы бір фотосуретті үлкейтіп, үйге іліп қойдым.

Бірде жастар делегациясымен Цейлонда (Шри Ланка) болғанда (1968 ж.) елдің мемлекеттік тәуелсіздігін нығайта түсу мақсатымен құрылған демократиялық партиялар блогінің белсенді ұйымдастырушыларының бірі Петре Кейнеманмен, оның серіктесі Викрамасингхемен кездестік. Әңгіме президенттік республика үшін күрес, елдегі саяси күштердің ара салмағы, жастар қозғалысы, халықтың қал-ахуалы жайында болды. Ол кезде Тамил сепаратистерінің қимылы онша белең ала қоймаған болатын. Бәлкім, сондықтан болар, мәселенің бұл жағына баса көңіл аударылған жоқ.

Жастар ұйымдарының жұмысымен танысу (олардың әрқайсысына бір-бір күн уақытымыз кетті) қызғылықты болды. Әсіресе жұмыссыз студенттермен (оқу орнын бітіргендер өздерін осылай атайды екен) кездесу әсерлі болды. Дені сау, әдемі жігіттердің жабырқай күлімсіреген, қасіретті көзқарасы әлі есімнен кеткен емес. Сіздің елге жұмысқа баруға бола ма? деген жалғыз сұрағына да тиянақты жауап айта алмадым. Мұндай

мәселелер ол кезде тек екі мемлекет арасындағы келісіммен ғана шешілетін.

Менің қай елде болсам да ең алдымен оның тарихымен, тұрмыс-салтымен, дәстүрлі өнерімен танысуға қызығатыным бар. Соны байқаған д-р Викрамасингхе бір күні өзі қамқорлық ететін будда ғибадатханасындағы көне қолжазбалармен, ескі кітаптармен танысып, цейлон билерін көріп-тамашалауға шақырды. Будда сәулеткерлігінің тамаша ескерткіші болып табылатын ескі ғибадатхананың бір залына біз үшін дастархан жайылыпты. Бізге „Дәм татыңыздар“ десе де, д-р Викрамасингхемен екеумізден, тәржімашыдан басқа бір жан тамаққа жақындаған жоқ. Мұның мәнісін сұрағанымда, жұма — буддистердің дәм татпайтын күні екенін айтты. Тамақтанып болған соң, ғибадатханадағы көне қолжазбалар, ескі кітаптар коллекциясымен таныстық. Әні-міні дегенше ғибадатхананың ауласына 1, 5—2 мыңдай адам жиналып та қалыпты. Жиналғандарға арнап дінбасыларының бірі сөз сөйледі. Кеңес елінде болғанын, құрметпен қабылданғанын айта келіп, біз отырған жаққа нұсқап: көңіл бұрыңдаршы, төртінші қатарда салауаттығы дене бітімінен де көрініп тұрған екі жігіт отыр. Бұлар сол елдің азаматтары, дені қандай сау болса, тәні де сондай таза болуға тиіс. Елге, халыққа, Отанға қызмет еткілерің келсе осылардан үлгі алыңдар — деп сөзін бітірді.

Ойын-сауық та басталып кетті. Цейлонның халық билері. Маска киіп, әр түрлі жануарлардың, жыландардың, құстардың кейпіне еніп, олардың қимылын көрсеткенде иланбасқа болмайды. Ұрма аспаптарда ойнап, бишілерді сүйемелдеген әуешшілердің өнері де өз алдына әңгіме етуге тұрарлық. Шынымды айтсам, би мәдениетінің ұлттық дәстүрлері жүздеген, тіптен мыңдаған жылдарға кететін елдерде болғанда да Цейлондағыдай қызуқанды шапшаңдықты, асқан шеберлікті талап ететін үйлесімді билерді көрген емеспін. Сол бір кеште жаратқан ием біреуге берем десе, үйіп-төге салады екен-ау деген қызғаныш сезімі бойымды билегені де рас. Мұндай елдердің Еуропа мәдениетіне бой ұсына қоймайтыны да осындай құдіретімен байланысты болса керек.

Елдің саяси тәуелсіздігін орнықтыра, экономикасын өркендету түсуге күш салған ері Соломон Бандаранайке 1959 жылы кертартпа күштердің қастандығынан опат болғаннан кейін, ол құрған Тәуелсіздік партиясының басшысы болып сайланған және 1960—1965 жылдарда дүниежүзілік дағдыда әйелдерден бірінші болып премьер-министрлікке тағайындалған Сиримаво Бандаранайке ханыммен үйінде кездестік. Ол кісі өте қонақ жай адам екен. Бізге арнайы дастархан жайып, ерінің қалай опат болғаны жайында айтып берді. Мәскеуде болғанда көргендерін есіне алды. Әсіресе Екінші Екаторинаның көйлегін, кружеваларын, алқасын, басқа да көрікті заттарын әңгімесіне арқау етті. Елдің жағдайы, жастар қозғалысы жөнінде біраз мағлұмат алдық.

Әлден уақытта әңгіменің аяқталып келе жатқаны сезіле бас-

таған соң, Сиримаво Бандаранайке ханымға В. И. Лениннің „Правданы“ оқып отырған сәттегі фотопортретін сыйға тарттық. Портретті қабылдап алып, трюмоның үстіне қойып жатып, Сиримаво Бандаранайке ханым: „Цейлонда біздің өз Лениміз бар. Ол Солонмон Бандаранайке“ деді. Шынтауайтына барсақ, солай да болар. Өйткені, әр халықтың өз көсемі болатыны хақ. Оны сырттан ендіруге болмайтынында сөз жоқ. Сиримаво Бандаранайке ханым болса, ерінің салған жолымен туған халқын прогреске жеткізу үшін күреске белін буған адам.

1970 жыл. 7-қарашада Алматыдағы Орталық алаңда өткізілген мерекелік шеру кезінде партия мен үкімет басшыларымен бірге мінберде тұрғанда мені басқа қызметке ауыстыра қоятындай нышан көрмедім. Ертеңіне, 8-қарашада мейрам күні екеніне қарамастан, Өскеменге іс сапарымен жүріп кеттім. 9-қарашада таңертең Орталық комитеттің партиялық ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі В. К. Севрюков телефон соғып, жедел қайтып оралуымды сұрады. Аэропорттан тікелей оған соқсам, алды-артыма қаратпай Д. А. Қонаевқа алып бара жатты. Жол-жөнекей не үшін шақыртқанын сұрағанымда айтқаны менің партия қызметіне ауысатыным жайында болды. „Қайда?“ — деп едім, — „Торғай обкомына хатшылыққа“ деген жауап алдым. Ал бірінші хатшылыққа кімді ұйғарып отырсыздар? дегенімде, Сақан Құсайыновтың ұсынылатынын айтты.

Өз басым қиыншылықтан қорқа қоятын адам емеспін, әйтсе де, көп жағдайда қатардағы хатшы қызметінің сәтті болуы біріншінің ыңғайына байланысты болатынын талай рет көрдік қой. Егер анкетасына, қайсы бір „айқындауыштарына“ қарап, бірінші хатшы сияқты биік лауазымға әпербақан сайланса, еңбегім заяға кетті дей бер. Сақан Құсайынов болса, маған бұрыннан таныс, аудандық комитетте хатшы болып жүргенде ауданында комсомол конференциясында болғаным бар-тын. Талабы күшті, нағыз еңбек адамы еді.

Мұны есітіп, көңілім орнына түсе бастағаныммен, ұзаққа бармады. Көпті көрген, кемеңгер басшы ретінде танылған ағамыздың енді ғана құрылғалы жатқан азабы мол жаңа облысқа басшы қызметке жібергелі отырған, өзі көтерген қызметтесіне „Жол болсын!“ орнына айтатын лайықты сөз таба алмай, „Е, не, сен ренжіп қалғансың ба, қалай? (менің әрине, айдарымнан жел есіп тұрған жоқ еді), оқасы жоқ, осы уақытқа дейін дүние жүзін шарладың ғой, енді Торғай даласын да көрерсің“ деп қалжыңдаған боп, арқамнан қаққаны және осы бір ауыр сөздердің жылына 200—220 күндей республика бойынша іс-сапарларында болып келген маған қатысты айтылғаны жаныма батса да, әдеп сақтап, үндемедім.

Севрюков мені екінші хатшы В. Н. Титовқа да алып барды. Виталий Николаевич болса, орнынан тұрып амаңдасып, алдындағы қосалқы үстел басына, өзіне қарама-қарсы отырғызып, дереу әңгімесін бастап әкетті.

— Мен түсініп отырмын. Кішігірім боксит кеніштері мен құрылыс тресінен басқа өнеркәсібі жоқ құлазыған далада жаңа облыс құру оңайға түсе қоймас. Екі білекті сыбанып, күн-түн демей, жұмыс істеуге тура келетін болар. Сен әлі жассың. Біз сені Шымкент обкомына екінші хатшылыққа ұсынбақ едік, осында бір бюро мүшесі „Ол жас жігіт, жаңа облыстан бастағаны жөн“ деп отырып алған соң, оның пікірімен санаспасқа болмады. Ол үшін бізге ренжіме, қолдан келген жәрдемімізді сенен аямаспыз, — деді. Шынымды айтсам, „осы бір бюро мүшесінің“ мұнан кейін де алдымнан жол кесе беретіні сол бір сәтте ойыма келмепті.

Екінші хатшыдан жылы лебіз есітіп, көңілім орнына түскендей болды. Сөйтіп тұрғанда, Қонаевтың кабинетіне Торғай облысын құру жөніндегі ұйымдастыру бюросының құрамына ұсынылатындар шақырылды. Бюроның құрамы обкомға хатшылыққа, облаткомға төрағалыққа ұсынылатын бес адамнан (Құсайынов, Трофимов, Голубенко, Герасимов және мен) тұратыны келісілген екен. Олардың әрқайсысымен жеке-жеке сөйлесілгендіктен әңгіме ұзаққа созылмады. Мәскеуге, КПСС Орталық комитетіне барып қайтатынымыз ескертіді.

Ертеңіне Мәскеуге жүріп кеттік. Партия ұйымдастыру бөлімінде менің әріптестерім, әдеттегідей дабырласып, партияның солдаты екенін айтып, қайда жіберсе, сонда баруға дайын екенін білдіріп жатты. Бұл маған ұнаған жоқ. Ау, бұларды Қолымаға немесе Чукоткаға қара жұмысқа жегіп жатқан жоқ қой. Саяқсыған кейбіреулер болмаса, обкомға хатшы, облаткомға төраға болып барғысы келмейтіндер табыла қоймас. Шашы ағарып, егде тарта бастаған адамдарға осылай сөйлеуге бола ма? деп ойлап отырғанымда кезек маған да келіп қалыпты.

— Егер осы қызметке, — деп бастадым берілген сұраққа жауабымды, — бар ынтаммен кетіп бара жатырмын. Торғайда үйте қалам, бүйте қалам дейтін болсам, өзімнің ұжданыммен ымыраласқандық болар еді. Торғайда қандай қиыншылықтар күтіп тұрғанын да жақсы білем. Сенім білдіретін болса, қолдан келгенді аямаспын деп ойлаймын.

Шамасы, менің қысқа қайырған жауабым ұнап қалса керек, бөлім меңгерушісі де іле-шала:

— Сөзсіз сенім білдіреді, жолдас Жәнібеков, сіздің партиядағы қызметіңіздің табысты болатынына күмәніміз жоқ, — деді.

Мұнан кейін бәрімізді Орталық комитеттің хатшысы И. В. Капитоновқа алып барды. Ол секретариат мәжілісі алдында кездесіп, болашақ қызметімізге байланысты қарсы пікір туған болса, біліп алғысы келетінін айтты. Біз үндемеген соң, секретариатқа қатысатынымызды ескертті.

КПСС Орталық комитетінің секретариатына М. А. Сулов төрағалық етті. Біз есік жақтағы іргеге қатар орналастық.

Михаил Андреевич Суловты 1968 жылғы шілде айында болған

БЛКЖО Орталық Комитетінің бюросына Капитоновты ертіп келгенде алғаш рет көрген едім. Онан кейін де жұрттаныстығымыз әр түрлі жағдайларда жалғаса түскен болатын. Сол жолғы бюрода сөйлеген сөзінде Сулов Одақтық спорт комитетінің басшылығын нығайту үшін оған төрағалыққа КПСС Орталық комитетінің мүшесін тағайындау қажет болып отырғанын және оған бірден бір дайын тұрған С. П. Павловтың кандидатурасы екенін айта келіп, БЛКЖО-ға бірінші хатшылыққа Е. М. Тяжельников ұсынылатынын айтты.

Зал тым-тырыс бола қалды. Сонда қалай, спорт комитетіне басшылыққа КПСС Орталық комитетінің мүшесі қажет болғанда, комсомолға оңдай мәртебесі бар хатшының керек болмағаны ма? Е. М. Тяжельников болса, КПСС Орталық комитеті түгіл, БЛКЖО Орталық комитетіне де мүше емес қой — деп ойланып қалдым да, не де болса осындай сұрақ беруге бел байлап, енді қолымды көтере берейін дегенімде Белоруссия комсомолының жетекшісі Г. Н. Жабицкий „Дұрыс!“ деп қалғаны. Сол-сол екен, менің мәскеулік, украиндық, ленинградтық әріптестерім де Суловтың ұсынысын қолдап ала жөнелді. Ертеңіне пленумда ол кісі кешегі айтқанын тағы да қайталады. Сұрақ бергендер болған жоқ.

Осы бір сәт менің есіме түсіп, секретариат мәжілісінде өзгеше ойға шомып отыра беріппін. Сулов бізге қарап „Сіздердің үлкеніңіз кім?“ деп сұрағанда, Голубенко орнынан ұшып тұрып: „Мен!“ деп жауап берді. Шамасы ол өзін жас жағынан бәрімізден үлкен санаған және Суловтың бірінші хатшылыққа кім ұсынылады деп сұрап отырғанын ұқпаса керек. Әңгімеге Капитонов араласып, бірінші хатшылыққа Құсайынов, екіншіге Голубенко, облаткомға төрағалыққа Трофимов, обкомға хатшылар болып Герасимов, Жәнібеков ұсынылады дей бергенде, Сулов: „Ә, бәсе, мұнда кім десем, комсомол да отыр екен ғой“ дегені. Несін жасырайын, буыным босап, орнымнан тұруға шамам келмеді. Оны байқады ма, қайдам, „партия қызметінде табысты болуыңа тілектеспін“ деп Михаил Андреевич ойын тамамдады.

Сонымен, Секретариат біздің кандидатураларымызбен бірінші облыстық партия конференциясына шығуға келісімін берді. Мейманханаға келсек, Орталық комитеттің кезекшісі іздеп жатыр екен. Сұраса келгенде, ертең сенбі күні сағат 3-те Л. И. Брежневтің қабылдайтынын айтты. Жұрт әлде қандай сұрақ беріп қалады дегендей сан алуан „цифрларын“ еске түсіріп, әлек болды да қалды. Мен болсам, Леонид Ильичпен бұрын да әріптестеріммен бірге кездесіп, әңгімесін тыңдаған сәттерім болғандықтан, әбіржі қойған жоқпын. Керісінше, жақсылап дем алып, тамақтанып алдым.

Бір жолы БЛКЖО Орталық комитетінің пленумына Л. И. Брежнев келді. Пекиндегі кеңес елшілігін хунвэйбиндер қоршап алып, қыр көрсетіп жатқан мезет болатын. Үзіліс кезінде біздер, бюро мүшелері, бұқпантайламай, кеңес — қытай қатынастарына байла-

нысты оған бірнеше сұрақ беріп, нақтылы жауап алдық. Соның бір-екеуін ғана келтіргім келіп отыр:

С ұ р а қ: Леонид Ильич! Пекиндегі кеңес елшілігі қоршау жағдайында. Біздің елдің арына, намысына тиетін сөздер айтылуда. Қытай жағы кеңес адамдарының өміріне кепілдік бере алмайтынын да ескертті. Бұл табандарыңды жалтыратыңдар дегені емес пе? Біздің сіресіп отырғанымыздың себебі не?

Ж а у а п: Менің жас достарым! Лепірме жастықпен сендерге көп мәселелерді түсіне қою қиын екенін мен жақсы білем. Бұрын бірлесіп, пайдаланып келген Шығыс Қытай темір жолын, Порт-Артурды, Дальнийді Қытайға бергелі қашан. Онда қалған барлаушыларымыз да жоқ. Пекиндегі Кеңес елшілігі болса, біздің ең соңғы құлағымыз бен көзіміз іспетті. Елшілікті алып кетсек, Қытайдағы оқиғалардан мүлдем хабарсыз қалатынымыз хақ. Сондықтан неге де болса шыдап бағып, артын күтуге тура келеді.

С ұ р а қ: Лю Шаоци Қытай Компартиясының бас идеологтарының бірі емес пе еді? Ол неліктен қуғын-сүргінге тап болды?

Ж а у а п: 1961 жылы Қытай Халық Республикасының төрағасы Лю Шаоци соңғы рет ресми сапармен Кеңес Одағына келді. Хрущев ауру болғандықтан, қытай делегациясымен Ленинградқа, Киевке бірге барып, қасында болу маған тапсырылған еді. Бір кеште екеуміз оңаша қалғанда Лю Шаоци: „Мұны, Брежнев, мен саған ғана айтып отырмын. Қытайда “Үш қызыл ту” (адымды секіртпе, халық коммунасы, сара бағыт) саясатын жұрттың бәрі бірдей құптамайды. Бірақ, Мао Цзедунның орны басқа ғой, онымен санаспауға болмайды” дегенді айтқан еді. Бәлкім, Лю Шаоцидің сыр біддірмегенімен, өзімен іштей келіспейтінін сезген Мао оны Бирмаға мемлекет делегациясымен жіберіп, шет жерде жүргенде орнынан түсіруге қам жасаған болар.

Мәскеуге қайтып оралғанан кейін, Хрущев қанша қайталап сұраса да, қытайлық қонақтың „тек саған ғана айтып отырмын” дегенін ескеріп, арамызда болған әңгіме жөнінде сыр шертпедім — деп Леонид Ильич өз ойын бітірген еді.

Торғай облысының өкілдерін Брежнев өзінің Ескі алаңдағы кабинетінде қабылдады. Оған Капитонов та қатысты. Үстіне спорт курткасын кигеніне қарағанда, генсек қала сыртынан келгенге ұқсайды. Маған бұрынғымен салыстырғанда түрінде шаршағандық бар, бұғағы салыңқылау, жүріс-тұрысы бәсеңдеу болып көрінді. Әрқайсымызбен қол алысып амаңдасып болғаннан кейін, стол басына отыруды өтінді де, облыстарың қай жерде болады, картадан көрсетіңіздерші деген соң Құсайынов қабырғада ілулі тұрған бедерлі картадан шамалап Торғай облысының орналасқан жерін көрсетті.

„Қазақ шәй ішуді ұнатады” деп, жәрдемшісін шақырып алып, кабинеттің қожасы шәй алғызды. Әрқайсымыздың алдымызға бір-бір чашка шәй, бір бас қант, печенье қойылды. Әлде генсектің сұсты басты ма, немесе оның қарапайымдылығына қайран қалып,

отырып қалды ма, әйтеуір шәйға ешкім жақындаған жоқ. Мен болсам, әңгімені шәй ішіп отырып тыңдадым, оның айтқандарын қойын дәптеріме түсіріп алдым. Торғайлықтардың әбіржіп отырғанын байқаған Капитонов әрқайсысының алдына бір-бір парақ ақ қағаз, қалам қойды. Олар да естіп отырғанын жаза бастады.

Генсектің әңгімесі 43 минутқа созылды. Ең алдымен ол біздің ешқайсымыздың Торғайға байланып қалмайтынымызды ескертті. Мен де баяғыда Молдавияға бірінші хатшылыққа ұсынылғанымда, халық шаруашылығында жүзімнен басқасы шамалы жерде не істеймін деп ренжіген едім. Олай болмай шықты. Өнеркәсіптік экономикасы да, ауылшаруашылығы да шарықтап, қатар дами бастаған елде қызмет еткенімді өзіме мақтаныш етемін. Торғайдың жағдайында ылғал жыйнау мәселесін қолға алған жөн. Сіздерде кішігірім далалық өзендер баршылық, солардың алдын буып, суын жайып алса, шабындық болар еді, ойлы-қыратты жерлерге тоспа жасалса, суармалы егістіктің көлемін ұлғайтуға мүмкіндік туар еді. Торғайдың жер қойнауы кенге бай. Ол да өз кезегін күтіп тұр... Осыларды айтты да Брежнев жәрдемшісін шақырып алып, Қонаевпен байланыстыруды өтінді.

— Дімәш, есен-сау бармысың, — деді телефон трубкасын алған гәнсек, — мұнда сенің бір бес адамың отыр, бесеуі де басқыншы сияқты. Бұларға көмек керек. Мен шет елден қайтып оралғанша өзің айналыса тұрарсың. Ал енді ары қарай тыңдай тұр: „Мен бүгін, Дімәш, бір қабан атып алдым. Аңада сенде болғанда атып алғанымыз мұнымен салыстырғанда торай болып көрінуі мүмкін" — деп, Дімекеңе „Көріскеншесін!" айтып сөзін бітірді.

Бір бірімізге қарап, аң-таң қалдық. Әрине, атып алған шошқасы жайлы мақтаныш сезімін досына біз шығып кеткен соң-ақ білдіруге болатын еді-ау — деген ой көңіліме орала берді. Әлде бұл кісіні өмір қажыта бастаған ба, қалай?

Орындарынан тұрып, генсектің кабинетінің кіре беріс есігінің алдына барған Брежнев, Капитонов бәрімізбен қол алысып, қоштаса бастады. Кезек Голубенкоға келе бергенде, ол азамат бұл жолы да кешегі Сусловтың алдындағы әдетіне басып, тағы бір орынсыз қылық көрсетті. Көңілі босаған адам кейпіне ене қалып: „Леонид Ильич, біз сіздің сеніміңізді ақтаймыз!", — деп еді, шүбәсіз, көпе-көрнеуді ұнатпағандықтан айтылған „Ақтамай көріңдерші!" деген жауап алды.

Голубенконың өзіне де сол керек еді. Басшыларға жағынам деп бет алдына көпіре беруге бола ма?

Мәскеуге барған іс-сапарымыз осымен аяқталды. 1970 жылғы 23-қарашада Қазақстанның құрамында Торғай облысын құру жөнінде жарлыққа қол қойылған еді. Осыған байланысты облыстық партия конференциясы өткенге дейін күнделікті жұмысқа басшылық ету үшін Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Торғай облысы бойынша Ұйымдастыру бюросы құрылды.

Қарашаның аяғына таман Қонаев ұйымдастыру бюросының мүшелерін Арқалыққа алып барып, партия активіне таныстырды.

Актив жиналысында сөйлеген сөзінде Қонаев ең алдымен оның болашағынан үлкен үміт күттіретін облыс болатыны жайында айтып берді. Торғай облысы, — деді ол, — жоғары механикаландырылған ауылшаруашылықты өлке. Мұнда 110 кеңшар, 2 ұжымшар, ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы жұмыс істейтін болады. Облыс аймағында 2 миллион гектарға дейін дәнді дақылдар егілетін болады. Егіншілікті мал шаруашылығымен ұштастыра жүргізуге болатын мүмкіндіктер де бар. Шаруашылықтардың өз ресурстарын толық пайдалануына жағдай туғызу үшін олардың мемлекетке қарызы түгелдей алынып тасталатынын ескертті.

Облыстың жер қойнауы пайдалы қазбаларға — бокситке, темір рудасына, мысқа, қоңыр көмірге, руда емес материалдарға бай. Мұның өзі болашақта тау-кен өнеркәсібін кеңінен дамытуға мүмкіндік береді.

Облыс орталығы Арқалық әсем сәулет ансамбльдері, кең және тузу даңғылдары, демалыс аймақтары бар көрікті қалаға айналады. Аэропорт салынғаннан кейін, ол осы заманғы әуе лайнерлерімен Мәскеумен, Алматымен, басқа облыс орталықтарымен байланыстырылатын болады.

Транспорт пен байланыс қызметі артады. Арқалық — Есіл, Арқалық — Торғай асфальтты жол құрылысы, барлық кеңшарларды, ұжымшарларды өзара байланыстыратын автомобиль жолдарын салу қолға алынады.

Радиореле жүйесі іске қосылады; оқу ағарту, мәдениет, денсаулық сақтау салалары қарыштап дамытылатын болады.

Мұнан кейін бірінші хатшы біздің әрқайсымызға жеке-жеке мінездеме бере келе, маған кезек келгенде: „Жәнібековтың өзі арыз беріп, осы жаққа қызметке ауыстыруды сұранды“ дегенде жұрт ду қол шапалақтап қарсы алды. Құрмет көрсеткендерге басымды иіп, ризашылығымды білдіргеннен басқа маған ештеме қалмады.

Бұрын басшы қызметтерде болған, менімен таныс үш қарт жиналыстың аяғына қарай маған жақындап келіп: „Қарағым-ау, сен шынымен-ақ осы жерге өзің сұранып келдің бе? Мына кісінің айтқаны әдемі әңгімеге көбірек ұқсайды екен. Мәнісін өзің түсіндірсең қайтеді?“ дегенді айтты. Мен оларға: „Дуалы ауыздан шыққан әңгімені өздеріңіз естідіңіздер ғой. Мен оған не қосып-алайын“ деп күлдім.

Актив жиналысы бітісімен, Қонаев Алматыға қайтып кетті. Далалық аэродромда оны шығарып тұрғандағы әріптестерімнің қалахуалынан байқағаным Құсайыновтың көзіне жас алып, „іздегенім осы ма еді, облыстың өзін былай қойғанда, орталығының да тәртіпке келтірілмегені мынау, мұнда менің күнім қандай болмақ“ дегендей күйзеліске түсіп, жермен жылжып бара жатқан АН-24 ұшағының соңынан қарап ұзақ тұрып қалғаны. Трофимов пен Гера-

симов болса, сыр білдірмеген болып төмен қарай берді. Голубенко қолындағы бір бет қағазға түсіргендеріне қарап тұр еді. Сырт жағынан үңілгенде көргенім — кімнің қайда орналасатыны жайында екен.

Сол аэропорт басында Құсайынов өзінің кабинетіндегі демалыс бөлмесіне, Трофимов „Тургайалюминстрой“ тресінің бірлі-жарым іс сапарымен келгендер түсетін бөлмесіне, Герасимов — „Дорстройға“ орналасатын боп келісілді. Голубенконың жергілікті аупарткомде хатшы болып істегендіктен, мұнда өз пәтері болатын. Маған жақында ғана Арқалықтан көшіп кеткен бір жас жігіт босатқан тұрғын үйдің бесінші қабатындағы жалғыз бөлмелі пәтер белгіленіпті.

Обкомға қызметке орналасқандықтан, Алматы жоғары партия мектебін мерзімінен бұрынырақ бітіруге мүрсат алған 28 тыңдаушы (оларды жұрт қыс ауасына орай біркелкі киінгендіктен „28 торғай комиссары“ деп атап кеткен болатын) аупарткомның мәжіліс залына, ал болашақ бөлім меңгерушілері — үйдің өн бойына созылатын ұзын дәліздің бір қанатына төсектер қойып уақытша жайғасатын болды.

Құсайынов Герасимовқа салынып жатқан жатақхананы тез-детіп, уақытша мейманханаға айналдырып, қызметкерлерді сонда орналастыруды жүктеді.

Өзіме тиесілі пәтерге орналаспақ болып, артынып-тартынып келгенде терезенің қуысынан үрлеген қардың еденге үйіліп қалғанын көріп, шынымен-ақ шошынып кеттім. Мен далада қалмаспын, тіпті болмай бара жатса, кабинетіме-ақ жайғасармын, ал комсомол қызметкерлеріне жатар орын ұсына алмауы мүмкін деген оймен, қасыма еріп келген облыстық комсомол комитетіне бірінші хатшылыққа ұсынылатын Бекболат Бірбаевқа есік-терезесінің қуыстарын бітеп алып, қызметтестерімен осында орналаса тұруды тапсырдым. Сөйтіп, болашақ комсомол комитетінің 16 қызметкері мұндағы жатақ бөлме мен кухняға жайғасты. Өзім аупарткомға барып, ондағы қонақ бөлмесіне, облатком төрағасының бірінші орынбасарлығына ұсынылатын С. Асқаровтың қасына орналастым.

Комсомол бізді о бастан жауапкершілікке, қиыншылықтарды жеңе білуге, ең негізгісі — адал қызмет етуге үйретті. Торғайға қызметке барғаным ренжімеймін. Керісінше, Арқаның қақ ортасына орналасқанымен, әртүрлі себептермен қазіргі заманғы қатынас жолдарынан, байланыс құралдары мен коммуникацияларынан тысқарылау қалып, дәстүрлі өнері мен мәдениеті замана керісіне малығып үлгіре қоймаған, табиғатынан адал, ержүрек адамдар мекен еткен өлкеде, партия қызметін қазақтың ұлттық дәстүрлерін, киім-кешегін, әуез аспаптарын, халық әндері мен билерін, қол өнерін тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттей түсумен ұштастыра беруге мүмкіндік алдым. Болашақ шығармашылығым, ізденістеріме даңғыл жол ашқан аса жауапты, жаңа кезең Торғайда басталған еді.

ТОРҒАЙ ӨҢІРІНДЕ ТҮГЕСКЕН ЕДІК



Өндіргіш күштері дамымаған, қойнауында қазба байлықтары жеткілікті бола тұра, кішігірім боксит кеніштерінен басқа мардымды өнеркәсібі жоқ, ауыл шаруашылығы дән өндіру бағытында ғана біржақты өркендеген, жол қатынасы нашар, байланыс құралдары мен коммуникациясы жетілдірілмеген, халқының мәдени-тұрмыс жағдайы төмен, қысы ұзақ, үскірік желді, қарлы-боранды, жазы — керісінше қысқалау, қуаң да ыссы болып келетін Торғай даласында жаңа облыс құру оңайға түсе қоймайтын еді. Облыстың бір бірінен ерекшеленетін екі бөлігін — тың игергендіктен едәуір дәрежеде жоғары механикаландырылған ауыл шаруашылығы бар солтүстік аймағы мен негізінен жайылымды мал шаруашылығымен айналысатын, күш-қуаты аз, жұмыс қолы жетісе бермейтін, қазіргі заманғы игіліктерден құр алақан қалған десе де болатын оңтүстік аудандарын өзара теңгестіру үшін де қыруар қаржы, уақыт керек еді.

Торғайдың экономикасы мен мәдениетін дамытудың негізгі шама-шарқы облыстық партия конференциясында, облыстық кеңестің сессиясында айқындалып, іске кірісіп те кеттік. Облыстың өнеркәсібі ол құрылғаннан кейінгі алғашқы үш жылда өнім шығарудың жалпы көлемі жағынан да, оны тарату жағынан да табысты болды. Өнім тарату бұрынғымен салыстырғанда екі есе өсті. 386 миллион сомның күрделі қаржысы игерілді, 370 миллион сомның негізгі қорлары іске қосылды. 372 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Жол құрылысының көлемі ұлғайды, жүк тасымалдаудың айналымы артты, өзіндік құны кеміді. Бірқатар жаңа өнеркәсіп, транспорт және байланыс орындары, олардың ішінде Есіл керамзит-бетон зауыты, Державин, Есіл тігін фабрикалары іске қосылды. Арқалықта аэропорт, теміржол вокзалы салына бастады.

Бесжылдықтың үш жылында мемлекетке жоспарда белгіленген астықтың 68 проценті тапсырылды. 1973 жылдың өзінде елдің қоймасына 1 миллион 300 мың тонна Торғай астығы құйылды. Мемлекетке 43 мың тонна ет, 34, 8 мың тонна сүт, 7, 6 миллион дана жұмыртқа сатылды. Жүн өткізу 2800 тоннаға жетті. Мал басы өсе бастады. Сол жылдары облыста 900 мыңға жуық қой, 25 мың жылқы болды.

Жас облыстың мәдени өмірінде де елеулі өзгерістер пайда болды. Арқалық маңызды мәдениет орталығына айнала бастады. 1971—1973 жылдары мұнда педагогтік институт, екі арнаулы орта дәрежелі оқу орны, облыстық филармония, музыкалық драма театры, тарихи өлкетану музейі ашылды.

Жаңадан құрылған облыстың халық шаруашылығын дамытудағы, әсіресе астық өндірудегі қол жеткен табысы жоғары

бағаланды. 1973 жылғы 5-наурызда ол ең биік награда Ленин орденіне ие болды.

Мәселенің бұл жағы мерзімді баспасөзде, облыс басшыларының ресми баяндамаларында, сөйлеген сөздерінде жан-жақты талданғандықтан маған әңгімеміздің желісін негізінен мәдени-парасаттық, әлеуметтік-тұрмыстық, халық-ағартушылық игіліктерге құрған жөн болар деп ойлаймын.

Бір ғажабы мұнда тосыннан түтескендердің көзіне ең алдымен түскені бұрын анау-мынауға бой бере қоймаған, Аманкелді сарбаздары жалғастырған сонау Торғай батырдың заманынан басталған ерлік істерімен белгілі, ержүрек елдің жаңа жағдайдағы рухани жүдеушіліктен басылып, жаншылып қалғаны еді. Жергілікті бір басшы қызметкердің облыс құрылғанға дейінгі Арқалықтағы өмір Қазақстаннан көрі Ресейдегідей еді дегені де есімде бар-тын. Бақсақ, мұнда қазақша ұран да жазылмайды екен. Қазақ мектебі атымен болмапты.

Облыстағы кітап қорының басым көпшілігі орыс тілінде, ал жекелеген кітапханалардан қазақ кітабы табыла бермейтіні белгілі болды. Клубтар, кітапханалар жетіспейді екен. Кеңес мемлекеті бойынша елді жаппай радиоландыру 30 жылдарда аяқталды делініп келсе де, мұнда ол бастала қоймағанға ұқсайды. Оған дәлел — халықтың отыз процентке жетер-жетпесінің ғана ресми тіркеуден өткен радиоторабының қызметін пайдаланып келгені. Теледидар ол кезде атымен жоқ болатын. Ауылдық жерлерде магазин, медпункт, монша жетіспейтін. Арқалықтың өзінде әмбебап магазин, көпшілікке арналған емхана, ресторан жоқ болатын. Бүкіл қалада 25 орындық жалғыз монша жұмыс істейтін. Жасыратыны жоқ, беті-қолымызды қарға жуып жүрген сәттеріміз де болды.

Жағдаймен алдын ала танысқанда мектептердің басым көпшілігі орыс тілінде жұмыс істейтін болып шықты. Кілең қазақ тұратын аудандарда қазақ және орыс тілдерінде қатар оқытатын мектептерде отыратын орын жетісе бермейтіні анықталды. Бұған әрине, қолайлы жағдай жоқ жерлерде орыс кластарын көптеп ашқызып жүрген белсенділер айыпты болса керек. Олай дейтінім, мәселен, бесінші қазақ класында 43—45 бала отырса, бесінші орыс класында 5-6 бала ғана оқиды. Біріншісінде шәкірттердің шектен тыс көптігіне байланысты мұғалімдер оның әрқайсысына, түгелдей көңіл бөліп үлгіре алмайды екен. Ал орыс класында тілге жетік маманданған мұғалімдер жоқтың қасы болып, өзара қатынаста орысша сөйлесетін ортаның — орыс, украин, ең болмағанда татар балаларының жоқтығынан мұнда да сабақ көп жағдайда қазақша өткізіледі екен. Бір жолы Державин ауданындағы „Шолақсандық“ кеңшарының бөлімшесінде үшінші орыс класында қазақша сабақ беріп жатқан неміс мұғалимасынан „Мұныңыз қалай, балаларды жарымжан етуте болмайды ғой“ дегенімде: „Мен енді не істеуім керек, орысшаны ұға бермейді, өзара сөйлесетін бірлі жарым орыс

балалары да жоқ, өзiм қазақша билетiн болғандықтан ана тiлiнде түсiндiруге тура келедi" деп жауап қайырған едi.

Сайып келгенде, қазақша да, орысша да оқып жүрген қазақ балалары болғандықтан екi класты қосып жiберiп 25 баладан бөлiп оқытатын екi қазақ класын жасайын десе, оған ата-аналар (олардың баласын қай тiлде оқытам десе еркi бар-тын) көне қоймайды. Оның үстiне балаларын орысша оқытқысы келетiндер — кеңшар директоры, парторг, ауылкеңес төрағасы, бас бухгалтер, бас агроном сияқты қолында лауазымы барлар мәселенiң дұрыс шешiмiн табуына керiсiнше ықпал етiп келген. Сөйтiп, қазақ класында да, орыс класында да балалар тиянақты бiлiм ала алмайтыны белгiлi болды.

Облысқа iс сапарымен келген оқу министрi К. Балахметовпен бiрге Арқалықтан жетпiс шақырым жердегi „Қайыңды" орта мектебiнде 7 „А" класындағы орыс тiлi сабағына кiргенде көргенiмiз министрдің өзiн де қайран қалдырды. Тақтаға шақырылған қызға мұғалима өзi айтып „Ее зовут Ольга" деген сөздердi жазғызды. Шамасы, министр қатынасып отырған сабақта тақтаға шақырылған оқушы мұғалиманың дұрыс оқиды деген қыздарының бiрi болса керек. Ол: „Ео забот Ольга" деп жазды, мұғалиманың өзi де оның қатесiн шығара алмады. Кластан шыққан соң министр маған басын шайқап „мынауыңыз шынында да сорақылық екен" дедi. Ендеше бiзге ең болмаса, жағдай жоқ жерде кiлең қазақ балаларынан орыс класы дегендi ашқызудың қажетi жоқ екенiне меңзейтiн нұсқау хат жiберсеңiзшi. Мұндай жағдай жалғыз бiзде ғана емес шығар дедiм. Ол коллегияда қарап, жауап бергiзем деп едi, хабарсыз кеттi.

Облыстық партия комитетiнiң бiрiншi хатшысы Сақан Құсайыновпен алғашқы әңгiмемiз осындай мәселелердiң төңiрегiнде болды. Сақан Құсайынулы мейлiнше сақ адам бола тұра, өзiнiң тарапынан менiң бастамаларыма кедергi жасамайтынын бiлдiрiп:

— Саған не жәрдем керек екенi өзiңе түсiнiктi ғой. Не болса соны мәселе ғып күнде маған келе берме, егер бiреу тыңдамай басынып бара жатса (оңдайлар болған емес), басқаша сөйлесетiн боламыз, — дегендi айтты. Онымен қоймай, бiр жолы обкомның пленумында өзiнiң идеологияға қатысты мәселелерге онша жүйрiк емес екенiн паш ете келiп: „Мен өмiр бойы шаруашылықпен, несiн жасырайын, мемлекеттiк жоспардың орындалуын қадағалаумен айналыстым. Ал бiздiң идеологиямыз жасы кiшi болса да менен көп бiледi, көптi көрген адам, сондықтан оның "ақ дегенi алғыс, қара дегенi қарғыс" болуы керек" — дегендi айтып салды. Мен қысылыңқырап қалдым. Үзiлiс кезiнде:

— Сәке-ау, бiрiншi хатшы идеология жұмысын бiлмейдi деп айтуға бола ма? Мұнан кейiн мына жұрт бiз жөнiнде не ойлайды? дедiм. Ол:

— Не ойласа оны ойласын, оңда менiң жұмысым жоқ. Әлде сенiң өз салаңда менен көбiрек билетiнiңдi бұлар аңғармайды ғой деймiсiң, — деп сөзiн доғарды.

Өмірімде талай-талай басшылармен қызметтес болдым ғой. Сақан Құсайыновтай ісіне берік, мейлінше адал, қызметтестерімен қарым-қатынаста қатаңдықты қуаттайтын басшыны кездестірген емеспін. Әсіресе оның күнделікті басшылығына, әрбір бөлімнің, тіптен обкомды қойып, облаткомның басқарма, бөлім басшыларына дейін телефон соғып, қайда не болып жатқанын сұрастырып, іске ықпал етіп отыратынына қайран қалатынымын. 110 кеңшары, 2 ұжымшары бар облыстың әрбір шаруашылығында жыл сайын кем дегенде бір рет болып, жағдаймен танысып, дұрыс есеп-қисап, нақтылы болжам жасауға көмектесетін. Ауыл шаруашылығын жете түсінетіні сонша қыста жазға, жаздың жағдайына қарай қысқа алдын ала нақтылы шаралар белгілеп отыратын.

Әлі есімде, бір жолы 1971 жылдың 10-қаңтарында бір мәселені ақылдасып алмақ болып, Құсайыновқа барсам өте ренжіп отыр екен. Мәнісін сұрағанымда 10 маусымда қуаңшылық болатынын айтты. Мен де білгенімді айтып, қазір қар жауып тұр, халық тәжірибесіне жүгінсек, сіз айтқан күні жаңбыр жауады емес пе? десем: „Сен қардың жерге түспей, жел ұшырып жатқанын аңғармай тұрсың, бұл 10-маусымда аптап жел соғатынының нышаны“ — дегенді айтты. Сенер-сенбесімді білмей, жұмысымды бітіріп шығып кеттім. Сәкен көп болса екі күнге қателесетін еді. 10-маусымда емес, 12-күні ені 1600 метр келетін жолақпен ыссы жел соғып, егістікті күйдіріп кетті. Бақытымызға орай, бұл тек Арқалық ауданында ғана өте шыққан табиғаттың құбылысы болды.

Сақан Құсайыновтымен осылайша Торғай өңірінде түтескен едік. Тіл табысып, бірімізді біріміз толықтырып отыратындай дәрежеде, қоян-қолтық қызмет еттік. Еңбегіміз заяға кеткен жоқ. Онда өткізген жылдар есіме түссе „Торғай“ деген қасиетті сөз жүрегіме — жылылық, бойыма қуат беретіндей болады да тұрады. Кейіннен Еңбек Ері атанғанда Сақан ағамыз үлкен толқу үстінде „Жігіттер, алтын жұлдыз тек менікі ғана емес, бәрімізге ортақ, керек болса кезектесіп тағайық“ деген еді. Бұл да оның қатарынан озған парасатты, иманды адам болғанының тағы бір белгісі. Ол шын мәнінде Еңбек ері еді.

Алғашқы ұйымдастыру бюросынан сол бір қиын мезеттің ыстық-суығын бірге көтеріскендердің қатарында Ю. Трофимов (облатком төрағасы), В. Голубенко (обкомның екінші хатшысы), Ф. Герасимов (обком хатшысы, кейіннен басқа қызметке ауысып кетті) болды. Біраз уақытты артқа салып, қатарымызға М. Сағдиев, Е. Башмаков, Қ. Тұрысов қосылды.

Бәріміз бірігіп, Торғайдың қатал мектебінен өттік. Бірге есейдік. Әйтсе де маған, қызметтес достарыма қанша арқа сүйегеніммен, олар кездестіре қоймаған қиыншылықтары мен азабы мол мәселелермен айналысуға тура келді. Бізге ең алдымен облыстық газеттер шығарып, радионы сөйлету керек еді. Көптеп-көмектеп жүріп, әуірім-тәуіріммен 1971 жылғы 15-қаңтарда облыстық

„Торғай таңы“, „Тургайская новь“, газеттерінің алғашқы сандарын шығардық. Облыстық радионы сөйлету үшін қондырғыдағы жылжымалы „Буря“ радиостанциясын пайдаланбақ болып, дiңгегiн керiп, қармалауыштарын жайып жұмысқа кiрiсе бастадық. Түнде жел көтеріліп, радиостанциямызды құлатып кетті. Қайтадан тұрғызып, тағы да әуре-сарсаңға түстік.

Облыстық радионың позывнойына осы өлкеге кеңінен тараған, халықтың құлағына сіңіп кеткен әуендердің бірін пайдаланбақ болып, ақын, жыршы, әнші, күйшілерді жинап, ақылдасқанымызда ешкім мардымды ештеңе ұсына алмады. Олай болса, „Аманкелді“ фильміндегі батырдың маталып, арба үстінде бара жатқанда ыңылдап айтатын әуенін пайдалансақ қайтеді? дегенімде бәрі жабылып қостай кетті. Қағазға түсіріп, әртүрлі аспаптарға ойнатып қарасақ, өте қонымды, есте қаларлықтай болып шықты. Торғай облыстық радиосының позывнойы осылай дүниеге келген еді. Бірде Торғайға келген Д. Қонаевтың: „Мен бүгін Өзбекқалидің (ол кісі де мені осылай атайтын) позывнойымен ояндым“ дегенін естігенде төбеміз көкке жеткендей болды.

Сөйтіп, „Арқалықтан сөйлеп тұрмыз“ деп басталатын алғашқы хабар эфирге шықты. Онда-мұнда лек-лек болып жүрген жұрт. Кейбіреулер көздеріне жас алып: „Ойпырма-ау, бізде де осындай болады екен-ау“ — десіп жатты.

Торғайдың тұрақты, байырғы халқының жағдайымен таныса келгенде байқалғаны — жылдар бойы оның тілінен, мәдениетінен, дәстүрлі өнерінен, тұрмысынан, мінез-құлқынан, әдет-ғұрпынан көрінетін ұлттық ерекшеліктерінің ескеріле бермегені. Ең алдымен тұрмысқа қажетті мәселелерді шешіп алмай тұрып, оны жоғары сезімталдыққа шақырудың қисыны жоқ екенін тың игерген Жаңадала ауданында болғанда өз көзіммен көрдім.

Тың игерген жерлердегі кеңшарлардың құрамында әдетте бұрынғы ұжымшардың негізінде ұйымдастырылған мал өсірумен айналысатын, көбіне қазақ мекендейтін, бір-бір бөлімшесі болатыны бар. Жаңадала аупарткомының хатшысы Х. Нұрғалиевті ертіп алып, осындай ауылдарды аралағанда 4 кеңшардың бөлімшелерінде көргенімізді сөзбен айтып жеткізу қиын. Қиқы-жиқы орналасқан, іші-сырты адам көргісіз үйлер. Жер-көктің бәрі малдың көңі мен қиы. Үйлерінде ағаш еден, терезенің ашпалы көзі бола бермейді екен. Мақтасы шыққан көрпе-ғөсек, кір-қожалақ бала-шаға, кемпір-шал. Ауыз бөлмеде тауық ұстайтындықтан үйге танауыңызды баспай кіріп-шығу қиын. Монша, магазин, медпункт дегендер атымен жоқ. Мектеп те өзінің атын ақтай бермейді.

Төрт кеңшарда болып, бесінші шаруашылықтағы осындай бөлімшеге қарай ойыса бастағанымызда, Х. Нұрғалиев: „Сіз мені кешіріңіз, біз кеңсеге келіп кете береді екенбіз. Мына көргендеріміз сұмдық қой. Маған ұрысқаныңыз орынды болатын еді, үндемегеніңіз жаныма батып тұр. Келесі кеңшарға бармай-ақ

қойсақ. Мен сізге мәселені аудандық кеңестің сессиясына шығаруға уәдемді берейін" — деді. Ол солай істеді де. Тиісті шаралар белгілеуге көмегін аяған жоқ. Бірақ мәселе тек Жаңадалада ғана осындай қалде емес еді. Оны облыс деңгейінде көтеру қажеттігі осылай туған болатын.

Кейіннен осындай иесіз қалған елді мекендердің әрқайсысына паспорт жасалып, облыстық аудандық жоспарлау орындарына, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасына тапсырылды. Елу үйі бар елді мекендердің әрқайсысында мектеп, клуб немесе қызыл бұрыш, медпункт, магазин, монша салынуы қадағалана бастады.

Бірде Жанкелдин ауданының „Албарбөгет" кеңшарында болғанда қырдың басына тұрғызылған, сырты ақталған кішігірім екі-үш бөлмелі үйге көзім түсті. Сұрастыра келгенде, бұл содан бір жыл бұрын салынған монша болып шықты. Өкініштісі оған бірде-бір рет от жағылмапты, керек десеңіз құрылысшылардан қалған қоқсық та шығарылмай іште қалып қойыпты. „Қызығын көрмейтін болған соң, бүйіпті монша салғаннан не пайда?" дегенімде ұжымшар басшылары ештеме айта алмай, төмен қарай берді.

Тағы бір жолы Аманкелді ауданының „Сарыторғай" жылқы зауытынан облыстық кеңестің депутаттығына кандидат болып ұсынылдым. Шаруашылықтың экономикасымен бұрыннан таныс болғандықтан басшыларға жиналысқа дайындала беріңдер дегенді айтып, сайлаушылармен кездесуден бұрын 25 үйде болып, тұрмысымен таныстым. Бір кейуана „балам, әлгі пәтер іздеп жүрген маман сен емессің бе?" деп еді, оған пәтер іздеп жүргенім жоқ, жиналысқа келіп ем, сіздердің жағдайларыңызбен танысып жүрмін деп аты-жөнімді айттым.

Мұнда да көргенім Жаңадаладағыдай, көң басып қалған үйлер, алқам-салқамы шыққан шарбақ, бір түп ағашы жоқ аула, үстел-орындығы, төсегі жоқ отбасылары, газет жазғызып алмайтын, кітап оқымайтын зиялылар...

Жиналыста шығып сөйлегендер кеңшардың жетістіктерін айтып, мақтаныш сезімін білдіріп жатты. Маған кезек тигенде, айтылғандарға қосылатынымды білдіріп болған соң, кімнің үйінде не көргенімді айтып бердім. „Мен сіздерге еуропалықтарша үлкен үстелге отырып тамақ ішіндер" демей-ақ қояйын, қазақтың жозын (дөңгелек үстелін) неге пайдаланбасқа, аяқ басып жүрген жерге дастарқанның бүгін бір жағын, ертең екінші жағын жазғаннан тазалық бола ма? Жерге жататындардың арасында құныспен ауыратындар көп болады, мұны неге ескермейсіздер? Шарбақты жөндеп, аулаға ағаш отырғызу қолдан келетін шығар дей келе, басқа да мәселелерге тоқталдым.

Үш-төрт айдан кейін есеп беруге келгенде, дөңгелек үстелдердің пайда болғанын көрдім. Шамасы, кеңшар жасатқан болса керек, дуалға сүйеулі тұрған күйінде, үстіне бір рет отырып шәй да ішілмепті.

Кейін үшінші рет келгенде тұрмыс құрудың тәртіпке түсе бастағанын көріп, ризашылығымды білдірдім.

Дәл осындай жағдай басқа кеңшарларда да кездесті. Кішігірім елді мекендерді дамытуға қатысты шаралар да белгіленді. Магазин, клуб, медпункт, әсіресе, монша салу қолдау таба бастады. Мәдениетке, тұрмысқа қатысты мәселелердің бірқатары халыққа мәдени жағынан қызмет етудің деңгейін көтерудің перспективалы жоспары арқылы шешілді.

„Торғай әуендері“ халық өнері фестиваліне дайындық үстінде жаңадан жеті мыңнан астам көркемөнерпаздар үйірмелері құрылды. Қол өнерін дамытуға, ұлттық дәстүрге бетбұрыс жасай бастадық. Физкультура мен спорт, әсіресе ат жарысы, қазақша күрес, бокс, жеңіл атлетика жандана түсті. Елді мекендерді көркейту, көгерту, олардың санитарлық тазалығын сақтау жұмыстары дағдыға айналды.

Фестиваль мен мәдениет қызметкерлерінің бірінші съезіне дайындық барлық мәдени-ағарту мекемелерін мәдени орталықтарға айналдыру ұранымен өтті.

Бірінші „Торғай әуендері“ фестивалі 1971 жылғы 19—20-маусымда Арқалықта болып өтті. Фестивальға деген құштарлықтың құдіретінен облыс орталығының халқы бұл күндері төрт-бес есе өсті десе де болатындай еді. Көрші облыстардан келгендер де аз болған жоқ. Фестиваль ашылардың алдында обкомның қасынан өтіп бара жатқан бүктетіліп қалған бүкір қартты тоқтатып, сәлемдескеннен кейін жөн сұрасқанымызда: „Қарағым, кәрі қойдың жасындай ғана ғұмырымыз қалды. Өлсек те Арқалыққа барып, қызықшылық көріп өлейік“ деп Жанкелдин ауданындағы „Ақкөл“ кеңшарынан келгенін айтқанда, талайды көрген менің өзім де фестивальдің ел арасында соншалықты құрметке ие болғанына қайран қалдым. Ақмоладан телефон соққан обком хатшысы Ф. Халитованың: „Ау, бұл не қылған „Әуендер“, жұрттың бәрі сіздің облысқа көшіп бара жатқан сияқты“ деп қанағаттанғандығын білдіргеніне рахметімді айттым.

„Торғай әуендері“ осындай мереке болған еді.

Таңертеңгі сағат 7-де ашық машиналарға орналасқан Алдар көсе, Жиренше, Қарашаш, қулар, скоморохтар мен масқарапаздар „керней, сырнай тарттырып, даңғыра, дабыл қақтырып“ Арқалықтың негізгі көшелерімен жүріп өтіп, қала халқын мерекеге шақырды...

Сағат 10-да ұлттық киімдер киіп, транспорттар мен плакаттар көтерген фестивальға қатысушылардың шеруі басталды. Бұл шынында да естен кете қоймайтын, тамаша көрініс еді. Әсіресе сарбаздарымен келе жатқан Аманкелді, Әліби Жанкелдиннің „қызыл керуені“, шәкірттерімен бірге тұрған Ыбырай Алтынсарин, орыс былиналарындағы үш батыр, қазақ тұрмысынан, тың игергендердің өмірінен көріністер үлкен әсер қалдырды.

Ән салып, билеген жастар. Шарықтаған әуез, шалқыған әуен, самсаған саз үні аспаңды басына көтергендей.

Қаланың орталық алаңында фестивальдің ашылу салтанаты болды. Ресми сөйленген сөздер тосыннан ұйымдастырылған концертке ұласып кетті. Концертті жүргізген Ақдар көсе алаңда жиналғандардың ішінен өзінң ескі досы Қожа Нәсірді көріп, ортаға шақырып, бір-бірінен көрген-білгенін сұрасып жатты.

Кейінгі фестивальдарда бұл екеуінің сын-ескертпелерінен тиісті қорытынды шығаратын дәстүр пайда болды.

Қаланың клубтарында, спорт алаңдарында фестивальдық конкурстер, жарыстар өткізілді. Олар бірте-бірте басқа да фестивальдық бағдарламалармен — ән, би кештерімен ұласып кетті.

Ертеңіне жұрттың көптен күткен қызықшылығы — бәйге, көкпар, жорға жарыс, күміс алу, жамбы ату, „қыз қуу“, „қазақша күрес“ болды. Конкурстердің қорытындылары шығарылды, жеңімпаздары айқындалды.

„Торғай әуендерінің“ екінші, үшінші фестивальдері „Торғай жәрмеңкесімен“, „ақындар айтысымен“, „алтыбақан“ айналасындағы қызықшылықпен ұштастырылатын болып дәстүрге енді.

1971 жылғы 21—22-маусымда Торғай облысы мәдениет қызметкерлерінің бірінші съезі болды. Съезді С. Құсайынов ашып, баяндама жасау үшін маған сөз берді. Съезде негізінен мәдениеттің заттық-техникалық және кадрлық базасын жасау, мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту мәселелері көтерілді. Мәдени даму оқу-ағарту, денсаулық сақтау ісімен тікелей байланысты болғандықтан оларға қатысты мәселелер де сөз болды. Оның өзіндік себептері де бар-тын. Бізге сол 1971 жылдың өзінде 48 клуб пен кітапхананы толық жөндеуден өткізумен, 22 клубтың құрылысын аяқтаумен, кітапханалардың жалпы санын 215-ке жеткізумен қатар мектептердегі орынды 51,5 мыңға, балалар мекемелеріндегі орынды 9,5 мыңға, ауруханалардағы төсек санын 2625-ке жеткізу ауадай қажет болатын.

Съездің соңында Торғай облысының барлық интеллигенциясына үндеу қабылданғанының да түпкі мәні осындай ұлағатты мәселелерге байланысты еді.

Қазіргі заманғы елдің тұрмысында радио мен теледидардың алатын орны ерекше. Солай бола тұра, Торғай даласындағы елді мекендерді жаппай радиоландыру ісінің кенже қалғаны олардың құлазыған кеңістікте сирек, бір-бірінен едәуір қашықтықта орналасқан кішігірім тұрақтар болғанымен де байланысты болса керек. Өйткені, әрбір радионүкте мемлекетке жүз сомға түсетіндей етіп жоспарланатын болған. Онан бір-екі сом асып кететін болса-ақ, қыруар шығын деп есептелетін де, ондай радиоландырумен тиісті мекемелер айналыса бермейтін. Ал біздегі әрбір радионүктеге сым ағаш, кабель өнімдері, т. б. жабдықтар әдеттегіден 1,5—2 есе артық пайдаланылатындықтан істелетін жұмыстардың бағасы да арта түсетін. Бесжылдық жоспар-

да ондай қаражат көрсетілмегендіктен одақтық және республикалық байланыс министрліктеріне қайта-қайта шапқылап жүріп, жергілікті мүмкіндіктерді қоса пайдалана отыра, Қазақстанның сол кездегі байланыс министрі Ә. Елібаевтың тікелей жәрдемімен 30-40 жыл бойы істелмеген жұмыстарды бітіріп алдық.

1972 жылдың аяғына таман Есіл — Державин — Арқалық радиореле жүйесі құрылысының аяқталуына байланысты облыс халқының басым көпшілігінің үйлерінде теледидардың көгілдір экраны жарқырады.

Облыс халқына мәдени-тұрмыстық жағынан қызмет көрсетудің деңгейін көтерудің перспективалы жоспарына сәйкес селолар мен ауылдардың облыстық байқауларын өткізу дәстүрге айнала бастады. 1972 жылғы өткізілген осындай байқауда жүлдені Октябрь ауданы „Искра“ кеңшарының ұжымы жеңіп алды.

Облыста жүргізілген алғашқы баспасөзге жазылу науқанының барысында жұрттың қазақ басылымдарына ден қоя бермейтіні байқалды. Оны „Тургайская новь“ газетімен салыстырғанда „Торғай таңына“ жазылудың мардымсыздығынан да аңғардық. Тіпті обкомда қызмет ететіндердің ішінен екі-ақ адам (лекторлар тобының жетекшісі Маханбетов пен мен ғана) қазақша газеттерге жазылғанын көріп, партия ұйымының хатшысынан қазақ қызметкерлерінің бәрін бір-бір басылымға қосымша жазғызуды өтіндім. Келесі жылы өздері-ақ қазақша басылымдарға жазылатын болып, дағдыланып кетті.

Осындай жағдайды өзгерту мақсатымен жергілікті партия ұйымдарына барлық қазақ ауылдарын аралап шығып, баспасөз таратуда қалыптасқан жағдаймен танысуды өтіндім. Нәтижесінде жұрттың кейбір елді мекендерде бірде бір газет жазғызып алмайтыны анықталды. Баспасөзге жазғызуды оның маңызын түсіндірумен қатар жүргізгендіктен қазақ газет, журналдарына жазылушылардың саны көтеріліп шыға келді. Қайдан білейін, мұнымның біреулерге ұнамайтыны ойыма да келмепті. Алматыдан Орталық комитеттің насихат бөлімінің меңгерушісі А. Плотников арнайы телефон соғып:

— Сіздерде қазақша басылымдарға жазылушылар неге көбейіп кетті? — деп сұрады.

— Бұған не, сіздің жүрегіңіз ауырып тұр ма, қалай? Әлде сіз мұны орыс газеттерінің есебінен жүргізіп жатыр деп ойлап тұрған шығарсыз. Сөз саптауыңызға қарағанда, мұндай шаруаның бұйрықпен біте қоймайтынын түсінгіңіз келмейді ғой деп ойлаймын. Білгіңіз келсе, айтып берейін, қазақ ауылдарында подворный обход жасап, түсіндіру жұмыстары арқылы қазақ басылымдарына жазғызып жатырмыз. Келіп көрпіңіз келсе, қонағымыз боларсыз, — дедім.

— Жо-жоқ, әшейін сұрап жатқаным ғой, сен дұрыс түсін, — дей беріп еді:

— Біреулер маңдай терін төгіп, жұртты қазақша газет-журналдарға жазғызып жатса, олардың істеген еңбегін әргүрлі саққа

жүгіртетін болсаңыздар, жарыған екенбіз, жолдас бөлім меңгерушісі, менің құттықтауымды қабыл ала беруіңізге болады, — деп трубканы орнына қойдым.

Кітап саудасының жағдайы облыс аймағында бұрын газет таратудан да нашар болыпты. Оны не бәрі төрт-ақ кітап магазинінің жұмыс істегенінен де аңғаруға болады. Кітап саудасы әдетте зат сататын магазиндер арқылы жүргізіліп келген. Магазин сөрелерінің бір бұрышына 40-50 кітап тастап, ақпар беріп отыра бергенге ұқсайды. Оның айналымы да ешкімді еліктіре қоймапты.

Қазақ тіліндегі әдебиетке нақтылы сұраныс жасалмағаны былай тұрсын, кілең қазақ қоныс тепкен Аманкелді, Жанкелдин аудандарының өздеріне бөлінетін кітаптың 80 проценттен астамы орыс тілінде жіберіліп келген. Жақсы, Державин сияқты қазақ, орысы аралас тұратын аудандарға қазақ кітабы мүлдем жіберілмей келген десе де болатындай екен.

Облыс құрылған соң кітап саудасын қайта құруға тура келді. Ол үшін кеңшарлар мен ұжымшарлардың орталықтарында бір-бір магазин ұйымдастыру міндетін алға қойдық. Үш жылда жаңадан 79 кітап магазині ашылды. Кітап базасы толығынан инвентаризацияландырылды. Кітап тасымалы қадағаланатын болды. Кітап тарату жүйеге келтірілді. Мәселен Аманкелді, Жанкелдин аудандарына жіберілетін кітаптың 80 проценті қазақ тіліндегі, 20 проценті орыс тіліндегі әдебиеттен бөлінетін болса, Есіл, Октябрь сияқты қазағы аз аудандарға жіберілетін кітаптың 80 проценті, керісінше, орыс тілінде, 20 проценті қазақ тілінде бөлінетіні келісілді.

Кітап саудасы дұрыс жолға қойыла бастағандықтан, сатылатын кітап жетіспейтін қалге тап болмас үшін Одақтық „Союзкнига“, „Копкнига“ бірлестіктерімен тікелей қатынас орнатып, ай сайын бір-бір вагон кітап алып тұратын болдық. Алматыдағы „Қазкітап“ бірлестігіне жіберген өтініштеріміз де аздап орындала бастады. Торғайдағы кітап саудасындағы өзгерістерді Казпотребсоюз да қолдады.

Сөйтіп біздің облыс баспасөз таратудан, кітап саудасының көлемі мен айналымы жағынан алдыңғы қатарлы индустриалды аймақтардың деңгейіне көтеріле бастады.

АРҚАЛЫҚТЫҢ АҚ ТАҢЫ



Арқалықты кішігірім аудан орталығынан қазіргі заманғы облыстың бас қаласына айналдыру мұнда өріс ала бастаған екпінді құрылыста¹ ғана емес, оның коммуникацияларын жақсартумен, мәдени деңгейін көтерумен де байланысты еді. Мұның өзі іске асырылатын жобалардың, көпшіліктің қатысуымен өтетін шаралардың қай-қайсысына

¹ БКЖО Орталық комитетінің 1971 жылғы 18-наурыздағы қаулысымен Арқалық қаласы бүкілодақтық екпінді құрылыс болып жарияланған еді.

да болса астаналық сыйпатта мән беруді талап ететін. Оның үстіне жұрттың бұрын болмаған жаңалықтарды қала өміріне ендіре беруді күтіп отыратыны да көріне бастаған еді.

1971 жылғы жаңа жылды қарсы алуға дайындық үстінде Арқалықтың қақ ортасынан айналасына қала сыртындағы көлдің қалың мұзынан қырқылған блоктар мен кірпіштерден қаланған, бұрыштама мұнаралары бар „қорғанмен“ қоршалған, ауласына сырғанақ, хоккей алаңдары, қазақ және орыс аңыздарының желісіне құрылған ертегі бұрыштары, қардан соғылған эпостық кейіпкерлердің мүсіндері орналастырылған мұз қалашығын тұрғыздық. Өкініштісі, біздің мұнымыз біреулерге ұнамады ма, қайдам, әлде біреулер бұзақылық көрсеткісі келді ме, әйтеуір 30 желтоқсан күні түнде бейбастық жасағандар мұз қалашығының біраз жерін ойрандап кетіпті. Жабыла кірісіп, 31 желтоқсан күні қалашықты қайтадан қалпына келтірдік. Оның қаңқасының арасына орнатылған электр қағанақтары, неон тізбектері әртүрлі жарық бергенде мұз қалашығы ертегідей жайнап сала берді. Мұздан қаланған „сарайды“ көргенде, әсіресе балалардың қуанышының шегі болмады.

Халықаралық ынтымақ күні — 1-мамырды өткізуге дайындық та қызғылықты болды. Үкімет мінберлерін Алматыдағыдай етіп орналастырып, қаланың орталық алаңын безендірдік. Радиоландырып, одақтың және республиканың айбарларын ойнаттық. Ракетница-лардан атқызып, мерекелік салюттың имитациясын жасадық. Мінберлердің алдынан тартқан шеру де жұрттың көңіл күйін көтеріп тастады. Соңғы кезге дейін осында басшы қызметте болған В. Голубенконың айтуына қарағанда, бұрын мінбер алдынан үндемей өтетін қала халқы, онан жоданған мерекелік ұрандарға „ура-лап“ жауап беріп жатты.

Облыстың құрылғанына бас-аяғы екі жарым-үш жылдай уақыт өтпей жатып-ақ, Арқалықта аэропорт, автовокзал, теміржол вокзалы, байланыс үйі, облыстық аурухана, дәріхана, қонақ үйі салынды, педагогтік институт, екі арнаулы орта оқу орны, жобалау институты, филармония, театр, музей ашылды.

Облыстың тарихи-өлкетану музейін жедел түрде ұйымдастыруға себепкер болған халық батыры Аманкелдінің 100 жылдық мерейтойы еді. Музей ашу үшін ең алдымен оны орналастыратын жай керек, онда қоятын экспонаттардың болуы шарт. Олар бізде жоқ десек те болатын. Құсайыновтың ұсынысы бойынша музейге бұрынғы Арқалық аупарткомының үйі (аудан орталығы көрші Новый поселкесіне көшірілген болатын) бөлінді. Экспонат қорына негіз болсын деп Қостанай, Ақмола, Орынбор музейлерінен Торғай тарихына қатысты құжаттарды сұратып алдық. Сөйтіп, үкіметке ұсыныс жасадық. Министрлер кеңесінің шешімімен Торғай облыстық музейі Көкшетауда ұйымдастырылуға тиіс болған музейдің орнына құрылды.

Музейге бөлінген ғимаратта ішкі-сыртқы жаңғырту жұмыстарын өзіміз жүргізсек те, оның экспозициясын орналастыратын жергілікті суретшілер болмағандықтан Челябински қаласындағы мамандарға қолқа салуға тура келді. Музейдің тақырыптық-экспозициялық жоспарын түзуге белгілі ғалым Алан Медоев шақырылды. Экспонаттар жинастыра бастадық. Аманкелдінің туының суретін архивтен тауып алып, қайтадан қалпына келтірдік. Батыр опат болғанда әйелі Балымның айтқан жоқтауын ел арасынан іздестіріп жүріп, оның келінінің аузынан жазып алдық. Кейіннен ол белгілі әнші З. Есбергенованың орындауында таспаға түсіріліп, музей экспозициясына пайдаланылды. Қазақтың дәстүрлі қолтума өнерінің бірқатар үздік нұсқаларын ел арасынан жинап алдық. Шынымды айтсам, осы музейден басталған қазақтың көне тарихы, этнографиясы мен дәстүрлі өнерін зерттеуге құштарлық менің кейінгі шығармашылық ізденістеріме арқау болды.

Музей қорындағы шамамен алғанда XIX ғасырдың аяғына жататын, аты-жөні белгісіз ұстаның қолынан шыққан асадал мен төсек ағаш қазақтағы ағаш шекпесінің бұрын еш жерде кездеспеген бірден бір үлгілерінен саналады. Асадалдың қапсырма есігіндегі ою желісінен күн шұғыласына малынып, гүл шоғы шиыршық атып, көтеріліп келе жатқандай болып көрінеді. Мұның мәні ұстаның шексіз қозғалыс, мәңгілік өмірді ғана емес, әлемдегі өзара байланыстылықты, үйлесімділікпен реттелген тәртіпті „бітпес“ өрнегі арқылы бейнелегенінде, сонымен қатар қазақ ою-өрнегінде сирек кездесетін, келер ұрпаққа бақыт пен жақсылық тілеудің көне белгісі — лотостың, ежелден келе жатқан игі ниет нышаны — қырғауылдың бейнесін пайдаланғанында жатыр. Асадалдың суырмаларында құпияға толы әлем кеңістігінің белгісі — шеңбер, алыс қашықтыққа меңзейтін ерсілі-қарсылы жол, әуе толқыны, бұлт, жаңбыр бейнеленген. Кеңістік белгісі — шеңберге келіп тірелетін мазмұндық тұтастықты құрайтын жапырақтар арқылы дүниенің құрылымы, жер бетіндегі өмір келбеті көрсетілген.

Бұл мұрадан асадалды жасаған шебердің материалдың ыңғайына, іс тапсырушының тілегіне сай, көркемдік жағынан теңдесі жоқ, қазақтың аспан әлеміне қатысты түйсік-түсінігін аңғартатын ғарыштаты сарынына құрылған сурет желісін жасағанын көреміз. Ал төсекағаш болса қазақтағы ағаш шекпесінің жапырақ, беде, шиыршық бейнелерімен толықтырылған көлемді (бас-аяғы, бағаналары), тайпақы (қаналары), теспелі (әшекейлі бөлшектері) болып келетін негізгі үш түрінің бірдей пайдаланылғанымен ерекше.

Асадалдағы, төсекағаштағы шекпе мәнерлі бояумен безендірілгенімен де құнды.

Бұларды музейге алғызудың өзі де оңайға соққан жоқ еді. Олар Аманкелді сарбаздарының аттарын баққан, батырдың қолбаласының мүлкі болатын. Аупартком хатшысы Қ. Алматов

арқылы сұратқанымда, оның жесірі „қараңқалғырлап“ маңына жуытпапты. Жолым түсіп, Торғай поселкесіне өзім келгенде, Алматыв мені „жаман сөз айтып салса, ұятқа қаласыз“ деп ол әйелмен жолықтырғысы келмесе де, амалсыздан ертіп баруға мәжбүр болды. Мені машинада қалдырып, өзі үйге сүңгіп кетті. Бір-екі минут өтпей-ақ, бір әйел далаға шығып маған қарады да, үндеместен қайтадан үйіне кіріп кетті. Мен де іле-шала үйіне енгенде әйел төсек ағаштың қасында көзіне жас алып тұр екен.

— Сіз мені айыпқа бұйырмассыз, — деп бастады ол сөзін, осы төсекте шалым 47 жыл жатқан еді. Бұдан бес жыл бұрын дүние салды. Оның көзіндей болып қалған мүлкімді қалай қиып берейін. Әйтсе де, қарағым, „ел үшін“ деген екенсің, ала ғой. Бірақ орнына жылтыратылған бір шкаф, бір төсек алып берсін.

Мен болсам, ертеңге қалдырсақ, айнып кетер деп, магазиннен сұрағанын дереу сатып алып келуді өтіндім. Оны әкелген машинаға үйдегілерді тиеп алып, рахметімізді айтып, кете бердік.

Кейіннен байқағаным — әлгі әйелдің жылына бір-екі рет музейге келіп, өзінен алынған заттардың қасында ұзақ отырып, үйіне қайтып кетіп жүргені.

Бір жолы бір үйде қымыз ішіп отырып, оны сапырып, құйып отырған ағаш табақ пен саптыаяққа көзім түсті. Сұраса келгенде білгенім — ыдыс-аяқ мал-мүлкі қатталған бір байдың қыстауында көмілген заттардың ішінен алынған екен. Табақ онша құнды болып шықпағанымен, саптыаяқтың тұтқасындағы теспелі шекпе шебер жасалғаны көрініп-ақ тұр. Ат-түйедей қалап алып, оны да музейге әкеп өткіздім.

Тағы бір ауылда болғанда қымызының дәмін татқызу үшін үйіне шақырған ақсақал қонақ бөлмесіне майауза төсетіп жатқанда қорадағы байлаулы иттің алдындағы төрт адамға арналған ескі астауды көріп, мұның мәнісін түсіндіруді өтіндім. Астауды 1900 жылы Торғай өңіріне белгілі ағаш ұстасы шапқан екен. Соңғы кезде оның тұрмыстан шығып қалғанына байланысты астаудың осы бір данасы итаяқ ретінде пайдаланыла бастаған. Оны маған сыйлауды өтінгенімдегі шалдың таң қалғанын көрсеңші. Обком хатшысына итаяқтың керегі не? деп ойлаған болса керек, жақсылап тазалатып, машинама салып берді. Қазір музейдегі ең бағалы экспонаттардың бірі.

Жанкеддин ауданында болған бір іс-сапарымда молданың құран шығарып берем деп бір үйден күміспен күптеп, алтынмен аптаған қара кісе белбеуді алып кеткенін естіген едім. Молда да тұрақтамай, қоныс аудара берді. Мен де шаршамай-шалдықпай іздестіре бердім. Ақыры үш жыл өткеннен кейін Арқалық ауданының „Қайыңды“ кеңшарынан табылды. Қанша саудалассақ та музейге бере қоймады. „Москвич“ те, мотоцикл де, құлынды бие де, нақтылай ақша да ұсынылды. Ауызба ауыз сөйлесуге өзім барсам, үйінде жоқ болып шықты. Бірге еріп барған аупартком хатшысы

шалмен өзінің келісе алатынын айтып, кісебелбеуді баласынан сұрап алды да музейге әкеп өткізді. Оны қабылдап алған музей директорына иесінің сұрағанының бәрін берсеңдер де қолдан шығарып алмаңдар деп қатаң тапсырдым. Бірақ, жоғын қуа келген молданың: „Аруақтардың көзі еді, ең болмаса жұртқа көрсетіп, қайтып әкелейін“ дегеніне иланып, мен жоқта облатком төрағасының орынбасары Ә. Дүйсеновтың рұқсатымен кісебелбеуді қайтарып беріпті. Сол кеткенен молда-екең ұзағынан кетіп, қайтып музейге жақындамай қойды.

Біздің қолымызға абайсызда түскен осы бір кісебелбеудің күміс шытырларында бейнеленген ай, жұлдыз суреттері, бал арасының, құстардың кескіндері, „дүниенің төрт тұсының“ белгісі, „оқшантайларының“ мазмұндық желісі бұрын маған кездеспеген және арнайы зерттеуді талап ететін заттық-тұрмыстық мәдениеттің үздік ескерткіші еді. Қазір оның қайда екені және кімнің қолында кеткені белгісіз.

Аса құнды тарихи құжаттар мен саны жағынан көп болмағанымен қазақтың дәстүрлі өнерінің озық нұсқаларынан саналатын экспонаттар жинап алғандықтан музей экспозициясын ғылыми-танымдық, тарихи-этнографиялық, мәдени-тұрмыстық сыйпатта құрастыру көзделді. Бұған А. Медоевтың өз коллекциясынан бөлген, сол сияқты қолында рұқсаты бар музей археологы В. Логвиннің басшылығымен Ұлыжыланшықта, Терісаққан аңғарында жүргізілген қазба жұмыстары арқылы табылған ескерткіштер мүмкіндік беретін еді.

„Қазақ мәдениеті: уақыт және өмір“ деген шартты атаумен айқындалған музейдің негізгі экспозициясы халқымыздың үшмыңжылдық тарихы бар ежелгі мәдениетінің даму үрдістерін ою-өрнектегі эволюцияны сыйпаттау және салыстырып отыру жолымен көрсететін өзара байланысты және бірін бірі толықтыра түсетін төрт бөлімнен құрастырылды. Келушілердің абайын бірден бұрып алу үшін „Қазақ мәдениетінің түпкі бастауы“ деп аталатын бірінші кіріспе бөлім әдейі қараңғыланған кішігірім залға орналастырылды. Ондағы арнайы жарық түсірілетін әйнек колпақ астына Ұлыжыланшықтан қазып алынған, археологтар пошымына қарап „Үтікше“ деп атап кеткен, осыдан кем дегенде 2700 жыл бұрын өмір сүрген ежелгі заманғы ұстаның садақ жебесін түзететін құралын, қола дәуірінен қалған екі аяқты шеңбер (күн) іспетті адам бейнесі қашалған құлыптасты, қазақтың „Шекпе“ өрнегімен әшекейленген торғайдың дәстүрлі қаптама кірпішін қойдық. Түсініктеме ретінде „Қазақ мәдениетінің түпкі бастауы“ деген жазу берілді. Қалғанын экскурсия жүргізушілер өздері жалғастырып әкете беретін.

Екінші бөлім соңғы тас (неолит) дәуірінде қазақ жерін мекендеген тайпалардың тастағы бейнелеу өнеріне арналды. Мұнда қазақ халқының арғы тегін құраған дала тайпаларының айналадағы орта-

ны эстетикалық тұрғыдан игеруге ұмтылысын, меңіреу табиғатқа көзқарасын, өмір салтын, бейнелеушілікке құштарлығын, алғашқы таңбалардың үлгілерін көрсетуге тырыстық.


„Сақтан қазаққа дейін“ деп аталған үшінші бөлімде қазақ халқының текстік құрамында маңызды қосынды болған Ежелгі сақтар мен қазіргі қазақтың арасындағы байланыс заттық-тұрмыстық мәдениеттің ескерткіштерін, ою-өрнекті, құрал-сайман, қару-жарақты салыстыру жолымен ашылды. Ежелгі сақтардың аңтабы стиліндегі әшекейлі бұйым-тайымдарында бейнеленген кейбір оқиғалардың мазмұны қазақ аңыздарында қайталанып, ұрпақтан ұрпаққа алмасып келгені айтылды. Экспозицияда ежелгі үйсін, қаңғүй, түркі, қыпшақ мәдениетіне қатысты ескерткіштерге де жеткілікті мән берілді.

Музей экспозициясындағы соңғы төртінші бөлім қазақ халқының этнографиясы мен тұрмыстық мәдениетіне арналды. Негізгі экспонат қазақтың киіз үйі болғанымен Торғай өңіріндегі қазақ ұсталары соққан тұрақты мекенжайдың нұсқаларына да көңіл бөлінді. Торғай елінің кілемтоқымашылығына („Торғай түрі“, „Алтыауыл кілем“, „Арабы“ т. б.), киіз басуына (сырмақ, түскиіз, текемет), теріні ұқсатуына (күдері, шегірен), ағаш өңдеудегі, сүйектеудегі, зергерліктегі жетістіктеріне, киім-кешегіне, тұрмыс-салтына баса назар аударылды.


Музейдің үлкен бір залы облыстың құрылуына, мезеттің негізгі оқиғасы — Торғай тыңын игеруге қатысты мәселелерге арналды. Тың игерген шаруашылықтардың қалыптасуы Евдокия Андреевна Зайчукова іргесін қалаған „Двуречный“ кеңшарының, Сартай Омаров ұйымдастырған „Сарыөзен“ кеңшарының, т. б. ұжымдардың игілікті істері мен жетістіктері арқылы көрсетілді. Залдың ортасына кеңшар директорынан аупартком хатшысына дейін көтерілген сол өңірдің беделді шаруашылық ұйымдастырушыларының бірі С. Омаровтың кеңшардың алғаш қазығын қаққанда украиндық достарымен бірге тұрған және басқару орны ретінде пайдаланған шатыры жайылды. Шатырдың ішкі жиһазы да бастапқы қалпындай етіп орналастырылды.

Тағы бір зал қазақ халқының патша үкіметінің отаршылық саясаты мен жергілікті шонжарлардың озбырлығына қарсы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне арналды. Аманкелді сарбаздарының жазалаушы отрядтарға қарсы жүргізген ұрыс қимылдары, әскери ұйымдасуы, тактикалық жетістіктері мен кемшіліктері толығынан ашылды. Экспозицияға пайдаланылған тарихи құжаттар, көтеріліс қамтыған жерлердің картасы, Аманкелді батырдың туы, көтерілісшілердің қару-жарағы, киім-кешегі, қозғалыстың халық поэзиясы мен прозасындағы көрінісі жөніндегі мәліметтер қарулы күрестің ұлт-азаттық кейіпте болғанын айқындай түсетін тұстарының бұқпантайланбай көрсетілгені келушілерді қызықтыратын.


Облыстық музейдің сол экспозициясы ел арасында кеңінен



Аудандық комсомол хатшысы.
Абай. 1955.



Отбасының еркесі. Алматы. 1963.



Ниетжан, Бауыржанмен бірге. Алматы 1965.




Жұлдыз. Алматы. 1965.



Жастардың халықаралық ынтымақтастығына арналған митингте. Алматы. 1964.



Хо Ши Миннің қабылдауында болғанда. Ханой. 1964.



Облыстық комсомол конференциясында. Алматы. 1966.



Ұшқыш-ғарышкер П. Беяевпен бірге. Алматы. 1966.



Е. М. Тяжельниковпен бірге
Қарағанды. 1968.



Арқалықтағы кездесу. Д. Қонаев, С. Құсайынов, Ө. Жәнібеков,
В. Демиденко, Н. Кручина, Е. Әуелбеков, 1973.



Түркістандағы „Әзірет Сұлтан“ қорығының ашылу салтанатында. 1979.



О. Хаймолдин, Ж. Шәкерімов, О. Бейсенбаев халық аспаптары музейінің экспозициясын құрастыру үстінде. Алматы 1984.



Қазақстан КП ХҮІІ съезінде. Алматы. 1990.



Қазақстан КП Саяси бюросы мәжілісі кезіндегі бір үзілістен.
Ортада — Н. Назарбаев. Алматы. 1991.



Зейнеткер. Алматы. 1991.

қолдау тапты. Оны тамашалау үшін жұрт алыстағы ауылдардан да, көрші облыстардан да ағылып келіп жататын.

Мал қыстату кезі болатын. Бір жолы Аманкелді ауданындағы „Родник” кеңшарында болғанымда жасы ұлғайған үш қарт әдейі келіп сәлемдесіп:

— Әлгі Жәнібек деген бала сенбісің, қарағым? Арқалықта мөзей деген бар екен. Сонда болып, өзіміздің ел екенімізді бірінші рет ұқтық. Мөзейді сен ұйымдастырған екенсің, сол үшін ризашылығымызды білдіргелі келіп едік, — дегенді айтты.

Ойлап қарасам, менің өзім де музейге, оның тәрбиелік маңызына соншалықты мән бере бермейді екенмін. Ақсақалдардан естігенім менің ойлағанымнан асып түсті. Өкінішке қарай, Торғайдың облыстық музейі кейіннен жаңа экспозициясын құрастырған кезде бастапқы алған бағытынан айрылып қалды да, бірінбірі қайталай беретін қатардағы өлкетану музейлерінің біріне айналып кетті.

Торғайдың ән мен күйге бай, дәстүрлі өнері сан қырлы елі үшін Арқалықта облыстық әуезді драма театрының ашылуы аса маңызды оқиға болды. Мәскеудегі М. Шепкин атындағы театр-көркем өнер училищесінде бізден бұрын ұйымдастырылған Талдықорған облысы үшін қазақ студиясы ашылып, онда бір топ жастар артистікке дайындалып жатқаны жөнінде бұрын естігенім бар-тын. Бірде Алматыға, Орталық комитетке барғанда, Мәдениет министрі Ж. Еркімбаевпен жүзбе-жүз кездесе кеттік. Ол:

— Біз бір қолайсыз жағдайға тап болдық. Жаңадан театр ашуға жағдай жоқ деген сылтау айтып, талдықорғандықтар дайындалған труппаны қабылдай алмайтынын білдірді. Оны театрларға бөліп, таратып жіберейік десек, оның да есебін таппай, қиналып жатқан жағдайымыз бар — деді.

— Онда труппаны бізге беріңіздер. Театрды Арқалықтан ашайық. Жағдай толығынан жасалатын болады. Бұған сеніңіздер, — дедім.

— Ойбой-ау, сіздерде қазақ та шамалы ғой. Қазақ әуезді театрын қалай ұстамақсыз?

— Несі бар, оның есесіне бізде оптимизм, театрға деген құштарлық, ілгері үміт жеткілікті.

— Онда үкіметке тезірек ұсыныс жасаңыздар, — деді министр.

Мен дереу Арқалыққа телефон соқсам, Құсайынов орнында екен. Ол театр құруды қызу қолдайтынын білдірді. Сол күні-ақ Министрлер кеңесіне Құсайынов пен Трофимов қол қойған телеграмма келді. Онда театрдың уақытша, арнаулы үй салынғанша жаңадан тұрғызылып жатқан, колоснигі, айналмалы сахнасы, оркестрге арналған ойығы болатын „Горняк” мәдениет үйіне орналаса тұратыны, шығармашыл тобына бірден пәтерлер бөлінетіні, басқа да жағдай туғызылатыны айтылды.

Сөйтіп Талдықорғанға арналған театр бізге берілді. Мәскеуге

облатком төрағасының орынбасары мен облыстық комсомол комитетінің хатшысы жіберіліп, болашақ артистерге түсініктеме жасалды. Олардың Арқалыққа келуін күтпей-ақ, арнайы пәтерлер, жылы киім дайындала бастады.

Мәдениет министрі мәселе қойғанда демалыста болған Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Б. Сәдуақасов қайтып оралғаннан кейін театрды қайтарып беруді талап еткенде, үкіметтен „пойыздың кетіп қалғанын“ айтқан жауап алыпты.

„Горняк“ мәдениет үйінің құрылысы бізге қатысы жоқ себептермен созылықырап бара жатқандықтан, 1972 жылғы 3-мамырда ұйымдастырылған театрдың ашылу рәсімін тездету үшін оны сахнасының колоснигі жоқ Құрылысшылардың мәдениет үйінде өткізу үшін қосалқы дәліз тұрғызылып, декорацияны сахнаның бүйірінен рельспен алмастырып отыру көзделді. Бұл да труппа Мәскеуден келмей жатып жасалып бітті.

Жасыратыны жоқ, обком хатшысы ретінде мені сол кездің өзінде-ақ Торғай театрының ұлттық қасиеттерге, тарихи-этнографиялық бағыттағы әуезді драматургияға, бірте-бірте оперетта жанрына ден қоятын өзіндік бет-пішіні болса деген идея билеп алған болатын. Бәлкім, сондықтан да болар, М. Әуезовтың „Айман-Шолпан“, „Қарақыпшақ Қобыланды“ пьесалары бойынша дайындалған спектакльдер біздің театрдың жүйелеуінде тарихи-этнографиялық, мәдени-тұрмыстық наным-танымға қосатын үлесі мол қойылымдар болып шықты.

„Бой жетпеген жерге ой жетер“ деген асқақ арман театрдың шығармашыл жас ұжымына бұрынғылар таптамаған жаңа соқпақ іздетіп, жәрдем көрсете алатын М. Н. Гладков, М. Г. Дмитриев, В. К. Смирнов секілді профессорлары бар Шепкин училищесіне алып барған-ды. Олар да қолдан келген жәрдемін бізден аяған жоқ. Бірқатар спектакльдер сол Мәскеудің өзінде, училищенің қоюшы-режиссерларының күшімен дайындалатын болып келісілді.

Театрдың шығармашыл ұжымы негізінен Мәскеудегі Шепкин училищесінің түлектерінен құралғанымен Алматы консерваториясын Хадиша Бөкееваның класы бойынша бітіргендермен толықтырылды. Оларға Арқалыққа келісімен бәріне бірдей жаңадан салынған көп қабатты үйден пәтер бөлінді. Қыс кезі жақындап қалғандықтан облсовпроф арқылы әрқайсысына қаптал тон, жылы аяқ киім, бас киім алып берілді. Балалары бақшаға орналастырылды. Азық-түлікпен қамтамасыз ету жағы да қарастырылды.

Актерлердің көпшілігі Мәскеуде орыс тілінде оқып, білім алғандықтан қазақ тілінде кілткісіз сөйлей білуін қамтамасыз ету үшін олармен арнайы дәрістер жүргізіле бастады. Кейіннен бұл жұмыспен қазақ сахнасының саңлақтарының бірі, халық артисі Зәрипа Сүлейменова айналысты. Актерлердің дене тұрпатын қалпында сақтау үшін спорт шеберінің басшылығымен таңертеңгі

репетицияның алдында гимнастикалық жаттығулар өткізіліп келді. Обкомның лекторлар тобының жетекшісі С. Маханбетов аптасына бір рет актерлермен мезеттегі жағдай жөнінде әңгіме өткізіп тұрды.

Театр өзінің шымылдығын тұңғыш рет 1972 жылы 24-желтоқсанда М. Әуезовтың „Айман-Шолпан“ пьесасы бойынша жасалған әуезді комедиямен ашты. Театрдың құрамында хор, кордебалет болмағандықтан артистердің бәрі бірдей (Көтібар мен Маманнан басқалары түгелдей) өлең айтып, би билейтін спектакль жасауға тура келді. Мұның өзі бас режиссер Жамбылбек Есенбековтың шығармашыл ізденісінің нәтижесі еді. Бұл жағынан алып қарағанда біздің „Айман-Шолпан“ опереттаға жақындатылған қойылым болып шықты. Алғашқы спектакльді әуезшілердің тапшылығынан 4—5 аспап қана сүйемелдеді. Жартылай симфониялық оркестр Б. Лагоданың басшылығымен кейіннен құрылған еді.

Көрермен қауым әсіресе Мұхтар Манаповтың, Шолпан Айтқожанованың, Рашида Әліқұлованың, Досжан Жанботаевтың, Тұрарбек Айтқожановтың өнеріне риза болды.

„Айман-Шолпан“ арқылы театр өзін жаңа қырынан көрсетті. Ол оның қазақ сахнасында осы уақытқа дейін өріс алмай келе жатқан әуезді комедия, оперетта жанрында да жұмыс істей алатынын айқындай түскенінде еді. Спектакльге қатысқан актерлердің негізінен драмалық қалыпты, ерекшеліктерді сақтай отыра, оған әуездік әр, өң бере білгені құптарлық болды.

Бірінші спектакльді 43 минутқа кешігіп бастауға тура келді. Оған себеп — жұрттың шешінгісі келмейтінін айтып, тұрып алғанында еді. Біз бұрын концертте де, кинода да тонымызбен, пальтомызбен отыра беретінбіз, театрда сырт киімімен отыруға болмайды деген қайдан шыққан тәртіп? деп айқай-шу шығарғысы келгендер де болды. Театр әкімшілігі де айтқанынан қайтпаған соң, көрермендер ақыры сырт киімін гардеробқа өткізуге мәжбүр болды. Алғашқы спектакльге келгендердің жарымына жуығы балашаға болғандықтан партердің айырығымен әрі-бері жүгіріп, жұрттың мазасын кетірді. Ептеп қызып алғандар қарқылдап күліп, ойына келгенін айтып жатты...

„Театр гардеробтан басталады“ дегендей, о бастан көрермендердің мәдениетін көтерумен айналысуға тура келді. Кешкі спектакльдерге балалардың жіберілмейтіні, залға сыртқы киіммен, ласталған аяқ киіммен, жас болған қалыпта кіруге болмайтыны, сахнадағы оқиғаға байланысты бөсіп кетуге, кейіпкермен қосыла сөйлеп, көршінің мазасын кетіруге болмайтыны ескертілді. Кейіннен театрда көрермендер мәдениетін көтеру университеті жұмыс істей бастады.

Жас шығармашыл ұжымның өміріндегі екінші белес — оның француз композиторы Флоримон Эрвениң „Түлкі бикеш“ („Мадемуазель Нитуш“) опереттасын сахнаға шығарумен байланысты еді.

Спектакльді қоюға Шепкин училищесінің қоюшы-режиссеры, профессор Владимир Константинович Смирнов шақырылды. Бұл қазақ тілінде бірінші рет қойылатын оперетта болғандықтан оған деген ықыласымыздың шегі жоқ еді. Спектакль театрға жаңадан пайдалануға берілген „Горняк“ мәдениет үйінде (театрдың өз үйінің жобасын жасау Мәскеудегі „Гипротеатр“ жобалау институтына тапсырылған еді) қойылатын болғандықтан оған дайындықты театрды жабдықтаудан бастадық. Жылына небәрі 90 театр мен мәдениет үйін қамтамасыз ете алатын бүкіл елдегі жалғыз театр жабдықтары зауыты Саратовта орналасқан болатын. Оның жоспарына енбеген біздің театрды жабдықтау оңайға түспейтіндіктен, обком хатшысы, менің бұрынғы комсомолдағы әріптесім Виктор Тимофеевич Дувакинге өтініш айтып, Б. Бірбаевты жіберуге тура келді. Сол кісінің көмегімен сахна жабдықтарын бір айдың ішінде алып, құрастыруға кірісіп те кеттік.

Театрдың салтанатты, күделікті және ішкі шымылдықтары, сахна жамылшы, төсемдері Алматыдағы қазіргі Республика сарайының шеберханасында тігілді. Актерлердің киімі бұрын „Айман-Шолпанға“ киім-кешек тігілген Мәскеудің Кіші театрының шеберханасында жасалды.

Арқалыққа келген В. К. Смирнов театрдың үйін қарап шығып, оркестр ойығының тар, тіптен деңгейінің шектен тыс төмен жатқанын айтып, дыбыстың сахна астына кететін қауіпін барын ескертті. Сондықтан партердің бірінші қатарындағы орындарды алып тастап, „шұңқырды“ қайтадан жасауға тура келді. Владимир Константиновичтің талай театрларда болғанын, бірақ ашылуына жалғыз күн қалғанда оркестр ойығын қайтадан жасап және жабдықтап үлгіргенді көрмегенін айтып күлгені есімде қалды.

Көрерменге жаңа театрда жаңаша қызмет көрсету мақсатымен, оңда шәй, кофе ұсынатын, қымбат бағалы шампан шарабымен, конфеталармен, шығыс тәттілерімен қамтамасыз етілетін буфет, әуез салоны ұйымдастырылды. Бұлар кейіннен әсем киінген жұрттың спектакль басталар алдында, үзілістерде тынығатын, бой көрсететін орындарына айналды.

Арқалық түгіл аса ірі, тіптен астаналық қалалардың өзінде көрермендердің спектакль аяқталуын күтпей-ақ, артистерге қол соғып, құрмет көрсетпестен жан ұшыра гардеробқа жүгіретінін көріп жүрміз. Мұның бұйрықпен немесе тәртіпке шақырумен орнына келе қоймайтынын ескере отыра, осы бір ыңғайсыз құбылысты да реттедік. Ол үшін спектакль аяқталуға жақын қалғанда залдың барлық төрт есігін түгелдей жапқызып, олардың алдына жұрттың артистер сахнадан кеткенше күте тұруын әдеп сақтай еске салатын кезекші әйелдерді қойып жүрдік. Залда қалып қойғандықтан көрермендер сахна жабылғанға дейін, тіптен оны қол соғып қайта-қайта ашқызып, артистерге құрмет көрсете береді екен.

Бірте-бірте көрермендерді спектакль аяқталғанда орындарынан тұрып қол соғуға дағдыландырдық. 700 орындық залдың ортасынан екі жаққа ажырататын айырығы болатын. Оның бір жағындағы төртінші қатарға Құсайынов әйелімен, екінші жағына мен жолдасыммен орналасып, спектакль аяқталысымен орнымыздан тұрып қол соғатын едік. Бізге еріп, өзгелер де орындарынан тұрып артистерге құрмет көрсететін. Бұл да әдетке айналып кетті.

Арада екі-үш айды артқа салып, залдың барлық есіктерін ашық тастайтынды шығардық. Енді жұрттың өзі-ақ залдан бұрын шығуға асықпай, артистерді қол соғып, сахнаға қайта-қайта шақырып қошеметтеп, тек олар сахнадан соңғы рет шығып кеткеннен кейін ғана тарқасатын болып алды. Торғайлықтардың театрға деген осындай ықыласы мен әдептілігі Мәскеуде шығатын „Театр“ журналында да атап көрсетілді.

Театр көрермендерінің мәдениетін арттыруға ықпалын тигізген басқа жәйттер де бар еді. Арқалықта қыстың қатты болатынын ескеріп, спектакль аяқталатын кешкі сағат тоғыз-он жарымға қарай театрға әрбір маршруттан бір-бір автобус беріп отыру келісілген болатын. Оның үстіне сахнадан бос театр қызметкерлерінің бәрі тұра қалып, гардеробтан көрермендердің сыртқы киімдерін алып беруге көмектесетінінен бас аяғы бес-жеті минуттан кейін театрда бірде бір адам қалмай, шығып кете алатын.

„Түлкі бикеш“ В. К. Смирновтың қойылымы бойынша аса зор табыспен өтті. Негізгі рольдерде ойнаған Шолпан және Тұрарбек Айтқожановтардың, Татьяна Рақышеваның, Мұхтар Манаповтың ойыны әсерлі болды. Мұның өзі қазақ опереттасын жасауға толық мүмкіндіктер бар екенін және оны Торғай театрынан бастауға болатынын көрсетті. Соңдықтан да осы салада талаптанып жүрген композиторларымыз Нұрғиса Тілендиевті, Еркеғали Рахмадиевті, Сыдық Мұхамеджановты „Лениншіл жас“ арқылы Торғай театры үшін әуезді шығармалар жазуға шақырдық.

Театр сахнасында мұнан кейін Мұстай Кәрімнің „Ай тұтылған түні“, Шыңғыс Айтматовтың „Арманым, Әселімі“, Сәкен Жүнісовтың „Қызым, саған айтамы“, Әкім Тарази мен Қалихан Ысқақовтың „Апа, апатайы“ қойылды. Қадыр Жетпісбаевтың қоюында Әбдіжәміл Нүрпейісовтың „Қан мен терінде“ бірінші рет жарық, дыбыс, кино мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылды.

Торғай театрының 1974 жылғы Алматыдағы гастролі табысты болды. Оны билет жетіспегендіктен әр күні 200—300-дей адамның сыртта қалып қойып жүргенінен де көрдік. Театрдың әрбір спектаклі, „Жа-рай-сыңдар!“ деген сөзбен жалғасып кететін ұзақ қол шапалақтаумен аяқталып отырды. Алматыда шығатын газеттердің, теледидар мен радио редакцияларының барлығы дерлік Торғай театрына арнап шаттанған пікірлерімен қатар тілектес сын айтқаны, оның болашағынан зор үміт күттіретін өнер ордасы болатынына сенім білдіргендіктің белгісі еді. Әйтсе де театрдың аста-

наға сапары оның репертуарында әуезді шығармалардың жетісе бермейтінін және тиісті шаралар қолданылмаса өзінің қалап алған бағытынан айырылып қалуы мүмкін екенін де айқындай түскен еді.

Облыс орталығы болып белгіленген кезде 17 мыңдай ғана халқы бар, оның үштен бірі ғана қазақ болатын, біздің кішігірім қаламызда театр ұстау үшін онымен күнбе-күн айналысуға тура келгендіктен менің білетінім — Торғай театрының көрермен қауымымен біте қайнасқан, елдің сезімталдығын, инаттылығын, көркем өнерге құштарлығын оятуға, талғамының деңгейін көтеруге қызмет еткен бірден бір құбылыс болғаны. Актёрлердің айтқанын сөзбе сөз қайталайтын, эмоциясын толығынан бере алатын дәлмедәл аудару жоғары дәреже ұйымдастырылатындықтан театрдың орыс көрермендері де аз емес еді.

Театрдың торғайлықтардың өмірінде алған орнын 1989 жылы облыс уақытша тарқатылғанда өткізілген соңғы спектакльде артистердің — сахнада, көрермендердің — залда көздеріне жас алып, бір бірімен үлкен толқу үстінде қоштасқанынан да байқауға болатын еді.

Өкініштісі, осындай зор абыройға ие болған театрды қала басшыларының сақтап қала алмағаны. Қазіргі театр қанша тырмысқанымен бастапқыдай бола алмайды. Басқа мектеп, басқа уақыт, басқа ыңғайтабыс. Бұл өмір заңдылығынан туындалатын жәйт. Жас театрдың өзіндік түр-түсі, шығармашылыққа көзқарасы, замана талаптарына қатысты түйсік-түсінігі болатыны даусыз. Онысыз шығармашыл ұжым ұзақ өмір сүре алмайтыны хақ.

Арқалықта облыстық филармония құру да оңайға түскен жоқ. Қажетті базаның жоқ екенін ескере отыра, Мәдениет министрлігі бізге Қостанай облыстық филармониясына қарайтын концерт-эстрада бюросын ұйымдастырумен қанағаттана тұруды ұсынды. Оған келісе қоймадық. Өйткені, облыс құрылғанға дейінгі бес жыл ішінде оның қазіргі аймағында бір-ақ рет белгілі әнші Жамал Омарованың тобы ғана болып, өнер көрсеткен екен. Егер осындай деңгейде Қостанай филармониясы бізге қызмет ететін болса, ондай концерт-эстрада бюросының қажеті бола қоймас дегенді айттық. Облыстың шалғайға орналасқанын ескеріп, Мәдениет министрлігі әйтсе де үкіметке Қызылорда облысына арнап жоспарланған филармонияны Арқалықтан ашуға келісімін берді. Облыстық филармония Құрылысшылар мәдениет үйіне орналасты.

Торғай-ән мен күйге бай өлке дедік. Мұнда бұрын домбырада ойнаудың жоғары қарай бір іліп, төмен қарай екі қағатын „іліп-қақпайы“, халық әуендерінің де ұзын ырғағы қысқа қайырылатын, орта диапазонды түрлері кеңінен тараған екен. Қартайғанымен, облыс құрылған кезде көзі тірі, кезінде осылайша күй тартып, ән айтқан 17 әуездіні таспаға жазып алдық. Торғай елінде халық билері де, әсіресе оның „Айда былпым“, „Қазақ биі“ сияқты бір орында тұрып биленетін түрі, халықпен бірге жасасып келгенін

көнекөз қарт бишілердің өнерінен аңғардық. Шамасы, бұл дала жағдайында жұрт киіз үйге жиналатындықтан күріктің жетісе бермейтіндігінен туған жәйт болса керек. Әйтеуір өз басым мұндайды тек Торғайда ғана көрдім.

Жетпісінші жылдардың басында Арқалықта „Торғай әуендері“ фестивалі өтіп жатқан. Менің кабинетіме кіріп келген бір қарт жұмыс үстелімнің біресе бір жағына, біресе екінші жағына шығып билеп ала жөнелді. Жасы келгеніне қарамастан көзі жалт-жұлт етеді, әрбір қимылынан елдің жүгіртпек ойы, ұшқыр қиялы, өмірге құштарлығы сезіліп тұрғандай. „Ақсақал отырыңыз“ деп жүріп, әрең тоқтатқанымда ол былай деді:

— Менің өзім ақынмын, сен келіп сәлем бермеген соң, аман-есен жатырмын. Арқалыққа жол түсіп, сәлем берген өзіңе, Қарсақ деген батырмын.

Мен не дерімді білмей, сасыңқырап қалдым, Державин ауданында қарт ақын, сырнайшы әрі биші Қарсақ Қопабайұлы тұратынын ешкім айтпаса, облыспен толығынан танысып үлгірмей жатып, мен оны қайдан біле қояйын. Ақсақалды отырғызып, фестивальға келгеніне рахмет айтып, әңгімеге кірісіп кеттік. Отызыншы жылдарда артист болам деп талпынғаныммен, ондай азамат өзінен шыға қоймағанын айтып күлді де, сөзді халық шығармашылығына бұрып, өз ойын қорыта келе, „би қанаттанса, қарағым, ел қанаттанады“ дегенді айтты.

Облыстық филармония дәстүрлі өнердің осындай ұмытылған немесе „құрып бітуге айналған тұстарын қайта қалпына келтіріп, мүмкіндігінше бұрынғы табиғи ортасына — елдің тұрмысына қайтаруға қолқабысын тигізетін бірден бір мекеме болуға тиіс еді. Мұның өзі халық шығармашылығын насихаттаумен айналысатын фольклорлық-этнографиялық ансамбльдер, артистік топтар құрумен, теледидар мен радионың мүмкіндіктерін пайдаланумен тікелей байланысты болатын. Осындай ұлағатты істің басы-қасында белгілі өнер зерттеушісі, профессор Болат Сарыбаев, Қазақ ССР-на еңбегі сіңген өнер қайраткері, кейіннен халық артисі Дәурен Әбіров, РСФСР-ға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері, кейіннен Қазақ ССР-на еңбегі сіңген өнер қайраткері Ольга Всеволодовна Всеволодская — Голушкевич, Торғай театрының бас режиссеры Қадыр Жетпісбаев тағы басқалар болды. Солардың көмегімен „Шертер“, „Метелица“ фольклорлық-этнографиялық ансамбльдері, цирк тобы құрылды, дарынды жас биші Тойған Ізімованың концерттік бағдарламасы жасалды.

„Шертер“ — қазақтың көне әуез аспаптарынан құралған, кейіннен ұйымдастырылған „Ғасырлар пернесі“, „Сазген“, „Адырна“ халық аспаптары ансамбльдерінің, „Отырар сазы“ оркестрінің ізашары болған тұңғыш шығармашыл ұжым еді. Ансамбльдің негізін пошымы мен дыбыс ерекшеліктеріне қарай өзгешеленетін, төкпе күй орындауға бейімделген — адай, шертпе күй тартуға ыңғайлы —

семей, іліп-қақпайды нақышына келтіретін торғай домбыралары, көне заманғы шертер, қылқобыз құраған болатын. Оларға жетіген, шаңғауыз, үшкірік, дабыл, даңғыра, асаяяқ қосылып, соңғы кезде ұмытыла бастаған халық әуендерін — „Бозіңгенді“ „Арвян қоңырды“, „Ой толқынын“, „Желдірмені“, „Кеңес күйін“ орындағанда, тамылжыған сазды үнімен ансамбль жұртты елітіп әкете беретін еді.

Ансамбль артистерінің әртүрлі аспаптарда бірдей ойнап, ән сала билетіні, әсіресе торғай әуендері мен күйлерін орындаған Қайыржан Мақановтың (ансамбльдің жетекшісі), ойнақы, қоңырқай, әсем даусымен танымал Қазымгүл Базанованың, Қыпшақ Қойғариннің, қобызшы Сапар Әбеновтың, биші Тойған Ізімованың, әзіл-оспақ, шағын интермедиялар оқып, концерт жүргізетін Шотай Жолдасбаевтың өнері 1974 жылы „Шертердің“ Алматыдағы гастролі кезінде астаналықтарды таң қалдырған еді. Олардың торғайлық қазактың кейпінде киінгені де көрермендердің назарында болды.

Ансамбльдің шығармашылығы жайлы соны пікір айтып, тілектестік білдірген композиторлар Латиф Хамиди мен Нұрғиса Тілендиевке, өнер зерттеуші, профессор Болат Сарыбаевқа ризашылығымыздың шегі болған жоқ.

Облыстық филармонияның „Метелица“ ансамблі домбыра, бала-лайка, бубен, волынка сияқты орыс халық аспаптарының негізінде құрылды. Оның концерттік бағдарламасына көпшілікке танымал халық әуендерімен қатар, кезінде шетінен әнші, әуезші, шарғышы болған скоморохтардың өнеріне тән кейбір элементтер енгізілді. „Метелица“ көрермендермен біте қайнасып кететінімен, кейбір ойындарына залда отырғандарды да қатыстырып, қыздыра түсетінімен ерекшеленетін еді.

Филармонияның цирк тобы да өз аттракционымен өнер көрсететін, қызықшылығы мол бағдарламасымен белгілі ұжым болғандықтан ел арасында танымал болатын.

Бізге жаңадан құрылған жас облысқа маманданған жергілікті кадрлар дайындау мәселесінің де алғы шепке көтеріле бастағанымен санаспасқа болмайтын еді. Әсіресе жоғары білімді мұғалімдер жетіспейтін. Жоғары оқу орнын ашу жоспарланбағандықтан тағы да үкіметке облыс басшылығының атынан ұсыныс енгізуге тура келді. Министрлер кеңесі бұл жолы да Талдықорған облысына арнап жоспарға енгізілген педагогтік институты Арқалыққа ауыстырды. Шешім қабылданысымен жаңадан салынатын бір орта мектептің үйін институтқа беру келісілген еді. 1972 жылғы қаңтардың 10 күні Үкімет төрағасының орынбасары Қ. Біләлов маған телефон соғып, институтқа берілетін үйдің іргетасы да қаланбағанына реніш білдірді. Мен тікелей телефонмен Сақан Құсайынұлымен байланысып, Біләловқа қалай жауап беруді сұрадым. Ол болса қыс кезінде Арқалыққа басшылардың келе

қоймайтынын ескертіп, „құрылыс екінші қабаттың деңгейінде жүріп жатыр“ деп айтарсың деді. Солай істедім. Біләлов облыстың екі басшысы қол қойған телеграмма жіберуді сұрады. Құсайынов пен Трофимов қол қойған телеграмма Алматыға жіберілді де, сол күннен бастап, жазда құйылған мектептің іргетасына институт ғимараты тұрғызыла бастады. 10-тамызға қарай институт дайын болды. Институттың құрылысынан көрі оны жабдықтау, оқытушылармен қамтамасыз ету қиынырақ болатынын сонда көрдім. Облыстық халық ағарту бөлімінің базистік магазиніндегі мебельдерді, кейбір кабинет жабдықтарын институтқа беруге тура келді. Ғылым кандидаттарына конкурс жарияланды. Қабылдау емтиханы да қатар жүргізілді. Өкініштісі, оқу министрі Б. Бөлтірікова түсінбестік жасап, қазақ бөлімін тек физика-математика факультетінде ашуға, қазақ мектептерінде орыс тілінен сабақ беретін мұғалімдер дайындайтын бөлім ғана ұйымдастыруға рұқсат етіпті. Тіпті жағдайды түсіндіре барған институт ректоры М. Төлегеновке: „Жәнібеков қазақ балаларын оңтүстіктен алып барып оқытпақшы ма, қалай?“ деген орынсыз сұрақ та қойғанға ұқсайды. Мен жағдайды шиеленістіре бермейін деген оймен ештеме дей қойғаным жоқ. Шынтуайтына барсақ, бізде жетісе бермейтіндері де орыс тілінің мұғалімдерімен қатар қазақ тілінде сабақ беретін тарихшылар, тіл мен әдебиет, жаратылыстану пәндерінің мамандары еді. Министр өзі білмесе, білетіндерден сұрап алуы керек еді, олай етпегені өкінішті-ақ болды. Әйтсе де келесі оқу жылынан бастап, бұған өзінің де көзі жете бастағанын көрдік.

Қабылдау емтихандары басталғанда Арқалықта қазақ тілінде оқытатын институт ашылыпты деген лақап тарап кеткендіктен солтүстік облыстардың әрқайсысындағы бір-бір қазақ аудандарынан мектеп бітіргендердің мұнда келіп арыз бергенін көрсек те, ештеме істей алмадық. Көрші облыстардан не бәрі 7 оқушы ғана оқуға қабылданды.

Институттың заттық және кадрлық базасын жақсарту үшін Арқалықты екпінді құрылыс деп жариялаған БЛКЖО Орталық комитетіне хат жолдауға тура келді. Оның көмегімен Пермь педагогтік институты Арқалық пединститутын қамқорлығына алғаны жөнінде шешім қабылдап, ақысыз, бір жолғы жәрдем ретінде 50 мың сомның оқулықтарын, құрал-жабдықтарын бөлді, 25 мың сомға ақысы төленетін оқулықтар, құрал-жабдықтар бөлді, 25 мың сомға физика-математика кабинетін жабдықтап берді. Біраз оқулықтарды Алматыдан алдырдық. Конкурс бойынша 8 ғылым кандидаты оқытушылық қызметке жайғасты.

Педагогтік институттан басқа Арқалық, Державин кеңшар-техникумдары ашылды. Бұл екеуінің соңғысы малдәрігерлік техникум болатын. Мұны естіп, алыстағы мал шаруашылықты аудандардан оқуға тілек білдіргендер көбейіп кеткендіктен, қабылдау-жоспарын орындай алмаған орта дәрежелі басқа оқу орындарының есебінен

Ауылшаруашылығы министрінің рұқсатымен қосымша 200 орынға оқушылар қабылдауға мүрсат алып, 50 оқушының орнына 250 оқушы қабылданып, бірден толық қанды оқу орнына айналып кетті.

Тіптен облыстық театрдың көркемдік кеңесінің құрамына ұсынатын бұл салада білікті интеллигенцияның жоқтығынан алғашқы кезде оның міндетін ұжымның жетекшілерімен қатар обком хатшысы, Облатком төрағасының орынбасары, мәдениет басқармасының бастығы атқарып келген жас облыс орталығы — Арқалық қаласының мәдени өміріндегі маңызды оқиғалардың бірі — мұнда Қазақстан Жазушылар одағының облыстық бөлімшесінің ашылуы болды. Мұндай шешім Одаққа мүшелікке торғайлық ақын-жазушылардан тұңғыш рет Сейіт Кенжеахметовтың, Қойшығара Салғариннің, Серік Тұрғынбековтың қабылдануымен тікелей байланысты еді.

Қаламыздың жас екеніне қарамастан, оның мәдени өмірінің сан қырлы болғанын осы айтылғандардан да аңғаруға болады. Шәмші Қалдаяқовтың әсем әнінде айтылғандай, Арқалықтың ақ таңы осылай атқан еді. Бары-жоғы үш жылдың ішінде облыс орталығына тән барлық атрибуттардың мұнда жасалып үлгіргені ең алдымен облыс халқы сияқты, оның тұрғындарының да қажырлы еңбегімен, ел алдындағы қарызы мен парызына беріктігімен, отаншылдық рухта тәрбиеленген түйсік-түсінігімен байланысты еді.

Арқаның жас қаласы, Торғайдың бас қаласы Арқалық мұнан былай да өркендеп, өсе бермек. Мұны қаланың кейінгі дамуынан да көрдік.

ЕКІНШІ ТАРАУ

Сарыбелден
Асқанда

ЕЛЕУСІЗ ҚАЛҒАН МЫҢ ЖЫЛ



етпісінші жылдардың бірінші жартысында-ақ, кеңестік қоғам дамуында кейбір экономикалық, әлеуметтік, саяси, идеологиялық, құқықтық, пәлсафалық тұрпаттағы келеңсіздіктер белең ала бастаған болатын. Ұран мен істің, бағдар мен дағдының, саясат пен болмыстың арасындағы алшақтық оның идеялық бастауларын босаңсыта түскен еді. Ал мұның елді тығырықтан шығаруға қолқабысын тигізетін, әр салада жете маманданған партия қызметкерлерін даярлау, Одақтық Халық шаруашылығы академиясын құру мәселелерін алға қоя бастағаны мәлім.

Нальчикте кезекті демалыста жатқан маған Алматыдан телефон соққан Орталық комитеттің партия ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Оразай Батырбековтен М. А. Сусловтың ұсынысымен Мәскеуде қоғамдық ғылымдар академиясының негізінде жоғары сатыдағы идеологтар дайындайтын екіжылдық курс ашылғанын естідім. Оған мейлінше шектелген құрамда Одақтас республикалардың әрқайсысынан, Мәскеу мен Ленинградтан бір-бір тыңдаушы ғана қабылданатынын, Қазақстаннан менің кандидатурамды ұсынғалы отырғанын айтып, келісімімді сұрады. Мен қарсы болмадым.

Оқу жылы басталатын 1 қыркүйек жақын қалған. Арқалыққа орала салысымен Батырбековпен хабарласқанымда, ол оқуға басқа кандидатураның, Атырау (бұрынғы Гурьев) обкомының хатшысы М. Тәжиннің ұсынылғанын айтты. Кейіннен білгенім оның кандидатурасын КПСС Орталық комитеті құптамағандықтан Қазақстаннан ешкім тыңдаушылыққа қабылданбапты.

Бірде Мәскеуде болғанымда партия ұйымдастыру бөліміндегілер „Сен қандай дарақы едің. Осындай мүмкіндіктен бас тартуға бола ма?“ деп қалды. Менің мұны естіп таң қалғанымды көріп, „Бізге сенің өзің келісімін бермеді деп хабарлаған еді. Түбі мұнда бір гәп бар шығар, сұрастырып-біліп қойған жөн болар“ дегенді айтып,

ойланып қалды. Тегі, бұл да әлгі „бір бюро мүшесінің“ құйтырқылығынан болса керек.

Күздің шуақты күндерінің бірінде шылдыр ете қалған телефон трубкасын көтерсем, Алматыдан телефон соғып тұрған Денсаулық сақтау министрінің көмекшісі, біздің Ақтөбе медицина институтындағы бұрынғы комсоргіміз Марат Құлманов екен. Есен-саулық сұрасқаннан кейін, „бөтен жұмысымыз жоқ, тек сізді көріп қайтайық деп едік, таңғы ұшақпен Марс, Кеңес үшеуміз барып қайтармыз“ деді. Марс Үркімбаев Шымкент технология институтындағы, Кеңес Үшбаев Алматы медицина институтындағы комсомол ұйымдарына жетекшілік еткен жігіттер болатын. Қонақтарды аэропорттан үйге алып келіп, тамақтандырғаннан кейін Облыстық музейге, театрға, филармонияға, пединститутқа алып бардым. Жаңадан салынған облыстық аурухананы, өзгеше жабдықталған облыстық дәріхананы көрсеттім.

Түскі тамақ ішіп отырып, бұлардың бір жәйтті біліп алғысы келетінін байқадым. Әңгімені Марс Үркімбаев бастады:

— Біз комсомолда істеп жүргенде Сізді сыйлайтынымыз сонша, айтқаныңыздың бәріне қалтқысыз сенетін едік. „таза, тік жүріңдер. Сонда бастарыңа бұлт төнбейтін болады. Шындықтың көзі — адалдықта. Бұқпантайлап өмір сүруге болмайды“ дейтін едіңіз. Өзіміз есейе, оң-солымызды тани келе, бақсақ, олай емес екен. Өмірде даңғыл жол жоқ, қанша таза және тік жүрсең де, оның бұрылысын, қалыс-қалтарысын айналып өтуге болмайды екен. Кейде ойдағыңды айта алмай, босқа лыпылдауға тура келетін сәттерді де басымыздан кешіп жүрміз. Сонда сіз бізге, біле тұра, шындықты айтпағаныңыз ба? Мұны қалай түсінуге болады?

— Грузиндер өздерінің протекционизмін талқылап, шара қолданып жатқанға ұқсайды. Бізде тіптен, сіз айтқандай „тік жүріп-тұрудың“ өзі қиындап бара жатқан жоқ па? деп Марстың сөзін Кеңес Үшбаев осылай жалғастыра түсті. Тегі, „қазақ протекционизмі“ деген мәселе қаралатын бола ма? Бұған не айтар едіңіз?

Марат Құлманов та сұрақ қоюға ыңғайланып, қомдана бастап еді, мен: Қазақта „үш жыл қой баққаннан ақыл сұрама?“ деген мәтел бар. Қой бақпасамда, міне төрт жылдай болып барады, осы құлазыған кең далада „жоқтан бар“ ғып, бәрін орнына келтіре қоямыз деп, күндіз-түні тыным таппай шапқылап, дүниені ұмытып жүргендердің бірімін. Менен не ақыл сұрайсыңдар? — деп күлдім. Шүкір, бұлардың қатып, жан-жағын дұрыс танитын азаматтар болып өсіпсіңдер. Бәрін біліп отырып, менен сұрағандарыңа жол болсын? — дедім.

Сонан қайтып олар маған сұрақ бермеді. Бұрынғы жас достарымның есейіп қалғанына рахаттана қарап, Арқалыққа әдейі келіп, қал-жағдайыммен танысқанына іштей риза болдым. Кешкі ұшаққа отырғызып, Алматыға шығарып салдым.

Әйтсе де, кейіннен, бірнеше жылды артқа салып, сол Марс, Кеңес, Мараттардың өмірге, айналадағы ортаға көзқарасының,

мінез-құлқының, түйсік-түсінігінің өзгере бастағанын көрдім. Байқап қарасам, тек олар ғана емес, заман өзгере бастаған екен.

1975 жылы шілде айында С. Н. Имашев Құсайыновпен ақылдасып, мені іс-сапарымен Алматыға шақыртып алды. Бұл мезет Қазақстанның 72 елмен экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени байланыстар орнатып, халықаралық аренаға шыға бастаған кезі болатын. Жылына 15—20 мыңға жуық адам Қазақстанға келіп, сонша адам шет елдерде болып қайтатын. Орталық комитеттің аппаратында Сыртқы байланыстар бөлімі құрылып, оған меңгерушілікке мен ұсынылатын болыппын.

Имашев мені Қонаевқа көрсетпек болып, қабылдауына алып барды. Менімен әңгімелескенде қысқаша ғана, құрылғалы жатқан бөлімге жүктелетін міндеттер жөнінде айта келіп, Дімекең: „Біз сені Норвегияға төтенше және өкілетті елшілікке ұсынбақ болып, Мәскеумен де келісіп қойған едік. Осында бір бюро мүшесі сенің әйелің ауру деген соң, ұсынысымыздан бас тартуға тура келді. Оған ренжімессің, әлі-ақ елші бола бересің ғой“ деп бұрынғы әдетімен, қоллаштап, арқамнан қағып, қолын ұсынды. Имашев үндемей қалды. Қайсыбіреудің сап-сау әйелімді ауру деп оғаш қауесет таратқанына басшының сене қалғанына қайран қалдым. Кейіннен байқағаным — бұл аппаратта егер басшы мүдделі болмаса, мұндай „ұсақ-түйекпен“ айналыса бермейді екен. Кім бұрын жеткізіп үлгірсе, соныкі мақұл болып қала беретіні де осымен байланысты болса керек.

Анығырақ айтатын болсақ, жаңадан құрылған Сыртқы байланыстар бөліміне Кеңестік одақтың ұлылығы мен мызғымастығын Қазақстанның экономикасы мен мәдениетінен көрінетін қазіргі заманғы жетістіктері арқылы уағыздау жүктелген екен. Сондықтан ең алдымен бөлімнің неңдей мәселелермен айналысатынын айқындап алуға тура келді. Маңыздылардан саналатыны — сыртқы қарым-қатынастармен байланысты шетелдерге жіберілетін мамандармен, туристермен, әртүрлі делегациялармен айналысу, олардың құрамының сапалы болуын қадағалау еді. Шетелдіктерді, үкімет делегацияларын қоса, қабылдау, орналастыру және қажетті жағдай туғызуды сияқты аса маңызды істе тиісті мемлекет орындарына көмек көрсету де біздің бөлімнің еншісіне тиген болатын.

Ол кезде Қазақстанды Одақтың шегінен тыс жерлерде көпшілік жұрт біле бермейтін. Ілгеріде, 1965 жылы ғой деймін, Палестинаға қатысты мәселелерді талқылаған халықаралық конференцияда болып, жергілікті қал-ахуалмен танысу үшін Каирдан Амманға (Иордания) кететін ұшақты күтіп, аэропортта отырып қалдық. Бізбен бірге ұшатын египеттік арабтардың бірі (интеллигенция өкілдерінен болса керек) менен қайдан келгенімді сұрады. „Кеңес Одағынан“ — деп жауап бердім. „Онда шашың неге қара?“ — деді ол. Шамасы, кеңес елінде тек орыстар ғана тұрады деп ойлайтын болса керек. Мен оған біздің елде жүзден астам әртүрлі халықтардың өкілдері тұратынын, Одақтың өзі 15 республиканы

біріктіретінін, соның бірі Қазақстан екенін, өзімнің қазақ екенімді айтқанымда: „Қазақстанның астанасы Ташкент пе?“ деп сұрады, мен — „Алматы“ дедім. Ол „Алматы“ деген сөзді дұрыс айта алмай, „А-маты“, „Ама-та“ деп тайып тұрды. Жағдай осылай еді.

Шынтуайтына барсақ, Қазақстан шетелдіктерге тек экономикалық және мәдени құрылыста қол жеткен табыстарымен, кеңестік құрал-жабдықтарды құрастыратын, инженерлік-зерттеу, геологиялық-барлау жұмыстарына, экономикалық құрылысқа және басқару жүйесіне қатысты ұлттық кадрлар дайындауға көмектесетін жоғары маманданған жұмысшыларымен, білікті инженер-техник қызметкерлерімен, тіптен ғалымдарымен, мәдениет пен өнер қайраткерлерімен, керек десеңіз, туристерінің деңгейімен танылатын еді. Өкініштісі, жергілікті орындар тарапынан сыртқа іс-сапарымен жіберілетіндерді таңдап алуда немқұрайдылыққа жол берілгендіктен, қайсыбір маскүнемдерді, тұрмыстан азғындаған алаяқтарды, айдан айқын қылмыскерлерді ұшақтан, пойыздан, теплоходтан түсіріп алып қалуға мәжбүр болған сәттеріміз де болды.

Сонымен, 1976 жылдың өзінде-ақ, шет елдерге жіберілетіндердің құрамы едәуір жақсарды. Сол жылы 800-ден астам қазақстандық мамандар Аргентинаға, Алжирге, Ауғанстанға, АҚШ-қа, Болгарияға, Египетке, Индияға, Иеменге, Иракқа, Индияға, Францияға жіберілді. Қазақстан ғалымдары аса маңызды тақырыптар бойынша шетелдік әріптестерімен бірлесіп жұмыс істей бастады. Қазақстанның өнеркәсіп өнімдері 15 халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелерде көрсетілді.

Бөлім Сыртқы істер министрлігінің, Сыртқы сауда министрлігінің Қазақстандағы өкілінің, Қазақтың шетелдермен достық және мәдени байланыстар қоғамының жұмыс байыбына бара бастады, „Отан“ (кейіннен „Қазақстан“) қоғамын ұйымдастыруға қатысты. Республикаға шет елдерден үкімет және жұртшылық делегацияларының көптеп келе бастауына байланысты оларды қарсы алып-шығарып салудан дастархан мәзіріне дейін ұлттық дәстүрдің кейбір элементтерін өндіру жағын қарастыра бастады. Протокол мәселелері бойынша министрліктердің, қоғамдық ұйымдардың қызметкерлерімен семинар-кеңес өткізді. Алматыдағы Достық үйінде гидтер мен тәржімашылар мектебін ұйымдастырды.

Бұрын туристік топтар тек Алматыға ғана келіп қатетін. Оның айналасында 15 шақырымнан артық жерге барып кетуге үшін арнайы рұқсат сұралатын. Орталық комитетке, жоғарғы мемлекет орындарына қайта-қайта ұсыныс жасап жүріп, Алматыға қоса, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Ақмола (Целиноград), Қостанай облыстарында туристерді, шетелдік делегацияларды көптеп қабылдауға рұқсат алдық. Шетелдіктер түсетін мейманхана, тамақтанатын ресторандармен, оларға қызмет ететін басқа да орындармен тікелей айналыса бастадық. Алматыда „Отырар“ мейманханасының құрылысы басталды. „Медеу“ мұз айдыны ауданын-

да қазақтағы жылжымалы және тұрақты үйлердің әртүрлі нұсқаларынан құрастырылған „Қазақ ауылы“ туристік кешені ашылды. Алмалыбақта „Политотдел“ тәжірибе шаруашылығының директоры С. Тегісовтың бастамасымен қазақтағы бие сауып, қымыз ашытатын үрдісті көрсететін және келушілерге оның сау-мал, түнемел, *ушкүндік* деген түрлерінен дәм татқызатын „Қымызхана“ туристік кешені салынды. Туристерге көрсетілетін объектілердің мазмұнына, тартымды болуына, әсіресе қазақ халқының тарихынан, мәдениеті мен дәстүрлі өнерінен мағлұмат беруді кеңейте түсуге мән бере бастадық.

Жамбылда „Тараз“ мейманханасы іске қосылды, Шымкентте „Ордабасы“ (бұрынғы „Восход“), Ақмолада „Есіл“ мейманханалары қайта жабдықталды. Қарағандыдағы, Қостанайдағы мейманханалар қайта жаңғыртудан өткізілді. Алматыда — шампан шарабының, Түлкібаста — құрғақ шараптың, Капланбекте — маркалы шараптың дәмін татқызу ұйымдастырылды.

Аталған облыстарда Бүкілодақтық „Интурист“ акционерлік қоғамының бөлімшелері, Алматыда шетелдік туризммен айналысатын Бас басқарма ұйымдастырылды. Олар ақпарат құралдары арқылы, шетелдерде арнайы көрме, баспасөз конференцияларын ұйымдастыру жолымен, плакаттар, сілтеуіштер, анықтағыштар шығара отыра, Қазақстанға туристік сапар шегудің қызғылықты болатынын насихаттай бастады. Жыл өтпей жатып, Қазақстанға келіп қайтатын шетелдік туристердің саны бір жарым есе өсті. Шетелдерге туристік сапар шегетіндер де көбейе түсті. Кәсіподақтар мен жастар ұйымдары жасақтаған круиздер де сәтті оралып жүрді.

Осы тұста шетелдік туризмді дамытуға, оның заттық-техникалық және кадрлық базасын жетілдіре түсуге Қазақстанның шетелдік туризм жөніндегі Бас басқармасының бастығы Әбдіғаппар Қуандықов көп еңбек сіңірді.

Алматы — Ташкент, Шымкент — Түкістан автомобиль жолдарын жаңғырту және көгалдандыру жұмыстары қолға алына бастады. Жаңа аядамалар, демалыс алаңдары, қызмет пункттері пайда болды. Қораш, көзге ыңғайсыздау көрінсе де, Түлкібас пен Түркістан арасында арагідік далалық әжетханалар тұрғызуға мәжбүр болдық. Өйткені, шетелдік қонақтарға автобуспен енді ғана тәртіпке келтіріле бастаған жолдармен сапар шегуге тура келетін. Әйтсе де жол қатынасы секілді кең көлемді істің басында Қазақстанның автомобиль жолдары министрі Л. Б. Гончаровтың болғаны сан қырлы мәселелердің дұрыс шешілуіне мүмкіндік берді. Осы бір іскер құрылысшының мердігерлік қаситтерін мен бұрын да, жастар мен мектеп оқушыларының қатысуымен қазір екі елді байданыстыратын Алматы — Бішкек автомобиль жолын көгалдандыра бастағанда (оны туристік жол етпек болған идея жүзеге асып үлгірмеді), әсіресе комсомолдың қаржысына оның Орталық комитетінің үйін салдырғанда көрген едім.

Жетпісінші жылдарда қазақты түгелдей отырықшылықтан, егіншіліктен, қала мәдениетінен құр алақан, дүниежүзілік өркениетке қосқаны шамалы көшпелі халық болған деген қасаңдық пікірден айыға бастаған едік. Бұған негізгі себеп болған кезінде дүниежүзілік деңгейге көтерілген қазақ даласының ұлы перзенттері Әбу Нәсір әл-Фарабидің, Жүсіп Баласағұнның, Ахмет Иасаудің, Хайдар Дулаттың, Қадырғали Жалайыридің шығармашылығының танымал бола бастағанында, тарихи-этнографиялық зерттеулері арқылы, археологиялық қазба жұмыстарынан, жазба деректерден белгілі болған, сайып келгенде, халқымыздың дәстүрлі өнерінен, әдебиетінен, көпқырлы шаруашылығы мен жасампаздығынан көрінген рухани және заттық-тұрмыстық мәдениетке жаңа ғылыми көзқарас қалыптасқанында еді. Әйтсе де ескі инерциядан құтыла алмай келе жатқанымызды 1976 жылы Мәдениет министрлігінде болған бір мәжілістен көрдім.

Орталық комитеттің мәдениет бөлімінің меңгерушісі М. Есенәлиев екеуміз Қазақстан тарихындағы белгілі қайраткерлерге арнап Алматыда монумент тұрғызу жөнінде үкіметке ұсыныс енгізетін комиссияның мәжілісіне шақырылған едік. Мәжілісті мәдениет министрі Ж. Еркімбаев ашып, Ғылым академиясының вице-президенті Ақай Нүсіпбековке сөз берді. Ол кісі үкіметтің тапсыруымен алдын ала, Әл-Фарабиден бастап, соңғы кезге дейінгі жылдарға жататын 36 адамға тізім жасалғаны, олардың әрқайсысының мүсіні бөлек-бөлек, металдан құйылып, Есентай өзенінің бойындағы аллеяға немесе Көктөбенің баурайына орналастырылатыны жайында айтып берді.

Еркім өз пікірін айтып жатқандықтан, әңгімеге мен де араластым:

— Тізімге іліккендерге қарасақ, Әбу Нәсір әл-Фарабиден Махамбет Өтемісовке дейін бір адам жоқ. Бұл шамамен IX ғасырдың ортасынан XIX ғасырдың ортасына дейінгі мың жылды қамтитын уақыт. Сонда мұны қалай түсінеміз? Елеусіз қалған мың жыл. Әлде он ғасыр бойы Қазақстанда бір білікті азамат тұмағаны ма қалай? Менің өзім-ақ, сіздерге қазір сол дәуірде өмір сүріп, дүниежүзілік өркениетке белгілі болған, басқаны былай қойғанда, ғылым мен жазба әдебиеттің ғана жиырмаға жуық аса көрнекті өкілдерінің аты-жөнін айтып бере алар едім.

— Ол жағы әлі зерттелмеген, сондықтан тұжырымды пікір айту қиын, — деді Ақай Нүсіпбеков.

— Олай болғанда тізімді Әл-Фарабиден емес, Махамбет Өтемісовтен бастаған жөн емес пе еді? — дедім мен. Осында келерде біз, Алматыда аса маңызды оқиғалар желісіне құрылған көп бедерлі монумент тұрғызылып, онда жекелеген қайраткерлердің тарихтағы рөлі көрсетілетін шығар деп ойлаған едік. Бақсақ, бір аллеяға немесе Көктөбенің баурайына 30—40 бюст орнату көзделіп отыр екен. Сонда бұл мазарға ұқсас бірдеме болып шықпайды ма? Мұны да ойластырған жөн болар.

— Айтқаныңыз дұрыс, — деді Нүсіпбеков, — бірақ алдын ала

шешілген шаруаға өзгеріс енгізу комиссияның қолынан келмейді. Бізге жүктелген негізгі міндет — тізімді дәлдеп алу.

— Ендеше айтыңызшы, Ақай Нүсіпбекұлы, тізімге академик Қ. И. Сәтбаев неге енген? Әлде ол белгілі қайраткерлердің қатарына жатпайтын адам ба?

— Мен мұны байқамаппын. Бұл өзі ойланатын жәйт екен, — деп комиссия төрағасы сасқалақтап қалды (Қ. И. Сәтбаев сол мәжілістен кейін ғана тізімге енгізілді).

Тізімді ғана „дәлдеген“ Ақай Нүсіпбеков қойылған мәселелер бойынша не айта қойсын? Ақтаңдақтар мен қара „дақтарға“ толы тарихымыздың жағдайы солай еді. Қазаққа қатысты деректердің ҮІІІ ғасырдан бастап кездесетініне, тіптен Бату жорықтарының кезінде-ақ „Қазақстан“ деп аталған елдің болғанына қарамастан, қазақ халқының қалыптаса бастаған тұсын ХҮ—ХҮІ ғасырлармен шектеп, ол дүниеге келтірген әдеби мұраны ХҮІІІ ғасырдан, Бұқар жыраудың шығармашылығынан басталды деп келді емес пе? Елеусіз қалған мың жылдың құпиясы міне осында жатыр.

Ал енді аталмыш „монументке“ келетін болсақ, маған онымен он екі жылды артқа салып, тікелей айналысуға тура келді. 1988 жылы Орталық комитетке хатшы болып сайланғаннан кейін, сол жылғы сәуір айында ғой деймін, бұрыннан қалыптасқан тәртіп бойынша бірінші мамырдағы салтанатты шеруге қатысатындардың қоспақтарын қалай безендіретінін көру үшін „Алматыгороформление“ бірлестігіне барғанда, ауласында үйіліп-шашылып жатқан металл бюстерге көзім түсті. Бұл кімдердікі дегенімде „Белгілі қайраткерлердің монументі“ екенін айтты. Бірлестіктің бастығына, ертеңіне келіп көретінімді айтып, барлығын тұрғызып қоюды өтіндім.

Келесі күні келіп көргенде, ескерткіштердің тым болмаса эскиздерінің бәрін бірге, орналастырылатын жердің топосъемкасымен, бедерінің, айнала көріністерінің суреттерімен қоса, алдын ала қарамағандықтан шектен тыс біркелкі болып шыққаны байқалды. Бәрінде бірдей қайраткердің, ойшылдың, қаламгердің, ғалымның, өнерпаздың („монумент“ тізіміне енгізілгендер өзіндік кейпімен белгілі болғандар еді) айқын тұлғасы көріне қоймады. Құйылу сапасы да орта қолды екені белгілі болды. Дайындалған бюстердің барлығы бір жерге орналастырылатын болса қаланың көрікті орнында ұсқынсыз көрініс құрайтыны даусыз еді. Оның үстіне Алматы сияқты бір миллионнан сәл-ақ асатын халқы бар қалада бір адамға екі, үш жерде ескерткіш қою (тізімге іліккендердің арасында мұндайлар да баршылық еді) дүниежүзілік дағдыда кездесе бермейтін жәйт болатын. Осыларды ескере отыра, Орталық комитеттің шешімімен құйма мүсіндердің азғантай тобынан басқасы кейіпкерлердің туған жерлеріне орнатуға жіберілді.

Сыртқы байланыстар бөлімінің қызметіне қатысты мәселелер бойынша істеліп жатқан жұмыстарға оқтын-оқтын шолу жасап, Орталық комитетке нақтылы ұсыныстар енгізіп отырдық. Олардың

барлығы дерлік бюрода қаралып, тиісті орындарға тапсырмалар берілетін. Солай бола тұра, менің өзіме де, өзгелерге де жұмыс тауып жүретінім басшыларға ұнай бермейтін. Қайсыбіреудің бірінші хатшыға сөз тасып жүргенін де байқап қалдым. Шымкенттен де „бізге әжетхана салғызып жатыр“ деп мен жөнінде шағым айтқан екен. Апырмау, сонда бұлар жол бойында бұта да табыла бермейтін жерлермен (Шымкент-Түркістан жолы ол кезде көгалдана қоймаған болатын) шетелдік туристерді қалай алып жүрмек? Осыны да сөз ғып, бықсытып жүргендерден не үміт, не қайыр?

... Біріккен Ұлттар ұйымының Бас ассамблеясына дайындық жүріп жатқан. Оған Қазақстаннан бір мәдениет қайраткерін жіберу жөнінде Мәскеуден ұсыныс келіп түскен. Мәдениет бөлімінің меңгерушісі М. Есенәлиевты ұсынбақ болып бірінші хатшыға бардым. Ол Жандосовты неге ұсынбаймыз? деп еді, мен оның жақында ғана шет елден оралғанын айттым. Ол кісінің ашуланғаны сонша (оған қарсы келетіндер табыла қоймайтын), қолымдағы қағазымды алды да, көсілте қол қойып беріп, теріс айналып кетті. Сол-сол екен, оқта-текте алдына бара қалсам, „Иә, тағы нең бар?“ деп түрегеп тұрып сөйлесетінді шығарды.

Бірде бюрода жасаған баяндамада маскүнемдікке салынып, тұрмыстан бұзыла бастаған ғылым докторын Канадаға іс сапарымен жібермей, алып қалғанымызды айтам деп, Қонаевты тағы да ренжітіп алдым. Оны мәжіліс аяқталысымен Жалпы бөлім бастығы Х. Әбдірашитовтың жүгіріп келіп, аты-жөнін құжаттан алғызып тастатқанынан байқадым. Шамасы, ағамыздың жақын тұтатындарының бірі болса керек. Оны мен білмеппін, білген күнде де басқаша істей алмайтын едім.

Аппаратта қалыптасқан тәртіп бойынша, алдын ала қабылданған шешімді босатылатын қызметкерге көбіне бірінші хатшы жоқта, ол демалыста немесе шет елде жүргенде, онда да жұма күні естіртетін. Бәлкім, әрі-бері жүгіріп, Мәскеуге шағым айтып әуре болмай, сенбі, жексенбі күндері ентігін бассын дегені болар. Әрі даушыны „мен жоқта шешілген екен“ деп шығарып салуға қолайлы болса керек. Таңертең Имашевтың көмекшісі оның кешкі сағат 5-те менімен кездескісі келетінін айтты. Күн жұма болатын. Екі күннен кейін Қонаев демалыстан қайтып оралатын еді. Әңгіме менің басқа қызметке ауысатыным жайында болатынын түсіне қойдым.

Саттар Нұрмашұлы тоқ етерін айта қоймай, тұспалдап, Мәдениет министрілігінің басшылығын күшейтудің қажет екенін ұқтырмақ боп, отырып алды.

— Сәке, Мәдениет министрлігін қоя тұра, алдымен маған қандай кінә қойылатынын айтып берсеңіз. Мен не істеп қойыппын, жаздым ба, жаңылдым ба, әлде қателескен жерім бар ма? — дедім.

— Жо-жоқ, сенің қызметіңе кінә таға алмаймыз. Қателескен де емессің. Біз қателестірмедік қой деп ойлаймын. — Имашев кеңкілдеп күлді.

— Сіз осы неге ыржақтайсыз? (Ол езуін жия қойды). Мына сіздің арқаңызда күн көріп жүрген болсақ, жарыған екенбіз. Мәселе менің қалай қызмет істегенімде емес екенін өзім де түсініп отырмын. Алда-жадда кету керек болса, кез келген облыстың ең ескерусіз қалған ұжымшарына қызметке барайын. Құдай біледі, ешкімнен кем істей қоймаспын. Министрлігіңіз өзіңізге бұйырсын.

— Ау, сен де, түсінсеңші? Номенклатурадағы қызметкердің тағдырын олай шешуге болмайтынын өзің де білесің ғой. Мәскеуге түсініктеме беруге тура келеді. Мәдениет министрлігі де сорлы мекеме емес. Министрге орынбасарлыққа бір „кесіп түсетін“ адам керек-ақ... — дей беріп еді, шыдамым таусылып:

— Кешіріңіз, Мәдениет министрлігінің „кесіп түсетіндері“ менсіз де жеткілікті болар. Шындықты айтпайтын болсаңыз, мен ешқайда бармаймын. Сау болыңыз, хатшы жолдас, — деп шығып кеттім.

Имашевқа көмекші болып істейтін Көрік Дүйсеев артымнан қуып келіп, ертең сенбі күні, сағат 8-ге А. Г. Коркин шақырады деп хабарлады.

Ол кезде сенбі күні Орталық комитетте кезекшілерден басқа жан бола бермейтін. Таңертеңгі сағат 8-де екінші хатшының кабинетіне келсем, Коркин Имашев екеуі бірге күтіп отыр екен. Коркин орнынан тұрып, қолын ұсынды да, өзінше күлімсіреген болып:

— Менің шақырған себебім, — деді ол, — сізді Мәдениет министрлігіне орынбасарлыққа ұсынсақ, қалай қарайтыныңызды білгім келіп еді. Саттар Нұрмашұлы да айтқан болар. Сыртқы байланыстар бөлімі шетелдіктермен айналысады. Оны басқаратын адамға шет тілін білу қажет екенін түсінетін шығарсыз.

— Бос сөз. Менің ағылшынша сөйлей алмайтыным сіздерге осыдан екі жыл бұрын да белгілі болған. Түнімен ойлап тапқандарыңыз осы болса, босқа әуре болыпсыздар. Бөлім шетелдермен дипломатиялық қатынас орнату үшін келіссөздер жүргізетін мекеме емес. Мендегі екі нұсқаушының біреуі ағылшынша, біреуі французша сөйлейді. Әзірше сол да жетіп жатыр. Айтпақшы, мен нота жазуын да білмеймін. Ертең біреу министрдің орынбасары нота білмейді десе ше?

Коркин не дерін білмей, ойланып қалды да: „Кешіріңіз, біздің қолымызда тұрған не бар? Бұл Дімәш Ахметұлының өзінің шешімі еді“ — дегенді айтты.

— Олай болғанда кешеден бері менің басымды қатырудың қисыны бар ма еді? Сіздерден тек шындықты білгім келді ғой. Саяси бюроның мүшесімен тайталасатын мен сонша ақымақ емеспін. Демалыс беріңіз. Көңілімді орнына түсіріп қайтайын, қалғанын көре жатырмыз.

— Отпуск те, путевка да, лечпособие де дайын, — деді Коркин қуанып кетіп, тек қарсылық етпесеңіз, Мәдениет министрлігіне орынбасарлыққа қазір тағайындатсақ.

— Қолыңыз қышып бар жатса, тағайындата беріңіз, — дедім

мен, — кернеген ашу-ызамды баса алмай, „Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ“ деген осы екен. Әйтсе де, министрдің орынбасарлығын қомсынғандықтан емес, шындықты қуып жүргендіктен, болған іске өкіне қойған жоқпын.

Сенбі күні болса да, Коркин бас бухгалтерді шақыртып қойған екен. Қызметтен кетердегі есеп айырысу ақысын, жол қаражатымды, демалысқа кеткенде қосымша төленетін ем ақысы (лечпособие) дегенін алдын ала дайындап қойыпты. Тіпті менің атыма курорт карточкасы, жолдама да толықтырылыпты, ұшаққа билет алыныпты.

Неткен қамқорлық десеңші! Бәрін ал да, ертең жексенбі күні Кисловодскіге тайып тұр дегені болар. Бас-аяғы 20 минуттың ішінде Орталық комитетпен есеп айырысып, шығып кеттім.

Демалыстан қайтып оралысымен Имашевқа жолығып, сәлемдестім. Ол жалма-жан Мәдениет министрлігіне телефон соғып, менің көзімше: „Жексембек, орынбасарыңды тез келіп алып кет, жұртқа министрліктің басшылығын күшейту ретінде жіберіліпті деп айта саларсың“ — дегенді айтты.

Әдетте жаңадан тағайындалған министрді-хатшы, министрдің орынбасарын бөлім бастығы алып барып таныстыратын. Менің досым Есенәлиев білмеген кейіппен кабинетінде отырып қалды. Министр Ж. Еркімбеков өзі алып барып, ұжымына таныстырды. Жиналғандар қол шапалақтап, құрметпен қарсы алды. Министрдің орынбасарларымен өзара қызмет бөліскенде маған халықтың мәдени мұрасының әртүрлі себептермен құрып бітуге айналған тарихи, сәулеткерлік, көркемдік, тұрмыстық нұсқаларын іздестіру, мемлекеттік есепке алу және қорғау, мүмкіндігінше қалпына келтіріп, бастапқы табиғи ортасына оралта түсу жұмыстарына қатысты мәселелерді үйлестіру, музей ісіне басшылық ету, тағы басқа міндеттер жүктелді. Осындай аса мейірбаңды іске араласу — дәстүрлі өнерді этнографиялық тұрғыдан зерттей түсуге мүмкіндік бергендіктен менің тағдырымда өшпес із қалдырды.

Ол тұста Қазақстанда 25 мыңға жуық археологиялық, тарихи — сәулеткерлік және мәдени ескерткіштердің бар екені белгілі болатын. 150 мыңға жуық қол өнерінің үздік туындылары, зергерлік заттар, киім-кешек үлгілері, қару-жарақ, құрал-сайман, үй жиһаздарына қатысты бұйым-тайымдар музей қорында шоғырланған еді. Мұның өзі халқымыздың өткендегі рухани өмірі мен заттық өндірісінің бірден бір көрінісі ретінде оның тарихын, тұрмыс-салтын, эстетикалық идеалдарын танып-білуге мүмкіндік беретін.

Ата-баба мұрасын есепке алу, қорғау және қалпына келтіру ісіне тікелей араласу үшін Мәдениет министрлігіне (оған заң бойынша осындай міндет жүктелген болатын) ең алдымен мұндай мәселелермен шұғылданатын құрылымдық жүйе жасап алу қажет еді. Сондықтан бұрынғы кішігірім шеберхананың орнына „Казреставрация“ бірлестігі, оның жобалау-металау тобының негізінде „Казпроектреставрация“ жобалау-конструкторлық институты

құрылды. Бірқатар облыстарда ғылыми-реставрациялық шеберханалар ашылды. Олардың қызметін қолдау мақсатымен үкімет қалпына келтіру және жөндеу жұмыстарына тікелей жұмсалатын қаражаттың 30 проценті мөлшерінде қосымша шығын (накладные расходы), өзіндік құнының 10 проценті мөлшерінде шеберханалардың заттық-техникалық базасын дамыту үшін арнайы бөлінетін қаржы (отчисление) белгіленді. Қалыптасқан тәртіппен жобалаушы сәулеткерлер ұқсатушы шілеңгерлер даярлау ісі қолға алына бастады. Алтынмен аптау, екі қабат ағаш шекпесін, қыр (ганч), қырма (оның қазақтағы баламасы) оюдың әдістерін игеру, жазықтықты әрлеп-әшекейлеуге машықтану Қазақ ССР Ғылым академиясының ішкі декорын қалпына келтіруге, Оралдағы шіркеудің күмбезіне алтын жалатуға, Жаркенттегі (Талдықорған облысы) мұсылман мешітін, Ұзынағаш түбіндегі Жамбылдың әдеби-мемориалдық музейін (Алматы облысы) қайта ұқсатуға, Мәдениет министрлігінің үйін, Қазақтың халық әуез аспаптары музейін безендіруге мүмкіндік берді.

Мәскеуден, Бакуден, Ереваннан, т. б. орталық қалалардан шақырылған мамандардың қатысуымен Алматыда тұңғыш рет шекілген, металдан соғылған, теріден тігілген бұйым-тайымдарды, тозығы жеткен қағаз құжаттарды қайта ұқсататындармен бір айлық дәріс-семинар өткізілді. Өзін көрсете білгендерге арнайы кәсіпкерлер тапсырылды. Түркістандағы шеберханада шыңылтыр (глазурь), майолика, қашынбұрыш (наборная мозаика) жасай алатын шілеңгерлер даярланды.

Осы саладағы алғашқы ізденістеріміздің сәтті болуына дәстүрлі өнердің музей қорындағы нұсқаларын қайта ұқсатумен немесе жаңа экспозициялар тұзумен ғана емес, заттық-тұрмыстық мәдениет ескерткіштерін қорғау және кәдеге жарату жағын қарастыратын „Казмузейреставрация“ шеберханасының (қазіргі „Заман-Ту“ ұжымдық кәсіпорны) ұйымдастырылуы себепкер болды. Шеберхананың шілеңгерлері әулетімен өнер қуалаған ұсталардың ұрпағы, белгілі суретші-шебер Дәркембай Шоқпарұлының басшылығымен ескі технология бойынша тері ұқсату, таптаурындау, әрлеу, сүйектеу; металл құю, соғу, қалыптап басу, өткермелеу, кертү әдістерін үйренді. Қазіргі шеберлер базарға шығарып жүрген таптаурындалған торсық, саба тігу өнерінің қайта жаңғырғаны үшін де біз „он саусағынан өнер тамған“ осы бір шебер ұстаға міндеттіміз.

Сол жылдары Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерінің 10 томдық жинағын шығаруға қам жасала бастады.

Осылайша тарихи және мәдени мұраны мемлекеттік есепке алуға, мүмкіндігінше қайта қалпына келтуіге тікелей бетбұрыс жасалды. 1977 жылмен салыстырғанда 1981 жылға қарай ғылымизерттеу, жобалау және қайта қалпына келтіру жұмыстарының көлемі 300 мың сомнан 3,5 млн. сомға дейін өсті. Сол жылы белгіленген мөлшер 113 процентке орындалды, ал 1984 жылы жо-

балау және қалпына келтіру жұмыстарының көлемі 9,0 млн. сомға жетті. Бұл әрине алып кәсіпорындарымен салыстырғанда аса үлкен көрсеткіш болмағанымен, „инемен құдық қазғандай“ іспен айналысатын „Казреставрация“ бірлестігі мен „Казпроектреставрация“ институты үшін бұрын қол жете қоймаған көрсеткіш еді.

Ең бастысы қайта қалпына келтіру жұмыстарына машықталған Қазақстанның өз мамандары өсіп жетіле бастады. Олардың қатарына Қазақстанған еңбегі сіңген: құрылысшылары — Арынбек Оразбаевты, Нышан Өмірзақовты, Софья Тәкібаеваны, сәулеткерлері — Алексей Проскуринді, Баян Тұяқбаеваны, өнер қайраткері Шәміл Қожахановты қосуға болады.

Жетпісінші жылдарда ұланғайыр кеңістікте орналасқан көне заманғы ескерткіштерді есепке алу, қорғау және қалпына келтіру мәселелері екі рет үкіметте, бір рет Орталық комитетте қаралып, Қазақстанның он облысында ұқсату жұмыстары кеңінен қанат жая бастаған еді. Мұның басты себебі — Қазақстанда сақталған ескерткіштердің барлығы дерлік ғылыми тұрғыдан зерттей түсуді, басым көпшілігі құрылымын мығымдауды, шарттастыру және қалпына келтіру жұмыстарын шұғыл түрде қолға алуды талап ететінінде еді. Ал сәулеткерліктегі біркелкілік шектен тыс қарқынмен өріс алған тарихи қалалардың орталықтарындағы ескі құрылыстардың тынысы тарыла бастаған болатын. Тың және тыңайған жерлерді кеңінен игеру, далалық жерлердегі индустриалдық құрылыс ескерткіштерді сақтап қалу мәселелерін шиеленістіре түскен еді.

Алматыда — „Қызыл таң“ сауда орталығы, кафедралды собор, бұрынғы үшкластық училище, офицерлер үйі, Ұзынағаш түбіндегі Жамбылдың кесенесі мен әдеби-мемориалдық музейі, Оңтүстік Қазақстанда — Арыстанбаб кесене-мешіті, Баба Ата, Ысмайыл Ата, Жүніс әулие күмбездері, Қызылорадада — Ақтас мешіті, кафедралды собор, Айтбай мешіті, Жамбылда — Бабаша хатын, Шамансұр, Қарахан күмбездері, Қалижүністің медресе-мешіті, моншасы, Үшарал мешіті, Маңғыстауда — Ақүйік, Сенек күмбездері, Шақпақ Ата, Қапаш мешіттері, Форт — Шевченкода — Ыдырыс Серікбайұылының үйі, Жезқазғанда — Домбауыл ғибадатханасы, Алашахан, Жошыхан, Аяққамыр, Болған Ана мүмбездері, Семейде — жалқы мұнаралы, қос мұнаралы мешіттер, қаланың бұрынғы қақпасы, Қызылжарда — Жаңғоразовтардың үйі, басқа да Х ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі тарихи және мәдени ескерткіштер қайта жөндеуден өтті.

1978 жылы көп жылдардан бері бірінші рет Түркістандағы „Әзірет Сұлтан“ қорығындағы Ахмет Иасауи сәулет ғимаратын, басқа да ескерткіштерді қалпына келтірудің кешендік жоспары жасалып, іске асырыла бастады. Ең алдымен „Союзреставрация“ бірлестігі мен Кентаудағы „Ачполиметалл“ комбинатының қатысуымен құрылыстың ауытқи бастаған, опырылып қалу қаупі төнген бөліктері — Бас портал мен мешіт мығымдалды. Бұл оларды

қайта жөндеуден өткізуге, ХІҮ ғасырдың құрылыс ағаштарын ұқсатуға, Қабырхананың еденін бастапқы деңгейінде қалпына келтіріп, Ахмет Иасауидің еңкейіп, құлауға айналған мүрдесін түзетуге мүмкіндік берді. Ғылыми негізде жасалған жобамен үлкен күмбездің төрт қырлы, сегіз қырлы қондырғысы, ғимараттың теріскей порталы, эпиграфиялық құры қайта ұқсатылды. Ойықтарына есік, панжаралы терезелер қойылды. Өрттен сақтандыратын сигнализация жұмыс істей бастады. Кесенемешіттің негізгі сегіз залында, сол сияқты ХҮ—ХҮІ ғасырларда тұрғызылып, 1972 жылға дейін жұмыс істеген Шығыс моншасында, ХІХ ғас. жұма мешітінде, жылына 450—500 мыңға жуық келушілер тамашалайтын музей экспозициясы орналастырылды.

Бұлардан басқа Есімхан кесенесі, Шілдехана ғұрыптық орны, Қылует жертөле ханакасы, ныспысыз сағана, қам кірпіштен тұрғызылған қамал қорғанның шығыс бөлігі қалпына келтірілді, Рабия Сұлтан Бегім күмбезі қайтадан тұрғызыла бастады.

Министрлер Кеңесінің 1978 жылғы 8-желтоқсанда қабылданған „Түркістандағы Ахмет Иасауи сәулет ғимаратындағы қайта ұқсату жұмыстары жөніндегі“ қаулысында көрсетілгендерден іске асырыла қоймағандары (оның өз себептері бар-тын) — сыртқы баспадақты қайта жөндеу, ғимараттың төбе жабынын ХІҮ ғасырдағы бастапқы деңгейіне түсіру, мешіт ішіндегі жазу-сызуларды қалпына келтіру болатын. Басқа қаралған іс-шаралар толығынан іске асырылған еді.

Солай бола тұра, қаулы жарық көргеннен кейінгі 6 жылда Ахмет Иасауи сәулет ғимаратының апаттан шығарылып, бастапқы кейпіне келтірілгенімен (мұны көрмеу мүмкін емес), оның тарихи ортасын құрайтын бірқатар объектілер қайта ұқсатылғанымен жобалау және қалпына келтіру ісінде мүлтіксіздікке жете қойған жоқ едік. Қолымызды байлай бергені — заттық-техникалық ресурстарды былай қойғанда, Әзірет Сұлтан қорығы сияқты аса күрделі сәулет ғимаратын қалпына келтіретіндей озық тәжірибенің жетісе бермейтінінде, маманданған шілеңгерлердің аздығында, әртүрлі себептермен бірін-бірі алмастыра берген шеберхана басшыларының тұрлаусыздығында еді.

Ұқсатушылардың ұқыпсыздығы мен жауапсыздығынан 1982 жылғы 26-наурызда үш күн бойы дамылсыз жауған нөсер жаңбырда қам кірпіштен қайта қаланып жатқан бекіністің 19 метрлік бөлігінің опырылғанын да ешкімнен жасырған жоқпыз. Себебін анықтағанда, қорғанның опырылған жеріндегі денесі қам кірпіштермен қапталып, іші топырақпен толтырыла салынғаны белгілі болды. Ұқсатушылардың көз бояушылығы жөнінде жеті ай бұрын шеберхананың бастығы Әлімовке ескертілсе де, қайта қаластыру жағы қарастырылмапты. Әрине айыптылар сазайын тартып, кейіннен қорғанның іргесі мұқият мығымдалып, денесі о бастағыдай ағашпен шабақталып, түгелдей кірпіштен қаланып, сабан араластырылған саз балшықпен қалың етіп сыланатын болды.

Тоғышарлардың аузына іліккен тағы бір ыңғайсыз жәйт Қазандықтың күмбезіне 60 жылдарда сәндік үшін бұрынғы декорына қосымша ілінген „сталактиттерден“ үшеуінің түсіп қалғаны болды. Техника ғылымдарының докторы, профессор Т. Жүнісов басқарған арнайы комиссия олардың ылғалды бойына тартатын материалы — гипстен құйылғандығынан және күмбез қаңқасына бекітілмегендігінен түсіп қалғанын дәлелдесе де, ХІҮ ғасырдың декорына балап, байбалам салынғаны әділетсіздік еді. Комиссияның ұсынысымен гипс „сталактиттердің“ қалғандары да алынып тасталды. Одан ХІҮ ғасырдың декорына „зақым“ келген жоқ қой.

Пайдаланылған құрылыс материалдарының төңірегінде таратылып келген жалған қауесет те жеткілікті еді. Оны ақпарат құралдары да оқтын-оқтын қоздырып келді. Рас, 1971-1976 жылдардағы Самарқан технологиясымен жасалған қаптама (қаптал) қыштардың бетіне шыңылтырдың дұрыс ұстаса бермейтіні байқалған еді. Зерттей келгенде, бізден бұрын Сауранның онсыз да бай топырағын Самарқан технологиясына сәйкес онан әрмен байыта пайдаланғандықтан оның физико-химиялық құрамын бұзып алғаны анықталды. Оның үстіне шыңылтырланған қыштардың суыққа төзімділігі мен ылғал тартқыштығын мөлшерлегенде Түркістанның ауа райының Самарқандікінен айырмашылығы ескерілмеген болып шықты. Самарқан технологиясымен жасалған қыштармен қапталған Қазандықтың күмбезінен шыңылтырларының ұшып түсе бастағаны осыған байланысты еді.

Шыңылтыр қыштар жасауда қалыптасқан осындай қал-ахуалды ескере отыра, 1978 жылы геолого-минералогия ғылымдарының кандидаты Софья Тәкібаеваның басшылығымен Алматыдағы „НИИСтром-проект“ институтында жаңа технология жасалып, Түркістандағы шеберханада өндіріске енгізілді. Ол Қазақ ССР Ғылым академиясының Ядролық физика институтында активациялық шолу жолымен көне заманғы шыңылтырлардың құрамына сәйкестенген еді. Шыңылтыр қыштар жасаудың қазақы технологиясы осылай өмірге келген болатын.

Маған 1975 жылы Орталық комитеттің Сыртқы байланыстар бөлімінің меңгерушісі ретінде Түркістан аудандық партия конференциясына қатысуға тура келді. Ол кездегі әдетпен партия конференциясынан кейін банкет ұйымдастырылды. Онда тост көтерген қалалық кеңестің төрағасы Ә. Мәдіқожаев Ахмет Иасауи сәулет ғимаратының айналасына көп ұзамай күрделі панельдерден құрасыратынын үйлерден тұратын жаңа қала салынатынын, оның шығыс жағына орналасқан ежелгі Түркістанның шаһристаны тегістеліп, топырағы қаланы түскейден теріскейге қарай кесіп өтетін көшеге дейін жайылып, гүлзарлы бақ жасалатынын айтты. Мен онан „мұндай идеяны қай дарақы ұсынып жүр?“ деп сұрағанымда, сәулеткер Ухоботов жасаған, тіптен Қонаевтың өзі мақұлдаған жоба бар дегенін естідім. Мен: „Дімәш Ахметұлының мұндай бассыз-

дыққа жол бере қоюы мүмкін емес. Әзірет Сұлтан секілді дүние жүзілік мәні бар ескерткіштің ауданында жаңа құрылыс салуға болмайды. Оның астында сан ғасырлық мәдени қатпарлар жатқан жоқ па?" дедім. Ахмет Иасауи сәулет ғимаратының қорғалатын аймағын ұйымдастыру идеясы осылай туған еді.

Екіншіше қарай, облатком оны бірнеше жылды артқа салып қана, бекіте алды. Өйткені, Түркістан қаласының жаңадан болған мэрі Алимовтың бастамасымен ғимараттың ауласында, 60-жылдардың аяғы мен 70-жылдардың басында жасалған қаланы өркендетудің Бас жоспарына сәйкес, қолдан құлатылған ескі қаланың орнына жаңадан „ескі қала“ тұрғызу қолға алына бастаған еді. 1982 жылы Түркістанға келген Д. А. Қонаевқа сәулеткер Т. Сүлейменов жасаған жобаның нобайы көрсетілді. Дімәш Ахметұлы мәселенің даусыз еместігін ескере отыра, өзінің бұған араласпайтынын айтып, қазылық етуді маған тапсырды. Сөйтіп, бұл „бастамаға“ да нүкте қойылды. Себебі мұндай идеямен жаныққандарға „ескі қаласын“ ғимараттың қорғалатын аймағынан тыс жатқан көшелердің бойына тұрғыза беруіне болатынын ұғындыру мүмкін емес еді.

50—60-жылдарда бір ескерткіштердің құрылыс материалдарының есебінен екінші ескі құрылысты қалпына келтіру кеңінен өрістетілген екен. Ахмет Иасауи сәулет ғимаратының аймағындағы Әулие Құмшық Ата, Әлқожа Ата кесенелерінің, Қылует жертөле ханакасының, бірқатар сағана-тамдардың кірпіші алынып негізгі ғимаратты ұқсатуға жұмсалыпты. Аталмыш ұсыныс қабылданған жағдайда, жаңадан „ескі қала“ салам деп жүріп, ғимарат ауласындағы тарихи ескерткіштердің соңғы қалдықтарынан айрылып қалуға болатын еді.

Әзірет Сұлтан қорығында жер асты суларының көтерілуін мамандар Арыс — Түркістан каналын салғанда оның мүддесінің ескерілмегенімен байланыстырады. Ол кезде қазіргідей жаңа құрылыстың жобасын жасағанда төңіректе көне заманғы ескерткіштердің бар-жоғын Мәдениет министрлігі арқылы дәлдеп алатын тәртіп болмаған. Енді келіп оған тіркестіре жаңа қала тұрғызатын болсақ, дүние жүзіне әйгілі сәулет ғимаратының қалі мүшкіл болатыны даусыз еді.

Бұл — үлкен мәселе. Осыдан қырық жыл бұрын Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ ауданында болғанымда бір ақсақал Дешті Қыпшақтың ханы Әбілхайыр мен Қазақ хандығының негізін қалаған Жәнібектің бір-біріне жақын қашықтықта қатар орналасқан екі мұнарасын көрсетіп, „бұл екеуі өмір бойы жауласып өтсе де, өлгеннен кейін қатар жатыр“ дегені бар-тын. Ол кезде мен бұған жөнді мән бере қоймаған едім. Осыдан біраз бұрын сол екі мұнараны әдейі іздеп барып таба алмадым. Жоқтаушысы болмаса тарихи-мәдени мұраның қайсысын алсақ та, осының көбіне ене беретіні хақ. Оны ҮІ ғасырдан бастап төрт рет қиратылып, төрт рет қалпына келтірілген Баба Ата бекінісінің, соғыстан кейінгі жыл-

дарға дейін ел тұрған, қазір төбеге айналған Созақ қаласының тағдырынан да көруге болады. Ол, ол — ма, егер сізге Сыр бойымен Арыстың Сырға құяр тұсынан Аралға дейін сапар шегуге тура келсе, өзеннің екі жағынан да жүздеген қалалар мен бекіністі қоныстардың, мұқият ойластырылған суландыру жүйелерінің ізін көргенде, алдыңызда көсіле жатқан көне тарихқа мақтаныш сезім бойыңызды билегенімен, „Ау, осынша алапаттың біздің үлесімізге тигені қалай? Моңғол қиратқан, жоңғар шапқан Бұқар да, Самарқан да, Ташкент те соңынан қайта қалпыңа келді ғой” деген өкініші мол, қалың ойдың қаумалауында қалып қоюыңыз мүмкін. Ерте заманнан бастап Қазақстанның әкімшілік орталықтары болған Сарайшық, Сығынақ, Сауран құлап біткелі қашан. Таразда өткен ғасырда тұрғызылған бір-екі құрылыс қана сақталған, Шымкентте ол да жоқ. Бұрынғы тың игерген жерлерді аралап көріңізші, көне тарихтың ізін де таба алмайсыз.

Ойлап қарайықшы, біздің халықтың жоғалтқаны жалғыз осы ма? Дәстүрлі өнердің қай түрін алсақ та жағдай осылай. Мысалға алсақ, кезінде ұзатылатын қыздың жасауында, ел арасындағы сыйсияпатта басты бұйым, той-томағада негізгі жұлде болған, тіптен айыпты болғандар да қарсы жаққа ұсынып кешірім сұрайтын қалыкілемнің бастапқы нұсқалары құрып біткен. Сыр бойының отырықшы, жартылай отырықшы халқы қалыптастырған, бұрын құрып кеткен деп есептеліп келген, әйгілі „Қоңырат” кілемінің Әзірет Сұлтаннан алынған жұрынтығы Қазақстанның Орталық музейінде қалып қойған екен. Төсемі төрт және сегіз бұрышты табақшалардан, сегіз „тісті” қосалқы өрнектерден, қоршауы „ала құртпен” (су) ажырасатын көшеннен тұратын кілемнің осы бір үлгісінде 18 түрлі бояудың болғаны анықталды. Қайта қалпына келтіріліп, өндіріске енгізілгенде, Алматыдағы кілем фабрикасының мүмкіндіктеріне қарай, өрнектері толығынан сақталғанымен бес түрлі ғана бояу пайдаланылды.

Ежелгі заманнан қалған көне бас киімдердің бірі қасаба жайында мен 1963 жылы өзімнің туған ауылымда кіндік шешем Тілеулес Сейітбек келінінің аузынан естіген едім. Қасаба көйлектің үстіне киілетін шалғы (белдемшенің ызындымен орана салынатын түрі), нымшамен бірге үйлену салтанатына киілетін қалыңдық киім-кешегінде сәукеле орнына жүрген. Дөңгелек етіп пішілетін, желкесіне қарай ойытқи түсетін құламасы бар, маңдайына маржан, перузе, тағы басқа бағалы тастардан, дөңгелек табақшалардан түзілетін керме, оң жағына, самайдың тұсына кермесінен ұзынырақ, бес-алты қатар етіп тізілетін де күміс қоңыраушалармен ұшталатын қыстырма ілінетін бас киім үлгісі. Оған үстіне қадалатын үкі, құламасына ілінетін ақ желек ерекше көрік беретін болған.

Өкініштісі, этнографиялық әдебиетте қасаба жөнінде жадығаттар мүлдем жоқ болатын. Тек қазақ лексиконында „қасабалы қалыңдық”, „қасабалы келіншек” деген сөз тіркестерінің кезде-

сетіні, 1979 жылы Мәскеуде басылған „Костюм народов Средней Азии“ деген жинақта осындай бас киімнің бұрын қазақта болғаны жайлы айтылғаны ізденісімізге дем беріп қана қоймай, Қазақстанның Орталық музейіне алып келген еді. Осындағы күйе жеп, тозығы жеткендіктен әктілеп көзін жоюға дайындалған заттардың арасынан қасабаның көне нұсқасының табылғаны үлкен олжа болды. Оның үстіне қасабаның тағы бір үлгісі Бөкей Ордасының ханы Жәңгірдің зайыбы Фатима ханымның музей қорында сақталған киім-кешегінен табылды. Оның дәл осындай көне бас киім нұсқасы екенін ханшаның суретін жариялаған сәулеткер Т. Бәсенов те аңғармаған.

Кейіннен қасаба Алматыдағы „Түскиіз“ фабрикасында қайта ұқсатылып, осы жолдардың авторының тікелей қатысуымен қазақтың белдемше, нымша (көкірекше), қаптал шапан, бешпет, шекпен сияқты киім үлгілерімен бірге өндіріске енгізілді.

Сөз орайына қарай айта кететін жәйт — манағы музейдегі заттардың арасынан „Әзірет Сұлтан“ қорығындағы Ахмет Иасауидің қабырының бұрын жоғалып кеткен деп есептеліп келген көне жамылғысының табылғаны. ХІҮ ғасырдың ескерткіші болып табылатын бұл жамылғы да музей қорына қайтарылды.

Ата-баба мұрасын қорғау біз үшін тарихи мәңкүрттікке тап болған елдің елдігін сақтап қалумен бара-бар еді. 1978—1980 жылдарда тек Мәдениет министрлігі жасақтаған далалық экспедициялардың өзі Қазақстанның 19 облысының 13-де болып, үш мыңнан астам ескерткіштер жайында жадығаттар жинап қайтты. Нәтижесінде тұңғыш рет есеп карточкаларынан, өлшем сызбаларынан, фотосуреттерден тұратын ғылыми паспорттар негізінде 800-ден тастам ескерткіш облыстық, республикалық, бұрынғы одақтық деңгейде мемлекет қарамағына алынды. Жеті мыңға жуық ескерткіш қарапайым тізіммен жергілікті есепке алынды.

Қазақстанда, жоғарыда айтылғандай, 25 мыңға жуық тарихи және мәдени ескерткіштердің бар екенін ескерсек, бұл үлкен жұмыстың басы ғана еді. Бірақ соңғы жылдары Мәдениет министрлігінің тарапынан бұрынғыдай іждағатты ізденісті көре алмай жүрміз.

Сол жылдары музей ісі де бір шама жолға қойыла бастаған болатын. 80-жылдардың алғашқы жартысында-ақ, мемлекеттік музейлердің саны екі есе көбейіп, 79-ға жеткен болатын. Ол кездегі музейлік құрылыстың ерекшелігі — әдеби-мемориалдық музейлермен қатар, басқа да профильдік музейлердің көптеп ұйымдастырыла бастағанында еді. Олардың экспозициясы қазақ даласында ертеден қалыптаса бастаған тау-кен ісіне, сәулеткерлікке, заттық мәдениетке, диханшылыққа, балықшылыққа, әуез өнеріне, тас мүсіндердің пайда болуына, тағысын тағыларға арналған еді. Мұның өзіндік себептері де бар-тын.

Мысалға алсақ, Алматыда қазақтың халық әуез аспаптары му-

зейін құру халқымыздың аспаптық мәдениетінің ерте заманнан қалыптаса бастағанын біреу білсе де, біреу біле бермейтінімен, тіпті қазақта қобыз бен домбырадан басқа аспаптар болмаған дейтін қасаңқы пікірдің кеңінен тарап кеткеніне байланысты еді.

Көне әуез аспаптарын уағыздау, жинау, зерттеу және дыбыстандыру ісіне 60—70-жылдарда белгілі өнер зерттеушісі, профессор Болат Сарыбаев, қазақтың аспаптық мәдениетінің білгірлері Садық Қасиманов, Омар Хаймолдин көп еңбек сіңірген болатын. Уақыт талқысынан өткенімен, көміліп қалған көмбе іспетті болып, әртүрлі себептермен ұмыт қалған, тіптен із-түссіз құрып бітуде айналған бірқатар әуез аспаптарын қайтадан іске қосу, оларға байланысты орындаушылық дәстүрлерді қайта қалыптастыру жұмысы қолға алынды. Ол үшін археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелеріне, жазба деректерге, аңыз-ертегілердегі, ел аузындағы мағлұматтарға үңілуде тура келді. Тұңғыш рет қазақ әуез аспаптарын ғылыми тұрғыдан жіктестіруге бетбұрыс жасалды.

Бір қызығы Әбу Нәсір әл-Фарабидің жазып қалдырғандарына қарағанда, қазіргі домбыраға ұқсас бұрынғы танбурлардың тұрақты және жылжымалы пернелерінің болғаны. Шамасы, халық арасында кездесетін қос ішекті, аша, қуыс мойын, кең шанақты, ішіне де ішек тартылатын көп ішекті (оны іші ішекті деп те атайды) домбыралар, шіңкілдек, тағы басқалар жергілікті жағдайға ғасырлар бойы қалыптасқан орындау тәсілдеріне қарай әртүрлі бағытта дамыған аспаптар болса керек.

Жамбыл облысындағы Жайсаң деген жерде сақталған X—XII ғасырларға тән тас мүсінде, зерттеуші А. Чариковтың пікірі бойынша, қолына әуездік садақ — монохорд ұстаған адам бейнеленген. Ал, монохорд аңшылардың жебелі садағының кейпінде жасалған иілме арфаның ең көне түрі болып табылады. Орыстың әуез археологы Р. Л. Садоковтың айтуынша иілме арфа сыртқы күштердің ықпалымен болатын түр өзгерістерінен аулақ, жергілікті халықтың өзіне ғана тән аспап. Соған қарағанда тас мүсінде С. Қасиманов суреттеген, садаққа ұқсас етіп жасалатын қазақ адырнасының сұлбасы бейнеленгені ықтимал.

Көне Тараздан алынған, түркі дәуіріне жататын қыш дүңгіршектің, Отырардан табылған үшкіріктің, үлдек іспетті тағы бір аспаптың қазіргі қазақ аспаптарында баламаларын тапқаны біздегі аспаптық мәдениеттің ертеден келе жатқанының тағы бір айғағы болды.

Қазақтағы ұрмалы аспаптардың басым көпшілігі — дабыл, дауыпаз, шыңдауыл, даңғыра жаугершілікте әртүрлі қашықтыққа тиісті дыбыс беруге, аң аулау кезінде құстарды ұшыруға, хайуандарды тосынға ығыстыруға, тіптен бақсының сарынын, ғұрыптық билерін, той-томағадағы қызықшылықты сүйемелдеуге бейімделген.

Міне осындай жәйттерді анықтап алғаннан кейін ғана музей экспозициясын орналастыруға кірістік. Оның тақырыптық-экспози-

циялық жоспарынын негізіне Б. Сарыбаевтың Хиуада (Өзбекстан) өткен конгресте жасаған ғылыми баяндамасы алынды. Музейді ұйымдастырудың басты ауыртпалығы оның алғашқы директоры Жарқын Шәкәрімовтың, аспапшы-шеберлер Оразғазы Бейсенбаевтың, Дәркембай Шоқпаровтың үлесіне тиген еді. Негізгі қиыншылық экспозицияны орналастырудың қайсыбір аспаптарды қайта іске қосумен, дыбыстандырумен қатар жүргізілгендігінде болатын. Оның үстіне халық аспаптары өлі экспонат болғандықтан өзінен өзі келушілерді баурап ала бермейтін еді. Соңдықтан аннотацияларының үстіне аспаптарда ойнап отырғандардың суреттерін бердік. Онан да тартымды экспозиция шыға қоймаған соң, әрбір экспонаттың астына аспаптың үні жазылған таспаны орналастырып, дыбысын пайдаландық. Бұл біршама алға басқандық болғанымен бізді қанағаттандыра қоймай, музейге келгендерге ойын көрсететін көне әуез аспаптарынан құралған әуезді топ құруға тура келді. Осылайша „Сазген“ халық әуез аспаптары ансамблі дүниеге келді. Ансамбль мүшелері тек қана көне аспаптарда ойнап қоймай, оларды дыбыстандырумен, концерттік дағдыға ендірумен айналысты.

Сөйтіп музей халық аспаптарының тарихынан, ойнау тәсілдерінен толық мағлұмат беретін және қазақтағы аспаптық мәдениеттің жетістіктерін уағыздайтын әуездік кешенге айналды.

Өкінішке қарай, кейінгі жылдары музейдің ғылыми жұмысының деңгейін арттырумен Мәдениет министрлігі жөнді айналыса алмады. Музей құрылғаннан бергі он бес жылдай мерзімде ғылыми-ізденіс арқылы әлдеқашан қалпына келтіріліп, қайта дыбыстандырылып, тұрмысқа, концерттік дағдыға енгізуге болатын қуыс мойын, іші ішекті, аша домбыралардың, сазген, адырна, бұғышақ, керней, сыбызғы, желбуаз, сырнай, үлдек, ауызсырнай секілді аспаптар сол экспозицияда орналастырылған өлі экспонаттар күйінде қалып қойды.

Музей құрылысы жөніндегі әңгімемізді қорыта келе айтайын дегенім олардың тоқырау заманында құрастырылған экспозицияларын белгілі бір деңгейде қайта реттеу үшін тақырыптық жағынан жаңғырту, ескерткіштерді қалпына келтіру, сақтау жұмыстарын жеделдете түсу қажет-ақ. Музей қорындағы аса бағалы заттардың экспозицияда қойылып жүргендерінің орнына баламаларын қоюды дағдыға ендірген жөн. Олай дейтінім, қазақ бұйым-тайымының негізгі материалы барқыт, шұға, шекпен тоқымасы, жібек, мақта-мата, қағылез киіз, елтірі, көн, пұшпақ, аң терілері температуралық-ылғалдық тәртіп сақтала бермейтін жерлерде ұзаққа бармай, істен шығып қалатыны ықтимал. Жаңа түсімдер бола бермейтіні тағы бар.

Музейлік ескерткіштерді сақтау және пайдалану ісіндегі олқылықтарға байланысты мәдениет министріне орынбасарлыққа тағайындала салысымен жылдар бойы мән берілмей келген кейбір шараларды іске асыруға тура келді. Менің жағамды ұстап қайран

қалғаным — халық қазынасын талан-таражға салуға мүмкіндік беретініне қарамастан, музейлердің есеп-қисап құжаттарында алтын немесе алтынмен апталған, мыстан, қоладан шекілген заттардың бөлек-бөлек ажыратылмай, „сары металл“ деп қана, күмістен соғылған заттардың қалайы бұйымтайыммен бірегей „ақ металл“ деп көрсетіліп келген еді. Алматыда пробалық бақылау (пробирный надзор) орталығын ұйымдастыру жөніндегі ұсынысымызды Қаржы министрлігі қостамағаннан кейін, милиция жалдап, Ташкенттегі, Новосібірдегі, Уфадағы пробалау орталықтарының қызметімен пайдалануға тура келді. Сөйтіп, зергерлік заттарды сынамалаудан (таңбалаудан) өткіздік. Әртүрлі қымбат бағалы тастар пайдаланылған заттарды қатаң есепке алу жағы да реттелді. Жаңа журналға көшірілді деген сылтаумен музейлік экспонаттар тіркелген ескі журналдарды жоюға тыйым салынды.

Өкініштісі, қанша тырмыссақ та, музейлік ескерткіштерді қалпына келтіру ісін түбегейлі жолға қойып, белгілі бір жүйеге келтіре алмадық. Қыруар қаржы бөліп, білікті мамандар дайындау қажет еді. 1985 жылы маған, Алматы облаткомы төрағасының орынбасарына, үкіметтің шешімімен қазақтың киіз үйінің бір нұсқасын Маджарияның Ұлттық этнография музейіне тапсыру үшін Будапештке сапар шегуге тура келді. Венгер астанасында бұрын да болғандықтан ел аралатпай-ақ, оларда қалыптасқан ғылыми-реставрациялық қызмет жүйесімен таныстыруды өтіндім. Бір қызығы кішігірім, 12 миллионға жуық халқы бар елде, 612 музей жұмыс істейді екен. Олардың бірде біреуінде экспонаттардың түпкі нұсқасы қойылмайтыны мені таң қалдырды. Аса бағалы экспонаттардың түпкі нұсқасы өз алдына автономиялық режимі бар қоймаларда сақталатыны қызығушылығымды арттыра түсті де, өздеріндегідей музейлік заттарды сақтау, қалпына келтіру жүйесін Қазақстанда жасауға көмектесуді өтіндім. Есеп-айырысу рубльмен болатынын да ескерттім. Менің ұсынысымды ондағы Кеңес елшілігі де қостады. Маджария жағы істелетін жұмыстың көлемін анықтау үшін әртүрлі бағыттағы төрт маманды Алматыда қабылдауды сұрады. Мәселені өз тарапынан 1986 жылға арналған екі елдің арасындағы мәдени ынтымақтастық жоспарына енгізетінін білдірді.

Будапештен қайтып оралысымен министр Ж. Еркімбековтың қолы қойылған хат СССР Мәдениет министрі П. Демичевтің атына жіберілді. Ол дұрыс тәртіп салған екен. Бірақ оның Попов деген орынбасары, онда да мүлдем болмайды демегенге ұқсайды, „Апырау, облатком төрағасының орынбасары Мәдениет министрлігіне қатысты мәселеге неге араласқан“ депті-міс, дегенді есітіп, менің кеше ғана бірге істескен достарым сылқ ете түсті де, қазақ-венгр ғылыми-реставрациялық шеберханасы ұйымдастырылмай қалды. Ол-ол ма, Қазақстан музейлерінің аға реставраторларын арнайы туристік топ ретінде Будапеште қабылдап, бір айлық стажировкадан өткізу жөнінде келісілген шаруа да шешімін таппады. Біздің жақ

Будапештегі Кеңес елшілігінен екі дүркін соғылған телефон қоңырауын да өз мүддесіне пайдалана алмады.

Кімнің несі кеткенін өзің де аңғарған боларсың, оқушым. Сол жолғы келісілген мәселелер жүзеге асырылғанда, Қазақстанның Мәдениет министрлігі қазір музейлердегі қолтума өнердің туындыларын қайта ұқсатып қана қоймай, олардың үлгісімен көпшілік қолды тауарлар шығаратын жеке-жеке цехтары бар аса күрделі қазақ-венгр кәсіпорнына біз жағынан қожалық ететін еді. Тіпті мұны былай қойғанда, ата-бабамыздан қалған музейлік қазынаның орнына баламасын қойып, түп-нұсқаларын автономиялық режиммен болашаққа сақтауға мүмкіндік алатын еді. Шынымды айтсам, Будапештегі музейлік ескерткіштерді сақтау және қалпына келтіру орталығында менің аддыма 1708 жылы жасалған екі фарфор тарелканы қойып, қайсысының түпнұсқа, қайсысының баламасы екенін көрсетуді өтінгенде, екеуін бір-бірінен ажырата алмай сасқаным бар-тын. Венгрия — бұл салада үлкен тәжірибе жинақтаған ел. Оның үстіне оларда сақталған қазақ бұйым-тайымдары да жоқ емес екен. Орталықтың қорында автономиялық режимде сақтаулы, тоқымасының тығыздығы, ою-өрнектері мен бояуы жағынан біздегілерге ұқсай бермейтін, ілгеріде венгр саяхатшылары арқылы алмасқан қазақтың қалы кілемін көргенде, қолтума өнердің осындай нұсқаларының баламаларын жасап алуға болады екен-ау деген, пендешілік те бойымды билеп алған еді. Не пайда, Будапештке барған сапарда пайда болған идея іске аспады.

Бәлкім, манағы „елеусіз қалған мың жылдың“ хикаясы да осындай, ешнәрсеге жауап бермей, қол қусырып, „сен тимесең, мен тимен“ деп отыра беретін сәуегейлердің іс-қарекетінен туса керек. Әйтпесе „ол жағы зерттелмеген“ деп мыңжылдық тарихты сыртқа шығарып тастауға бола ма? Бұрынғылардың „болмасаң да, ұқсап бақ“ дейтіні қайда?

Өкінішті-ақ.

САРЫБЕЛДЕН АСҚАНДА



оғамның болмысы мен санасын айқындай түскен қайта құрылу мен 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының дәрістері арқылы тарихтың қайта жазылатын қаралтым беттері бола бермейтініне жұрттың көкірек көзін ашқан мемлекеттік тәуелсіздікке көтерілер тұста Қазақстан асқан сарыбел болған сенсенінші жылдарға зерттеушілер әлі талай рет оралатын болады. Сексенінші жылдарда бұрынғы „басыбайлылықтан“ бір жолата арылғандықтан тарихқа, қоғам дамуына, ұлттық қасиеттерге соны көзқарас қалыптастыра бастадық. Дендей бастаған экономикалық қиыншылықтар мен әлеуметтік әділетсіздікке қарамастан ілгері үмітке бой ұсынатын болдық.

1984 жылы сәуір айында Алматы облыстық кеңесінің сессиясында облатком төрағасының орынбасары болып сайланған маған мәдениет, халық ағарту, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерімен айналысуға тура келді. Бұрынғы өмірлік принциптеріме сай білекті сыбанып іске кірісіп те кеттім. Ең алдымен халық шаруашылығының осы салаларында қалыптаса бастаған қал-ахуалды біліп алу қажет еді. Жергілікті үкімет орындарының қызу қолдауымен облыстағы әрбір мектепті, балабақшаны, денсаулық сақтау орнын, мәдениет үйін, клубты, кітапхананы, қарттар мен мүгедектер интернаттарын, балалар мен сәбилер үйлерін паспорттап алдық. Жылдар бойы қалған-құтқан принциппен қаржыландырылып келген мұндай мекемелердің қалі мәз емес еді. Қаржы мен құрылыс материалдарының кемтарлығынан ондаған жылдарға созылған „сақалды“ құрылыс объектілері де жеткілікті болатын. Ауылдық жерлердегі мектептерде, клубтар мен мәдениет үйлерінде, ауруханаларда көптен бері күрделі жөндеу жүргізілмегені, негізгі жабдықтарының ескіріп, істен шығып қалуға жақындағаны, көбінде жылыту торабы, су құбыры мен нәжіс жүйесінің атымен жоқ екені белгілі болды. Паспорттаудың нәтижесі жергілікті кеңес орындарында қаралып, нақтылы шаралар белгілене бастады.

Мәдениет, халық ағарту, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесімен байланысты мәселелер, әсіресе олардың заттық-техникалық және кадрлық базасына қатыстылары облыстық кеңестің сессиясында, облатком мәжілістерінде қаралып, тиісті орындарға тапсырмалар берілді. Ешкімнің тысқыруынсыз-ақ, құрылыс ісіндегі жағдай біршама жақсара бастағанына қарамастан, шамасы, Министрлер кеңесіне түскен облатком қаттамаларына, оның басқа да құжаттарына сүйенген болса керек, „Правда“ газетінде „Аплодисменті запрещены“ деген атышулы мақала жарияланды. Ол обком бюросында талқыланып, небәрі бір жарым жылға жуық қызмет істеп келе жатқан маған, бір жылға жетер-жетпес қызмет істеген облатком төрағасының орынбасары Г. Н. Мальцевке он бес жыл бойы істелмеген шаруа үшін орынсыз айып тағылды. Обкомның бюросында, сөйтіп, Мальцевты қайдам, мен өзім өмірімде бірінші рет қатаң сөгіс алдым. Біздің айтқанымызды тыңдаған ешкім болған жоқ, бюро мүшелері де, облатком төрағасын қоса, ләм деп аузын ашпады.

Қандай ауызбіршілік десеңші!

Бюрода көптен бері қызмет істейтін, құрылыс ісіне жауап беретін хатшы, бөлім бастықтары да отырды. Оларды неге тәртіпке шақырмасқа. Тіпті бәрін былай қойғанда, сол жылдары облыс екінші рет Ленин орденін алып үлгірді ғой. Не үшін?

Бюро мәжілісінен нақақтан-нақақ қорланған, жабырқау сезіммен шықтым. Осы уақытқа дейін ешкімнің қамшылауынсыз-ақ қызмет істеп келдік қой. Бұдан былай да солай болатын еді. „Правданың“

мақаласын әдетте ешкім теріске шығара алмайтын. Орынсыз болса да „орынды“ болып кете беретін. Қабылданған шара алдымен біреулерді жазалаудан басталатын. Олай етілмесе, құдай сақтасын, жоғарыдағылар түсіне қоймайтын. Бұл жолы да солай болды.

Сонымен уақыт өте берді. Мен Алматы облаткомында қызмет істеген үш жарым жылда, облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі Тайыр Мансұровпен, құрылыс мекемелерінің басшылары Баққожа Қасымжановпен, Георгий Иванович Кипряновпен; Махмұт Мұслимовпен бірлесе қимылдап, айқай-шусыз-ақ, жылына 15—16 мектеп, сол шамада балалар бақшасын, 7—8 клуб, мәдениет үйлерін, 4—5 аурухананы іске қосып отырдық. Фельдшерлік-акушерлік пункттер, емханалар, кітапхана, мектеп жанындағы интернаттар өз алдына. Бізге әрине, „Правдаға“ шығыпты деп қаржы төккендер де болған жоқ. Бұрын облыста жылына 2—3 мектеп, 1—2 клуб, қыстағанда 1—2 аурухана ғана іске беріліп келген екен. Сонда не, талап ететіндер болмаған ба, қалай?

Жергілікті кеңестердің сайлауы жақындап қалған. Партиялық жазамен депутаттыққа кандидат етіп ұсынбайтыны белгілі. Мен де обкомға сөгісін алып тастауын өтінген арыз жазбай жүре бердім. Сарыағашта дем алып жатқан едім, ертеңіне болатын бюроға шақыртыпты. Мен келе алмайтынымды білдірдім. Керек болса, обком өзі жариялаған сөгісін менің арызымсыз-ақ, тіптен менің қатысуымсыз-ақ алып тастауына болады емес пе? — деген ойда болдым. Бір апта өткен соң келесі бюроға тағы да шақыртыпты. Курортта дем алып жатқан жерден, тәртіп сақтап Алматыға қайтып келуге тура келді. Бірақ, маған тағы да уағыз оқитын болса, ойымдағымды айтып салуға бел байлап келген едім. Керісінше, бюро мәжілісін жүргізген Меңдібаев мені мадақтағын сөздер айтып, „асқан қанағаттанғандықпен“ партиялық жазаны алып тастау жөнінде ұсыныс енгізетінін білдірді. Мен үндеген жоқпын.

Жасыратыны жоқ, кейіннен „Бұл не, кіші 37 ме?“ деген „Егемен Қазақстандағы“ мақала арқылы республика жұртышылығына танымал болған М. Меңдібаевпен қызмет істесу оңайға түскен жоқ. Мәскеу жағынан қолдау тапқан осы бір адамның жұмыстың байыбына бара бермейтінін онымен бір жарым жыл қызметтес болып, бірде бір рет кабинетінде кездесіп, пікір алысуға мүмкіндік болмағанынан да көрдім. Ау, облатком төрағасының мәдениет, халық ағарту, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерімен айналысатын орынбасарымен жүздесіп, жөн сұрасуға мұрсаты болмаған облыстың бірінші басшысы саладағы қалахуалды қайдан білсін? Оның бар ойлап тапқаны әлеуметтік-мәдени құрылысты да өзің жүргізесің деп, облаткомның құрылыс мәселелерімен айналысатын арнаулы орынбасары бар екеніне қарамастан, облыстағы барлық мектеп, бала бақша, клуб, мәдениет үйлерін, ауруханалар мен емханалар салуды, Жамбыл ауылының кешенді құрылысымен қоса, менің мойныма артып

қойғаны. Онсыз да бұл мәселелермен айналыса бастағандықтан, бұған өкіне қойған жоқпын.

Тек обкомның бірінші хатшысынан әрбір мәжілісте зекіру, негізсіз қыртпа сын көбейіп бара жатқандықтан, Қонаевтың қабылдауында болып, өзімді қызметтен босатудың өтінімді. Орталық комитет-тегілер жазылған арызға тәртіп салмай, обкомға жіберіпті.

Бірде жоғарыға көтерілейін деп лифт күтіп тұрғанымда төмен қарай түсіп келе жатқан Меңдібаев мені көріп қалып, кекете сөйлей кетті де:

— Сен Қонаевтың атына арыз жазыпсың ғой. Несі бар, өтінішіңді қанағаттандыруымызға болады, — деді.

— Меңдібаевтың қолынан бәрі келетінін жұрт жақсы білетін болып алды ғой. Өтінішіңді тезірек қанағаттандыруыңызға болады, — деп лифтпен жоғары көтеріліп кеттім.

Содан қайтып ол бұл мәселеге орала қоймады. Бірақ арамызда шынайы қатынас та орнай қойған жоқ. Соңынан Орталық комитетке екінші хатшы болып сайланған Меңдібаев маған дұрдараз, зілді күлімсірейтін болып алды.

Алматы облысында істеген жылдары халық шығармашылығына көбірек көңіл бөліп, Торғай облысында бастаған ізденістерімді жалғастыра түстім. Мұның өзіндік себептері мынада еді. Жетісу — ән мен жырдың елі. Оның бұрынғы даңқын қайта жаңғырту, үшқыр ойлы, өскелең өрісі бар жастарына жол ашу кезек күттірмейтін мейірбанды іс еді.

Бірде „Ел қыдырған есер шағында“ жолдасының қыз алдында оғаш айтқан бір ауыз сөзінен ұятқа қалған ақын, әнші Әсет сол бір нәзік жанға арнап:

Қымбатсың бір қызыл гүл ашылмайтын,
Ләззатың әр жаманға сатылмайтын.
Әркімнің өзі теңдес құрбысы бар,
Ақ сұңқар қарақұспен шатылмайтын.

Көз — мерген, жігіт — мылтық, көңіл — білте,
Орамды аң табымай атылмайтын.
Жібек пен қойдың жүнін қосып ессең,
Бірігіп арқан болып қатылмайтын.

Алтынды жезбен қосып, қатар тартсаң,
Тең келіп таразыға тартылмайтын.
Көңілге қайғы болдың кетіп қалып,
Тамаққа ішкен асты батырмайтын.

— деп аттанған екен¹.

¹ Өлең шумақтары, мұнан соңғы Жамбылдың Құлмамбетпен айтысы жайлы мағлұмат „Ел аузынан“ (1989) жинағынан алынды.

Жазу-сызудан кенже қалып, басым көпшілігі „өнер, білім бар жұрттар“ секілді „тастан сарай салғызбанғанымен“, тарих төріне өзінше талпынып, қиынға қол созып, биікке құлаш ұрған біздің қазақтың ұшқыр қиялы, жүгіртпек ойы, асыл арманы, өмір өнегесі ғасырлар бойы осылай жырланып келген.

Әйтсе де, Арқаның шаншарлары мен құлары секілді екінің бірі шешен, әзілқой, әнші-күйші, ойыншы болып келетін елдің жүзден жүйрігі, мыңнан дүлділі ғана өз жерінің топжарғаны дәрежесіне көтерілетін.

Әйгілі Құлмамбеттің ақындығын қастерлеп, қадір тұтқан жыр алыбы Жамбылға бірде Байсалбай, Ералыжан деген құрдастары: „Сені жұрт Құлмамбетті жеңді дейді, қалай жеңдің, соны айтып берші“ дегенде Жәкең аса толғанып отырып былай деген екен:

— Ойбой, оны мен жеңгенім жоқ, атамыз Қарасай мен ақиық Сүйінбайдың әруағы ғой жеңдірген. Әйтпесе ол кезде Құлмамбеттің аузымен құс тістеген кезі еді. Он бір ақынды бірдей жеңіп, масайрап отырған ол, мен есіктен кіре бергенде өлеңді тоғытып жіберді.

„Екейді ел дейміз бе, бел дейміз бе,
Көтеремдей көктемде жемдейміз бе?...
Ақын деп бір тулақты алып кепті,
Албан, Суан ортаға-ап көрмейміз бе?“ —

дегенде аяғым қалтырап, алғашында не айтарымды білмедім. Әйтеуір, айтыса келе мен жеңдім. Өйткені, Құлмамбет сияқты байманаптарды емес, халықты мақтадым.

Ақындар айтысы — бұрын шаршы топты ғана емес, қалың көпшілікті қамтыған қазақтың өзіне ғана тән өнері болып табылады. Оның ел арасында кеңінен тараған қайым, өтірік айтыс, бәдік, жұмбақ айтыс, қақтығыс, қыз бен жігіт айтысы, екі қыз екі жігіт жұптасып айтысатын түрлері де болған. Айтыстың осындай түрлерін қоса насихаттай отыра, ақындарды әдеттегідей арзан қалжыңға, „отбасының“ күйкілжіңі секілді мәселелерге ден қоя бермей, жұртты еңбек мәртебесіне, имандылыққа, бірлікке, елдікке шақыру жағына көңіл аударуға, ұзын ырғақты өлеңді құр айқайға салып тақпақтай бермей, әдемі әнге қосып, домбырамен немесе сырнаймен сүйемелдеуге дағдыландыра бастадық. Олар бұрынғыдай иығына алабажақ ою жапсыра салынатын, „мен мұнда-лап“, айқайлап тұратын қызыл, жасыл шапандарды іле сала, мойнына қылқитып галустук тағып жұрт алдына шықпайтын болды.

Әсіресе Жамбылдың 140 жылдығына арналған облыстық ақындар айтысында Қаскелеңдегі „Раушан“ фабрикасы мен „Облбытобувь“ кәсіпорнында жасалған қазақтың ұлттық киімдерінің көрсетілгені, оған ерекше ажар беріп, мазмұнын байыта түскен еді. Өкінішке қарай, аталмыш кәсіпорындары шеберлерінің қазақы киімнің музейлік нұсқаларын игерген тамаша бастамасы кейіннен іждағатты қолдаушысы болмай аяқсыз қалды. Тіпті Бұқарда зерлі

кесте, оқа тігуге машықтанған шеберлердің қайда кеткенін де анықтай алмадық.

Қазақша билеу — көбіне топтасып ән салумен, өз қызығы өзімен өтіп жататын әртүрлі кәде-жоралғылармен, халық ойындарымен біте қайнасқан, еңбек қимылдарына, еліктеуге, ауызба-ауыз айтылатын әзіл-оспаққа негізделген халық мұрасы. Оған әуел баста арқау болған ежелгі халық билерінің, „бақсы ойынының“ бізге жетпегені мәлім. Бірақ ел есінде олардың мазмұны, оқиға желісі, өзіндік баурамы, қимылдау, сермеу тәсілдері қалды. Дұрыс пайдалана білсек, бұл да аз дүние емес. Ал, өзімізге танымал қазақ билерінен халықтың өткендегі өмір салтын, істеген кәсібін, ұшқыр қиялын, жүгіртпек ойын аңғарамыз.

Қазақта бұрын би болмаған дейтін керенаулыққа ешқандай негіз жоқ. Тарихта бисіз халық болған емес. 40- жылдарға дейін болған билердің өзінен көз жазып қалсақ, оған бүгін кімді кінәлай қоярсың. Тіпті би болмаған күнде де, опера немесе балет сияқты оны да жасап алуға болатын еді ғой. Бұған бізбен тағдырлас, бұрын көшпелі болған башқұрт, қарақалпақ халықтарындағы би өнерінің қазіргі жетістіктері де дәлел бола алады. Осы уақытқа дейін той-томағаларда көпшіліктің қатысуымен орындалатын қазақ биін қалыптастыра алмай келе жатқанымыз да керенаулықтың нәтижесі.

Дәстүрлі өнердің құрамдас бөлігі болып табылатын халық билерін қайта жаңғырту және дамыту мақсатымен Алматы облыстық филармониясында „Алтынай“ халық биі ансамблі құрылды. Оның негізін қалап, шығармашыл ұжым ретінде қалыптасуына, өмірінің соңғы сәттеріне дейін, арымай-талмай, 20 жыл бойы қазақ биіне қатысты мағлұматтарды, өнердің осы бір түрінің ел арасында сақталғандарын, жекелеген элементтеріне дейін тірнектеп жинап, қайта түлетуге үлкен үлес қосқан Қазақ ССР өнеріне еңбегі сіңген қайраткер, педагог-балетмейстер Ольга Всеволодовна Всеволодская-Голушкевич болды.

Бұл кісінің ескі билерді қайта қалпына келтіруге қажетті мәліметтерді қалай жинайтынын бір жолы Алматы түбіндегі Үмбеталы ауылында болғанда көрген едім. Бізді қабылдаған үй иесі Жамал Қырғызбаева 90 жаста, Ольга Всеволодовна 70-те болатын. Бір қызығы біреуі орыс тілін, екіншісі қазақ тілін білмейтін екі кейуананың он минут өтпей-ақ қол ұстасып билеп жүргенін көріп таңдайымызды қаққан едік. Олардың билегені соңғы елу жылда ұмытылған, бірақ бізге бала жастан белгілі, көпшіліктің қатысуымен орындалатын „Киіз басу“ биі еді. Өкініштісі, халықтың дәстүрлі өнерінен түйсігі шамалы, тіл білмейтін, классикалық биге машықталған қазіргі шалағай қоюшылар киіз басудың „элементтерінен“ тек жүн сабауды ғана қалдырып, қалғандарын есіне түсіре алмай, бидің берекесін кетіргені болатын.

Ольга Всеволодовна билерден көрінетін халықтың өзіндік ерекшеліктеріне, ұлттық тұрпатына, мінезіне, екпіндеген жан дүниесіне

үлкен мән беретін. Оны қазақтың өзінен шыққан балетмейстерлері көңіл аудара қоймаған „Буынбиін“ қайта қойғанда тағы да байқадық. Нарынқол ауданынан келген егде тартқан екі кісі дене буындарын ойнату үшін бүктесін, иіліс-бүгілістер жасап, шалқалай, бір біріне қарай бетпе-бет айналып, орала жүріп, бұлшық еттерін ойнақтатып, қолдарын бұлғақтата билей жөнелгенде балетмейстердің „су астынан інжу тапқандай“ қуанған бақытының шегі болмап еді.

Кейіннен „Алтынай“ ансамблінің репертуарына „Киіз басу“ да, „Буынби“ де енгізілді.

Маған 1985 жылы Мәдениет министрлігінде істеп жүргенде өзім қолға алған Жамбылдың кесенесі мен әдеби-мемориалдық үй-музейін қайта жөндеуден өткізіп, жаңа экспозициясын құрастыруды аяқтауға тура келген еді. Кесенені мәрмәр тастармен қаптап, декорының кейбір жерлерін мәрмәрға, қыр оюына алмастырдық. Тек күмбезін Түркістаннан әкелінген шыңылтыр қышгармен қаптау сәтсіз болды. Ұзынағаштың ауа райына сәйкес ығалтартқыштығы, аязға төзімділігі аспаппен мөлшерленбей, Түркістанда дайындалған шыңылтыр қыштар бір жылға жетпей, сыпырылып түсіп қалды. Сондықтан оларды көктүсті фаянс „кірпіштермен“ ауыстыруға мәжбүр болдық. Жамбыл музейінің кіреберіс фойесін әшекейлеуге тұңғыш рет қазақтың өзіне тән қырма өнері пайдаланылды. Музей экспозициясын белгілі ақын-жазушыларды мадақтау үшін атүсті енгізілген жасанды ыңғайтабыстан (Жамбылға қатысы шамалы фотосуреттерден, әртүрлі жадығаттардан, тағысын тағылардан) арылтып, ақын шығармашылығының өзіндік ерекшеліктерін аша түсуге көңіл бөлдік.

Жамбыл ауылын көркейту және көгалдандыру ісі қолға алынды. Ең алдымен музей кешенінің айналасы қоршалып, ондағы алма бағы тәртіпке келтірілді. Алты қанат ақ үй тігілетін орын қайта жасалып, кімнің қолында кеткені белгісіз ақынның киіз үйінің орнына басқасын жабдықтауға тура келді.

Ауылды қақ жарып өтетін негізгі көше бойына жаңадан үйлер тұрғызылды. Мәдениет үйі қайта жөндеуден өткізіліп, қайта жабдықталды. Кафе, базарлық сататын киоск, басқа да келушілерге қызмет ететін объектілер салынды. Негізгі коммуникациялар кабельге алынғандықтан, ауылдың сырқын бұзатын ұзын-қысқа, айқыш-үйқыш орналастырылған сан түрлі сым ағаштар алынып тасталды.

Бірақ уақыт аздығынан (көп ұзамай мен қайтадан Мәдениет министрлігіне қызметке ауысып кеттім) музей тұрған қыратты айналдыра, жаңа материалдан соғылған қазақы үйлердің тіркеспе, қоржын үй секілді нұсқаларын қора-қопсысымен орналастырып, ауылға кіре-беріс қақпаны реттеп сол жерге мейманхана, шәйхана, әмбебап магазин салдырып, алдына гүлзарлы бақ орнатсам деген ойым іске аспай қалды.

Арасы 8—10 шақырым қашықтыққа орналасқан біріне бірі ұстаз, шәкірт болған жыр алыптары Сүйінбай, Жамбыл, Үмбеталы ауылдарының негізінде әдеби-мемориалдық музейлер, арнайы поэ-

зия мектептері, ақындар айтысатын амфитеатрлар, қаламгер ақындар өлеңдерін оқитын алаңдар орналасатын өнер орталықтары болатын „Халық поэзиясының үшбұрышын“ (треугольник) жасау ойда болатын. Онан тек Жамбыл мен Сүйінбай ауылдарына апаратын жолайрыққа „Сүйінбай мен бала Жамбыл“ атты арнайы белгі қойып, Үмбеталының үйін, қора қопсысын қалпына келтіріп, әдеби-мемориалдық музейін салғызып үлгірдік. „Заман-Ту“ кәсіпорнының суретшілері орналастырған музей экспозициясы ойымдағыдай шықты. Директорлыққа аулына келін боп түскенде Үмбеталының өзі „бетін ашқан“ шәкірті Надежда Лушникова тағайындалды.

„Үшбұрыштың“ қалған объектілерін, Сүйінбайдың музейін тұрғызуды болашақ ұрпақ өзі қарастыратын шығар деп ойлаймын.

1987 жылғы тамыз айының аяғына таман ғой деймін, менің облатком мәжілісінен Орталық комитетке шақырып алып кетті. Идеология мәселелерімен айналысатын хатшы Зақаш Камалиденов мәдениет бөлімінің меңгерушісі Камал Смайыловпен бірге отыр екен. Сәлемдесіп болған соң, сөз саптай келе:

— Егер Мәдениет министріне ұсынсақ, оған қалай қарар едіңіз. Бұрын сонда істегенсіз, іс-тәжірибеңіз де жеткілікті, шешімін таппай келе жатқан мәселелерді де жақсы білесіз, — деді З. Камалиденов. Мен күліп:

— Мынау Камал менен гөрі жас қой (оның бірер ай жастығы бартын), мұны неге ұсынбадыңыздар, дап-дайын министр емес пе? — дедім. Енді Камалиденов те қосыла күліп:

— Онда Камал Сейітжанұлының шансы жоғары екен. Ол әлі үлгіреді ғой. Әңгіме өзіңіз жөнінде болып отыр, — деді де, Г. В. Колбинге баратынымызды айтып: „Қам жеменің, барлығы дұрыс болады“ — деп орнынан тұрды.

Колбин жылы шыраймен қарсы алып, Мәдениет министріне ұсынуға бірнеше кандидатураларды қарап, маған тоқталғанын айтты. Тәжірибеңіз мол, комсомолда жүріп те, онан кейінгі жылдарда да мәдениет мәселелерімен қызу айналысып келген екенсіз. Мәдениет министрлігіндегі 6,5 жыл да босқа өтпеген болар. Кіммен ақылдассақ та, сіз жөнінде пікірі оңды болып шықты. Қиыншылықтан қорықпайтын боларсыз, — деді.

Мен өз тарапымнан мәдениет саласының өзіме жақын екенін және оған немқұрайды қарай алмайтынымды, нақтылы көмек, тікелей қолдау табылатын жағдайда жемісті еңбек етуге болатынын айттым.

Колбин қанағаттанғандық білдіріп, сол күнгі кешкі ұшақпен Мәскеуге барып қайтудың қажет екенін ескертті.

Мәскеуге барысымен, КПСС Орталық комитетінің бөлімдерінде, Мәдениет министрлігінде болып қайттым. Қайтып келген күні Орталық концерт залында болған кеште Колбин менен Мәскеуге қалай барып қайтқанымды, неңдей мәселелерге көңіл аударғанын сұрады.

Қыркүйек айында Қазақ ССР Мәдениет министрі болып тағайындалдым. Қызметке кірісе сала, арада он күн өтпей жатып, Орталық комитеттің бюросында Мәдениет министрілігінің жұмысы жөнінде есеп беруге тура келді. Колбин жаңа ғана тағайындалған министрді бірден бюроға салмай, мәселені кейінге қалдыра тұрсақ қайтеді? — десе, біткен шаруаны кейінге қалдырғанды ұнатпайтын қазымыр Камал Сейітжанұлы: „Ол дәл қазір болса да есеп беруге дайын“ деп отырып алыпты. Мұнысы бір жағынан өзіме пайдалы болды. „Мәселенің басы қатты болса, соңы тәтті болады“ дегендей, кімдермен қалай жұмыс істесуге болатынын біліп алдым.

Ол кезде мәдениет пен өнер саласында көп мәселелер шешімін таба алмай келе жатқан болатын. Саланың заттық-техникалық базасы нашарлай түскен, театрлар мен концерттік мекемелерде білікті мамандар жетісе бермейтін, репертуар таңдауда мезеттің ықпалымен біресе олай, біресе бұлай ауытқушылық басымырақ еді. Мәдени-ағарту мекемелерінің саны көп, сапасының нашарлығынан клубтар мен мәдениет үйлерінің қаңырап бос тұратындары, оқырмандары күрт азая бастаған кітапханалар көріне бастаған. Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау және ұқсату жұмыстары бәсеңси түскен еді. Жалпы алғанда, мәдениет орындарының елдің рухани өміріне ықпалы бұрынғыдай емес еді.

Осылайша қалыптаса бастаған қал-ахуалды ескере отыра, саланың жұмысын қайта құру үшін негізгі үш мәселені — заттық-техникалық базаны нығайтуды, маманданған кадрлар дайындауды, репертуарлық саясатты реттеуді қолға алатын болдық.

Үкіметке, жергілікті кеңестерге ұсыныс жасау үшін театрлар мен концерттік мекемелердің, мәдениет үйлері мен клубтардың, кітапханалар мен музейлердің заттық-техникалық базасын зерттеуге кірістік. Абай атындағы опера және балет театрында жаңғырту және бастапқы декорын қалпына келтіру жұмыстарына, ұйғыр және корей театрларын салуға жобалық-сметалық құжаттама жасау қолға алынды.

Мемлекеттік жоспарлау комиссиясы арқылы маманданған режиссерларды Мәскеу мен Ленинградта ғана емес, Одақтас республикалардың астаналарында да дайындап алу келісілді. Мәселен, Қазақстан үшін драма режиссерлары Тбилисиде, опера режиссерлары Киевте, классикалық балет қоятын мамандар Ригада, халық билерін қоятын балетмейстерлер Кишиневте, хормейстерлер Таллинде дайындалатын болды.

Репертуарлық саясатты жолға қою үшін бұрынғы „элеуметтік заказ“ жүйесін қайта енгізу, ол үшін авторлардың театрлармен бірігіп жұмыс істеуі көзделді. Қаламақысы алдын ала 25 процент мөлшерінде, пьеса театрда қойылып, қабылдап алынғаннан кейін қалған 75 проценті мөлшерінде төленетіні келісілді. Опера, балет жазатындар үшін де осындай тәртіп енгізілді. Ән шығаратындармен туындысы концерт мекемесі арқылы қабылданып, нақтылы

әншінің, ансамбльдің репертуарына енгеннен кейін ғана есеп айырысатын болдық. Суретшілер үшін олардың холст, бояу, т. б. материалдар сатып алатынын ескере отыра, несие ақысы 50 процент мөлшерінде, қалғаны картина, скульптура көрмеден өтіп, мақұлдағаннан кейін төленетіні белгіленді.

Мәселенің бұлай қатаңырақ қойылуына репертуарлық коллегия арқылы қыруар ақшаға сатып алынған шығармалардың жылдар бойы кәдеге жаратылмай, қозғалыссыз жатып қалатыны себеп болып еді. Шарт жасасып, ақысын қалтаға салып алғаннан кейін, уәделескен шығармасын оңдаған жылдар бойы жазып бермей жүре беретіндер, тіптен танып кететіндер де баршылық екен. Авторды, шығармашыл ұжымның өтінішімен, белгіленген тақырыпқа жазғызу қолға алынбай келген.

Репертуарлық саясаттағы мұндай өзгеріс, әуелде онша қолдау таба қоймағанымен, бірте-бірте шығармашыл интеллигенция тарапынан мойындала бастаған еді. Өкінішке қарай бар-жоғы төрт-ақ ай министр болған менен кейін бұл лауазымға ие болған азаматтар осындай үлкен тәрбиелік маңызы бар әлеуметтік мәселеде табандылық көрсете алмады да, мәдениет пен өнер мекемелерінің заттық-техникалық базасын жақсартуға және олар үшін маманданған режиссер-қоюшылар дайындауға бағытталған іс-қарекеттер сияқты, бірте-бірте аяқсыз қалды. Мұндайда қызметестердің мүдәймансып, үйте қаламыз, бүйте қаламыз дейтіні бұрыннан белгілі болатын. „Мен хатшымын“ деп үстел тоқпақтайтын әдет менде жоқ еді.

Арада бір ай өткен соң Г. В. Колбин мені өзіне шақырып, жаңа қызметті неден бастағанымды, қандай негізгі мәселелерге баса көңіл аударатынымды сұрады. Министрліктің тікелей үш мәселемен — саланың заттық-техникалық базасын жақсартумен, маманданған кадрлар дайындаумен, репертуарлық саясатты реттеумен айналыса бастағаны жайында айтып бердім.

— Қазір осы ел арасында нендей мәселе жетіспей жатыр деп ойлайсыз? — деді ол.

— Менің ойымша ән жетіспейді. Жұрт ән салып, билеуден қалды. Дастархан үстінде де үнсіз отыратын болып алғалы қашан. Жастар да демалыс сәттерінде бұрынғыдай өлең айта бермейді.

— Мұның себебі неде екен? — деді ол тағы да. — Әлде маскүнемдікке қарсы заң кінәлі ма бұған.

— Бәрін заңға аудара салудың қисыны бола қоймас. Меніңше мәселе тереңіректе — жұрттың көңіл-күйінде жатқан сияқты, — дедім.

Ол үндемей қалды. Шамасы онан әрмен дәлдеп жатқысы келмесе керек.

Бір айдан астам уақытты артқа салып, Колбин мені тағы да өзіне шақыртып алды. Енді Мәскеуге барып, КПСС Орталық комитетінің 1986 жылғы Алматыда болған желтоқсан оқиғасына байла-

нысты қаулысының мәдениет саласында қалай орындалып жатқаны жөнінде есеп беріп қайтатынымды ескертті. Маған жетпегені енді осы еді? — деп іштей тынып қалдым.

КПСС Орталық комитетінің партия ұйымдастыру бөліміндегі әңгімеміз сектор меңгерушісі Мищенкомен ренжісуден басталды. Ол менің алдыма М. Мұқановтың „Орта жүздегі қазақ руларының орналасуы“ деген кітабын көсілте лақтырып тастады да:

— Қара, мына ұлтшылдықтың кітабын. Қазақ руларының қайда орналасқанын жазыпты, — деді.

— Онда не тұрған не бар? Бұл ғылыми еңбек, рушылдыққа шақырып отырған жоқ шығар. Жұртқа ата-бабасының қайда және қалай өмір сүргенін айтса, оның несі айып... — дей бергенімде ол бақырып жіберді. Бұл адаммен салғыласып, шындыққа жете алмай-тынымды біліп, қоя қойдым.

Басқа бөлімдердегі кездесу айқай-шусыз, пікір алысу түрінде өтті. Мәдениет министрлігінде де жаман қарсы алған жоқ. Алматыға келген соң болған әңгімені бірінші хатшыға бұқпантайламай, түгел айтып бердім. Ол риза болғандай пиғыл білдірді.

Бір күні Колбин өзіне тағы шақыртты.

— Менің осы сіздің соңыңыздан қалмай жүргенімнің себебін аңғарасыз ба? Анада мәскеулік басшыларға көрсету үшін жіберген едім. Характер көрсеткеніңіз дұрыс болған. Енді тағы да барып, хатшылармен кездесіп қайтуға тура келеді. Зақаш Камалиденұлы басқа жұмысқа ауыспақшы. Сізді Орталық комитеттің хатшылығына ұсынсақ деген ойымыз бар. Бұған қалай қарайсыз?

— Мәдениет пен өнерді дамытуға қатысты түбегейлі мәселелерді қолға ала бастап едім. Оларды аяғына жеткізу — қай-қайсымыздың болса да қасиетті борышымыз. Саланың өзіндік ерекшеліктерін тереңірек ұғына бастаған сәтте басқа қызметке ауысудың мен үшін қисыны бола қоймас. Мүмкін болса мені қозғамасаңыз, — дедім.

— Мәдениет саласына Орталық комитеттен де басшылық етуге болады емес пе? Мұнда мүмкіндік те көбірек. Істелетін жұмыстың шама-шарқы белгіленген сияқты. Қызметкерлерді қабілетіне қарай орналастыра білсек, ар жағы өзінен өзі жөнге келе беретініне кәміл сенуге болады, — деп ол кісі бәрін бірдей кимелете бермей, айтайын деген ойын тамамдады.

— Әй, қайдам, — дедім мен, — әркім өз орнында отырса дұрыс. Бұл қызметке кімдер келіп, кімдер кететінін құдай білсін. Мен мұңдалап есік қағып жүргендер де жоқ емес. Мұны сіз біле бермейсіз. Мен айтарымды айттым, ендігісін өздеріңіз шешерсіздер.

— Онда, келістік — деді Колбин.

Мәскеуде болып, хатшылардан Г. П. Разумовскиймен кездесіп, қайтып келген соң, 1988 жылы 9-ақпанда Қазақстан Компартия-сы Орталық комитетіне хатшы болып сайландым.

Бұл мезет партия басшылығының ойдағыдай болып шыға

қоймаған „қайта құрылудың“ экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық-саяси өмірдегі келеңсіздіктерін реттеудің жолдарын қарастыра бастаған, „митингтік демократияның“, бейпілауыздықтың өрістей түскен тұсы еді. Экономиканы басқарудағы тұрлаусыздықтың, саясаттағы — тұрақсыздықтың, ыңғайтабыстағы — тиянақсыздықтың кеңестік қоғамның негізін сілкілеуге бірте-бірте алып бара жатқаны айқындала бастаған болатын.

ТЕРЕҢНЕН ҚОЗҒАП, СЫР ШЕРТСЕК



Орталық комитетке хатшы болып сайлана салысымен он шақты күн өтпей жатып, маған Қазақстан Жазушылар Одағы басқармасының пленумында сөз сөйлеуге тура келген еді. Қаламгерлер ұйымының қызметімен тікелей таныстығым шамалы болғандықтан және мезеттің жай-жапсары жазушы қауымға белгілі екенін ескере отыра, бір-ақ мәселеге — елдің рухани өмірінде кең өріс алған бірегейшілікке ұмтылудың арқасында жылдар бойы қазақтың ұлттық қасиеттеріне, өмір салтына, әдет-ғұрпына, әсіресе тіліне мән берілмей келгендіктен республикада қалыптасқан қал-ахуалға тоқталған едім.

Жастардың басым көпшілігінің ізгі салт, әдет-ғұрып, ұлттық дәстүрлерден беймағлұм болып өсетіні, өз халқының тарихын, мәдениетін білуге, қазақша сөйлеп, ән салып, би билеуге ден қоя бермейтіні бұрын да комсомолдық ортада, зиялылар арасында айтылып келген болатын. Жазушылардан осы тақырыпқа қалам тартқандар да жоқ емес еді. Бірақ мемлекеттік көлемде болашақ ұрпақ өсіп жетілетін ортадағы қал-ахуалға жете көңіл бөліне қоймағандықтан ұлттық намыс, сана-сезім оятуға түрткі бола алмағаны мәлім.

Осыларды айта келе, өмірдің өзі алға қойған талаптарға сай, оқу-ағарту, мәдени-тәрбие жұмыстарын қайта реттеу мақсатымен жаңа бағдарламалар, оқулықтар, құрал-жабдықтар жасау қажет екеніне көңіл аудардым. Мектепке бірінші кластан бастап, кәмелеттік аттестат алғанға дейін жасөспірімдерге имандылық-ізгілік тәрбие берудің жаңа жүйесін енгізетінімізді айттым. Кейіннен солай болды да. Арнайы бағдарлама жасалып, талқылаудан өткеннен кейін, 1990 жылдың 1-қыркүйегінен бастап мұндай жүйе қазақ, ұйғыр мектептерінің бірінші кластарына енгізілді де. Бірақ партия таратылғаннан кейін бұл мәселеге бұрынғыдай көңіл бөлінбейтін болды. Ерте дүниеден қазіргі заманға дейінгі тарихқа арналған бұрынғы аударма оқулықтарды алмастыратын Қазақстанның өз оқулықтарын жасау идеясы да толығынан іске аса алмады. Бізге қандай оқулықтар керек деген мәселе әлі де дәлдеуін күтуде.

Тарихи мәңгүрттікке қарсы ғылым, мәдениет пен өнер саласында жүргізілетін жұмысқа тоқтала келіп, Орталық комитеттің кезінде тарихқа, әдебиет пен өнерге қатысты мәселелерді пайымдауда өрескел қателіктер жіберген, жекелеген ғылым мен өнер қайраткерлерінің шығармашылығына қисынсыз, теріс баға берген 30—40-жылдарда және 50-жылдардың басында өзі шығарған немесе бұрынғы Өлкелік партия комитеті қабылдаған қаулы-қарарларға қайтып оралатынын айттым.

Залда отырғандардың арасынан белгілі әдебиетші-ғалым Рахманқұл Бердібаевтың республикада наурыз мейрамын өткізуге рұқсат етілетін бола ма? деген сұрағына: "Өткізейік, онда тұрған не бар?" деп жауап бердім. Мұның алдында осы мәселені Мұхтар Шаханов та газет бетінде көтерген болатын.

Наурыз мейрамы шығыс елдерінің көпшілігінде ислам діні қабылданғаннан жүздеген жылдар бұрын пайда болған егіншілердің қызықшылығы. Оны малшы қауымда өткізіп келген. Кейбір деректерге қарағанда наурыз ежелгі гректерде, шығыстық славяндарда, басқа да қауымдастықтарда әртүрлі атпен белгілі болған. Қазақ арасында Наурыз „Жыл басы — жаңа күн“ — Ұлыстың үлі күні ретінде көне заманнан 1926 жылға дейін тойланып келген. 20-жылдардың шолақ белсенділерінің саяси „қырағылығының“ салдарынан діни мереке-міс деген сылтаумен (бәлкім, бұл жаңа кеңестік дәстүрлерді орнықтыра түсу үшін қажет болған шығар) наурыздың 62 жыл бойы атаусыз қалғаны қай жағынан алғанда да қиянат еді. Тіпті оған діни сыйпат берудің де қисыны жоқ болатын. Олай дейтінім Наурыз күні жұрттың мешітке қаптап барып, мінәжат етіп жататынын көргендерді өз басым кездестірген емеспін. Наурыз кезінде көршілер алыс-берісінен тазарып, бір-біріне ренжігендер татуласып, суысып кеткендер шақырысып жатса, жұрт туған-туысқандарына, жора-жолдастарына, әсіресе қарттарға мейлінше ітипатты болуға тырысатын болса, үй-жайын, қора-қопсысын тәртіпке келтіріп, атыз-арығын тазалап-аршып, ағаш отырғызатын, т. б. марапатты істермен айналысса, оның сөлекеттігі бар ма?

Наурызды елден, елді Наурыздан ажыратуға болмайды. Бұл бізге ұларынан айрылған Ұлытаудың қазіргі тұрпатын еске салатын. Ұлар — биік құздың басын мекендейтін, қазір ілуде біреу болмаса кездесе қоймайтын кішкене ғана, мейлінше сүйкімді тау құсы. Ол осы Ұлытауда ғана кездесетін. Оның қазір көзден ғайып болып бара жатқаны ойландырады!

Бұл туралы ақын Жүрсін Ерманов былай деген еді:

Ұлытаудың ұраны — ұлар, ұлар
Ұлары жоқ,
Бұл таудың мұнары бар.
Ұлы тастың алдында ұяттымыз, —

Кім ауырар ұяттан,
кім арылар?!
Ұлытауға бардың ба?
Ұлар қайда?
Ұлы қайғың уылжып, тұнар бойда.
Ұры тісің секілді
у сезімің
Уын жайып, үлдеп
тұрар ма ойда?...

Жазушылар Одағының пленумына қатысқан Алматы обкомының хатшысы Зәуре Қадырованың бастамасымен бар-жоғы бір айға жуық уақыт қалғанына қарамастан, сол 1988 жылдың өзінде Алматыда және астаналық облыстың Жамбыл ауданында Наурыз үлкен халықтық мейрам ретінде өткізілді.

Ал 1989 жылы Наурыз мейрамы Қазақстанның барлық облыстарында бірдей аталды. Әсіресе Алматыда, Жетісу өңірінде, Оңтүстік Қазақстанда, Сыр бойында, Жезқазған, Қарағанды, Павлодар облыстарында елдің есінде қаларлықтай қызығы мол, өрісі кең, жалпылық сыйпатта болды. Қайсы аймақта болса да Наурыз мейрамында қазақтың өзіне тән дәстүрлі өнерін былай қойғанда, орыс, украин, неміс, поляк, грек, өзбек, шечен, ұйғыр, корей, курд, месхеттік түрік, тағы басқалардың шығармашылығы көрінгені көңілге қуаныш ұялатты.

Наурыз мейрамы арамызға осылайша қайтадан келген еді. Кейіннен ежелден белгілі есеп бойынша күн мен түннің көктемгі теңесер тұсы — 22-наурыз Президенттің жарлығымен халық мейрамы болып жарияланды.

Бірде маған көптен таныс журналистердің бірі: „Құрметті Өзаға! Қазір заман өзгерді, соған орай, талап, талғам да басқаша. Адамдардың түйсік-түсінігі, өсіп-өнген ортасына көзқарасы да түбегейлі өзгерістерге түсе бастады. Сіз өзіңізді бұрынғыша сезінесіз бе? Қазақ халқының бүгінгі қоғамдық құрылыста алатын орны қандай болмақ және оны Ұлттық бағдарламамен (егер ол жасала қалса) үйлестіруге бола ма? Мұның жай-жапсарын түсіндірмес пе екенсіз?“ деген еді.

— Иә, қоғамның өзгергені, мезетіне қарай талап-талғамның да басқаша сыйпат ала бастағаны рас. Бірақ мен өзімді өзгеріп сала бердім деп айта алмаймын. Оған ешқандай негіз жоқ. Халқым мен Отаным алдында арым таза. Жасым алпыстан асқанда бұрынғы идеалдарын өзгертіп, қайта „түлеп“ шыға келетін адам мен емеспін. Бұрынғы тәртіпті аңсап жүрген де жоқпын. Оған тарих өзінің бағасын бере жатар. Тегі „біреудің тарысы піссе, соның тауығына айнала қалатындардан“ бойды аулақ салған жөн. Өз басым шамам келгенше енді ғана қанатын қомдай бастаған егемен Қазақстанның игілігіне қызмет ететінім хақ,

Баспасөзде жекелеген парламент мүшелерін қатыстыра отыра, өндіргіш күштері шамалы, техникалық деңгейі төмен, парасаттық мүмкіндіктері толығынан ашыла қоймаған, көпшілігі ауылдық жерлерде тұратын қазақ ұлты республиканы мекендейтін ұлыстарды айналасына топтастыра алмайды-мыс деген тоғышарға лайық, көрбілте пікір айтылды. Мұндайда қазақтың Қазақстанда көпшілік емес екені, өзінен шыққан өнеркәсіптің шешуші салаларында істейтін маманданған жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің аздығы, „үштен бірінің“ өз тілінде сөйлей алмайтыны бетіне басылатыны мәлім. Ал осындай құбылыстардың сырын ашуға келгенде білгірсіген сәуегейлердің түлкі бұлтаққа салып, ауытқып шыға келетінін қалай түсінуге болады? Апырау, Орталық қазақ елін жылдар бойы тек шикізат көзі ретінде пайдаланып келген болса, маманданған жұмыс қолын үнемі Ресейден жіберіп, жергілікті халықтан шыққан индустриалдық, қазіргі заманғы өнеркәсіптік жұмысшы табын қалыптастыруға қасақана тосқауыл қойып келсе, ол өзінен өзі пайда бола қоймайды ғой. Қазақ қалада аз тұрса, оған да оны кінәлаудың қисыны жоқ. Олай дейтінім, сөз жүзінде ешкім қарсы болмағанымен, нақтылы өмірде ауылдан келген қазақ жастарын әртүрлі себеп айтып индустриалдық өндіріске ала бермейтін. Алматының өзінде АЗТМ-да, Киров зауытында, „Поршеньде“, Станок жасау зауытында, тағы басқа кәсіпорындарында қазақ жұмысшыларының 4—5 проценттен аспағаны, онда да қосалқы цехтарда істеп келгені бұған дәлел бола алады.

Тағы бір мысал. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін Колбиннің ұйғарымымен, жұрттың көңілін аулау үшін қабылданғанына шүбә келтіруге болмайтын республикада қазақ, орыс тілдерін үйренуді жақсарту жөнінде арнайы қаулылар жарық көрген болатын. Осы құжаттардың кейбір қағидаларына сүйене отыра (ол кезде тіл туралы заң әлі қабылданбаған еді), халыққа қызмет ететін кейбір салаларда қайсыбір жұмыс орындарына (онда да белгіленген тізім бойынша) қазақ, орыс тілдерінде бірдей сөйлей алатын азаматтарды орналастыруды дағдыға енгізу жөнінде ұсыныс жасадым. Милкин, Трофимов дегендер „адам хұқына қарсы келетіндіктен“ (шамасы, басқа уәжі болмаса керек) мұндай ұсынысты қабылдауға болмайды деп даурығып жатты. Колбин болса, идеяның дем берушісі бола тұра, біздерді қақтығыстырып қойып, өзі міз бақпай отырып қалды...

Енді келіп, атам заманнан Дешті қыпшақ пен оған іргелес жатқан ұланғайыр кеңістікті мекендеген дала тайпаларының тектестік негізін құрағандықтан Бату жорықтарының кезінде-ақ „Қазақстан“ деп атала бастаған аймақты қоныстанған, тіптен аралас-құралас отырған әртүрлі құрама топтардың, кішігірім этностық бірлестіктердің де басын қосып, түпқазығы болған қазақ ұлты (бұл үрдіс кеңес жылдарында жалғаса түскен) енді шын мәнінде

тәуелсіздікке қолы жеткен кезде өзгелерді айналасына топтастыра алмайды деп айтудың өзінен арсыздықтың нышаны көрініп тұрған жоқ па? Қазақ — өзі тектестік негізін құраған далалық аймаққа қоныс аударғандармен де достық, бауырмалдық қатынаста болып, оларды ұйымдастыруға үлкен үлес қосқан халық. Өзі ұстанған бағытын кімнен де болса қорғай алады.

Тек қазаққа республикада тұратын көп ұлыстардың бірі ретінде қарауға болмайды. Мұны тарихи отанынан еріксіз қуылып, Қазақстанға қоныс аударуға мәжбүр болған жұрттар жақсы түсінеді. Өйткені, қазақтың мұндағы орыстар мен немістер, поляктар мен украиндықтар, татарлар мен белорустар, түріктер мен кәрістер секілді өзге тарихи отаны, басқа „барар жері, басар тауы” жоқ. Қазақтың генефондын көрші Ресейде, Қытайда немесе Өзбекстанда емес, тек Қазақстанда ғана сақтап қалуға болады. Қазаққа қатысты мәселелердің шешімін таппай тұрып, шын мәнінде тәуелсіз, демократиялық, құқықтық мемлекет құру мүмкін емес. Қазіргі заманғы ұлт ретінде өзін сақтап қалу үшін де оған қазақ мемлекеттігі керек.

Саясаткерлер болса, біздегі ұлттық топтардың қай-қайсысының болса да тарихи отанында мемлекеттігі бар екеніне және олардың Республика Конституциясында қарастырылған құқықтар мен бостандықтарды қазақпен бірдей толығынан пайдаланатынына қарамастан, „азаматтық қауым” дегенді тықпалай беретін болып алды. Әлде Қазақстанның азаматтық қауымдастықтың бірден бір үлгісі ретінде танылып келген Америка Құрама Штаттарынан, Канададан, басқа да елдерден, өзіндік даму ерекшеліктері жоқ па?

Тегі, қазақ мемлекеттігі деген мәселенің төңірегінде көтерілген пікір сайысы кейбіреулердің жанын жегідей жеп жүрген „қосазаматтылық”, „қостілділік” деген түсініктер сияқты ойдан шығарылған және көпұлтты халықты біріктіретін ортақ идеясы шамалы мемлекеттің пәрменсіздігінен туған жәйт болды ғой деп ойлаймын. Әйтпесе орыстар Канадада да, Польшада да, Австралия мен Финляндияда да баршылық. Олар неге ондағы мемлекет орындарынан мұндай „артықшылықтарды” талап етпейді? Гәп міне осында болып отыр.

Осы жұрт өзгені былай қойғанда, „қос азаматтылығымен” армияға қалай шақырылады, қай елдің конституциясына сыйынатын болады. Мемлекеттік қызметке қалай араласпақшы? „Қостілділік” екі бірдей мемлекеттік тілді игеруге міндеттемей ме? Ертең қылмысты болғандарды қай елдің заңына сүйене отыра, жауапқа тартпақ? Көрші мемлекет қылмыскерді өз қолтығының астына аламын деп жанжал шығаратын болса ше?

Мұндай сұрақтардың конституциялық жолмен реттелгені орынды болды. Оларға тиянақты жауап ретінде азаматтық беруді жеңілдету мақсатымен Ресеймен арада келісімге қол қойылғаны да құптарлық. Мұндай тәртіп ТМД-ның басқа мемлекеттеріне де тара-

тылатын болса, мәселенің түбегейлі шешімін табуына қосылған үлкен үлес болар еді.

Тарихи отанынан қоныс аударатындардың жат жерде ұлттық мәселелерінің бәрі бірдей шешіле қоймайтынын мойындағандықтан ғана орнынан қозғалатыны белгілі. Қазір Ресейде бір миллионнан астам қазақ өмір сүреді. Ондағы қазақ ұлттығының болашағы шамалы екенін өзін өркениетті елдердің қатарына жатқызатын Ресей сияқты елде осы уақытқа дейін бірде бір толық қанды қазақ мектебінің жоқ екенінен де, ана тілінде газет шығару, телерадио хабарларын тарату қолға алынбай келе жатқанынан да аңғаруға болады. Бірақ бұдан ондағы қазақ әзірше трагедия жасағысы келмейді. Өзбекстанда 1, 8 миллионға жуық қазақ тұрса да өзі қоныс тепкен жерде мемлекеттік өзбек-қазақ қостілділігін, қосазаматтылықты талап етіп жатқандар жоқ. Тіпті осы бір жәйт болашақ ұрпақтың тағдырына әсер етеді деп Өзбекстаннан қаптап көшіп жатқан қазақты да көрген емеспіз. Қытайдағы Монғолиядағы қазақ та мұндай талап қойған емес.

Елді алаңдататын тағы бір мәселе „орыстіділер“ деген түсінікпен байланысты. М. Горбачевтың „қайта құрылуы“ кезінде КПСС Орталық комитетінде идеология қызметкерлерімен болған кеңесте Балтық елдеріндегі кейбір шектен тыс ыждағатты басшылардың жүргізген саясатын мұқату үшін „орыстар“ дегеннің орнына тұңғыш рет пайдаланылған осы бір „орыстіділер“ деген сөз қанатын кең жайып, аққан жұлдыздай шапшаңдықпен Қазақстаннан келіп бір-ақ шықты. „Жерден желкек тапқандай“, оны біздің басшылар да іліп ала жөнелді. Сөйтіп, қазақ тілінен басқа тілде сөйлейтіндер „орыстіділер“ болып шыға келді. Орталықтың мақсаты оларды байырғы қазақ ұлтына қарсы қою еді. Солай болды да. Ау, жетпіс жыл бойы өзбекті „өзбек“ деп, немісті „неміс“ деп, татарды „татар“, кәрісті — „кәріс“, ұйғырды — „ұйғыр“, дөңгенді — „дөңген“ деп келдік қой. Олар қайдан „орыстіділер“ бола қалды? Міне, саясаттағы құйтырқылық деген осы. Әйтпесе Қазақстанда тұратын ұлыстардың арасында қазақ тілін білетіндері де бар. Сонда не, өздерінің ұлттық тілі бар, антропологиялық тұрпаты бар, ата-бабасынан қалған этномәдени мұрасы бар жұрттарды қазақтіділер деп жариялауымыз керек пе?

Тіптен Қазақстанда мемлекеттік тілді білмегендіктен қудаланып жатқандар жоқ. Оның үстіне орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі ретінде мемлекеттік тілмен қатар пайдаланып келді, қазір ресми тіл мәртебесіне ие болды. Оның аясы кең, бұрынғысынша қазақ тілінен асып түседі. Ал біреулерге қазақ азаматтығы ұнамаса, оны да өзгертіп алуына болады. Ресей мемлекеті де азаматтыққа қатысты мәселелерді қолма-қол шешуге қарсы емес.

Қандай парадокс десеңші! Біреулер Балтық елдерінде олардың тілін білмегендіктен азаматтығын ала алмай әуре-сарсаңға түсіп

жүрсе, біздегілер өздеріне ондай талап қойылмаса да, орыс азаматтығын алмақ болып жанығумен келе жатыр.

Шамасы, осындай айдан анық мәселелерді қоздыра түсуге Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін саудаға салғысы келетіндер мүдделі болса керек. Әйтпесе, бізден кетіп жатқандар тек орыстар ғана емес қой. Олардың арасында қазақтар да бар. Әлеуметтік зерттеулердің нәтижелеріне қарағанда, Қазақстаннан қоныс аударып жатқандар қазақ тілінен қорлық көргендіктен немесе орыс азаматтығы жоқтығынан емес, жұмыссыздыққа, жоқшылыққа, тұрмыс тауқыметіне шыдай алмағандықтан көшіп кетіп жатқан жоқ па?

Ал қайсы біреулердің дем беруімен ақпарат құралдарында көтерілген „Қазақстан — ежелден орыс жері“ деген мәселеге келетін болсақ, орыс және шет ел зерттеушілерінің 1917 жылғы қазан төңкерісінен көп бұрын, тіптен оның қарсаңында жарық көрген еңбектеріңде Қазақстан түгелдей немесе оның жекелеген бөліктері әуел бастан орыс жері еді деген бір ауыз сөз жоқ. Мәселен, А. Левшиннің „Описание киргиз-кайсацких орд и степей“ (1832), К. Риттердің „Землевание Азии“ (1837), В. Сиверстің „Азия“ (1896) деген көпшілікке танымал кітаптарында, 1898 жылы шыққан „Азиатская Россия“ жинағының „Всеобщая география“ деп аталатын VI томында Элизе Реклю келтірген жадығаттарда, сол сияқты „Россия. Полное географияческое описание“ жинағының қазақ еліне арналған XIX томында (1913), Н. Фирсовтың „Чтения по истории Сибири“ (1915) деген еңбегінде мұндай әңгіме айтылмаған. Керісінше, Қазақстан деп аталатын осы бір ұланғайыр кеңістіктің, атам заманнан бергі қазақ жері екендігі мойындалған. Орыс әкімшілігі шығарған құжаттарда да Қазақстан орыс жері еді деген тезис жоқ. Кеңес үкіметі декреттерінде де мұндай пікір айтылған жәйттерді кездестіре алмадық. „Азия мен Еуропаның этнографиялық картасында“ да қазақтың өз жеріндегі халықтың басым көпшілігі болғаны көрсетілген.

Әлемге танымал бұл еңбектерде Н. Кузьмин (Москва), С. Васильева (Өскемен) секілді сепаратистердің Алтайдың қазақстандық бөлігі 1921 жылы Қазақстанның құрамына берілген орыс жері еді деп айтуына негіз боларлық тұжырым жоқ. Керісінше, қазіргі „даулы“ аймақтардың атам заманнан бері қазақ жері болғаны ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Н. Фирсов „қазақ Алтай бөктерлерін мекендеген еді“ дегенді айтса, П. Семенов-Тяньшанский К. Риттердің „Землевание Азии“ деген еңбегін орыс тіліне аударғанда оған XIX ғасырдағы Сосновский, Матусовский, Бабков, Струве, Потанин, Влангали секілді орыс зерттеушілеріне сүйене отыра, қазақтың қазіргі Алтай өлкесі мен оған іргелес жерлерде бұрыннан мекендеп келе жатқаны жөнінде қосымша фактілер енгізген.

Егер Қазақстан шынымен-ақ орыс жері болса, онда неге оған

ғасырлар бойы ресми сапармен орыс елшіліктері жіберіліп келген? 1569 жылы Семен Мальцевтің, 1573 жылы Третьяк Чебуковтың елшіліктері Қазақстанда болып, онымен дипломатиялық қатынас орнату үшін келіссөздер жүргізген. 1594 жылы Мәскеуде Тәуекелхан жіберген қазақ елшілігі, 1596 жылы Сауранда Вельямин Степанов басқарған орыс елшілігі қабылданған.

Қазақстанды Ресей өзіне түгелдей қаратып алғаннан кейін де, тіптен казактардан, қызмет адамдарынан, өз жерінде күн көре алмаған үйсіз-күйсіздерден, неше түрлі бұзақы, баскесерлерден құралған алғашқы отаршылардың да айтуға ауызы бармаған „Қазақстан — ежелден орыс жері“ деген тіркеспенің екі жарым ғасырды артқа салып, қолданыла бастағанына қайран қаласың!

1994 жылғы шілденің басында Алматыда ресми тіркелген Жетісу казак әскерлерінің күрігі болып өтті. Ресейдің екі басты самұрық құсы мен казачество туының астында өткен жиында: „Соңғы кезге дейін үкімет тарапынан әуре-сарсаңға түсіп келген казактар ұйымына бірнеше рет атын өзгертуге тура келгенімен алға қойған мақсатымыз өзгеріссіз, бастапқы қалпында қалып отыр“ делінді. Тіптен „біз Жетісуды қорғаймыз“ (оны кімнен, қазақтан қорғай ма екен?), „қазір кері көшу байқалуда, кетіп қалмаңдар“ (оларды кім қуып жатыр?) , „біз Ресейдің тек 1917 жылға дейінгі шекарасын ғана мойындаймыз“ деп байбалам салынғанына қарағанда, бұл тек „ұлттық“ киімін киіп (қару-жарақ асынатын әскери форма әділет министрлігіндегі кейбір мырзаларға ұлттық киім боп көрінгенге ұқсайды), ән салып, би билеп, өздерінің дәстүр-салтын жаңғыртатын „этнографиялық“ ансамбль болмай шықты емес пе? Әйтпесе Ресейдің 1917 жылғы шекарасында не жұмысы бар? Енді ғана есін жиып, тәуелсіздікке қолы жеткен ел оларды тайраңдатып қоя берер ме екен?!

Тарихтан біз Жетісу казак әскерлерінің 1867 жылы „шекаралық жерлерді қауіпсіздендіру және даланы жайлаған көшпелілердің арасында үстемдік орнату үшін құрылғанын“ (қараңыз: Россия, Полное географическое описание. 1913. XIX т. 320-б.), қазақты қырға қуып, тіптен тауға малын айдайтын жолақ та қалдырмай, бар шұрайлы, суармалы жерлері тартып алынып, жеңіл олжа тауып жаман үйренген „бейбас элементтерден“ (фраза аталмыш еңбектен алынды) құралған казактарға бөліп берілгенін, олардың жерді ұқсата алмай талан-таражға түсіргенін жақсы білеміз.

Казактардың Қазақстан астанасы Алматыдан дәмеленуінің де қисыны жоқ. Алматы әйгілі көне „Жібек жолында“ бой көтерген, атам заманнан Алмату, Алматы деген аттармен белгілі болған ежелгі қазақ қаласы. Кейбір тарихшылар оны Жоңғар қақпасына кіреберістегі Алмалық қаласымен шатастырып жүр. Бабыр жазбаларында көрсетілген Алмалықтың да Алматыға қатысы жоқ, ол Іленің бас жағында, қазіргі Жаркентке (Панфилов) жақын тұста болған (Албани Б. К. Тарихи таным. Алматы, 290-б.). 1867 жылы

орыс әскерлері қазіргі Алматы орналасқан жерге келген алма бағына бөленген, онымен аттас кішігірім қалашық тірген. Бұл атау кейіннен кеңес үкіметі жылдарында ор крипциясымен Алма-Ата болып кеткен.

Белгілі сәулеткер, профессор М. Меңдіқұловтың білгендеріне қарағанда, қазіргі Абай даңғылының деңгейі арық, онан желке тартқан оқарықтар сол ежелгі тұрғындарының бау-бақшаларын суландырып келген. Орыс генералдарынан кейін жаңа қала салына бастағанда, сол көне жүйесі, жердің ыңғайына қарай, күретамырлы көше жүргізіліп орналасыруға негіз болған. Көрші Талғардан түсуге тиіс Верный бекінісінің мұнда ауыстырылған себебі де осымен асты болса керек.

Верныйдың ізашары болған ежелгі қаланың ұзақ өмірі археологиялық қазба зерттеулері мен тарихи деректер арқылы анықталды. „Верный-Жетісу облысының бас қаласы, — деп жазады Элиза Реклю, — бұрын Алматы деп аталған. Оның бұлай аталуы қаладан оңтүстікке қарай пирамида іспетті болуының нәтижесі және қарлы жондарынан аққан суы Алматы нәрінен ақпайтын тау сілемінің атымен байланысты... Верный аты ақпайтын қойған жоқ, өйткені ол орыс қаласы ретінде тек 1866 ғана белгілі... Солай бола тұрса да Верныйдың халқы біреу емес" (Қараңыз: Всеобщая география, 1898, 512-бет).

Тегі Алматының тарихын түбегейлі зерттеп, белгілі білгір келтіретін уақыт жеткен сияқты. Бұл мәселе бойынша тағы да не айтар екен?

Мен өзім қазіргі саясаттан қалыс адаммын. Кейде жұрт қолқа салғанда да белсенділік көрсетіп жатқаным шамалы. Сым бұрынғы Ресей империясын „қайта түлетем" деп әлдебір жүргендермен үндес, әдет-ғұрып, салт-сана секілді бекзаттармен бүркемеленген, іс жүзінде Ресейдің Қазақстандағы „бесінші колоннасы" болатын Жетісу казактары ұйымының тыда тұсауы кесіліп, жүтені сыпырылғаны заңға „сәйкес" шыға келгеніне қайран қалдым!

Мұның өзі бұрын-соңды казак әскерлерінің құрбан болған қазақтың әруағын сыйламағандық болды ғой десек қоймаспыз. Саясат дегенің ескі ертегілердегі түлкі бикенің үйреншікті бұлтағына салып, қанша сылаңдаса да, оны қорқытығырыққа тірелтетін осындай „қылығын" көріп отырып үндемей қаласың? Біздің жоғарыда тілге тиек еткен жеріміз шындық. Тарихтың қаралтым беттерін өшіріп те, көшіріп жазуға болмайтыны айдан анық. Казак әскерлерінің байлығын тартқызып тақсыретін, зорлық-зомбылығын тарих кім ақтап ала қояр екен?

Бізге патша заманында Метрополияға, кеңес үкіметі жеткенде да Орталыққа тәуелді болып, өзінің экономикалық, өндіріс

никалық, рухани-парасаттық мүмкіндіктерін толығынан іске қоса алмай, әртүрлі себептермен өз отанында көпшілік болудан қалған қазақ ұлтының мүдделерін бөле-жара ескеретін Ұлттық бағдарлама керек-ақ еді. Ол жасалынбады. „Ей, сол не үшін керек?“ дейтіндер де баршылық.

Ұлттық бағдарлама ең алдымен халқымыздың тарихын ғасырлар, тіптен мыңжылдықтар деңгейінде айқындап, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын, дәстүрлі өнерін этнологиялық тұрғыдан зерттеп-біліп алу үшін қажет. Онсыз ілгері даму мүмкін емес. Өйткені қазақты халықтық жағынан жан-жақты зерттеп, оның нәтижелері бойынша нақтылы шаралар белгілеп, екіұшты құбылыстардың, әсіресе оның тілге, рухани-инабаттылыққа, мінез-құлыққа, моральға, құқыққа, дәстүрлі өнерге, от басына, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуге қатыстыларының алдын алғанда ғана қазақ ұлтының жан-жақты дамуына даңғыл жол ашылады.

Ұлттық дамудағы бірқатар мәселелер оның экономикалық, өндірістік-техникалық мүмкіндіктерін іске қосуға мүдделес. Мұның өзі жаңа тәлім-тәрбие жүйесін жасауға, тарих, әдебиет пен өнер салаларында жаңа бағдарламалар, оқулықтар, құрал-жабдықтар жасауға қолқабысын тигізер еді.

Ұлттық даму мемлекеттің қандай идеология ұстанатынымен де орайлас. Елбасы болса, Қазақстан өзінің егемендігін жариялағаннан кейінгі шырғалаңы мол үш жылдан астам уақытты артқа салып қана, „Жұрт бүгін не десе де, әйтеуір идеологияға қатысты бір бағыт-бағдар болуы керек қой“ дегенді айтты (\"Панорама\", 20/Х-1994 ж.).

Президенттің жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі ұлттық кеңестің Қазақстан Республикасы азаматтарының әлеуметтік-экономикалық іс-қарекетінің үлгілі моделін жасағаны белгілі. Баспасөзде жарияланғандай, Н. Назарбаевтың пікірі бойынша ол жаңа қоғамның идеологиялық базасын қалайтын құжат болуға тиіс еді. Лайым солай болсын дедік, тек „Коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексінің“ кебіне келмесе болғаны. Олай дейтінім идеология атаулының бәрін жаһаннамға жібергенде арттырғанымыз не болды? Идеология деп отырғанымыздың өзі белгілі бір қоғамның өмірлік мүдделерін білдіретін әлеуметтік сана, саяси, құқықтық, пәлсафалық, моральдық, сезімталдық және діни көзқарастардың мөлшері емес пе? Онсыз біз жаңа қоғамды, жаңа тәуелсіз, демократиялық мемлекетті қалай құрып, Қазақстанның болашақ тізгінін ұстайтын жас ұрпақты қалай тәрбиелемекпіз? Кейіннен бұл құжатқа да қайтып орала бермейтін болып алғанымызға жол болсын? Мәселе осында болып отыр.

Халқымыздың экономикалық, өндірістік-техникалық, бір сөзбен айтқанда, іскерлік-жасампаздық мүмкіндіктерін толығынан іске қосу үшін әлі де болса қазақтың өзінен шыққан қазіргі заманғы өнеркәсіптік жұмысшы табын қалыптастырудың алатын орны ерекше. Мұның өзі Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін нығайтумен

тікелей байланысты. Ұлттық жұмысшы табынсыз халықтың қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогреске жетуі мүмкін емес. Оның іскерлік, жасампаздық мүмкіндіктерін іске қосу да өнеркәсіптік жұмысшы табына қатысты. Өйткені қаладағы интеллигенция да, даладағы малшы, егінші қауым да қазіргі заманғы ұлттың бет-пішінін түзе алмайды. Ал олардың өздері мемлекеттік саясатсыз, өзінен өзі жұмысшы пиғылын өрістете алмайды. Интеллигенция интеллигенттерді, малшылар малшыны көбейтетіні хақ.

Бұл мәселе көптен бері көтеріліп келе жатқанымен шешімін таба алмағаны мәлім. Соңғы рет 1988 жылдың аяғында Орталық Комитеттің сол кездегі бірінші хатшысы Г. Колбиннің алдына қойылды. Ол кісінің келісімімен Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының экономика институты мен Ғылым Академиясының экономика институтына тиісті орындарды, танымал мамандарды қатыстырып отыра, өнеркәсіптің шешуші салаларында істейтін қазақтың өзінен шыққан индустриалдық жұмысшы табын қалыптастырудың ғылыми тұжырымдамасын жасауды ұсындық. Алдын ала талқылап, мақұлданған құжаттың жобасын алып, бірінші хатшыға қайтадан барғанымызда, ол кісі кілт өзгеріп:

— Шопан да, механизатор да, сауыншы да жұмысшы емес пе, жастарды өнеркәсіпке шақырсақ, ауылда қалып астық өсірумен, мал бағумен кім айналысады?" дегенді айтты. Министрлер кеңесіндегілерден де қолдау таба алмадық.

Үкімет басшылығында соңғы кезге дейін қазақ жастарын кәсіптік-техникалық училищелерге, техникалық колледждерге, әртүрлі курстарға көптеп жібере берсек, өнеркәсіптік жұмысшы табы қалыптаса қалады деген қисынсыз пікір басым болып қелді. Егер тың игере бастаған 1954 жылдан бергі қырық жыл ішінде кәсіптік-техникалық училищелерді бітірген, әртүрлі мерзімдегі курстық дайындықтан өткен қазақ жастарының жалпы санын алсақ, ұлттық жұмысшы табын екі қайтара жасап алған болар едік.

Мәселе кәсіптік-техникалық училищені бітіруде емес, жастардың бойына жұмысшы мінез-құлқын дарытып, қалыптастыруда болып отыр. Жұмыскерлік пиғыл от басынан қалыптасып, балабақшада, мектепте өрістетілетін үрдіс. Училище бітіргеннен кейін де осындай тізбектің бір буыны үзілсе, басқаша айтқанда, жас талапкерге жөңді көңіл бөлінбесе-ақ, одан мардымды жұмысшы шыға қоймасы анық. Ұлттық бағдарлама осы үшін де қажет.

Кәсіпорында қазақ жұмысшыларының болу-болмауы көп жағдайда ұжым басшыларының жастармен тіл табыса білуімен, олардың жұмысшы мамандығын тезірек игеруіне жағдай туғызуымен тікелей байланысты. Менің байқағаным, қай жерде кәсіпорынның басшылығында қазақ отырса, негізгі цехтардан қазақ жұмысшыларын көптеп көруге болатыны. Ол, әрине, өз туыстарын алып келіп, жұмысшылыққа тағайындай қойған жоқ шығар? Гәп басшының әсіресе ауыл жастарының мінез-құлқын, ру-

хани талап-талғамын түсіне білуінде болып отыр. Жастарға оның өз басының өнегесі де жетіп жатады.

50—60-жылдарда комсомолдың шақыруымен Қарағанды металлургия комбинатына тұрақты жұмысқа әуелде бес мың, кейіннен бір мың қазақ жастары жіберілгені мәлім. Бірақ солардың көпшілігі кәсіптік-техникалық училищелерді бітіріп келгеннен кейін де Теміртауда тұрақтамай, кетіп қалды. Бұған басқа себептермен қатар, олардың алып металлургия комбинатында жұмыс істеуге мінез-құлқы, жұмысшы пиғылы жағынан дайын еместігі әсер етсе керек.

60—70-жылдарда Алматыдағы мақта-мата комбинатына, үй құрылысы комбинатына жоғары оқу орындарына түсе алмаған жастар жіберіле бастады. Бұлардың да біразы кетіп қалғанымен, тұрақтағандары ондағы қазақ жұмысшыларының негізгі ұйытқысы болды.

Бізге қазақтың ұлттығы қалада интеллигенциясы, далада малшы, егіншілерінің баршылығынан ғана емес, ең алдымен өзінен шыққан қазіргі заманғы өнеркәсіптік жұмысшы табының болатынынан көрінетінін ұмытуға болмайды. Ұлттық жұмысшы табын қалыптастырсақ, бүгінгідей, республикадан орыстар көше бастаса-ақ, маманданған кадрлар кетіп жатыр деп зыр қақпайтын болар едік.

Қазіргі заманғы өнеркәсіптік жұмысшы табы арқылы біз қазақ тілін ғылым мен техника тілі дәрежесіне көтере алатын боламыз. Бұл да үлкен саяси-әлеуметтік мәселе болғандықтан шешімін көптен күтуде. Егер үкімет басшылары әуелі өндірісті толығынан жекешелендіріп алайық, одан арғысын, қандай жұмысшы, инженер-техник қызметкерлерінің керек екенін өздері шеше жатар дейтін болса (мұндай пікірді тілге тиек ететіндер де жоқ емес) қателесетіні даусыз. „Банан республикасының“ кебін сонда кешетін боламыз.

Ұлттық бағдарлама түбінде жасалатын болса, оның негізгі бір тармағы өндірістік жұмысшы табын қалыптастыруға бағытталуы қажет-ақ. Олай болмаған жағдайда кеңес үкіметі билік құрған кезеңдегідей, сырттан мамандар шақырып, өзгеге иек арта беретін боламыз. Нәтижесінде қазақ өзінің экономикалық, өндірістік-техникалық мүмкіндіктерін іске қоса алмай, тағы да орта жолда қалып қоюы мүмкін.

Елдің бірлігін, аймақтың тұтастығын сақтап қалудың қамынан гөрі „егемен болдық“, „еркіндікке қолымыз жетті“ деп далақтап, босқа шапқылаған қазіргі даңқойлықты көргенде, әсіресе „тегі біз Қазақстанды ғана отанымыз деп танып, жағдайды оңайлатып жүрміз. Мемлекеттік идеологияның осы бір қағидасы қайта түзетуді қажет етеді“ дейтін, немесе, манағы „қазақ ұлты Республиканы мекендейтін ұлыстарды төңірегіне топтай алмайды“ деген сәуегейліктің көпірме былшылын естігенде, ұлттық бағдарламаның жоқтығы көрініп тұраты даусыз.

Қоғамның жан-жақты жетіліп, қазіргі заманғы өркениет деңгейіне көтеріле түсуі үшін елдің экономикасының қарыштап да-

муы, әлеуметтік мәселелерінің шешіле беруі қажет-ақ. Десек, те, солардың қатарына қоятын, тепе-тең сыңарындай тағы бір ұғым бар. Ол рухани ортаның көңіл-күйі. Ал сол ортаны құрайтын рухани байлықтардың бір көзі мәдениет пен өнер мекемелерінде жата-тыны хақ. Ал, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы дағдарыстың кейбір тұстары сол мәдениет пен өнерге тіреле бастағанын да көріп отырмыз. Тоқырау жылдарында мәдени құрылысқа „қалған-құтқан” принциппен көңіл бөлініп келді десек, рухани өмірдің қазіргі жағдайының онан да төмендеп кеткені кім-кімді де алаңдатпай қоймайтыны рас.

Қазақстан бұрын халқының санына шаққанда театр, музей салудан одақтың деңгейден көп төмен тұратын, ал цирк тұрғыздан одақтас республикалар арасында ең соңғы орында болатын. Қазір мұндай статистикалық мәліметтер жоқ. Сондықтан бұл салада істеліп жатқан жұмыстарды салыстыра отырып, пікір айту қиын.

Егемен Қазақстан жағдайында мәдениет пен өнер қазіргі үлкен міндетке лайықты істердің ұйытқысы болып отыр деп те айта алмаймыз. Бізге белгілісі мәдениет мекемелерінің-клубтардың, мәдениет үйлерінің, кітапханалардың көптеп жабылып жатқаны. Шығармашыл одақтардың да жұмысы түбірімен өзгерген, театрлар мен концерттік мекемелердің де бар ойлайтыны күн көру қамы. Қымбатшылыққа байланысты жұрттың мәдени орталықтарда (ошақтарда) болуы да сирексіз бастаған сияқты.

Бұрын қазақстандықтардың өздері жұмсаған әрбір мың сомның жеті сомы ғана кітапқа кететін. Қазіргі жағдайды теңгенің құнына шағып қарасақ, мұның бұрынғыдан да төмен болып шығатыны даусыз. Тоқырау жылдарында кейбір одақтас республикалардың тұрғындары жылына орта есеппен он кітап сатып алса, бізде әрбір он қазақ бір кітап сатып алып келген.

Бұл, әрине, қазақстандықтардың кітап оқығысы келмейтінінде емес, жалпы кітап саудасында қалыптасқан жағдайға, шығарылатын кітап өнімін даналау саясатына байланысты еді. Біз мысалға, Торғай облысында үш жылда қосымша 79 кітап магазинін ашып, кітап тарата бастағанда, кітап саудасының көлемі жағынан Алматыдан кейінгі орынға шыға келгенімізге өзіміз таң қалған едік.

Елдің рухани мәдениетін көтеру оның мемлекеттігін нығайтумен ұштасып жататын құбылыс. Жасыратыны жоқ, қазақ халқы ғасырлар бойы өзінің бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күресіп келгенімен, шешуші сәтте нақтылы бағдарлама болмағандықтан біз осы мемлекеттік тәуелсіздіктің өзіне де ағымға ілесіп, оп-оңай ие болғандай көріндік. Егер бұрынғы кеңес республикалары Ресейдің үлгісімен бірінен соң бірі мемлекеттік тәуелсіздігін жарияламағанда біз қолымызды қусырып отыра берер ме едік. Енді келіп, қолымыз жеткен тәуелсіздікті баянды ете алмай, саудаға салып, сан түрлі саққа жүгіртіп, кейбір қазақ зиялыларының Ресеймен „федера-

ция", „конференция“ құрайық деп шырқырап жүргеніне жол болсын? Тегі, бұл рухани бейшаралықтың белгісі болар.

Бәлкім, бұл, қазіргі тығырықтан шығу үшін керек те шығар, бірақ түпкі мақсат тұрғысынан қарағанда түкке тұрғысыз идея. Ресеймен қарым-қатынасты басқаша, үйреншікті жолдармен де дамыта беруге болады ғой. 1922 жылы Кеңес Одағын құру жөніндегі шартқа қол қойылғанда да одақтас республикалардың өмірлік мүдделері көзделген еді. Ал онан не шыққаны қазір жұрттың бәріне белгілі. Ресеймен одақ Кеңес Одағынан артық бола қояды дегенге өз басым сенбеймін. Онда неге бізді „рубль аймағынан“ қуып шықты? Ресей жағының бұрынғы үзілген экономикалық байланыстарды қайта жалғастыруға бара бермегенін қалай түсінуге болады?

Бір сөзбен айтқанда, мұндай жауабы жоқ сұрақтар молшылық.

Біздің басшыларымыз „Еуропа бірігіп жатыр“ дегенді тілге тиек ете береді. Еуропа елдерімен Қазақстанды қай жағынан алсақ та салыстыруға болмайды. Оның үстіне Еуропада Ресей сияқты өзгерлерге империялық өктемдігін жүргізісі келетін мемлекет жоқ. Ресейдің пейілі шынымен таза болса, расизмді, фашизмді, монархизмді ту етіп, Ресей империясын 1917 жылға дейінгі шекарасында қайтадан қалпына келтірем деп жанығып жүргендеріне неге тыйым салмайды?

Қазақ өзінің бұрынғы мемлекеттігін қалпына келтіруге көптеп тырмысып келді. Бірақ әртүрлі себептермен одан ештеме шығара алмады. „Ұлық хандыққа таласып, үш басты жылаңдай“ (Қазыбек Тауасарұлы) үш жаққа тартқан Әбілмәмбет, Сәмеке, Әбілқайырдың тұсында да, жоңғармен болған көп жылдық ғаламат шайқаста оны бас көтерместей етіп талқандап, жеңіске жетіп, қол астына қазақ жерінің көпшілігін біріктірген Абылайханның (1711—1781) кезінде де қазақ мемлекеттігі сыртқы және ішкі күштердің ықпалымен бастапқы қалпына келе қоймады. 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов сияқты қазақтың көзі ашық азаматтары ұйымдастырған Алаш Орда автономиясы Уақытша үкімет тарапынан қолдау таппай, қазақ мемлекеттігі ретінде танылмады да, билік кеңестердің қолына көшкен кезде қызметін тоқтатуға мәжбүр болды. 1920 жылы құрылған Қазақ кеңес республикасы жетпіс жыл өмір сүріп, тарихтан өзіндік орнын алғанымен, кеңес жағдайында шын мәніндегі тәуелсіз мемлекет дәрежесіне көтеріле алған жоқ.

Кеңес Одағы тарқатылғаннан кейін Қазақстан өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауға мүмкіндік алды. Енді мұны баянды ете алмасақ, үміт артатын тағы бір сәт тұмауы да мүмкін. Мемлекеттің тәуелсіздігімен ойнауға болмайтындығының сыры осында жатыр.

Мен президенттің „Стратегиясын“ да, экономикалық реформасы мен жекешелендіру саясатын да негізгі шама-шарқы бойынша қолдайтын адаммын. Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздігін жария-

лағанда, елдің жаңа конституциясы қабылданғанда осындай ұлағатты істердің басы-қасында жүрген азаматтардың қатарында болғанымды өзіме мақтанш етемін. Бірақ менің түсінбейтінім, экономиканы, әсіресе ауыл шаруашылығын жаппай жекешелендіруге асығудың қажеті бар ма еді? Кеңшарлар ұнамаса, ұжымшарлар бар еді. Бүкіл дүние жүзі, АҚШ-ты қоса, дағдарысқа, бәсекелестікке қарсы тұра алатын кеңейтілген, ұлғайтылған шаруашылыққа көшіп жатқанда, ауыл шаруашылығын талан-таражға салып, ұсақ, жеке-леген қожалықтарға бөліп бергенімізге жол болсын?!

Бірде Ресей теледидары арқылы сөйлеген Ресейге көмектесетін американдық „Сеятель” ассоциациясының президенті, граф И. Л. Новосильцев те осындай пікір айтты.

Елдің басын біріктіре алмаған экономикалық реформа мен жаппай жекешелендіру саясатының ащы табы көріне бастады ма, қайдам, қылышын көтерген жоқшылыққа тап болдық. Шашылған-жайылған, талан-таражға түскен шаруашылықты орнына келтіру енді оңайға түсе қоймас. Керісінше, экономикалық реформа да, жекешелендіру де елдің әртүрлі әлеуметтік топтарының — жұмысшылардың, шаруалардың, интеллигенцияның, зейнеткерлердің, әйелдердің, жастардың, тағысын тағылардың мүдделеріне сай икемделмесе, орны толмас әлеуметтік сілкіністерге апарып соғуы ықтимал. Бізге қоғам дамуының заңдылықтарына мән бермегендіктен аштық-жалаңаштыққа душар еткен ұжымдастыру саясатының дәрістерін ұмыта қоятындай уақыт өткен жоқ. Жаппай жекешелендіру де жаппай ұжымдастыру сияқты нәтиже бермесіне кім кепілдік бере алады? Бұл екеуі бір қылшылбырдың екі ұшы болып шықса ше? Пәленің беті аулақ болсын!

Тағдыр бірге өмір сүруге жазғандықтан Қазақстанды мекендейтін әртүрлі ұлыстардың, әсіресе, қазақ және орыс халықтарының арасында достық пен бауырмалдықты нығайта түсу — жас мемлекеттің ұлттық саясатының арқауы болар деп үміттенген едік. Бірақ оның тұжырымдамасы жасалмады. Іс жүзінде ұлт мәселесінің көптеген тұстары ашылмай қалды. Тегі Қазақстанда ұлтаралық қырқыстар болып жатпаса да „ұлтаралық келісім” дегенді шексіз тықпалай бастадық. Кейбір сөз тіркестерінің өзін оңды-солды пайдалана бергендіктен бұрын бойға сіңген ұлағатты түсініктердің қадірін кетіріп алдық. Мәселен, „қайта құрыламыз” деп „ұлтаралық қатынастар” деген тезисті өрбіте бергендіктен „Халықтар достығы” сияқты қасиетті ұғымнан айрылып қалдық. Ел басқарған жақсылардың аузынан да халықтар достығы құрметіне жылы лебіз естімегелі қашан.

Мемлекеттік тәуелсіздігін жариялаған Қазақстанның ұстанатын идеологиясы да өзі орналасқан аймақтың тектестік негізін құраған және республикаға өз атын берген қазақ ұлтының рухани қайнарларымен біте қайнасып жататын, бір сөзбен айтқанда, оған басымырақ көңіл бөлетін ұлттық идеология болуға тиіс еді. Оны

бұқпантайлап „мемлекеттік идеология“ деп атай бастадық. Нақтылы идеологияның жетіспейтіні күні кеше ғана президенттің басшылығымен дайындалған, халықаралық ұйымдар арқылы экспертизадан өткен, дүние жүзінің әйгілі заңқойлары мақұлдаған Конституцияның өзін қайта қарауға алып келді. Шамасы, мемлекеттік саясаттың басында отырғандар „ұлттық идеологиядан“ ұлтшылықты туып кетеді деп қауіптенетін болса керек. Әйтпесе, „ұлттық“ деген сөз естілсе, өре түрегелетін мезет өткелі қашан. Бізде „ұлттық байлық“, „ұлттық игілік“, „ұлттық саясат“, „ұлттық академия“, „ұлттық университет“, „ұлттық банк“ деген ұғымдар бар. Олар тек қазақ халқына ғана қатысты емес қой. Ұлттық идеология қазақ халқының ғана емес, республикада тұратын барлық ұлыстардың ортақ мүдделерін қорғайтын идеология болатынына күмәнданудың қисыны жоқ еді. Алайда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, елде „идеологиялық және саяси әр алуандылық“ мойындалды.

Кеңес үкіметінің мәдени-идеологиялық саясатын әркім өзінше қабайдауына болады, бірақ оның мәдени-ағарту саласындағы жетістіктерін жоққа шығара алмайды. Мәселен, дүние жүзінің ең бай капиталистік елдерінің қайсысын алсақ та, олар да біздегідей, ұланғайыр кеңістікте орналасқан әрбір елді мекенде — ауылда, қыстақта, далалық тұрақта мектеппен қатар, клуб, кітапхана, қызыл бұрыш, арнайы қостар болуы талап етілмеген. Мұның өзі бұрынғы кеңес үкіметінің халыққа қызмет етудегі үлкен жетістігі еді. Олай дейтінім біздің қай-қайсымызды алсақ та, қаржымыз болмаса да, мектеппен қатар, сол әрбір елді мекендегі мәдени-идеологиялық орталықтар (оны бұрын „мәдени ошақтар“ деп атап келдік) арқылы көкірек көзімізді аштық қой. Мұны қалай ұмытуға болады?

Өкінішке қарай, жылдар бойы тірнектеп жасалған мәдени-идеологиялық құрылғы, әсіресе, ауылдық жерлерде күйретілді. Олардың қаладағыларының да жағдайы мәз емес. Мұны тек қаражат тапшылығынан көру осындай ұлағатты іске біржақты қарағандық болар еді.

Ұлттық идеология Қазақстанның осындай өзіндік ерекшеліктерін мұқият ескеретін және оның мемлекеттік тәуелсіздігін баянды етуге қызмет ететін еді.

Елбасы „Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде“ деген еңбегінде қазіргі заманғы саяси-әлеуметтік жағдайда қазақ тілі — қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы болуға тиіс деген пікір айтқан еді. Алайда президенттің тезісі мемлекеттік тұғырнамаға айнала қоймады. Оны кеңейтіп, жанжақты толықтырып, мемлекет ұстанатын идеологияға арқау етудің кезек күттірмейтініне қарамастан, ақпарат арналарындағы талқылауға қатысқандардың көпшілігі қошеметшіл ой-пікірден аса алмады. Әрбір салада мемлекет басшысының нұсқауларын іске асыратын үкімет орындарының да тыңдырғаны шамалы.

Тіл туралы Заң мен оған қатысты Мемлекеттік бағдарламаның қабылданғанына алты жылдан астам уақыт өтсе де, олардың орындалуын қадағалап, бақылау ісі жолға қойылмады. Бәлкім, бұл кезінде Бағдарламаның 2000 жылға дейінгі әрбір жылға, салаға, әлеуметтік топқа, мамандыққа, оқу орнына, үкімет мекемесіне, шаруашылыққа, кәсіпорынға бағытталған болуын талап еткен Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің ұсынысының ескерусіз қалғанынан да болар (ол кезде партиямен қарым-қатынаста осындай құбылыс белең ала бастаған еді), республикада қазақ тілін өрбіту кеңістігі әлі жасалған жоқ. Бөлінген қаржының қайда кеткенін де ешкім білмейді. Қазақ тілінде жұмыс істеуге өзгелерден бұрын көшеді деген аудандардың, қалалардың, облыстардың өзінде де қозғалыс болмады. Елбасы бірде Шығыс Қазақстанға барып келген соң, ондағы экстремистік ұйымдардың жаныққан басшыларының айтуымен жергілікті кеңес орындарынан түскен ұсыныстардың негізінде жасалған қазақ тілінде жұмыс істеуге көшу графигі мүлдем алынып тасталды. Орталық комитеттің ол графигі құрастыруға қатысы болмаса да сол күнгі дүмпу бізге де келіп жеткен еді.

Сөйтіп, мемлекеттік тіл мәселесі сәтсіздікке ұшырап, түбегейлі шешімін таба алмай жарты жолда қалып қойды. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігінің айғағы мен жаршысы болып табылатын қазақ тілінің сырт көзге ғана мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болғаны көріне бастады. Алғашында көптеп ұйымдастырыла бастаған мемлекеттік тілді үйрететін, аудармашылар, стенографистер дайындайтын үйірмелер, курстер де жұмысын тоқтатты. Қазақ тілін ендіру мәселесіне қатысты мемлекеттік статистика бойынша есеп беру атымен жоқ десек те болады.

Ал жағдай осылай бола тұра, онсыз да ұлы, аясы кең, саяси, экономикалық және іскерлік өмірде көптен қалыптасқан, даңғыл жолы бар орыс тіліне, Қазақстанда қиянат жасалып жатпағанына қарамастан, жұрттың көңілін мемлекеттік қостілділікке аудара бергенімізге жөн болсын? Әлде осы жұрт орыс тілінің мүмкіндіктерінің он процентіндей де қауқары жоқ қазақ тілі онымен бірдей мәртебеде болады дегенге шынымен-ақ сене ме екен?

Елбасының егер қызу кірісіп кетсек, он бес жыл мерзімде, қазір мектепке барған бала оқуын бітіріп, оң-солын танитын сәтте қазақ тілі орыс тілінің деңгейіне демеусіз-ақ көтеріледі дегенін де естідік. Бұл пікір, бәлкім, мемлекеттік тұрғыдан алып қарағанда дұрыс та шығар. Бірақ сол балаға есейгенде қазақ тілінің қажеті бола қоятынына ата-анасының көзін жеткізу үшін де мемлекеттік саясат керек емес пе? Қоғам сезінбей тұрып, тіл өзінен өзі мемлекеттік мәртебеге орныға қоя ма? Қабылданған заң мен онша үздік құжат бола қоймаған Мемлекеттік бағдарламаны қадағалаудың жолға қойылмағанына қарағанда, қазақ тілі он бес жылда орыс

тілінің деңгейіне көтеріледі деудің өзі құрғақ энтузиазмге итермелеу болып шықпайды ма?

Қазіргідей аумалы-төкпелі заманда ел арасында қыры да, сыры да мол имандылық деген моральдық өлшемді баянды етуде мұсылман дінінің, ғасырлар бойы мысқалдап жиналған ұлттық игі қасиеттердің, әсіресе ұлы Абайдың „талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой” дейтін бес асылының, орнымен пайдаланса, дәстүрлі әдет-ғұрыптың (адат) да өзіндік орны бар. Исламның бүкіл мұсылман қауымына тән наным-таным сатыларын игеру ісіне қосатын үлесін де ескермеске болмайды.

Мәселенің осы жағына көңіл аударатын болсақ, бізге жан-жақты ойластырылған, кең ауқымды тәлім-тәрбие жүйесін жасау қажет-ақ. Олай дейтінім, соңғы жылдары ел арасында қоғам мүшелерінің тектестік жағына көбірек көңіл бөліне бастады. Мұны осындай қиын-қилы мезетте қаражат тапшылығынан, жоқшылықтан онсыз да күйзеле бастаған елде әр рудың бұрынғы мықтыларын тауып, құрметіне өткізіліп жатқан азабы мол, жұртты даңқойлыққа үйрететін мерейтойлардан да көріп жүрміз.

Қарапайым қазақ бұрын ата-тегін, жеті атасына дейінгілерді, онда да рулас, туыстас адамдардың біріне бірі үйленуіне тыйым салатын экзогамиялық неке қатынастарының негізінде жекжат болып, құда-құдандалық орнату үшін біліп отыратыны болмаса, мұндай ысырапшылыққа бара бермейтін. Ол өзін-өзі руға, тайпаға бөліп, ешқашанда қырқысып, жауласпаған. Керісінше, кішігірім рулар ата-тегі басқа бола тұра, үлкен рулардың құрамына еніп, өзара қыз алыспайтын туысқандықтың белгісі ретінде таңбаларына өздерінің белгілерін қосып, ұранын пайдаланып, сіңісіп кете берген.

Зерттеушілерді тұйыққа тірейтін осы бір жәйтті, кезінде Н. Аристов, Ш. Уәлиханов секілді шығыстанушы ғалымдар да аңғарған.

Қазақты атаға, руға бөліп, өз мүдделеріне пайдалану үшін біріне бірін қарсы айдап салатындар көбіне үстем таптың өкілдері — мансапқор залымдар, шонжарлар, орыс әкімшілігі болған. Қазір де осыған ұқсас үрдіс анда-мұнда өріс алатын сәттер болып тұрады. Егер жаңадан болған әкім жұртты руға бөліп, жігін ажырата, әсіресе өз туыстарынан басшы қызметке, пайдалы орындарға тағайындай бастаса, жұрт дереу „қозғалысқа” түсіп, өсек-аяң қоза беретіні мәлім.

Өкініштісі, кейбір басшылардың өз басының кемшілігін тұтас, бір үлкен халықтың мойнына арта салатын болып алғаны. Бақандай бір министрдің газет бетінде „трайбализм, жузовщина — менің халқымның сорақылығы” деп жазғанын да көрдік қой. Ол өзін шын мәнінде қазақ халқының перзенті ретінде сезінетін болса, оны бұлай мұқатпаған болар еді. Әдетте осылай байбалам салатындардың өздері рушылдық, жікшілдік қасиет бойына сіңгендердің арасынан шығады. Оны байқамайтындай қазіргі қазақ сонша надан емес. Рушылдық секілді әлеуметтік құбылыстың тамырын та-

биғатынан момын, қарапайым, арасына қандастары түгіл тілі де, тұрмыс-салты да, діні де басқа жұрттар сиысып кете беретін қазақтың мінез-құлқынан, дәстүрінен, ұлттық қасиеттерінен іздеуді қоятын уақыт жеткен сияқты.

Кезінде тарихшылардың барымта (орыс деректерінде — баранта) сияқты жәбір көрсеткен мықтының малын айдатып алатын әдетті үйлестірілген ұрлық, болмысынан ұрлық-қарлыққа бейімделген қазақтың бойына сіңген қасиет деп түсіндіргісі келгені сияқты, рушылықты да оның мойнына арта салудан артық озбырлық бола қоймас.

Қорыта келе айтайын дегенім, Қазақстанда дендеген келеңсіздіктердің көпшілігі ол өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ғылыми негізде, қоғам дамуының заңдылықтарына сәйкес құрастырылған саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, пәсафалық, құқықтық бағыт-бағдарға жұрттың қолы жете қоймағанына байланысты еді. Үкіметтің қоғам дамуына, оның теориялық негіздеріне жете мән бермейтіні осы уақытқа дейін қазіргі заманның сыйпатын, өзімізбен бірге жасасып келе жатқан қоғамның түр-түсін белгілейтін, даму бағытын айқындайтын ғылыми тұжырымдаманың жоқтығынан да аңғаруға болады. Тегі „біз капитализмге қарай бара жатырмыз, қоғамның негізгі шама-шарқын еңбек пен мүліктік автономияға бейімделген миддл-класс айқындайтын болады“ дей салғанмен мұндай қағиданың жай-жапсарын жұртқа түсіндіру керек емес пе? Миддл-класс деген не, неге ол ғана қоғамның шама-шарқын айқындай алады? Әлде одан басқа таптық күштер жоқ па?

Осы күнгі капитализм деп отырғанымыздың өзі Маркстің кезіндегідей бітиспес қайшылықтарға толы, адамды адам қанауға негізделген аса сорақы емес, қазіргі заманғы игіліктердің көптеген принциптерін орнымен пайдаланып, ғылыми-техникалық прогрестің ұшығына жеткен қоғам емес пе? Жұмысшы табы да бұрынғыдай шектен тыс немесе бір шама жоқшылықта емес. Техникалық деңгейі де жоғары, жалақысына, әлеуметтік қал-ахуалына қарап, адамды адам қанайды деген тезистің өзіне де күмәндана қарауға болады. Осындай шама-шарқымен өзімізбен тұстас капитализмді о бастағы, ескі оқулықтардан танымал, капитализммен салыстырып қарайтын болсақ, оның қандай қоғам екенін анықтайтын тағы бір Маркс керек. Ол әлі туа қойған жоқ.

Ал Қазақстанда қалыптаса бастаған нарықтық қатынастардың алып-сатарға негізделген тұрпайы әдісімен капитализмге өту де оңайға соға қоймас. Қазақстан капиталистік бағытта дамиды да, әлде оның ілгері басуы басқаша бола ма? Мұндай сұраққа жауап беретін ғылыми еңбектер әлі жазылған жоқ. Сондықтан бұл мәселе бойынша түбегейлі пікір айту қиын. Әйтсе де тәуелсіздік идеясынан тұтанған шырақ сөнбесе керек.

БІР ҚАУАЛЫНЫҢ ТАҚСЫРЕТІ



азіргі мезет бір ғажап шақ. Өзімізбен тұстас қоғам да бұрынғы сүреңсіздігінен арыла, бірте-бірте табиғи түріне ене бастағандай. Елдің елдігіне қатысты мәселелерді, азаматтық борыш, қарыз бен парыз сияқты моральдық өлшемдерді қайта тұжырымдауға мәжбүр еткен 1986 жылғы Алматыдағы атышулы желтоқсан оқиғасына байланысты өзім білетін жәйттерді қағазға түсіріп, оқырман қауымға ұсынсам деген ой бойымды билегелі қашан. Ақыры бел шешіп, кірісіп те кеттім.

1986 жылдың 17—18 желтоқсанында мен (ол кезде Алматы облаткомы төрағасының орынбасары) Балқаш көлінің күңгей жағасына жақын орналасқан бір шаруашылықта іссапарында едім. Екі күн бойы Алатымен байланыса алмай, аудан орталығы Бақанасқа келіп, телефон соғып, өзімнің референтімнен білгенім — қайсыбір шеру тартқан жастардың Алматы көшелерімен жүріп өткені ғана болды. Кештетіп қалаға келе жатқанда көргенім мені қайран қалдырды. Қаптаған әскери грузовиктерге мінген солдаттар. Абыр-сабыр болған ел. Әдетте Қазан төңкерісінің кезекті мерекесіне арналатын әскери парад алдында ғана Алматы маңы осындай кейіпке енетін. Үйге соқпай кеңсеге келсем он бір қабат ғимаратта шам сөндірілген, лифт тоқтатылған. Қызметкерлердің бір тобы кіреберістегі фойеге орналасып алыпты. Қолдарында ағаш кескектің басына кабельдің кесіндісі шегеленген бір-бір „қамшы“. Менің де қолыма біреуін ұстатты. Кабинетіме алып барып, сейфтің үстіне қойған сол „қамшымнан“ түнде қалай айрылып қалғанымды өзім де білмей қалдым. Шамасы, мұндай „қамшылар“ қатаң есепте болса керек.

„Сендерге мұнша не күн туды?“ десем жігіттерім маған кезекшілердің М. Меңдібаевтың тапсырмасымен қойылғанын, „егер обком мен облаткомға шабуыл жасала қалса, осында болыңдар“ деп бұйырғанын айтты.

Лифт жұмыс істемейтіндіктен, оныншы қабатқа жаяу көтеріліп, облатком төрағасының кабинетіне кірсем, екі тәулік бойы көзін жұмбаған Н. Т. Князев қалғып-мүлгіп отыр екен. Ол маған кейіннен ақпарат құралдары арқылы белгілі болған Орталық алаңдағы оқиғаны қысқаша баяндап берді де, сол түні кезекші ретінде осында болуымды өтінді.

Мұндайда алдымен балаң есіңе түседі екен. Менің де студент ұлым бар-тын. „Ол қайда екен, әлде алаңда қыркөрсетушілердің арасында жүр ме екен?“ деп қаумалаған қалың ойдың шырмауында қалып, үйге телефон соқсам бір тәуірі орнында екен, Кезекшілікке түсерден бұрын тамақтанып алайын деп үйге келісімен жағдайды сұрастырсам, балам маған: „Әйтеуір оқ атылмады. Егер оқ атылғанда сенің жағдайыңа да, фамилияңа да қарамастан, мен

де солардың арасында болатын едім" дегенді айтты. Әшейінде ештеңемен жұмысы жоқ, шектен тыс момын, „қой аузынан шөп алмайтын" менің Бауыржанымның екі тәуліктің ішінде сонша өсіп қалғанына таң қалдым.

... Сонымен күндер өте берді. Күшпен басылған жастардың толқуын жұрт әртүрлі саққа жүгіртіп, оқиғаға әркім өзінше кейіп беріп, біреу құптап, біреу даттап жатты. Жергілікті орындар өздерінше „шара" белгілеген боп, оқиғаға қатысқан студенттерді оқудан шығартып, олардың ата-анасымен, туған-туысқандарымен, жора-жолдастарымен „айналыса" бастаған еді. Қызметтен босатылып, партиядан, комсомолдан шығарылғандар да болды. Облаткомдағылар да, мәселен, біз Князев екеуіміз Талғарда, Қапшағайда, Қаскелеңде өткізілген жиналыстарға қатысып қайттық.

Бәріміздің көкейімізде жүрген жалғыз ой — енді ғана демократияға, жариялылыққа, қарсы пікірге төзімділікке үйрене бастаған тұста, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын бағалауда тұтас бір халыққа жала жабылмаса кетті деген еді. Бұл жайлы „Социалистік Қазақстан" газетінде өткізілген дөңгелек столда да, 1987 жылғы 5-сәуірде „Правда" да жариялаған Қазақстанның халық жазушысы Ә. Нұрпейісовтың, „Глобустың" 21-санындағы („май, 1987 ж.) Қазақ ССР Ғылым акадemiaсының мүше-корреспонденті Ә. Кішібековтың мақалаларында да, елдің әртүрлі топтарынан, жекелеген азаматтардан КПСС Орталық Комитетіне түсіп жатқан үндеулер мен хаттарда да айтылды. Бірақ бұған мән беріле қоймады.

Сөйтіп жүргенде, 1987 жылдың шілде айында КПСС Орталық Комитетінің Алматыдағы желтоқсан оқиғасына (1986 ж.) байланысты арнайы қаулы қабылдап, оған „қазақ ұлтшылдығының айғағы" деген қасаңқы, қисыны келмейтін әділетсіз баға бергені белгілі болды. Бірақ жұртшылықтың талап етуімен кейіннен мұндай тұжырым қате деп танылып, қабылданған қаулыдан алынып тасталды. Өйткені тұтас бір халықты соншама қаралауға болмайтын еді. Оның үстіне, Алматыдағы оқиға кезінде студенттер мен жастардың алаңға шығып қыркөрсетуіне Д. А. Қонаевтың Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметінен босатылып, орнына „сырттан келген" Г. В. Колбиннің сайланғаны сылтау ғана, ал негізгі себеп республикада деңдей бастаған элеуметтік әділетсіздікке келіп тірелетіні көріне бастаған еді. Халықтың арнамысына тиетін озбырлыққа қарсы партия басшылығына жіберілген үндеулер де, ақпарат құралдарында жарияланған хаттар да мұны айқындай түскен болатын.

„Қазақ ұлтшылдығының айғағы" деген мәселе бойынша 1988 жылдың ортасында өткен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумы да, кейіннен Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің сессиясы да арнаулы қарар қабылдап, КПСС Орталық комитетіне табыс еткен еді.

Егер Ленинге жүгінсек, оның тұжырымдамасы бойынша қазақ

секілді тұтас бір халықты ұлтшыл деп айыптау үшін оның республикада: біріншіден — өзге ұлттардың өкілдерін езуіне (ашықтан ашық немесе бүркемелі түрде) мүмкіндік беретін саясат ұстағаны; екіншіден, — әдебиет пен өнерден, бұхаралық ақпарат құралдарынан, ғылым мен білімнен көрінетін ұлттық өктемдігін насихаттағаны; үшіншіден — өзінің ұлттық ерекшеліктеріне табынушылықты үкімет орындары арқылы уағыздағаны және өтбіткені белгілі болуы керек.

Тарихтың тауқыметін тартып, рухани-парасаттық, жасампаздық мүмкіндіктерін толығынан іске қоса алмай, аштық-жалаңаштыққа тап болып, миллиондаған азаматтарынан айрылғандықтан және Қазақстанға белгілі бір есеппен жер аударылғандардың есебінен өз отанында көпшілік болудан қалған қазақта мұның біріншісі де, екіншісі де, үшіншісі де болған емес. Қазақтың хал-ахуалынан азынаулақ хабары бар, беделін жоғары ұстағысы келетін мекеме оның бойынан бұлардың біреуін де іздеп әуре болмаған болар еді. Зерттеушілердің айтуына қарағанда, қазақтың үштен бірі өз республикасында тұрып ана тілін білмейді, ұлттық дәстүрлерінен түгелдей айрылған, әдет-ғұрыптарынан түйсігі шамалы. Елдің ұлттық мәдениетінің арттырғанынан көрі жоғалтқаны көп. Бұларды қайтадан орнына келтіру бір ғана қазіргі ұрпақтың қолынан келе қояды деп ойлаудың өзі артықшылық болар еді.

Алаңда өткен митингтерде де осындай мәселелер көтерілген. Соған қарағанда, Қазақстандағы жағдайға үстіртін талдау жасаған негізгі тұжырымның сәлдары мұқият ескерілмеген, тіптен мезеттегі әлеуметтік-саяси үрдістермен үндесе бермейтін осы бір қаулыны демократия атаулыға қарсы бағытталған бірден бір құжат болды десекте қателесе қоймаспыз.

Сонымен, 1986 жылы желтоқсанда Алматыда неңдей оқиға болды? 1989 жылдың аяғына таман ғой деймін, Батыс Қазақстан облысында болғанымда бір азамат менен желтоқсан оқиғасы кезінде қанша адам опат болды, қыр көрсеткендерге қарсы өрт сөндіргіш машина, сапер күректері пайдаланылғаны рас па? деген сұрақ берді. Ол кезде желтоқсан оқиғасы әртүрлі деңгейде зерттеліп, жадығаттар жинақталып, сан алуан қарама-қарсы пікірлер айтылып жатқан. Кейіннен Қадыр Мырзалиев пен Мұхтар Шаханов кезектесе басқарған тәуелсіз депутаттық комиссияның анықтағандары белгісіз болатын. Оқиға кезінде Алматыда болып, өз көзіммен көрмегендіктен мен не айта қояйын, алып-қашты деректерге емес, ресми мәліметтерге сүйеніп жауап бердім. Тіптен бізге белгісіз фактілерді білетін болса, тексеріп аяғына жеткізу үшін айтып беруін де өтіндім. Ол әрине менің жауабыма қанағаттана қойған жоқ.

Қылымысты істерді ашуға жетік одақтық орындарды, көптен танымал мамандарды қатыстырып отыра, республикада жүргізілген мұқият зерттеудің нәтижесі желтоқсан оқиғасын ұлтшылдық мәңде алдын-ала жоспарланған әрекет деп есептеген бастапқы жо-

рамалды жоққа шығарды. Алаңдағы қыркөрсетуге дем берген арам ниетті ұйымды да, нақтылы „басшыларын“ да, құпия қаскүнемдікті де көрсете алмады.

Алдымен анықталғаны — жастардың (олардың арасында басқа халықтардың да өкілдері болған) тоқырау мезетінің бауқеспелігінің қайталанғанына қарсылық білдіру үшін алаңға шыққаны. Шынында да не бәрі он сегіз минутқа созылған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Пленумын басқаша бағалауға болмайтын еді. Гәп бұрынғы қас қақтырмайтын мезгілдің тәртібімен Орталықтың бәрін де бұрын ойластырып, алдын ала шешіп қойғанында болатын. Мұның республика коммунистерінің ұжымдық басшылығына, керек десеңіз, барлық қазақстандықтарға көрсетілген сенімсіздік болып шығатыны да ешкімнің ойына келмеген.

Қыркөрсетудің Қазақстанда тұратын ұлыстарға, оның ішінде орыс халқының өкілдеріне қарсы бағытталмағаны хақ. Алаңға шыққандарды қоздыра түскен „қазақ ұлтшылдығымен“ бүркемелеуге көне қоймайтын, көптен бері шешілмей, тамыры тереңде жатқан, сайып келгенде, жастардың өмірлік мүдделеріне қайшы келетін басқа жәйттер еді. Олар тоқырау жылдары шешімін таппаған әлеуметтік мәселелермен-баспананың жетіспейтінімен, азық-түлік тапшылығымен, көпшілік қолды бұйымдардың аздығымен, ең негізгісі — әлеуметтік әділетсіздіктің жүтенсіздігімен байланысты еді.

Қыркөрсету әуелде әдептілік сақтаған бейбіт, бүгінгі өлшеммен қарағанда, әдеттегідей үйреншікті сыйпатта болған. Орталық алаңдағы мінберлерде жылдар бойы түпсіз бойұсынушылық пен тыйым салуға негізделген тәртіпке үйренген қызметтестер, үкімет пен партия басшылары, аулада — қарсы жақтың түсінбеушілігінің кіріптары болып, бойын ыза кернеп, әбден қозып алған жастар тұрған. Мұндайда қалай қимылдауға болатынын кейіннен өрістей бастаған „митингтік демократияның“ кезінде көрдік қой. Дәл сол бір сәтте екі жақтың да өмірден алған саяси іс-тәжірибесі жетісе бермейтіні байқалған. Екі жақтан да сезімі мен ойын жеткізе алатын сөйлесу мәдениеті, түсініп-білуге дағдыланғандық көріне қоймаған.

Қозушылық шектен шыға бастаған кезде аңда-мұнда жекелеген қызбақандылар көрінген. Кісі өлімі болған, алғашқы машиналар лапылдап жана бастаған. Милицияға тас лақтырылып, таяқ жұмсалуға қам жасалған.

Егер үкімет тарапынан қостауға болмайтын аса дәрекі, алаңға жиналғандардың жүрегінде өшпенділіктің өшпес дағын қалдырған, манағы менен білгісі келген азаматтың сұрағында айтылғандай шаралар іске қосылмағанда оқиғаның немен бітетіні белгісіз еді — дейді оның басы-қасында болғандар. Солай болған күнде де жастардың күтілмеген хабардың әсерімен бұрқ ете қалған толқуын ортағасырлық әдіспен басудың қажеті бар ма еді? деген заңды сұрақ туады.

Желтоқсан оқиғасына қатысқаны үшін жауапқа тартылғандардың, оқу орындарынан қуылғандардың, жұмыстан шығарылғандардың жалпы саны баспасөзде жарияланғандай. Солардың бәріне болмаса да басым көпшілігіне қатысты қабылданған шешімдерде асыра сілтеу болғаны кейіннен байқалды. Мұның мәнін түсіну үшін бізге тағы да 1987 жылға, әсіресе оның бас кезіндегі жағдайға көңіл аударған жөн. Өйткені ол кезде оқиға маңызды болсын-болмасын, бұрынғыша тоқырау мезетінің қисынымен әуелде айыпкерлер ізделетін де, сонан кейін барып қылмыстың болған себептері талданатын. Әкімшіл-әміршіл жүйе үшін ең керегі шара қолдану болғандықтан мұндайда ең оңайы — жазалау және келесі сатыға „іс бітті“ деп тезірек мәлімет беру. Бұл жолы да солай болған. Шұғыл түрде 90-нан астам адам бас бостандығынан айрылғанымен, көп ұзамай олардың жетпіске жуығының айыбы алынып тасталған. Қалғандарының кесілген мерзімі қысқартылған. 250-дей студент (көпшілігі объективке іліккендер, лекке ілескен ашықауыздар) жоғары оқу орындарынан аластатылғанымен, соңынан қайта қабылдауды қалағандарының бәрі оқуына қайтарылған.

Жазаға тартылғандардың арасында жұрттан естіп-білгені болмаса, алаңның маңына да жуымаған, бірақ КПСС Орталық Комитетінің қаулысы жайлы ресми пікірге қайшы келетін ойын бұқпантайламай, ашықтан-ашық айтқандар да, студент балаларының „қылығы“ үшін жапа шеккендер де болған.

Мұндай қайғылы қасіретке „Рим папасынан да сәуегей“ боп көрініп қалғысы келгендіктен оңды-солды „мәліметтер“ таратып, у-шу үстінде қарсыластарынан өшін алмақ болып жаныққан кейбір басшылар да үлес қосқан еді. Жазықсыз, нақақтан нақақ астаналық жоғары оқу орындарынан қуылған жүздеген оқытушыларды былай қойғанда, кейіннен менің өзім де әділеттікті қалпына келтірмек боп, тағдырына тікелей араласқан 18 профессор, ғылым докторларын білем.

Солардың арасында ҚазМУ-дың бұрынғы кафедра меңгерушісі Сұлтан Досымбеков те болды. Бірде қабылдауда болып, үш жылдан бері қызметке орналаса алмай жүргенін айтып, егіліп-өксігенін көргенде, „апырау, адам тағдыры түкке тұрмайтын болғаны ма?“ деп жаным түршіккені әлі есімде. Жазықсыз сергелдеңге түсіп, өмірден торыға бастаған осы бір ғалымды бұрынғы орнына отырғызу оңайға түсе қоймайтын болғандықтан (онда басқа адам тағайындалған) бөтен жерге орналастыра тұруға тура келді.

„Жазаға тарту“ толқыны облыстардағы оқу орындарына да жеткен еді. Осының өзінен де осы бір қаулының зардабынан ғылым мен жоғары мектепке қанша зиян келтірілгені көрініп тұрған жоқ па?

Қазақ мемлекеттік университетінің бұрынғы ректоры, академик Өмірбек Жолдасбековтың жоғары оқу орнында тамыр-таныстықты өрбітіпті-міс, оқу-тәрбие жұмысының нашарлауына, отаншылдық

және интернационалдық тәрбиенің бәсеңдеуіне алып келген студент қабылдаудағы шалыстыққа жол беріпті-міс деген айыппен қызметінен босатылғаны және партиядан шығарылғаны мәлім. Оның үстіне „Жолдасбеков партиядан не үшін шығарылды?“ деген мақала баспасөзде жарияланған.

Мен Орталық комитетке қызметке 1988 жылы ауыса салысымен Ө. Жолдасбеков өзін қабылдауды өтінді. Қолымда газеттегі мақаладан басқа жадығат болмағандықтан, дереу қабылдай алмадым. Алдымен „ісін“ қараған қалалық партия комитетінің қаттамасымен, академикке лекция оқуға тыйым салғысы келген университет парткомының қаулысымен танысып алу керек еді. Жолдасбековты зауытқа слесарлық қызметке орналастыру жөнінде Орталық комитеттегілер мен Алматы обкомы өзара алмасқан хаттардың көшірмесімен танысуға тура келгеніде бар-тын.

Жолдасбековтың өзімен әңгімелескенде оны партиядан шығару және қалалық комитет бюросының мүшелігінен босату жөніндегі мәселенің пленумда ресми пікір алмасу жолымен талқыланбағаны, санақ комиссиясы құрылып, қалалық комитет мүшелерінің дауысы есептелмегені, шешімнің қарапайым қол көтерумен қабылданғаны белгілі болды.

Жолдасбековке тағылған айыптарды Орталық комитеттің парткомиссиясы арқылы тексертіп қарағанда көпшілігінің жабылған жала екені анықталды. Бұрынғы коммунистке тағылған айыптың біразын КПСС Партиялық бақылау комитеті жоққа шығарды. Ал комиссияның қорытындысымен танысып шешім қабылдауға келгенде, қалыптасқан тәртіптің қатаңдығы сонша, тағы да бірдеме шығып жүрмесін дегендей не бірінші хатшы, не секретариатты басқаратын екінші хатшы нақтылы тәртіп салмай, жадығатты маған жіберіпті. Мен „Секретариатта қаралсын“ деп тәртіп салып бердім. Секретариат мәжілісінде Жолдасбековтың атына пәлендей сөз айтылмай, партияға мүшелігі сол бұрынғы стажымен қайта қалпына келтірілді.

Академиктің басылым жоспарынан алынып тасталған оқулығын, жұбайының Қазақстандағы орыс фольклорына арналған кітабын шығаруға тікелей нұсқау беруге тура келді.

Шектен тыс ұшыққан, дәлелденбеген және ойдан шығарылған десе де болатын себептермен Жоғары және арнаулы орта білім министрі қызметінен белгілі ғалым, саланың белді ұйымдастырушыларының бірі Көпжасар Нәрібаев босатылған. Желтоқсан оқиғасының артынша „Известияда“ Алматыдағы студенттердің ұлттық құрамын тағы да „проценттеп“ берген (бұл „мәселе“ бірінші рет Қазақстан Компартиясының ХҮІ съезінде көтерілген болатын) „Шырмау“ („Паутина“) атты мақаланың жариялануы онсыз да қозып алған жағдайды шиеленістіре түскен еді.

Әрине, алғашында студенттердің ұлттық және әлеуметтік құрамын „реттеуге“ бағытталғанымен, жалпы қазақ кадрларын іріктеу,

қызметке тағайындау және пайдалану ісін „жөнге келтіруге“ ұласқандықтан „процентамания“ деп аталып кеткен көптірме пәлекеттен құтылудың оңайға түсе қоймағанын бүгін біреу білсе де біреу біле бермейді.

Студенттердің ұлттық құрамы жөнінде оқу орындарына қойылған айыптың орынсыз екенін ең алдымен Г. Колбинге айтып, түсіндіруге тура келді. Әдетте солтүстік, шығыс облыстарда мектепті орысша бітіргендердің көпшілігі мүмкіндігінше қиыр оңтүстіктегі Алматыдан көрі Ресейге оқуға түсуді қалайтын. Ал қалған облыстардағылар, әсіресе мектепті қазақша бітіргендер, керісінше, Алматыда оқуға тырысатын. Бұл қаулымен реттеуге көнбейтін жәйт. Егер Шымкентте, Жамбылда, Қызылордада, Ақтөбе мен Атырауда орыстар аз болса оқуға түсетіндердің арасында олардың ара салмағы қайдан басым болсын. Ал Ақмолада, Петропавлда, Қостанайда, Көкшетауда қазақ аз болса, ол неге оқуға көбірек қабылданбады деп оқу орындарын кінәлауға бола ма? Оның үстіне жоғары оқу орындарына түсетіндердің ішінде қазақ жастарының ара салмағы көпжылдық көрсеткіштерге қарағанда, республика бойынша 45—47, қыстағанда 50 проценттен аса қоймайтын. Тіптен жұрттың ұлттық намысына тиіп, оқуға түсетіндердің азаматтық құқығына қол сұғуға болмайтындықтан, емтиханды ойдағыдай тапсырғандар ұлтына қарамастан қабылданады емес пе? Құрғақ есепшілдікке салынып, осындай дүдәмал, күмәнді мәселені мемлекет деңгейіне дейін көтерудің қажеті бар ма еді? Лауазымың болса қолыңнан келгенше емтихан кезінде жершілдікке, таныстыққа, пәре алуға жол бермеуге тырмыссаң, қалғаны өзінен өзі реттеледі емес пе? — дегенімде ол кісі менімен келісті.

Сөйтіп, 1988 жылы 5-мамырда Колбиннің қатысуымен Алматыдағы жоғары оқу орындарының басшыларымен жиналыс өткізіп, студенттерді процентке бөліп қабылдауды тоқтатуды ұсындық. Облыстардағы жоғары оқу орындарына Министрдің директивасы жөнелтілді. Әйтсе де сол жылы Алматы медицина институтының Қарағанды университетінің басшылары бұрынғы тәртіптен айыға қоймағанын көрсетті. Бұл жөнінде келесі 1989 жылғы, тағы да Колбиннің қатысуымен өткізілген, республика жоғары оқу орындары ректорлары мен партком хатшыларының жиналысында айтылды. Әйтсе де Колбиннің осы екі жиналыста да мені сөйлетіп қойып, өзі үндемей қалғанын түсіну қиын еді.

Сонымен „процентоманияға“ біржолата тыйым салынды. Мұның өзі қазақ кадрларын іріктеу, қызметке тағайындау және пайдалануда жіберілген ауытқулардан да құтылуға жол ашты. Партияға қабылданатындарды да бұрынғыша „процентмейтін“ болдық.

Желтоқсан оқиғасына байланысты КЛКЖО Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметінен Серік Әбдірахманов кетуге мәжбүр болған. Болашағынан үміт күттіретін, іскерлігімен жастар арасында беделге ие болған осы бір жігіттің бар айыбы — Орталық

Комитеттің сол кездегі екінші хатшысы О. Мирошхинге барып, алаңға шыққан жастарға, әсіресе қыздарға солдаттардың сапер күректерін пайдаланып күш жұмсауын тоқтатуды талап еткені болыпты.

Бүгінгі өлшеммен қарасаң, жазықсыз жапа шеккендердің қатарына ҚазТАГ-тың бұрынғы директоры Ж. Ысмағұловты, „Коммунизм тұғы“ газетінің бұрынғы редакторы Т. Назаровты, Алматы облыстық „Жетісу“ газетінің бұрынғы редакторы М. Жақыповты, „Огни Алатау“ газеті редакторының бұрынғы орынбасары С. Скороходовты, тағы басқа да журналистерді жатқызуға болады.

Бұлар тек желтоқсан оқиғасына қатысқандардың ісін қараған сот мәжілісінен түсірілген фотосуретті баспасөзде жариялағаны үшін ғана қызметтен шығарылып, қатаң сөгіс алған.

Кейіннен жұмысқа орналастырып, аз да болса тартқан азабын жеңілдетуге көмектескендіктен, бұлардан басқа жазықсыз жапа шеккендер жөнінде де шер тарқататын болсақ, олардың да тағдыры дәл осылай „шешілгенін“ білеміз. Оқиғаға тікелей қатысқандармен жұмыс үстінде үкімет атынан қимылдаған тиісті орындардың шектен тыс қатты кеткені, тіптен қиянат жасап, шарқын бұзған сәттері де аз болмаған. Оны тәуелсіз депутаттық комиссияның қорытындылары көрсетті.

Желтоқсан оқиғасын „қазақ ұлтшылдығының айғағы“ деп бағалаған КПСС Орталық комитетінің қаулысына байланысты Марат Мұқановтың „Орта жүздегі қазақ руларының орналасуы“, Оразак Ысмағұловтың „Қазақстанның тектестік антропологиясы“ атты аса танымал ғылыми еңбектеріне ұлтшылдық туындылар ретінде жала жабылды

Бірде өзімен әңгімелесуге шақырған Г. В. Колбин, менің қолыма сыртына О. Ысмағұловтың аты күміс жазулармен тапталған аталмыш еңбегінің бірінші хатшы үшін әдейі мұқабаланып, жетінші переплетпен түптелген I—II- тарауларын ұстатты да, осы еңбекпен арнайы айналысуды тапсырды. Мен кітапта тұқым қуалаушылық (ген) немесе рулық құрылыс жайында ештеме жоқ екенін, тек Қазақстанның қазіргі әкімшілік бөлінуіне сәйкес қазақ халқының әртүрлі топтарын антропометрикалық жолмен зерттеудің нәтижелері берілгенін айттым. Адамдардың көзінің түсі, шашының түрі, мұрнының құрылымы, тіпті тістерінің орналасуы жағынан да бір бірінен өзгешеленетіні мәлім (ол басын шұлғып, қостап отырды). Олардың қанында да атадан қалған мұралық ерекшеліктері болатыны белгілі. Тіптен біреудің қанын екінші кісіге құйғанда, аурудың да, донордың да қанының бір топқа жатуы талап етілетіні де осыған байланысты емес пе? Кеңес халықтарының денсаулығына қатысты шаралар белгіленгенде де, әрдайым антропологиялық зерттеулердің нәтижелері медициналық дағдыда ескеріліп келген — дегенімде, ол ойланып қалғандай ыңғай білдірген еді

Әйтсе де, сол жылғы маусым айының басында өткен Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің XII пленумында жасаған баян-

дамасында Колбин, бәлкім, істес боп үйренісе қоймаған маған иланғысы келмеген болар, әлде басқа бір себептері бар шығар, әйтеуір қыза келе, орыс, қазақ майданда қанын бірге төксе, Ысмағұлов келіп олардың қаны тұқым қуалаушылық деңгейінде әртүрлі болатынын дәлелдегісі келеді дегенді айтып салды.

Мұндай реплика қанша ұтымды болғанымен, шын мәнінде қазіргі заманғы саяси қайраткерден гөрі көрбілте тоғышардың айтуына лайық еді. Колбин көп шаруаның байыбына тереңірек бара бермейтін. Бұл жолы да солай болды ғой деп ойлаймын. Мәскеулік бір жауапты қызметкермен кездескенде, оның күнделікті жұмыс уақытының 70 проценті ұлтаралық қатынастарды реттеуге кететіні жайында айтып отырғанын естіген едім. Әрине „сынықты сылтау“ етіп қоздыра берсе, онан да көп уақыт босқа кетуі мүмкін. Олай дейтінім „ұлтаралық қатынас“ дейтін Қазақстанда соншалықты алып бар жатқан дерт емес-тін. Жұрт күн көрудің қамымен әлек болып жүрсе, біз оның басына қай халықтың өкілі екенін „құя“ бердік. Бассыздықтың үлкенкішісі бола бермейтіні сонша, бірде Түркістанға екі ұйғыр балашағасымен көшіп келсе, ұлтаралық қатынас бөліміндегі жаныққандар дереу жетіп барып: „Сіздерге мұнда не керек, ұйғырсыздар ғой“ депті. Олар болса, ашуға булығып, қалалық комитетке барып: „Сіздер неге ұйғырларды бөлектейсіздер, біз не, өзгелерден кембіз бе?“ деп жанжал шығарады. Хатшы кешірім сұрауға мәжбүр болып: „Сіздерге мектеп керек пе, әлде арнайы класс ашу қажет пе? дегені ғой біздің жігіттердің“ деп әрең құтылыпты.

Бірде М. Есенәлиевтің өтінішімен бірінші хатшыға: „Сіз әлі МИД-те болмаған екенсіз. Ондағылардың қоятын мәселелері де бар. Бірге барып қайтсақ қайтеді?“ дегенімде ол кісі келіскендей болған еді. Бірақ он-он бес минут өтпей жатып, маған қайтадан телефон соғып, үнемі „Сіз“ деп сөйлейтін Колбин „Сен“ге көшіп (шамасы біреу қолтығына су бүркіп үлгірген болса керек): „Сен мені досыңның алдында бас игізгің келеді. Оның бізге қандай көзқараста екенін біле тұра, барып келе қояйық дейсің“ деп зекіген соң, трубканы орнына қойып, кабинетіне бардым.

— Мен әзірше сіздің ұстанған бағытыңызға қарама-қарсы келетіндей ештеме істей қойған жоқпын. Керісінше, сіз бір „ляп“ тан кейін екіншісін ытқытып жатқанда „артыңызды“ жабумен келем. „Литературная газетада“ қазақтар өз тілінде сөйлегісі келмейді дегенді айтқаныңызда: „Геннадий Васильевич олай дегісі келмеген екен, журналисі құрғыр дұрыс түсінбепті“ дегенді тілге тиек етіп, жұртшылықтың көңілін жайландыруға қанша уақытым кетті. Онда да бірінші хатшының беделі бәрімізге ортақ болғандықтан, әйтпесе, менің басқа міндеттерім де басымнан асып жатқан жоқ па? — дедім.

— Да, да! Сіз келгелі, жұрт менің үстімнен аз жазатын болып жүр, — дей бергенде:

— Ендеше несіне „огород городить“ етіп отырсыз? Есенәлиев

сіздің де досыңыз ғой, барғыңыз келмесе, бармай-ақ қойыңыз. Одан аспан айналып жерге түсе қоймас, — дегенді айттым.

Ол үндемей қалды. Мен шығып жүре бердім. Сол-сол екен, мұнан былай, ол Қазақстаннан кеткенге дейін, ара қатынасымызда ашық-жарқындық болған жоқ.

Аталмыш қаулыда көрсетілген айыптаулардың бірқатары республикада қазақ халқының өткенін қастерлеуге, буржуазияшыл-ұлтшылдарын ақтауға ұмтылушылық өрістетілді, қазақтың революция арқылы өткен жолына, кеңес үкіметін орнату және орнықтыру үшін күресіне жөнді мән берілмеді деген көптірме қағидамен үндесіп жататын.

Өз басым мұндай қасаңқы пікірлермен мүлдем келісе алмаймын. Апырау, өзі білмейтін өткенін халық қалай қастерлей алады? Кеңес үкіметі жылдарының өзінде қазақтың тарихын білмейтін қаншама ұрпақ алмасып үлгірді. Мектепте оқылатын Ерте дүние тарихы Гректің, Римнің, Египеттің, Таяу Шығыстың ежелгі тіршілігіне құрылған. Бағдарламада да, оқулықта да қазақ халқының ата-тегін құрауда маңызды қосынды болған ежелгі сақ, үйсін, қаңғұй-қаңғарлар, кеңгерестер жасаған өркениет жөнінде ештеме айтылмаған. Қазақ халқы қалыптаса бастаған ортағасырлардағы тарих толығынан Еуропа елдеріне арналса, жаңа және жаңаша тарих Ресейдің жадығаттарына құрылған. Ресейге қосыла бастағанына 250 жылдан астам уақыт өткен Қазақстанға тек бірнеше бетке ғана місе тұтуға тура келгеніне қарамастан республикада өз оқулықтарын жасау құпталмай келді. Ондай қаракет жасаған кейбір іждағатты тарихшыларға ұлтшылдар деген айып тағылды. Осылайша, өзінің өткенін білмейтін халықты оны қастерледі деп айыптаудың қисыны жоқ еді.

Әрине қазақ тарихын жалпы адам қоғамының дамуынан бөліп қарауға болмайды. Бізге ежелгі Грек, Рим, Египет тарихын да, ортағасырлардағы Еуропаны да, жаңа заманғы Ресейді де білу қажет. Онсыз тарихтан алған білім түкке тұрмайды. Сондықтан олармен қатар сол дәуірлердегі Қазақстан тарихын да қамтитын жаңа оқулықтар керек-ақ.

Жасыратыны жоқ, дұрыс пайдалана білсек, мұндай мүмкіндіктер тек қазір ғана, Қазақстан өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялағаннан кейін туып отыр. Тек уақыт қымбат, оны босқа өткізіп аламыз ба, қайдам?

Қазақстанда жылдар бойы кейбір аса көрнекті ақын-жазушылардың жеке басына, шығармашылығына әділетті бағасын беруге жұрттың шамасын келтірмей, иығынан басып, басқаша ойлауға мүрсат бермей келген Сталин заманының мәнеріндегі түсініктер мен бұрмалаушылықтар өрістетіліп келді. Оларға бет алды баға беріліп, дәлелденбесе де кертартпа-шонжар, буржуазияшыл-ұлтшылдар болып масқараланған күйінде қала берді. Енді келіп, аталмыш қаулыда Қазақстанда буржуазияшыл-ұлтшылдарды

ақтауға қам жасалды деген қай жағынан алғанда да орынсыз, қасаңқы пікір айтылғанына жол болсын?!

Тіпті, 1988 жылдан бастап, Шәкәрімнің, Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың, тағы басқа да бұрын кеңес үкіметінен опық жеген мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығын зерттей бастағанымызда „Алаштың“ бір құжатын оқымаған лауазымдылардың „алашордашыларды ақтап жатыр“ деп бізге де айдар таққысы келгені сол ескі түсініктер мен бұрмалаушылықтың айғағы емес пе?

Әлі есімнен кетпейтіні, сол бір топ мәдениет қайраткерлерінің „ісін“ қайта қарау үшін арнаулы комиссия құрмақ болып, Орталық комитетке шақырып, олардың қылмысын айтып беруді өтінгенімде, Жоғарғы соттың, Ішкі істер министрлігінің, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің басшылары үндемей қалды. Тек Қазақстанның сол кездегі прокуроры Ғалым Елемесов қана (осы бір кісі жөнінде желтоқсан оқиғасына байланысты әртүрлі пікір айтылып келді ғой): „Бұлардың бар қылмысы қыстағанда, „қаперге алынсын“ дегенге ғана тұрарлық. Абақтыға жауып, атып жіберудің ешқандай қисыны болған жоқ“ деп ашықтан ашық айтты. Прокурор кейін де үлкен азаматтық көрсетіп, комиссияға қолынан келген көмегін аяған жоқ.

Қаулының Қазақстанда жастарды революцияшыл, отаншылдық рухта тәрбиелеумен, халықтар достығын насихаттаумен айналысуға жөнді мән берілмей келді деген қағидасымен де келісуге болмайды. Керісінше, мұнда осы мәселелерге ерекше мән беріп, біржақты айналысып кетті десе орынды болар еді. Бәлкім, қазіргі халықтар арасындағы біршама түсінушілік те соның салдары болар. Ал оқатекте қоздырылып келген қостілділікке, қосазаматтылыққа „шақыруды“ мүдделі топтардың іс-қарекетінен туған жәйт деп қараған жөн.

Қаулыда Атырау, Жезқазған, Ақмола жерінде кейбір ұлттық топтар өздеріне жөнді көңіл бөлінбегендіктен қоныс аударуға мәжбүр болды делінген еді. Егер бұл пікір осы облыстарда тұратын елдің барлығына, әсіресе экономикалық, әлеуметтік, экологиялық қиыншылықтарды бірге бөліскенімен олардан айырмашылығы, жоғарыда көрсетілгендей, туған елден көшіп кететін басқа „барар жері, басар тауы“ жоқ қазақ халқына да қатысты айтылса құптауға болар еді.

Қазақстандықтарды 1979 жылғы Ақмолада болған оқиға үшін де айыптауға бола ма? Орталықтың ешкіммен ақылдаспай, астыртын түрде қабылдаған Ақмола жерінде: неміс автономиясын құру жөніндегі шешімі жұртты тітіреткені рас. Мұндай ыңғайтабыс „осында автономия құрғың келе ме, әлде келмей ме?“ деп өзінен сұрамаған неміс ұлысының да ары мен намысына тиді емес пе? Шынтуайтына барсақ, мұндай шешім Қазақстанның егемендігі мен аймақтық тұтастығына тікелей қолсұққандық болған еді. Бұрын шешілген мәселені аталмыш қаулының қабылдануына байланысты қайта көтерудің өзі де аса көрегенділіктің белгісі емес қой.

Қорыта келгенде, „қайта құрылудың“ жылы лебін ала келді деп аспаңдата көтерген КПСС Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір пленумынан кейін екі жыл өтпей жатып, осындай пісіп-жетілмеген құжаттың не үшін қабылданғанын түсіну қиын. Тегі бәріміз бір ауыздан қолдап ала жөнелген „қайта құрылу“ Ақиқаттық, Әділеттік, Ізгілік сияқты ұлағатты түсініктерді бетке ұстап қана дегеніне жетсе керек.

Соңғы жылдары біз оң-солымызды дұрыстап танып, халқымыздың өткен жолына үңіле бастадық. „Ау, осы біз кімбіз, дүниежүзілік өркениетке қандай үлес қостық?“ деген сұраққа жауап іздеудің өзі есейгендіктің белгісі. „Ер есімі — ел есінде“ болуын қадағалайтын болдық. Қазақ тарихының ұлы тұлғаларын еске алдық. Отызыншы жылдардың жазықсыз құрбандары болған арыстарымыз арамызға қайтып оралды. Қайта туып Наурыз мейрамы келді. Қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілді...

Бақсақ, осының бәріне дем беріп, жұрттың көкірек көзін ашып, ұлттық ар, намыс деген қасиеттерді бойына қайта дарыта бастаған 1986 жылғы Алматыда болған желтоқсан оқиғасы екен. Егер оның дәрістерін Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін баянды етумен ұштастыра білсек, еліміздің қазіргі заманғы прогресс жолында шарықтап алға баса беретіні хақ.

БЕКЗАТТЫҚ БОЛМЫС БИІГІНЕН КӨРІНСЕК



Ылап қарасақ ұлттың ұлылығы ең алдымен оның тектестік, тұтастық деңгейінен, атадан қалған қанатты қазынасы — тілінен, өнегесі — өрісі болатын тұрмыс-салтынан, әдет-ғұрпынан, ұрпақтан-ұрпаққа алмасып келе жатқан асыл мұрасы — дәстүрлі өнеріне құштарлықтан көрінеді екен. Бірде сұлу Көкше өңіріндегі Зеренді көлінің жағасында бізге дәм татқызған аспаз қарттан мынадай бір ауыз өлең естіген едім:

Күдері бешпет, ақ семсер — ердің көркі
Ер жігіт жауға аттанған елдің көркі.
Шәйі, сиса о-дағы өз сәнімен,
Масатыға қосылса — зердің көркі.

„Бес ғасыр жырлайды“ деген жинақта біршама өзгешелеу берілген әйгілі Шал ақынның осы бір шумағынан кезінде жұрттың тіліне, антропологиялық тұрпатына ғана емес, киіміне қарап та қандастарын өзгелерден ажыратқан қазақтың тектестік сезімін ояту мен нығайтуда маңызды рөл атқарған қазақы киім-кешекке материал таңдаудағы ұқыптылықты аңғарамыз.

Ал ұлы Абайдың „Ескілік киіміндегі“:

Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен,
Тон қабаттап кигенім жидем шекпен,
Жейде-дамбал ақ саңнан, жарғақ шалбар,
Жырым балақ матамен әдіптеткен.
Күләпара басымда, пұшпақ тымақ,
Ішкі бауын өткізген тесік құлақ.
Тобылғыдан кесіп ап, жіппен қадап,
Артын бірге қыстырған бір құрысқақ.

— деген шумақтардан елдің әлеуметтік қал-ахуалы, өндіргіш күштерінің деңгейі көрінетіні хақ.

Қазақы киім құлазыған кең даланың үскірік аязы мен азынаған желінің, аптап ыстығы мен салқын самалының әсерімен қалыптасқан, бар өмірі көлік үстінде өткен Сарыарқа мен оған іргелес жатқан ұланғайыр кеңістікте көшіп-қонған малшы қауымның, „таңның атысынан күннің батысына“ дейін тізе бүкпей „жер шұқып“, азынаулақ мал өсіріп күн кешкен Сыр бойындағы, Қазақстанның оңтүстігі мен Талас—Шу—Іле атырабындағы отырықшы және жартылай отырықшы елдің реттеуге көне қоймайтын тұйық шаруашылығы мен қарабайыр тіршілігімен біте қайнасқан заттық-тұрмыстық мәдениеттің бірден бір көрінісі. Оның табиғатындағы екіжақтылықты — тұрмыс қажеті мен сымбатты болу қамын кешегіндегі мейлінше қарапайым, жүріп-тұруға ыңғайлы, үйлесімділігімен ерекшеленетін киім нұсқаларымен қатар сұлбасына зерлі кесте тігілетін сәукеле, қасаба, қарқара, мұрақ секілді кәдесіне лақыл, жақұт, інжу-маржан, перуза, ақық секілді асыл тастар, алтын, күміс шытырлар жаратылатын бас киімдердің, кемер белбеу, кісе, ширатпалы белдіктердің, таптаурын, көк сауыр етік-кебістердің, алтынмен аптап, күміспен күптелген алқа, бойтұмар, сырға, сақина-білезіктердің болғанынан аңғарамыз. Өйткені, заттық өндірістің өзі сайып келгенде халықтың сезімталдық талғамымен шектелетіні мәлім.

Киімді солға қаусырылатын, оның шалғайына, етек-жеңіне оқи тігетін, кимешектің өңіріне, жақтауына кесте жүргізетін, сәбидің, қыз баланың, сал-серілердің бас киіміне үкі қадайтын дәстүр о баста табиғаттан тысқары, пайымдауға сыйыса бермейтін сыйқырлы-сұғанақ күштердің, дәлірек айтқанда, жын-перілердің „салқынын“ бойына тартып, пәле-жаладан, сұқ көзден, ауру-сырқаудан сақтап қаладымыс деген көнетүркі-қыпшақ заманынан қалған ескі ұғымнан туған.

Бірақ олар кейіннен бірте-бірте қазақша киінудің жөн-жобасына, киім-кешекті сәндендіру жүйесіне енген. Мұны қаптал шапанның, сеңсең тонның шектен тыс айқара қаусырынатынан, үкісіз тақияның қыз баланы, әсіресе оның бұрымы жоғын, өңіржиекпен „жақталмаған“ кимешектің жас келіншекті ұсқынсыз етіп көрсетінінен де байқауға болады.

Қазақта салтанаттық киім мен күнделікті киім-кешектің пішімінде айырмашылық бола бермейді. Салтанаттық киімнің бітімі сыпайылау, тігісі жатық, зерлі-оқалы, басына киетіні көтеріңкі, аяғына ілетіні шоңқима, биік өкшелі, қайқы тұмсықты, таптаурынданған, түсті қайыспен әшекейленген, зерлі жіптермен кестеленген болып келеді. Күнделікті киімге шекпен тоқымасы, қолға түскен мата, бөз, кенеп, шыт, сәтен, сеңсең терісі, ұқсатылған тері-терсек, көн секілді қарапайым материалдар пайдаланылса, салтанатты киім-кешектің кәдесіне масаты, барқыт, мәуіті, шұға, жібек, бәтес, мақпал кездемелері, кәмшат, сусар, бұлғын, құндыз терілері, бұлан немесе бұлғын күдерісі, ақбөкен, құлын терісі, жылқы шегірені жаратылған.

Киім тігетіндер іс тапсырушының талғамын, жас ерекшелігін, дене бітімін, бет әлпетін мұқият ескеретін болған. Киім-кешекті әр жерде мүмкіншілігіне қарай өзінше тіккізгенімен бүкіл қазаққа тән түр ұқсастығын, пішімін, бояу-нақышын сақтап, оның жігіттер мен қыздар, егде тартқандар мен кемпір-шалдар киетінін ажырата білген. Мысалға алсақ, қыздар белі қымтылған, етек жеңіне желбезек салған қосетек көйлек, қамзол киіп, беліңе шытырлы немесе ширатпалы белдік (соңғысын нәзік белдік деп те атайды) буынады өкен. Ал қайсыбір жерлерде етек-жеңіне екі, үш қатар бүктесін (оны Маңғыстау мен Үстіртте қосетек деп те атайды) берген, арқасы немесе белі бүрілген көйлек, сыртына қамзол киетін болған. Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісуда көйлектің үстіне нымша киіп, белдемшемен қаусырынады немесе шалғы орайды екен.

Егер қыз балаға өз қалауымен кестелі немесе қосетекті көйлек киюдің сәлекеттігі жоқ болса, екі-үш бала тапқан әйелге шымқай түсті матадан тігілген, кестеленген немесе қос етек салынған көйлек кию ерсі көрінетін. Ал қазір екі, үш балалы әйел түгіл кемпірге дейін қосетек кие бастады. Оны Наурыз мейрамынан да, „әжелер ансамбльдерінен“ де, тіпті ұлттық дәстүрді көздің қарашығындай сақтайды деп үміт артқан жасы келген белгілі актрисаларымыздың үстінен де, көгілдір экран мен кинодан да көріп жүрміз. Бұл не, имандылықтың бір нышаны — салихалы байсалдылықтың қырқыла бастағаны ма? Әйтпесе қосетекті бойжеткендерге қалдырып, әркім өзінің жасына, жаратылысына қарай киінсе сымбатты болып көрінер еді ғой.

Көйлекке қос етек салатын дәстүр қазаққа ХІХ ғасырдың аяғына таман ғана ене бастаған. Оған дейін әйелдер жөнкөйлек, қымтыма, белбүрме, арқа бүрме, тағысын тағы аттармен белгілі, көбіне оймыш немесе тік жағалы көйлектер киген. Яғни қосетекке қазақы көйлектегі бірден бір ұлттық ерекшелік ретінде көнекөз кейуаналарға дейін жармаса берудің қисыны жоқ. Көйлекті белінен етегіне, иығынан жеңінің аузына дейін желбезектеп әлек болудың да қажеті шамалы. Теледидардан қайта-қайта көрсетіп, мақтаныш тұтып жүрген қайсыбір суретші-модельерлердің коллек-

циялары да, жекелеген әнші-бишілердің киім-кешегі де, қазіргі қаптап кеткен „кәсіпорындарының” басқа туындылары да, сайып келгенде, осы бір келеңсіз құбылыстың айғағы.

Еркектің киім-кешегіне қазіргідей баттатып ою—өрнек салатын әдет қазақта болмаған. Оны жүз елу жылдан астам мерзім ішінде жинақталған Қазақстанның Орталық музейінің коллекциясындағы қазақы киімдерден де көруге болады. Қазақы киім тігуде кең өріс ала бастаған осы бір жағдай тіпті қазіргі сән тұрғысынан қарағанда да қисынсыз, шынтуайтына барсақ, ата-баба мұрасына жасалған қиянат болып шығар еді. Шамасы, қазақы киімнің ұлттығы ең алдымен оның пішімінде, бояу-нақышының ұқыптылығында екенін ұмыта бастаған болармыз.

Бәлкім осы жұрт музей қорында сақталған бірлі-жарым байлардың шапанына кестелі жиек берілгеніне, оқа бастырылғанына (оқа ою емес қой!), әлде зерлі матадан, бедерлі жібектен тігілген киім-кешектегі тоқыманың реңкіне, немесе жарғақ бешпет пен шалбарға бізкесте тігетін салтқа еліктейтін болар. Қайсы біреулерге музей қорына кедейлердің, жарлы-жақыбайлардың, тіпті қарапайым қазақтың киім үлгілерін, әсіресе олардың кемпір-шалға, ересектер мен жасөспірімдерге тиістілерін жинауға жылдар бойы мардымды көңіл бөлінбей келгендіктен негізінен ауқатты қазақтың киім нұсқаларынан тұратын ондағы экспозициямен танысқанда барлық қазақ бұрын сондағыдай киінген болып көрінуі мүмкін.

Қазақы киім тұрмысқа қолайлылығымен, шектен тыс қарапайымдылығымен ғана өзгешеленеді. Тіпті қазаққа, оның ата-бабасына кем дегенде осыдан екі мың жыл бұрын белгілі болған кәдімгі күпіні алсақ, оның әшекейленгенін кездестірген емеспіз. Ат үстіне қыстық киімнің сыртына киетін киіз сулық — кебенек те мейлінше қарапайым. Шекпен тоқу да есте жоқ ерте заманнан келе жатқанымен онда да ою-өрнек жоқ. Жұрт сеңсең тонын, тұлыбын да әшекейлеп жатпайды. Бұлардың тек тігісінің жатық болуы қадағаланатын болған.

Музей қорындағы Кіндік Азиядан алмасқан зерлі шапандардың өзінде де шалғайын, етек-жеңін әдіптеген жіңішке ғана жолақ кездесіп отырады. Тек бозбалалар киетін бешпет пен кеудешенің шалғайына ызба жиек берілетіні кейіннен тараған дәстүр болғандықтан тереңге меңзейтін пікір айту қиын.

Қазақы киім тігуді өрбітеміз деп жүріп, жұрттың сезімталдық талғамын жұқартып алдық па, қайдам, әйтеуір „ақ сақалды, сары тісті” қарттарға дейін өздерінің қадір-қасиетін кетіріп, қазақы киімнен түйсігі шамалы тігінші-сымақтардың қолынан шыққан “мен мұңдалап” тұратын алабажақ оюы бар шапан кимесе көңілі көншімейтін болып алды. Басына „айырқалпақ” киіп, қалай болса солай олпы-солпы әшекейленген қызыл-жасыл пүліш шапанға оранған жергілікті әкімдерді де той-думаннан көріп жүрміз.

Сонда бұларға не күн туған? Тым болмаса, көрінген қоқсықты

иығына жапсыра бермей, жөні түзу матадан денесіне құйып қойғандай етіп, тігісі жатық, қарапайым шапан, бешпет тіктіретін болса, жұртқа үлгі болар еді ғой. Әлде сәндік, сезімталдық, сыпайылық тек еуропалық киім-кешекке ғана қатысты болғаны ма? Мұны неге ойланбасқа?

Мен мәселенің бұл жағына қазақы киімге сарапшы болғым келгендіктен көңіл аударып отырған жоқпын. Ою-өрнек те керек, бірақ оның да шегі бар. Өйткені ол адамның бет әлпетін, дене бітімін, түр-түсін сымбатты етіп көрсету үшін қажет. Олай болса, ақындығы мен әншілігі үстіндегі бажырайған ою-өрнектен көрінбей қалатын, мойнына қылқитып галстук тағатын (бәлкім, кейбіреулер мұны да „ұлттық белгі" деп ойлайтын болар) айтыс ақындарының, сахнаға, көгілдір экранға шығып өнер көрсететіндердің ұсқынына қарап көрейікші. „Әу" дегеннің бәрі сал-сері болып кететіндей, қайсыбіреулердің жарбиған бөркіне үкі тағатынын қайтерсің. Тіптен баяғының масқарапаздары да бұлай киінбеген шығар. Сонда қазақ киіміне тән сыпайы, әсем бояу-нақыш қайда кеткен?

Қазақ сәукелеге ғасырлар бойы киелі мән беріп келген халық. Оны бұрын бір ата елдің, кішігірім бір рудың ортақ мұрасы ретінде ұрпақтан ұрпаққа сақтап, біреу келін түсіргенде ғана басына кигізетін. Оны бүгін білгені басынан аса қоймайтын кез келген орта қолды шілеңгерлердің „ермегіне" айналдыра бастағанымызға жол болсын?

Өйткені, бәрімізге бала жастан белгілі кәдімгі Буратино телпегінің картоннан құрастырылған сүйір сұлбасын матамен қаптап, бетіне баттитып „қошқар мүйізін" шимайлап, шашағының орнына капрон „үкі" қадап, „сәукеле" деген атпен қалыңдықтың басына кигізетін, тіптен қазақтағы қалыңдықтың бас киімінің бірден бір үлгісі ретінде шетелдік жәрмеңке-көрмелерге жөнелте беретін болып алдық. Баланың өз бас киімі құрып қалғандай, жұрттың осындай „сәукелені" бір уыс тұлымы да жоқ балаусаға да, „әнші балапанға" да, бақшаға барып жүрген бүлдіршінге де кигізе беретіні тағы бар. Бірде мен бақшаға барып жүрген өз немеремнің де: „Сәукеле тіктіріп бер, мына тақия дегенді кимеймін" — деп әкешесіне қыңқылдағанын көріп қайран қалдым. „Ол күйеуге шығатын қыздың киетіні ғой" десе, оған құлақ аспай, „апай айттыға" баса берді...

Тегі сәукелені өстіп бірте-бірте түр өзгерістеріне түсіріп, қадірін кетіре берсек, осы бір атам, анам қастерлеген қасиетті бас киімнен мүлдем көз жазып қалуымыз мүмкін. Музей қорындағы бұйымтайымның тозығы жеткен шақта қазіргі „шеберқолдар" тықпалап жүрген „туындылар" да сәукеле үлгісі болып қалмасына кім кепілдік бере алады? Мәселе, міне осында болып отыр.

Отау иесі болғысы келетін қазіргі жастардың киіну мәдениетіне келсек, қазақша киінуге тырмысушылық көрініп тұратыны құптарлық. Дегенмен қалыңдықты көбіне олпы-солпылау етіп

„қазақшалап“, күйеу жігітті еуропаша сәндеп (шамасы еркекті үлде мен бүлдеге орауға модельерлердің өрісі жете бермейтін болса керек) киіндіретін әдеттің ұлттық дәстүрге қатысы шамалы. Шетелдік жәрмеңке-көрмелерге жіберілетін қалыңдық пен күйеу киімдерінің де біреуі қазақша, екіншісі еуропаша болатынын қалай ұғынуға болады?

Бүйтіп әуре болғаннан гөрі тойға жиналатындардың бәрі дерлік еуропаша киінетіндіктен де болашақ ерлі-зайыптыларды қазіргі заманғы той киімдерінің үлгісімен киіндірген дұрыс болар еді. Мұның өзі суретші-модельерлер үшін де өздері жасаған нобайларына ұлттық айдар тақпай-ақ, жаңа нұсқа ретінде өндіріске енгізе беруіне жол ашар еді.

Бәлкім, өзінің Сән орталығы, арнайы Сән театры, шеберханалары, киім тігетін ұжымдық кәсіпорындары бар Алматыда, облыс орталықтарында Қазақстанның көпұлтты халқын жаңа заман талаптарына сай киіндіруге мүмкіндік беретін өзіндік сәнін жасайтын уақыт та жеткен болар. Тегі қазақы киім шығаруды тиісті орындар бақылайтын және әдістеме жәрдем көрсете алатын мамандандырылған кәсіпорындарының еншісіне берген жөн.

Мәселенің бұл жағына көңіл аударып отырғанымның басты себебі тереңіректе жатыр. Музей коллекциялары бірге-бірге ескіріп келеді. Жаңа түсімдер жоқ десек те болады. Қазақы киім үлгілерінің баламаларын жасап, бастапқыларын қайта ұқсатып, арнайы тәртіппен сақтап, болашаққа қалдыру ісі қолға алынатын түрі жоқ.

Соңғы кезде жүргізілген зерттеулер (бұл жұмыс қаражат тапшылығынан қазір мүлдем тоқтап қалды) материал алмасуынан, қазіргі сәннің ықпалымен ғылыми жұмысқа, музей қорын толықтыруға арнайы сатып алынатын ең дәстүрлі деген қазақы киім нұсқаларының өзінен де түбегейлі түр-пішін өзгерістері көріне бастады. Оның үстіне жалған ұлттық белгілермен шектен тыс әуестенетін, орта қолды „туындыларын“ кино, көгілдір экран, театр, концерттік мекемелер, наурыз мейрамы, мерейтойлар арқылы жұртқа тықпалай беруге мүмкіндігі бар қайсыбір суретші-модельерлер қазақы киімнің пішіміне, тігісіне, әшекейіне орынсыз араласа беретін болып алғалы қашан. Пітіналықпен қазақы киімді пайда табудың көзіне айналдыратындар да көбейіп келеді.

Қазақы киім-көненің көзі, бізге жеткен заттық-тұрмыстық мәдениеттің бірден бір көрінісі. Қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында мәдениет пен өнер саласында қалыптаса бастаған қалахуалға байланысты оны болашаққа қалдыру ісіне көмектесу — қай-қайсымыздың болса да ел алдындағы азаматтық парызымыз. Қазақы киім әлі де болса, палеоэтнологиялық жағынан зерттей түсуге мұқтаж. Ғылыми ізденісті оны насихаттау, қайта ұқсату, сақтау, „сұғанақ қолды“ шеберлерден қорғау жұмыстарымен ұштастыра білген жөн. Ең алдымен қазақы киімнің табиғатына орынсыз араласа беретін әдетке үзілді-кесілді тыйым салу, қазіргі қаптап ба-

ра жатқан „шеберханалардың“ жұмысына тиісті орындар арқылы бақылау қою, әуесқойларға әдістеме көмек көрсету жағын қарастыру қажет-ақ.

Мәселенің көп тұстары ақпарат құралдарына, әсіресе теледидарға байланысты. Олай дейтінім — көбіне мақала жазатын, телерепортаж ұйымдастыратын, қазақша „киингендерді“ суретке түсіретіндердің түйсігі жете бермейтінінен газет-журналдарда, теледидар хабарларында орташа қолды дүниесін асылға балап көрсететін суретші-модельерлердің, тігіншілердің ұлттық бояу-нақышы шамалы, сәндік жағынан түкке тұрғысыз бұйым-тайымын бірден бір ұлттық нұсқа ретінде оқырман, көрермен қауымға тықпалай беретін болып алдық. Бұл тек ұйымдастырушылардың жауапсыздығынан ғана туған жағдай емес. Егер біз жоғары және арнаулы орта оқу орындарында студент жастарға өз талпыныстарымен қоса қазақ мәдениеті мен өнерінен нақтылы білім бере алатындай дәрежеге жетсек, қазақы киім тігудегі қазіргідей орашолақтыққа, ұлттық жалған элементтердің өрістеуіне жол бермеген болар едік. Мұны ойланған жөн.

Соңғы жылдары қазіргі заманғы қазақ эстрадасы жайлы әр түрлі қарама-қарсы пікір айтылып жүр. Өнердің бұл түрінің түп тамыры бұрынғы сал-серілердің, елгезер ойыншылардың, кезінде „жеке орындаушының театры“ іспетті болған жыршы-жыраулардың шығармашылығымен ұштасып жататынымен мезеттің талаптарына сай түбегейлі мазмұндық, түр өзгерістеріне түскені мәлім. Басқаны былай қойғанда, айла-шарғы жасап, кемпірі мен шалын „ұрыстырып“, малын қасқырға шаптырып, сиырын мөңіретіп, күйеуге шығайын деп отырған қызын еңіретіп, бастары қосыла қалғандағы „екеудің таласын, үшеудің керісін, бесеудің жанжалын“ (Мұхтар Әуезов) шығарып ойын көрсететіндердің өнерінен айырылып қалдық.

Ел есінде қалған Исаның „Желдірмесі“ мен Қалибек Қуанышбаевтың „Қыз ұзатуы“, Құрманбек Жандарбековтың „Боз жорғасы“ мен Елубай Өмірзақовтың „Нақ-нағы“, Әли Құрмановтың „Он алты қызы“ мен Рахия Қойшыбаеваның „Әпитөгі“ кезінде қазақ эстрадасының шоқтығынан көрінген туындылар еді.

Эстрада өнерінде өшпес із қалдырғандардың бірі, әйгілі „Ағаш аяқтың“ авторы Берікбол Көпенұлын (1861—1932) алсақ, ол ұртымен де, көмейімен де, мұрнымен де неше түрлі хайуандардың дауысын, кемпір мен шаддың күйгілжіңін айнытпай салған, домбырасын алдына алып та, артына қойып та, жоғары ұстап та, тіптен башайымен де күй тартқан, „Аха-Ахау“, „О, дүние-ай, кемпірім-ай“, „Ұмпа-ұмпария-рай-рай“, „27 қыз“, „Ой жиырма бес“, „Аяғымай“ сияқты әндерді асқан шеберлікпен орындаған әнші, „ат құлағында“ ойнап, желіп бара жатқан арғымақтың үстінде билеген сан қырлы өнердің топжарғаны болған.

Өкініштісі, қазіргі эстрадалық шығармалардың басым көпшілігінің бұрынғылардікіндей қазақ ырғағына үйлесе бермейтіні. Түгелдей еуропалық негізге құрылатындықтан ұлттық нақышы ша-

малы, салдыр-гүлдірі, айқай-шуы мол болғандықтан тыңдаушының абайында қала қоймайтыны тағы бар. Эстрада әртістерінің бәрі бірдей қазақша сөйлеудің орфоэпиялық заңдылықтарын сақтай бермейді. Олардың жұртты тамсандырып, татаусыз сөз маржанын төгіп әкете алмайтыны да осыдан. Егер құлақ түріп тыңдасаңыз, біздің ең „күміс көмей“ әншіміздің өзі Шәмші Қалдаяқовтың „Болсақтағы жаңа таныс, жүзсек те алғаш қайықта“ деп басталатын әніндегі осы бір тіркестің екінші жартысын „жүзсекталғаш қайықта“ деп айтудың орнына „жүзсек-те-алғаш қайықта“ деп дәлдеп тұрып алады. Кейбір әншілер „адал гөңіл“ деудің орнына „адал көңіл“ (тіл білмейтін шалағайлар „адал көнил“) дейді, „бопты“ деместен „болып-ты“, „кепті“ демей „келіп-ті“ деп сүрініп-қабынып жатады. Әуенінің қысыңқы дыбыстарға тіреле беретіндігінен қайсыбір әндердің қағазға түсірілгендей ұзын қайырылатын мәтін орысшалау да қиын.

Бәлкім біздің эстраданың жоғары көтеріле алмай жүргенінің де басты себебі осында болар. Олай дейтінім белорустың „Песняри“, өзбектің „Ялла“ сияқты ансамбльдері өздерінің бүкіл репертуарын қазіргі эстрадаға лайықтап халықтық негізде құра білгендігінен ерекше көзге түсіп, дүниежүзіне танымал болған еді. Эстрада өзінің репертуарын халықтық, ұлттық негізде құрғанда ғана өзгерлердікін қайталамай, табысты бола алады. Мұның өзі оған ел арасында кеңінен тараған халық әуендерінен, белгілі қазақ композиторларының шығармаларынан, жазба және ауыз әдебиеттегі әзіл-оспаққа негізделген туындылардан репертуар таңдап алуына мүмкіндік берер еді.

Біз осы қазақтың халық әндерінің де берекесін кетіріп алдық қой деп ойлаймын. Халық әуенінің өлеңін өзгерте салу үйреншікті болып алды. Баспадан шығарылатын ән кітаптарында әрдайым бастырушының еркімен енгізілетін өзгерістер де толып жатады. Мұнысымен орындаушыны қолайсыз жағдайға қалдыратыны олардың ойына кіріп шыға қоймайтынын төмендегі мысалдардан да көруге болады.

Мәселен, Сегізсерінің „Қарғашындағы“:

Ақ дидаарың көргенде тұра алмаймын,
Сенсіз жерде еш сайран құра алмаймын.
Сен есіме түскенде беу қарғашым,
Кемесіндей Стамбул бұраңдаймын.

деген шумақтағы соңғы тармақты біреулер „кемесіндей дарияның бұраңдаймын“ (біздегі дарияда қайық болмаса, кеме жүзген емес) десе, енді біреулер „толқынындай дарияның бұраңдаймын“ деп әлек болып жүр. Бұл эпитет те ойдан шығарылған, өйткені толқынның бұраңдайтынын дарияның жағасында туып өссек те көрген емеспіз.

Ел арасында көп тараған „Бір ғана “ деген әнді „Бір балаға“ аударып әкеткелі қашан.

Талдан таяқ жас бала таянбайды
Бала бүркіт түлкіден аянбайды
Угәй-әй,
Ән салшы бір ғана-ай

деудің орнына „Угай-ай, ән салшы бір бала -ай” дейтін болдық,
„Екі жирендегі”:

Көшкенде жылқы айдаймын аламенен
Ауылыңа барушы едім даламенен.
Түскенде сен есіме беу қарағым,
Сағынып сарғаямын санаменен.
Екі-ау жирен жалын түйген
Жалғанда жақынымсың жаным сүйген

деудің орнына қайырмасының соңғы тармағын өзгертіп: „Жалғанда
ғашығымсың жаным сүйген” деп айтып жүрміз.

„Эпитөктегі”: „Басында әупілдектің (аталмыш құсты көлдің)
мұнары бар” деген тармақтың қалайша өзгеріске түсіп „Басында
биік таудың мұнары бар” бола қойғанына қайран қаласың. Ал
Ақансерінің „Сырымбетіндегі”: „Қарындасым, енді есен бол” деген
тіркесті біреу „ғашық жарым, енді есен бол” десе, екінші біреулер
„туған елім, енді есен бол” деп айтатын болып алған.

Осындай мысалдарды көптеп келтіре беруге болар еді. Алға
қойған мақсатымыз — көңіл аудару ғана болғандықтан ойымызды
осымен доғара тұрып, қазақтағы би өнері жайында да бірер сөз
айта кеткенді жөн көрдік.

Зерттеушілердің айтуына қарағанда (Д. Әбиров, О. Всеволод-
ская-Голушкевич), халық билері қазақ қоғамымен бірге жасасып,
оның рухани өміріне азық болған дәстүрлі өнердің құрамдас бөлігі.
Оны ел есінде қалған азды-көпті халық билерінің мазмұнынан,
оқиға желісінен, қимылдау және сермеу тәсілдерінен де аңғаруға
болады. Л. Сарынова да өзінің „Қазақстандағы балет өнері” (1976)
деген монографиясында соңғы кезде ізі табылған ежелгі халық би-
лерінің, қайсы біреулердің тілге тиек етіп жүргендей, тұрпайы,
„қарабайыр билердің бастамасы ғана” емес, белгілі бір жүйеге
келтірілген, бірақ та мәнерлі тәсілдері патриархалдық-шонжарлық
қоғамның мәдени дәрежесімен шектелген дәстүрлі би өнерінің
нағыз өзі болып табылады деп бөле-жара айтқан.

Кейіннен суретшілік өнерді кәсіп еткен елге танымал халық
бишісі Әубәкір Ысмайылұлының: „Ей, балам, бидің ана жерін
бүлдірдің, мына бір сәтін дұрыс шығармадың” деп отыратын-
дығынан Шашубайдың алдында билеуге жүрексінетін едік” дегенін
естіген едім. Шынында да қазақ биі жүйеге келе қоймаған шаруа
болса, Шашубай неге бұлай деп отыр — деген заңды сұрақ тумай ма?

— Біздің тұсымызда видеожазу құралдары болмағандықтан тас-
паға жазып алу мүмкіндігімен пайдалана алмадық. Әйтеуір қолда

бар өнердің арқасында тым болмаса болашақта сарамандық жұмысқа пайдасы тиер деген ниетпен халық бишілерінен көрген мәнерлі тәсілдерді, дене қимылдарын, сермеу нұсқаларын, киім үлгілерімен қоса, суретке салып ала бердім. Мұным, бұл саладағы шығармашылығымды ұштай түсуіме жол ашты — деп Әубәкір-аға әңгімесін бітірді.

Сонымен қазақтағы би өнерінің ғасырлар бойы халықтың көңіл-күйіне, асыл арманына, тілек аңсарына, тіптен уақыт талабына, дәуір талғамына сай өзінше дамып, ұрпақтан ұрпаққа алмасып келген ежелгі ойындар мен халықтың өзі өмірге келтірген аңшылық, малшылық, диханшылық, кәсіпкерлік, әскери дағдыларынан нәр тартқан сермеу, қимылдау тәсілдеріне негізделген халық жасампаздығының үлгісі болғаны хақ.

Өкініштісі халық билерінің 30—40-жылдарда, өнердің басқа түрлері секілді кең қанат жайып, қарыштап дами бастаған тұсында А. В. Затаевич сияқты жанкүйер зерттеушісі мен жинастырушысының болмағаны. Тіпті той-томағалардағы жұртты ортаға шақырып билететін дәстүрден де айрылып қалдық. Халық билерін жете меңгерген Б. Көпенұлының, Ш. Қошқарбайұлының, М. Зәуірбайұлының, Ж. Жолдыұлының, Ә. Ысмайылұлының шығармашылығына жеткілікті мән беріле қоймады. Енді келіп қайсыбіреулер „Қазақта би болмаған“ деген жалған қағиданы таратқысы келеді.

Бізге халықтың билеу мәдениетін дамытудың үлкен әлеуметтік мәселе екенін мойындайтын уақыт жеткен сияқты. Ал бүкіл халық болып билемесе ұлттық би өнерін шын мәнінде жан-жақты өрбіту мүмкін емес. Олай дейтінім қазіргі біздің халық билері деп жүргеніміз концерттік билер. Оларды көпшіліктің қатысуымен халық мейрамдарында, той-томағаларда билеуге болмайды. Сондықтан да би өнерінің тұрмыстық сыйпатын нығайту қажет-ақ.

Жетіспей жататыны классикалық өнерге тәрбиеленген біздегі балетмейстерлердің қазақ сахнасында қыруар күш жұмсап, асқан ұқыптылықты талап ететін аса күрделі балет спектакльдерін игергенімен қарапайым халық билеріне шамасы келе бермейтіні. Өйткені оларды ешкім өнердің бұл саласына баулыған емес. Әйтеуір аяқ-қолын ербеңдете бергеннің бәрі „халық биі“ болып шыға келетіні де міне осыдан.

Қысқасы, қазақ биінің өз мектебін дамыту керек. Арнайы оқу орындары бар, классикалық балетке болса да машықтанған білікті мамандары, Мәдениет министрлігі бар Қазақстан сияқты елде мұндай мүмкіндік жоқ деп айтуға ешқандай негіз жоқ. Тек мемлекеттік саясат, халық билерін дамытуға құштарлық қажет.

Бірде мен мынадай оқиғаға тап болджым. Ғылым Академиясына дейін бір студенттің машинасына „жармасып“ бара жатып опера театрының алдынан өте бергенде әлгі жігіт бұл не қылған ғимарат деп менен сұрады.

— Сен мұнда болмап па едің, бұл театр ғой, — дедім. Ол

қымсынып қалса да, тікелей қойылған сұраққа жауап бермек болып:

— Операда болмаған едім. қазақ драма театрына бір рет барғаным бар. Уақыт жетісе бермейді,— дегенді айтты.

Алматыда төрт жыл оқып, енді бесінші курсқа өтуге дайындалып жатқан болашақ заңгер жігіттің театрда бір рет, музейде бір рет болғанын естіп, өз құлағыма өзім сенбедім. Оның эстрада артистерінен білетіні А. Пугачева мен С. Ротару болып шықты. Қазақстаннан Е. Серкебаевтың әндерін естіген екен, бірақ концерттерінде болуға ықыласы болмапты.

— Ау, сонда сен қалай заңгер боласың? Әлде болашақ судьяға, прокурорға, немесе адвокатқа елдің тарихын, мәдениеті мен өнерін білу қажет емес пе? Жалпы адамзаттық қасиеттер деген тағы бар. Тіпті заңгер ретінде. біреудің тағдырын шешу үшін де білім-таным керек қой.

Ол не айта қойсын? Ғылым Академиясының қасына барғанда машинасын тоқтатты да есігін ашып, төмен қараған күйінде отырып қалды. Мен рахметімді айтып, түсіп кеттім. Студентті қайдам, менің көңілімде оған деген реніш сезім қалды. Мұндайлар қазір баршылық. Өмірге көзқарасы да басқаша. Театрды, музейді не қылсын. Жоққа меңзейді, өткенді еске салғаннан басқа пайдасы шамалы. Онан да баю, табыс табудың көзін қарастырған жөн дейтінге ұқсайды. Тегі қазіргі жастардың әсемдік әлеміне ден қоя бермейтіні де осымен байланысты болса керек.

Ал бұрынғы кеңестік тәлім-тәрбие жүйесінің жас ұрпақтың өсіп жетілетін ортасындағы қал-ахуалға, әсіресе „от басы — ошақ қасынан“ басталатын әулеттік тәрбиеге жете мән бере алмағандығынан жастардың ұлттық сана-сезімінің оянуына, рухани байлықтарды игеруіне ықпалы шамалы болды. Өкінішке қарай, қазірде де, Қазақстан өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялап, оны іске асыра бастаған тұста жастардың салауаттығына тікелей әсер ете алатын, жан дүниесін байытатын, ұлттық қасиеттерді болмысына сіңіруіне көмектесетін, бір сөзбен айтқанда, мәңгүрттікке қарсы имандылық, ізгілік дәстүрлердің салтанат құруына алып баратын іс-қаракеттер жоқтың қасы.

Имандылық секілді моральдық өлшем жөнінде шер тарқататын болсақ, оның негізін тек діннен қарастыру тым қысқақайырғандық болар еді. Оған қазақ халқы өмірге келтірген барлық игі қасиеттердің, ол ұстанған әдет-ғұрыптардың да тікелей қатысы бар. Ол үшін бүкіл мұсылман қауымына тән наным-таным сатылары — шарифаттың, тарихаттың, хақиқаттың, мағрипаттың бірлігі мен үйлесімін табуы қажет-ақ.

Өтті ғұмырым, шарифатқа жете алмадым,
Шарифатсыз тарихатқа өте алмадым,
Хақиқатсыз мағрипатқа бата алмадым...

— деп бабамыз Қожа Ахмет Иасауи толғанғандай, осы төртеудің бірлігі қазір біз үшін ауадай қажет. Тек шариятқа бой ұсынып, тарихатқа сеніп, хақиқатқа жүтінген, мағрипатқа (ғылым жолына) бара алғандарда иман да, ар да, ұят та болады деген екен бұрынғылар.

Қазір Қазақстанда мешіт, медреселер көбейіп келеді. Бірақ оларды ұтымды пайдалану жағына жеткілікті мән берілмейтінін жолым түсіп Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданындағы Арыстанбаб кесене — мешітінде болғанда көргенімді „Егемен Қазақстанның“ бетінде жұртқа жария еткен едім. Көне дәстүр бойынша Түркістандағы Әзірет Сұлтан қорығында жерленген бабамыз Ахмет Иасауидің қабіріне барып алаға құлшылық ететіндердің әуелі оның ұстазы, „Отырарда отыз баб, Түркістанда түмен баб, Сайрамда сансыз баб, ең үлкені Арыстанбаб“ деген лақаппен бүкіл Таяу Шығысқа танымал, кезінде „шейхтардың шей-хы“ атанған Арыстанбабқа барып мінәжат етіп қайтатыны белгілі. Сол біз болған күні де сонау Тәжікстаннан адамдар келіп, рәсімін жасап қайтты. Ал мұндағы қос күмбезді ғимараттың құрамындағы мешітті „мазардың басында намаз оқуға болмайды-мыс“ деген сыйтаумен сот арқылы жергілікті әкімнің шешімімен жауып тастаған екен. Түсіп жатқан садақаның қайда кетіп жатқаны да бір алаға аян. Әйтеуір көпшілік жұрттың қаражатын сондағы біреудің қолына ұстатпаса, аузына құлып салынған жәшікке тастай бермейтіні белгілі. Әулиеге түнегендер, мінәжат етіп қайтып бара жатқандар молдасыз-ақ қаңырап бос қалған мешітте намазын, құранын оқып кетіп жатты. Сонда оны жапқан әкімнің шешімі кім үшін шығарылған? Ау, Түркістандағы Ахмет Иасауи сәулет ғимараты да, Қаратаудың теріскей бөктеріндегі Баба Ата да кесене-мешіттер емес пе? Жұрт мұндай құрылыстарды Мекке, Мединеден де, Мысыр мен Шамнан да, Иерусалммен де кездестіріп жүрген жоқ па? Әлде ескі заманда әулиенің басына кесенемен қосарлап мешіт, медресе, ханака (ақысыз мейманхана) тұрғызғандардың мұсылмангершіліктен бейхабар болғаны ма? Осыны көріп-біле тұра Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы неге үнсіз отыр?

Отырарлықтарды 1989—1990 жылдары Қостанайдағы, Қызылордадағы, Көкшетаудағы, Павлодардағы, т. б. қалалар мен ірі елді мекендердегі 18 мешітпен, Оралдағы Әулие Архангельдің гивадатханасымен, Қызылордадағы Воскресенск шіркеуімен, кейбір медреселермен бірге діндар қауымға қайтарылған Арыстанбаб кесене-мешітінің сор топыраққа малынып, шаңға батып жатқаны да ойландыратын түрі жоқ. Есік-терезелері алқам-салқам, соңғы жылдары сырлап-сыйпап тұруды былай қойғанда, сүртілмеген де. Қасында дәретханасы да жоқ. Осыны көріп-біле тұра дінге тікелей бетбұрыс жасалған қазіргі заманда мұндай келеңсіздікке жол беруге бола ма?

Сол жылдары Алматыда жаңадан мешіт тұрғызу мәселесі де шешілген болатын. Бірде, 1989 жылдың мамыр айы болатын,

көмекшім Сансызбай Нұркамалов күлкілі әңгіме естігендей жымып кабинетіме кіріп келді. Мәнісін сұрағанымда:

— Мұнда басын мынандай ғып (қолымен басын айналдырып маған көрсетіп), қайта-қайта шалмамен орай берген біреу келіп отыр. Сізге келген болар, аты-жөнін сұрағаным жоқ — десе де менің күле қоймағанымды көрген соң езуін жиып ала қойды.

Шамасы Сансызбайға Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне молданың келгені (бәлкім, бұл кеңес үкіметі орнағалы бірінші рет болар) ерсілеу көрінсе керек. Алдында ғана тікелей телефон соғып, рұқсат сұрағандықтан, Алматының және бүкіл Қазақстанның қазірі Ратбек қажы келгенін түсіне қойдым да: „Кірсін!“ — дедім. Көмекші шығысымен қажы да кіріп келді. Қарсы ұшырасып, мұсылмандарша амандасып болғаннан кейін:

— Мен сізден Алматыда мешіт салуға рұқсат сұрап келіп едім. Қазіргі мешіт өте ескірген, құлап қалатындай қалде. Намазға жиналғандарға да ыңғайсыз — дегенді айтты.

— Мешіт салуға біздің қарсылығымыз жоқ. Тек рұқсатты Министрлер кеңесінен (Н. Назарбаевтан) алу керек. Жер бөліп беретін солар. Бәлкім, қаржы жағынан да жәрдемдесер. Ал біз мешітіңіздің сәулетті болуына көмектесейік. Сәулеткеріңізді осында алып келіңіз, бірге ақылдасайық, — дедім.

Тағы бір жолы қазімен (ол кезде Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы Ташкентке бағынатындықтан оның муфтилік құқы жоқ болатын) кездескенде, мешіттің болашақ сәулеткерін қоса отыра, жаңа құрылыстың құрамдас бөліктерінің қандай болатынын келістік.

— Менің ойымша, астаналық мешіттің төрт залдан тұрғаны дұрыс. Оның жұма намаз оқытылатын үлкен залын „Жетісу залы“ деп атап, қабырғасын Айша Бибі күмбездіндегідей күйдірілген оюлы кірпіштермен қаптасақ; екіншісі күнделікті намаз оқылатын „Түркістан залы“ болса, оны Әзірет Сұлтан қорығындағыдай шыңылтыр қыштармен, майолика, қашын бұрышпен безендірсек; үшінші залды „Маңғыстау залы“ деп атап, бетіне „Үзілмес“, „Өткізбе“ сияқты Каспий сыртының өрнектері шекілген ұлутас тақташаларымен ұқсатсақ (бұл әйелдер намаз оқитын зал болса); соңғы залға „Сарыарқа“ деп ат қойып, қазақтың өзіне ғана тән, дәстүрлі қырма оюымен өрнектесек, еліміздің төрт жағы, төрт тұсы іспетті, тек намаз оқылатын мешіт қана емес, халқымыздың ұлттық өнерінен мағлұмат беретін мәдениет орталығы болып шығар еді.

Ол екеуі менің пікіріммен келісті. Мешіттің ішкі бағаналарын (ұстындарын), төбе жабынын ағаштан шабатын болдық. Еденіне төселетін жолақтарды, кілемдерді Алматыдағы кілем фабрикасында Ахмет Иасауи сәулет ғимаратында сақталған ХҮІІІ—ХІХ ғасырларға жататын „Шұғыла“, „Қоңырат“ кілемдерінің үлгісімен тоқыту келісілді.

Өкінішке қарай, мешіттің құрылысы созылып кетті. Мен зейнетке шыққаннан кейін муфтий де, сәулеткер де менімен ақылдасқысы ке-

ле бермейтін болды. Бұлай бола берсе, түбі о бастағы өзіміз қалап алған лебізімізден ештеңе шыға қоймас деп ойлаймын.

Тағы бір мәселе өзінің шешімін күтіп тұрған сияқты. Ол үстіміздегі ғасырдың аяғына қарай 1500 жылдығын (кей деректерге қарап, 2000 жыл деп те жорамалданады) тойлағалы отырған қасиетті Түркістан қаласындағы „Әзірет Сұлтан“ қорығындағы Ахмет Иасауи сәулет ғимаратын, оның кешеніндегі бұрын дәруіштер түнеп, зікір салған, ұлы бабамыз өмірінің соңғы кезеңін өткізген Қылует жертөле ханакасымен, Шіддехана ғұрыптық орынымен, Әулие Құмшық Ата, Әлқожа Ата, Рабия Сұлтан Бегім, Есімхан кесенелерімен, мұндағы Шығыс моншасымен, XIX ғасырда салынған жұма мешітімен, қорықтың бұрынғы бекіністі қамалымен қоса толық жөндеуден, қайта ұқсатудан өткізіп, түгелдей мұсылман қауымына қайтарып беріп, Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасын Алматыдан Түркістанға көшіру. Астаналық қалаларда — Алматыда, Ақмолада басқарманың қазилерін қалдырса да болады. Дін басқармасының астанада болуы міндетті емес. Оны басқа елдердегі (Ресей, Армения, Грузия) әртүрлі діни басқармалардың орналасуынан да көріп жүрміз.

XV—XVI ғасырлардан бастап, XVII ғасырдың алғашқы ширегіне дейін Қазақстанның астанасы болған Түркістанда сақталған „Әзірет Сұлтан“ қорығы пантеон ретінде пайдаланылып келгендіктен онда еліміздің ең белгілі мемлекет, қоғам қайраткерлері, ғұлама, дін басылары жерленген. Олардың арасында Есімхан (1598—1645), Тәуекелхан (1586—1598), Тәуекхан (1680—1718), Абылайхан (1711—1781), Қаздауысты Қазыбек (1665—1765), Қанжығалы Бөгенбай (т. ж. — ө. ж. б.), Шақшақ Жәнібек (т. ж. б. — 1751) тағы басқалар бар. Өкінішке қарай, қазақтың осындай ұлы адамдарының мүрделері құрыған, басына қойылған тастары да жоғалып кеткен. Енді тек олардың құрметіне кішігірім пантеон тұрғызып, аты-жөнін тасқа қашап қана әруағынан кешірім сұрауымызға болады. Бірақ бұл мәселе қанша рет көтерілсе де жергілікті орындар құлақ аспай келеді, ал онсыз қаланың мерейтойын қалай өткізбек? Ол жағы бізге беймәлім.

Қалың көпшіліктің назарынан тыс қалдыруға болмайтын тағы бір жәйт бар. Ол Әзірет Сұлтан қорығының ауласын „көгертуге“ қам жасалып жатқаны. Осы жұрт Акропольдің аймағын көгерте қоймаған гректерді, Колизейді безендіріп жібермеген италияндықтарды, Шаһ-и-Зинданы, Регистанды гүлзарлы баққа бөлемеген өзбектерді ақымақ деп ойлайды ма, қайдам, әйтеуір қалаға әрдайым жаңа бастық келген сайын, өзіне сеніп тапсырылған шаһарды көркейтудің орнына Әзірет Сұлтанның ауласына қарай ұмтыла беретін болып алғалы қашан. Олар 50—60-жылдарда Ахмет Иасауи сәулет ғимаратының айналасына жаңа қала тұрғызамыз деп жанықса, 60-70 жылдарда — жаңадан „ескі қала“ саламыз деп арпалысты. Сөйтіп ғимараттың айналасындағы көне құрылы-

стардың көзі жойылды. Қала бекінісінің (фортификациясының) соңғы бөліктері тегістеді. Оның қазіргі көзге көрінетін бөлігі 80-жылдардың басында қайта қалпына келтірілген еді. Әулие Құмшық, Ата, Әлқожа Ата кесенелерінің, Шідехананың т. б. ескерткіштердің кірпіші бұзып алынып, Әзірет Сұлтанның кәдесіне жаратылды. Енді оларды өзге құрылыстармен қоса қайта қалпына келтіруге тура келеді. Онсыз Ахмет Иасауи сәулет ғимаратының кешені бастапқы қалпына келуі мүмкін емес.

Қорғалатын аймағына су тартып, ағаш, гүл отырғызып оның кешеніндегі ескерткіштердің онсыз да ғасырлар бойы шөгіп келе жатқан іргесіне зақым келтіретін, Ежелгі Түркістанның көпғасырлық қыртыстарында қалып қойған ескі құрылыстардың соңғы қалдықтарын, көне зираттарды құртуға алып баратын іс-қаракеттер жасаудың қисыны жоқ. Мұның ЮНЕСКО-ның талаптарына да, тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғайтын мемлекеттік Заңға да, тіпті, ғимараттың қорғалатын аймағы жайындағы Қағидаға да тура келмейтіні хақ.

Әзірет Сұлтандай әлемге әйгілі қорықтың аймағында шөбін орғаннан басқа (шүкір, әзір мұнда шауып алатын шөп жоқ), археологиялық қазба жұмыстарынан өзге мәдени-құрылыстық „қызметке“ бұрынғы ресми құжаттарда көрсетілгендерге қоса, үкімет тарапынан тиым салған жөн. Олай етпеген жағдайда, қазақстандықтардың ғана емес, бүкіл түркі халықтарының мақтанышы болып табылатын сәулет ғимаратынан мүлдем айрылып қалатындай қауіп туатыны ықтимал.

Бұл жайында мен 1994 жылдың күзінде Қазақстанның белгілі мемлекет қайраткері Н. Оңдасыновтың 90 жылдығына байланысты Түркістанда болғанда да айтқан едім. Оған құлақ асқан басшылар болған жоқ. Тек мінберден түсіп орныма келгенде облыс әкімінің орынбасары О. Асанғазиева ғана құлағыма сыбырлап: „Біз мұның бұлай екенін қайдан білейік, бірақ мәдениет министрі С. Әшляевтың рұқсатын алған едік“ дегенді айтты. Мұндай аса жауапты мәселені министрдің „рұқсатымен“ емес (оның қалай алынатыны да белгілі ғой), білікті мамандардан құралған арнайы комиссияның шешімімен ғана іске асыруға болатыны ешкімнің есіне келмепті.

Біз жоғарыда Әзірет Сұлтан қорығының көп ғасырлық құландысының үстіне, дәлірек айтқанда, Ахмет Иасауидің ауласына (әулісіне) жаңадан қазіргі заманғы коммуникациялары болатын туристік орталық салу идеясы 1982 жылы Түркістанда болғанда Д. А. Қонаевтың алдына қойылғанымен, қолдау таппағаны жайында айттық. Оны, әрине, іргелес жатқан және сол үшін арнайы снос жасалған қала жұлгерлеріне (бәлкім, ол аймақты жекеше үй салатындарға үлестіріп берген шығар) орналастыруға болатын еді. Тегі, бұл мәселенің қайтадан көтеріліп жатқаны, тіптен қайсыбір басшылардан қолдау табатыны әлі де болса бекзаттық болмыс биігінен көріне алмай келе жатқанымыздың нышаны болар. Әйтпесе

сәулеткерге қарақан бастың қамымен „туындысын“ әлемге әйгілі ескі ғимараттың ауласына тықпалай бермесе де болатын еді ғой. Бәлкім, мұның ар жағында бір астарлы сыр жатқан шығар. Оны бізге түсіну қиын.

Әңгімеміздің соңында айтайын дегенім, бүкіләлемдік сәулет өнерінің шоқтығынан көрінетін Түркістандағы Ахмет Иасауи сәулет ғимараты сияқты ескерткішке қатысты түбегейлі мәселелерді „ұзын арқан, кең тұсауға“ жібере бермей, ЮНЕСКО өкілінің, ТМД елдеріне танымал аса білікті мамандардың қатысуымен барынша шешіп алуға болатыны жайында еді. Ал оның ауласында жүргізіліп жатқан мәдени құрылыстық „қызметті“ тоқтатуға тура келетіні даусыз. Су жүргізілген жерлерді кептіріп, бұрынғы қалпына келтіру де қажет-ақ.

* * *

Тарихтағы әрбір мезеттің өзіне тән ерекшелігі, күнгейі мен теріскейі, сыны мен тезі, қуанышы мен өкініші болатыны белгілі. Қазақстан уақыт талабын қарсы алды. Оның тарихи тұлғасын бұрынғы соқпақпен эмпиристік тұрғыдан емес, шынайы тарихқа, нақтылы өмірдің қыры мен сырына сүйеніп отыра жасайтын боламыз. Бұған сенімсіздіктен, шүбәланушылықтан, басыбайлылықтан, маркстік пиғылдан бөтен пікірге кінәмшілдіктен арыла бастағанмыз кепілдік бере алады.

Әйтсе де өткендегісіз бүгін, тіпті болашақ жоқ екенін әлі де болса ұғына алмай келеміз. Қайсыбір ғалымдар, мемлекет қызметкерлері, олардың ішінде кеше ғана әкімшілдік-төрешілдік жүйенің шылауынан шыға алмай, оның нұсқау-бұйрықтарын ғылым тіліне „түсірумен“ немесе тікелей іске асырумен айналысып келгендер де бар, еліміздің өткенін мінеп, оңды-солды сыбай беретін болып алды. Ойлап қарайықшы, өткенді „қарғыс атқырай“ бергенде онан келетін пайда қанша? Осы жұрт мұнысының жас ұрпақты тәрбиелеуге керісінше әсер ететінін неге түсінбейді? Оның есесіне әркім өз орнында еліміздің уақыт пен өмір талабына сай мүлтіксіздікке жетуіне қолқабысын тигізетіндей қызмет етсе, халықтың қажыр-қайратын, күш-жігерін дұрыс арнаға бағыттау ісіне қосылған үлес болар еді.

МҰНЫМ ДІЛМӘРСУ ЕМЕС

Енді бірер жылда Жұбан айтқандай, „мың өліп, мың тірілген“, тәуекелге бел байлайтын қайраты да, пендеге тән әлсіздігі де, өзін даланың жалғыз ұлындай сезінетін алаңсыздығы да басынан асып жататын қазақ жаңа мыңжылдықтың табалдырығынан аттайтын болады. Мұның өзі мемлекеттік реттеудің жоқтығынан кешегі соғыс жылдарында да осынша белең ала қоймаған қиыншылықтарды басынан кешіп, жоқшылыққа тап болған елдің бекзаттық, рухани-инабаттылық қасиеттері қырқыла бастаған мезетімен тұстас келетін болса,

өкінішті-ақ. Өйткені жағдайды пайдаланып, қазақтың жаны мен тәні үшін қазір көктелпектілерден бастап, әртүрлі діни-мистикалық ағымдарға дейін кімдер арпалыспай жатыр десеңші. Ағылшын тілін білгің келсе, біздің елдің мәдениетін, тұрмыс-салтын, әдет-ғұрпын ұғынумен қатар, дінін де мойындауың қажет дейтіндер де табылатынға ұқсайды. Әдемі сөзбен баурап алатын жасанды қайырымдылыққа, тастанды садақаға қазақтың бойын үйрететін христиандыққа, иудаизмге, баптизмге, Кришнаның, Будданың іліміне иланатындар да көбейіп келеді.

Бойға біткен бейқамдығының қайда апарып соғатынын біздің қазақ әлі де болса сезіне қойған жоқ. Мен осыдан қорқам, оқушым!

„Ақ түйенің қарыны жарылды“ деп
Құр шаңғытқан самалсыз” желден” қорқам.
Жұлқарды бай, момынды кедей еткен,
Нарықтық асар-аспас белден қорқам.
Жақсы менен жаманды айырмайтын
Қазақтың көзін басқан шелден қорқам.
„Ырыс алды — ынтымақ” кеткеннен соң,
Азып-тоза бастаған елден қорқам.

Мұхиттың ар жағында қалыптасып, Еуропа арқылы бізге келіп жеткен, түп-тамыры әрқилы, дәстүрлі өнерді, ұлттық қасиеттерді жоққа шығаратын, қазіргі көпшілік қолды „жаңа мәдениет” дегеннің кіріптары бола бастаған тұста ұлттың болашағын құрайтын жеткіншек ұрпақ „көлденең келген көк аттының” қанжығасында кете беретін болса, үміт артатын үрім бұтағымыздан көз жазып қалмаймыз ба, бұған не айтасың, оқушым? Әйтпесе мейірімсіздікті, зорлық-зомбылықты, күштеуді, тонауды, жәбірлеуді, кісі өлтіруді уағыздайтын шетелдік кино, телерадио хабарлары, баспа ақпарат құралдары арқылы қанатын кең жайып келе жатқан қазіргі ықылым кезінде „миссионерлікте тұрған не бар, балаларымыз тынышталды, бұрынғыдай кеш болса қайда жүр екен деп қам жемейтін болдық, қайырымдылық көмегі тағы бар” дейтіндердің көріне бастағанына жол болсын?

Ата-ана баланы не үшін тілейді? Ұрпағым жалғассын дейді. Ал сол тілеп алған баласы қартайған ата-анасына қарамай кетсе, қол жұмсаса, мұның өзі құлақ есітіп, көз көрмеген сұмдық қой! Бұрын елден кетуге мәжбүр болатын мұндайлар, өзімізбен аралас-құралас өмір сүріп жатса, бұл да қоғамдағы рухани жүдеушіліктің салдары болар. Тегі „Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны істейді” деп бұрынғылар босқа айтпаған. Қызмет істеп, нан табатын қауқары бола тұра, қартайған ата-анасын панасыз қарттар мен мүгедектер үйлеріне орналастырып жүргендердің өздері де сол „от басы-ошақ қасы” атты тамырдан нәр татпай, ытқып кеткен атпа бұтақтар болса керек.

Қазір кейбіреулер „алдына алған еркесіне” (Абай) әулеттік

тәрбие берудің қамын ойластырудан гөрі, балабақшадан бастап-ақ оған ағылшын тілін үйрете қалам деп жанығып жүр. Онысы анасының ақ сүтімен берілетін ана тілін де, айналадағы сөйлесетін орта үйрете бастайтын орыс тілін де білмей жатып, ағылшын тілін қайдан игере қойсын? Бәріміз де шет тілін оқыдық қой, одан не шықты? Өз басым баланы бесінші класты бітіргенге дейін бір тілге — ана тіліне үйреткенді (мұны ғалымдар да қостайды) дұрыс деп есептеймін. Өйткені, бала осы ерзімде ана тілімен бірге әулеттік, имандылық тәрбие алатын болады. Ана тілінде ойлап, сөйлей алатын баланың өзге тілді ойдағыдай игеріп кететінін де басымыздан кештік қой.

Жас ұрпақты қоғамдық өмірге қатыстырып, білім-танымға, ұлттық дәстүрлерге, тілге, мәдениетке ден қоятындай етіп тәрбиелей алатын болсақ, еліміздің дамуындағы екі ұшты құбылыстардың біразының алдын алуға жол ашылар еді. Бұлай дейтінім, тәлім-тәрбиеге тікелей қатысы бар ұлттық мәдениет пен өнерде, сәулеткерлікте қалыптасқан қазіргі жағдайға үңілсек, олардың негізгі эквиваленті болып табылатын — түрдің өзіне үстірт қарайтын, символдан құбылысты немесе болмысты көргісі келетіндер баршылық. Қазіргі кеңінен тараған „ұлттық“ бояма, жалған ұқсатулар, жұртты көптен жалықтырып болған бір сарынға жазылатын әндер, ұлттық би делініп жүрген „қылмаңдаулар“ (кривляние), адамның ұсқынын кетіретініне қарамастан қайта-қайта ұсыныла беретін „қазақы“ киім-кешек нұсқалары, тұрақты мекен-жайдың декорындағы „мен мұңдалап“ тұратын қошқар мүйіздер дәстүрлі өнердің табиғатын түсіне білгендіктің нәтижесі емес.

Іздене білетіндер табылса, ән ырғағынан бастап сәулеткерлікке дейін осылардың бәрін алмастыра алатын қазақтың өзіндік ыңғайтабысын, түйсік-түсінігін, баламаларын кәдеге жаратуына болар еді. Халқымыздың талғамын жұқалай түсетін және рухани өмірін жүдететіндіктен тәлім-тәрбиеге керісінше әсер ететін көп шаруа-қазіргі әуезде, халық билері дегендерде, ұлттық киімде, сәулеткерлікте, өнердің басқа да түрлерінде жатыр.

Біз зәулім сарайлар салуды үйренсек те, тұрғын үй құрылысында, әсіресе ауылдық жерлерде, есте жоқ ерте заманнан-ақ қалыптаса бастаған қазақтың өзіне және арғы атасына тән сәулет өнерінің тым болмаса ең қарапайым ерекшеліктерін ескеретін, ауыл өміріне ыңғайлы мекен-жай тұрғызудан біз көрші елдерден кейін қалып қойдық. Қазіргі кеңшілік заманда салынып жатқан екі, үш қабатты „қопсықтар“ (нагромождение) бұған дәлел бола алады. Тегі сынықты сылтау етіп, құрылыс ісіндегі тығырықтан шығу жолдарын бұрынғыша „еуропалық стандарттан“, өзімізге үйреншікті болып алған отызыншы жылдардағы сырттан „уақытша“ енгізілген сәулет эклектикасынан іздей беретін болсақ, ұлттық сәулет өнерінің мәртебесін көтеру оңайға соқпайтыны хақ.

Көпшілік жұрт қазақтың ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрпының

сырын біле бермейді. Оларды жүйелеп, көңілге қонарлықтай етіп бекзаттыққа, имандылыққа, ізгілікке қатысты білім-танымның талаптарына сай пайдаланып жүргендер жоқтың қасы. Жетісе бермейтіні — әкімшілік құрылым мен қоғамдық ұйымдардың, жұртшылық пен мұсылман қауымының бірлесе қимылдай алмай келе жатқаны. Рухани-инабаттылық арнасында ақпарат құралдары да сындарлы көзқарас қалыптастыра алмай келеді.

Қазір не көп, той-томалақ көп. Бірақ соның көпшілігінде қызықшылыққа қатысы шамалы ысырапшылыққа жол беріліп келеді. Керек десеңіз, Наурыздың өзін де бірыңғай той-тамаша көретіндер көбейіп барады. Мұның өзі оның мәнін терең түсінбегендіктен туған жәйт. Наурыз кезінде көбіне жұрттың көше-көшеде лек-легімен теңселіп жүретінін, анда-мұнда концерт қойылып, көрме ұйымдастырылып, киіз үйлерде елге табақ тартылып жататынын көреміз. Мұның бәрі де керек-ақ, бірақ Наурыздың негізгі мақсаты — жұрттың бойында имандылық, жаңару, жасампаздық сезімін ояту, жастарды үлкенге ізетті, кішіге ілтипатты болуға баулу емес пе? Ал мұндай қасиеттердің тек көңіл көтерумен қалыптаса қоймайтыны белгілі.

Бұрын Наурызға даярланғанда жұрт қыстан шыққан үй-жайын тәртіпке келтіріп, ауласын тазалап, көң-қоқысын шығарып, үй жиһаздарын қағып-сілкітін, көрпе-төсегін қайта тыстап, желдетіп алатын, киім-кешегін жаңартатын. Көктемгі егіске қажетті құрал-сайманын жөндеуден өткізетін, құдығы мен арығын тазалап, су көздерін ашып қоятын. Көше тазартылып, аулаға ағаш отырғызылатын. „Бір ағаш кессең он ағаш ек!“, „Артыңда мал қалғанша, тал қалсын!“ дейтін тағлым сол көне заманнан қалған.

Қазіргі жағдайда да әркім мұны өз ауласынан (әулісінен) бастап, тым болмаса үйінің іші-сыртын ақтап, есік-терезесін сырлап, қисая бастаған шарбағын түзетіп алуына болады емес пе? Наурыздың құрметіне „Аулына қарай азаматын таны“ деген лебізбен жұрттың үй-жайына, қора-қопсысына, ауласына байқау өткізіліп, „ұлыстың ұлы күні“ үлгілі отбасыларының аты аталып жатса, мұның ешқандай сәлекеттігі жоқ.

Ежеден қалыптасқан дәстүр бойынша, Наурызды жұрттың бәрі бірігіп, құланиектенген таң шапағын қарсы алудан — тазаланған арықтарға су жіберуден, ағаш отырғызу, гүл егу рәсімін өткізуден бастаған жөн. Қызықшылықты онан әрмен жалғастыра отыра, әртүрлі халық ойындарымен, ат жарысымен, қазақша күреспен, ақындар айтысымен, концерттермен, „қызғалдақ мерекесімен“, жастар шеруімен, тағысын тағылармен жаңдандыра түсуге болады.

Өкініштісі — Наурыз мейрамын ресми түрде жаңадан тойлай бастағанымызға сегіз жыл өтсе де, „Жыл басы — Жаңа күн“ болып есептелетін Наурыздың 22-жұлдызын осындай тәртіппен өткізіпті дегенді естіген емеспіз. Теледидар арқылы да көбіне көретініміз — жапырлап тамақ ішіп жататын адамдар ғана.

Тіптен күн мен түн теңелетін Наурыз айының 21-нен 22-не қарай күн жылына қоймайтын аудандардың өзінде де Наурызды кейінге шегере тұратын жағдайда мейрамнан кейінгі екінші күні жұрттың жаппай көктемгі егіске кірісетін ескі дәстүрін ұмыт қалдыруға болмайды. Осы бір өнегелі салтты қалалық жерлерде де Наурыз өтісімен көпшілікті қатыстыра отыра, көшелерді, алаңдарды, суландыру жүйелерін тәртіпке келтіру жұмыстарына пайдалануға болар еді.

Бірде біз Алматыдағы „Динамо“ стадионында құқық қорғайтын мекемелер бірігіп өткізген Наурыз мейрамынан қалған қоқсықты, босатылған шөлмектерді, консерві банкілерін, „желінген еттен“ қалған сүйектерді, спорт кешенінің қайта жөндеуді талап ететіндей қалге жеткізілген шаруашылығын көріп қайран қалдық. Апырау, ең болмаса әр мекеме өз орынын тазалап, тәртіпке келтіріп, тарқасуына болатын еді ғой. Мұны ойластырғандар болмапты.

Біз осы той-томағаны желеу етіп, қазақтың киіз үйінің де қадірін кетіріп жүрген сияқтымыз. Тойда қазақтың алты қанат ақ үйі жасауымен қоса тігіліп жатса, оған ешкімнің дауы жоқ. Керісінше, келушілер халқымыздың дәстүрлі қолтума өнерінің үлгілерін көріп, тамашалауына болар еді. Ал қазір біз көріп жүргендей, мерейтойдың деңгейі тігілетін үйлердің санымен „өлшенетіндіктен“ де болар, картоннан, ұшқаттан жасалған „құрылғыны“ киіз үй ретінде оңды-солды тықпалай берудің қажеті қанша?

Соңғы жылдары бізде ұлттық дәстүрлерді қайта түлетуге бетбұрыс жасалғаны құптарлық. Мәселен, сәбидің „шыр етіп жерге түскен“ сәтінен жігіт болғанға дейінгі өмірінің маңызды сатылары — шілдехана, „бесікке салу“, „тұсау кесу“, „атқа отырғызу“, „сүндеттендіру“, үйлендіру салтанаты ата-бабадан қалған ғұрып пен қазіргі заман талаптарына сай өткізіліп жүр. Бірақ солардың мәніне жөнді көңіл аударыла бермейтінінен қарапайым қазақшылыққа, жұртқа дәм татқызуға айналып бара жатқаны қынжыларлық.

Қазақ бұрын „тұсау кестіргенде“ ұлым желаяқ, жүйрік болсын деп, ересектерді жаяу жарыстырып, озып келгеніне ғана жүлдесін беріп, баласының „тұсауын“ кестіретін. Ұрпағым ат жалын тартып, тезірек жігіт болсын деген ниетпен ұлын „атқа отырғызғанда“ қолына найза немесе сүңгі ұстататын. Кей жерлерде құрық беріп, қамшы ұстататын да дәстүр болған. „Атқа отырғызу“ рәсімі „құнан бәйгемен“ аяқталатын да қызықшылығы, әзіл-оспағы мол той-жыынға алмасып кете береді екен.

Енді үйлену салтанатына келсек, қазіргідей „қуырдақ“ етіп былықтырмай, бұрын әрқайсысын өз қызығымен: „Жар-жарды“ — „Сыңсуымен“, „Әу, жарымен“ қоса қалыңдықтың ұзатылатын сәтінде, оның өз үйіндегі тойда, ата-анасымен, жора-жолдастарымен қоштасу ретінде; „Беташарды“ — күйеу жігіттің үйіндегі той-думаңда, келінді қайын атасымен, қайын енесімен, күйеудің туған-туысқандарымен таныстыру рәсімімен өткізетін болған.

Келіншектің „бетін ашқан“ жігітке шапан жабылып, құрмет көрсетілетін. Ал қазіргі „Беташар“ айттан жігіттің ар-намысына тиіп, аты аталғандардың өз құрметіне келінге сәлем салғызған сәтте оның қолына ақша ұстататыны қайдан шыққан?

„Шашудың“ да берекесін кетіріп, оны келінге немесе күйеуге ғана емес, құда-құдағиларға да, елге келген әкімге де шашатын болып алдық. Шашылған бауырсақ-тәттілердің ауладағы немесе көшедегі шаң-топырақпен, батпақпен араласып жататыны адамның көңілінде жиіркеніш сезім қалдыратыны тағы бар. Бұрын шашуды тойхана-үйдің ішінде „шаштыратын“, мұны неге ескермеске. Тіпті өзімізбен туыстас өзбек халқындағыдай, шашуды табаққа салып, жиналғандарды аралап жүріп үлестіруге де болады емес пе?

Бұрын „бір тойда екі жар жоқ“ дейтін қазақ, басқа сый-сияпат құрып қалғандай, мерейтой иесіне бір-бірімен бәсекелесе, алабажақ тақиясын қалпағымен қоса, бірін бірі қайталай беретін 20—30, тіпті одан да көп орта қолды шапан жаппаса көңілі көншімейтін болып алды. Сонда оларды ол базарға шығара ма, әлде қатар іліп, қарап отыра ма? Басына кигізетін қалпақтарының кейбіреулері бұрынғы жол тосатын қарақшының қара киізден тіккізетін „жырық құлағына“ ұқсас екеніне қарамастан, өзі құрметтеп отырған азаматқа „мұндайды хандар киген екен“ деп ұсынатынын қайтерсің? Шапанда, қалпақ пен тақияда сатып алынған бағасын көрсететін этикеткасы салпылдап, „мені көрлеп“ тұрмаса, алла сақтасын, кейбіреулер „түйесіне теріс мінуі“ мүмкін.

Менің түсінбейтінім, осы жұрт қазір ең өркениетті деген елдерге барып-келіп жүр. Оларда сыйлыққа немесе базарлыққа алынатын заттардың этикеткасын сатып алушының көзінше қырқып алып, қолына ұстататынын неге байқамайды? Бұл бұйымның бағасын көрсетіп, ұсынылатын азаматтың намысын қорламасын дегені. Бізде де бұрын солай болған. Қазақтың біреуге шапан жауып жатып, оның бағасын айтқанын естіген де, көрген де емеспіз.

Оның қадір тұтқан қонағының алдына бас қоятыны да белгілі. Тойға қанша қой сойса да, қазақ басты тек бір адамның — төрде отырған ақсақалдың (құданың) алдына қоятын. Мұны „құда табағымен“ шатастырудың қисыны жоқ. Ал қазіргі әр құданың алдына бір-бір бас қоятын әдеттің қалай пайда болғаны бізге тағы да белгісіз.

Біздегі өліктің әруағын қастерлейтін дәстүр де мұсылмангершілік пен ескі әдетке (адат) негізделгендіктен имандылық, ізгілік игі қасиеттерден нәр алған. Оған немқұрайды қарауға хақымыз жоқ. Мәселен, марқұмға туыстас еркектер жағы әдетте жыртстан алынған 1,5—2 метрдей болып келетін сұр шыттан қаралы белбеу буынып, таяққа сүйенген қалпында қаралы үйдің сыртында сап түзеп, көңіл айтуға келгендермен көрісетін де, үйге құран оқылып, көңіл айтылатын сәтте кіретін. Ал қазіргі сапқа тұратындар шалдардың бір жапырақ ақ дәсорамалын буынатын болып жүр. Мұны қалай түсінеміз?

Қазақ бұрын өлікті жаназасын шығарып, жерлеуге алып кеткенше жұртқа қаралы үйден дәм татқызбайтын. Алыстан келгендер үшін көршінің немесе ағайындарының үйлерінде дастархан жайғызатын. Қазіргі жұрттың „аштан өліп, көштен қалғандай“, өлік жатқан үйде ет жесісіп жататыны мұсылмангершілікке сиыса бермейтін, қазақтың табиғатына жат қылық. Ал өлікті орап алып кеткен кілем, ақ киіз, барқыт немесе жібек жамылғыларды қайтадан алып келмей, мешітке жіберетін немесе мүрде қазғандарға қалдыратын салт та барлық жерде бірдей сақтала бермейтін бола бастапты.

Тегі осындай көкейкесті мәселелер бойынша Қазақстанның мұсылман басқармасы жұртқа түсініктеме беріп отыратын болса, халқымыздың дүние салғандарға деген ниетін дұрыс орнықтыра түсуіне қосылған үлес болар еді.

Өстіп тізе берсек, үлкен тәрбиелік мәні бар қазақтың ұлттық дәстүрлері мен әдет-ғұрпын пайдаланудың жетіспей жатқан тұстары молшылық. Оларды дұрыс пайдалана білу рухани-инабаттылыққа жол ашатындықтан халықтық дәстүрлердің осы бір түрлеріне тоқтап өтуді жөн көрдік. Түбінде бұл тақырып ғылыми және дағдылық жағынан жүйеленетін болса, оның негізгі қағидалары өз орнын табар еді.

Көкейде жүрген бір жәйт — қазақтың көсегесінің көгеруі өзімен байланысты екені. Жасыратыны жоқ, кезінде әлеуметтік-экономикалық саланы жалпылаудың рухани өмірге тікелей енгізілгені тұрмыстағы біркелкілікке, адамдардың жеке басының орташалануына, ұлттық тамырларының қырқыла бастауына алып келген еді. Ұлттық мақтаныш сезімнің өзі кейбір өрісі тар жүгенсіздерге бүркеме немесе көпе-көрнеу ұлтшылдықтың айғағындай болып көрінетін. Ой еркіндігінің жоқтығы, жұртты туа-бітті біркелкілікке, бірегей пікірлестікке ұмтылдыру — өзгенің өмір салтына, әдет-ғұрпына, ұлттық тілі мен мәдениетіне керенаулықпен қарауға әкеліп соққан болатын. Жұмыс үстінде жолдасына екі ауыз сөзбен қалжың айтқан қазақты „сендер неге орысша сөйлеспейсіңдер“ деп мінегенді де көрдік қой. Дәм-түз айдап Торғай облысына қызметке ауысқанда, кезінде Арқалықта әртүрлі лауазымдарға ие болған Барлық Садықовтың орлыс құрылғанға дейін мұнда түнгі 12-ден кейін ғана қазақша сөйлесетін едік дегенін де өз құлағымызбен естігенбіз.

Несін жасырайық, қазақтың үнсіздігі мен қарапайымдылығы көп жағдайда өзін басынушылыққа алып келсе, тоқмейілдігі мен көнбістігі „сыбағасынан“ құр қалдырып отырды. Жиырмасыншы ғасыр аяқталып келе жатқанымен, менің өзім Жоғарғы Кеңеске депутат болып сайланған Батыс Қазақстан облысының Орда, Жәнібек, Қазталов аудандарына қарасты елді мекендердің біразында осы уақытқа дейін электр қағанағы жанбайтынын, жұрттың ауыз суға зәру екенін, монша дегеннің атымен жоқтығын,

көлік-жол қатынасының нәрегейлігін көріп „күйіп-пісіп“, шапқылап жүргенде, қай үйіне бара қалсамда естігенім: „Шүкір, жаман емеспіз“ болды.

Жоғары Кеңес „өз еркімен“ тарқағанға дейінгі үш жарым жыл ішінде бұрын қолға алына қоймаған көп шаруа жүзеге асты. Орда Жәнібек-Сайқын су құбыры тартылды. Осы үш ауданды Оралмен байланыстыратын автомобиль жолының құрылысы басталды. Тұрғын үй, мектеп, клуб, монша, т. б. әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық объектілер көптеп тұрғызыла бастады. Елді мекендерді электрлендіру, газбен қамтамасыз ету ісі қолға алынды. Тәлім-тәрбиеге, денсаулық сақтауға қатысты мәселелердің де шешіле бастағаны белгілі еді.

Бірақ не керек, манағы қазақтың барын қанағат етіп, „Шүкір, жаман емеспіз“ деп отыра беретін жерінде жетпіс жыл бойы істелмеген қыруар шаруа жүзеге асырыла бастағанымен, „құмға су құйғандай“ көзге көріне бермегеніне қайран қалдым.

Әрине, төзімділік, шыдамдылық біздің халықтың бойына сіңген қасиет. Әйтсе де елдің тұрмыс құру деңгейі өмір талабына сай болуы қажет-ақ. Бұл да елдің салауаттылығымен, көңіл-күйімен, бекзаттық, рухани-инабаттылық қасиеттерінің тиянақтылығына байланысты.

* * *

Қазақстан өзінің тарихындағы аса жауапты, өтпелі кезеңді ба-сынан кешуде. Оған елдік, бірлік, ынтымақтастық керек-ақ. Бұлардың ең алдымен тіл мен мәдениеттің ықпалымен қалыптасатыны белгілі. Тіл — ата-бабамыздан қалған негізгі мұра. Оның салауаттылығынан елдің елдігі, ұлылығы, тұрақтылығы, бірлігі құралады. Тілі мен мәдениеті ұрпақтан ұрпаққа алмасып келе жатқан, тек экономикасы ғана емес, ұлттық өнері де шалқып дамыған елдің үні шығып, дауысы естіледі. Бізден бұрын да талай жұрт елдіктің, бірліктің жоқтығынан тілінен айрылып ел болудан қалған.

Ойлап қарайықшы, оқушым! Кезінде бүкіл Таяу Шығысқа, Еуразия белдеуіндегі елдерге ықпалын жүргізген ежелгі сақтардан, қаңғұйлардан, үйсіндерден, түркі-қыпшақтардан не қалды? Құландылар, ескі қорғандар, тас мүсіндер мен тастағы жазулар ғана... Меңіреу тарих, мылқау ескерткіштер. Олар жасаған мәдениет дүниежүзілік өркениетке қосылған үлес болғанымен әлі де көп жағы ашыла қоймаған тарих қойнауларында қалып қойды.

Өкінішті-ақ.

Жаңа мыңжылдыққа қадамымыз құтты болғай!

М А З М Ұ Н Ы

Бірінші тарау. Жастықтың мініп тұлпарын

Өзім туралы бірер сөз	6
Таңғы шықтай кіршігі жоқ кәусар шақ	16
„Ұстаздық еткен жалықпас“	31
Жастықтың мініп тұлпарын	49
Есте қалғандардан	71
Торғай өңірінде түгескен едік	82
Арқалықтың ақ таңы	91

Екінші тарау. Сарыбелден асқанда

Елеусіз қалған мың жыл	108
Сарыбелден асқанда	128
Тереңнен қозғап, сыр шертсек	139
Бір қаулының тақсыреті	158
Бекзаттық болмыс биігінен көрінсек	169
Мұным ділмәрсу емес	184

Литературно-художественное издание

Джанибеков Узбекиали

СУДЬБЕ НАПЕРЕКОР

(мемуары)

(на казахском языке)

Редакторы **Е. Әкімқұлұлы**

Суретшісі **Г. Сидоров**

Көркемдеуші редакторы **В. Логинов**

Техникалық редакторы **Р. Ниязова**

Корректоры **Ө. Қалыбайқызы**

ИБ № 6811

Теруге 20.12.95 жіберілді. Басуға 20.02.96 қол қойылды. Пішімі 60x84¹/₃₂. Қағазы басп. офсеттік. Қаріп түрі „Балтика“. Шартты баспа табағы 11,16. Шартты бояулы беттаңбасы 12,45. Есептік баспа табағы 12,927. Таралымы 10000. Тапсырыс №239 Келісім баға.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің „Рауан“ баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

„ТАМЫР“ фирмасының компьютерлік-баспа жүйесінде теріліп, беттелген.

Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің Полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, М.Мақатаев көшесі. 41-үй.